


Л2005


5219к



ҚАЗІРГІ  
АЙТЫС

ЕКІНШІ КІТАП







ҚАЗІРГІ  
АЙТЫС

ЕКІНШІ КІТАП



**KULTECIN**

АСТАНА 2004

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің  
«Еуразия» гуманитарлық зерттеулер ғылыми орталығы

Жалпы редакциясын басқарған академик  
*Мырзатай Жолдасбеков*

Редакция алқасы:

*Қойшығара Салғараұлы, Рымғали Нұрғали, Ақселеу Сейдімбек,  
Несінбек Айтұлы, Жүрсін Ерман, Аманжол Әлтаев*

Құрастырушылар:

*Несінбек Айтұлы, Серікзат Дүйсенғазин*

Қ 22 Қазіргі айтыс құраст.: Н.Айтұлы, С.Дүйсенғазин - Астана:  
«Күлтегін» баспасы, 2004. - 2-кітап. - 312 бет.

ISBN 9965-642-05-2

Екінші кітапқа Республикалық және Халықаралық деңгейде өткен айтыстар іріктеліп енгізілді. Тәуелсіздік жылдарындағы ел тынысын еркін жырлаған бұл айтыстар сөз өнері қазынасын байыта түсері сөзсіз.

К  $\frac{4604000000}{00(05) - 04}$

ББК 82.3 (5 Қаз)

ISBN 9965-642-05-2 (2 кітап)  
ISBN 9965-642-03-6

© «Күлтегін» баспасы, 2004

## МӘЛС ҚОСЫМБАЕВ ПЕН МҰХАМЕДЖАН ТАЗАБЕКОВТЫҢ АЙТЫСЫ

**МӘЛС:**

Айтыс деп бәрін жиған шаруаның,  
Мен қайтсем көңіліңнен табыламын.  
Мұндағы өлең сөздің күдіреті,  
Қазақтың қоздыратын қаны барын.  
Тәуелсіздігіміздің арқасы ғой,  
Ақынның айтыстырған жаны барын.  
Айтыста анау бар деп, мынау бар деп,  
Түгендеп жатыр халық танығанын.  
Көк бөрінің емгесін көкірегін,  
Әуелден уызыма жарығанмын.  
Мысалы, қан жүкпайтын қара алмастай,  
Қараған дұшпан көзін қарығаным.  
Әулиедей кейпіңнен, айналайын,  
Наннан емес, намыстан арығаным.  
Өзіндей өр халықтың перзентімін,  
Мен неге дүниеден тарыламын.  
Микрофон түзелсе алдымдағы,  
Әрине дауысымменен бағынамын.  
Хандардың қасиетті ордасындай,  
Армысың, менің ата шаңырағым.

Сөз келсе шабытымның шалымына,  
Жалғанның жырмен шығам жарығына.  
Ұрпаққа мұра болып қалатындай,  
Атадан қалған сөздің бәрі – мұра.  
Қамшысын қалдырғандай сылтауратып,  
Кете алмай жатырғандай көрі құда.

Наурыз көжеменен ас қайыра,  
Кәрі күда ішетін дәрі бү да.  
Мереке құтты бола берсін деймін,  
Айналған бүгін мына сауығына.  
Ағайынның таңдайын ағартатын  
Төрт түлік толып өрсін ауылыма.  
Өркениет көшінде қазағымды  
Жылқының мінгізбегей жауырына.  
Армысың, Мұхамеджан, арғымағым,  
Талайды таңдандырған танымына.  
Бес уақыт намаз оқып жүрсіңіз ғой,  
Алланың ақ жолында анығына.  
Мұсылман болып алдың момын ғана,  
Исламның сыйғандай қалыбына.  
Шалдардың шарға салған шаппасы едің,  
Өзің айтқан шабыттың шарығына.  
Оралдан қыз алды деп естіп жүрміз,  
Аузыңның қарасайшы салымына.  
Ғайыптың ісі емес деп айтып көрші,  
Жайықтың қолың жетсе балығына.  
Жастар да жамырасып келген екен  
Қарамай қалта тескен нарығына.  
Кітаптың күшіменен қайтармасаң,  
Заманның кім шыдайды арынына?  
Күлтегін, Тоныкөкті толғандырған,  
Ғасырлардың құлақ қой сарынына.  
Ректордың көзі тек түзу болсын,  
Қарама декандардың шағымына.  
Күні ертең Қазақстан аспанына,  
Мен кепіл қанатыңды қағуыңа.  
Астананың төрінде арман қуған,  
Бір сәлем, студенттер қауымына!

### **МҰХАМЕДЖАН:**

Бісімлә, жайып тастап жыр тақтаны,  
Біз келдік кеуделерге гүл таққалы.  
Сыралғы көрермендер, келдіңіз бе,  
Сыбызғыдай кеудеден сыр тартқалы.

Армысың, тарихтарын тасқа жазып,  
Жұлдыз боп өткендердің жұрнақтары.  
Жақсы атадан қап кеткен жәдігердей,  
Ұлылардың бүгінгі ұнтақтары.  
Аспан астын билеген Күлтегіннің,  
Астанасын сап жатқан ұрпақтары.

Халыққа үлестіріп қазынаны,  
Қазағым наурыз келсе тасынады.  
Ұлыстың ұлы күнін ұққан адам  
Жақсылық істеу үшін асығады.  
Дәл бүгін сараң деген адамның да  
Саусағының арасы ашылады.  
Демеуші болып жүрген жомарттардың  
Сандығынан сары алтын шашылады.  
Көпті көрген көнекөз қарияға,  
Бата алсам деп балалар бас ұрады.  
Шығысымның шырайлы мерекесі,  
Азат елдің айбарын асырады.  
Астаналық жұртымның жүрегінен  
Өшпесе екен Наурыздың осы мәні.

Астанам айбатты елдің мекені екен,  
Біздерге Алтын Орда бекем екен.  
Жайылып бара жатсың жылдан жылға,  
Тереңдеп тамырындай бетегенің.  
Тойларың тойға ұлассын деп келіп ек,  
Шаңырақтай даңқынды көтеремін.  
Бостандығың барында, тойла елім,  
Бодан боп қалсаң кеше не етер едің?  
Арманыңды айта алмай адамзатқа,  
Бармағыңды шайнаумен өтер едің.  
Сібірдегі жоғалған тайпалардай,  
Сіңіріліп „сарыға” кетер едің.

Қарайын жақсы жанға жанымдағы,  
Інісін рас болса сағынғаны.  
Ассалаумағалейкум, Мэлс аға,  
Қазақтың ақыны едің қабырғалы.

Салмақтап Ақжайықтан шақырып ед,  
Сакталған сары майдай қарындағы.  
Сахнаны жайқалтып жібердің ғой,  
Адыраспан секілді адырдағы.  
Майлы жілік секілді бұл Мәкеңнің  
Сорпадай сапырылған сарындары.  
Қасыңа енді, ағатай, мен де келдім,  
Қара кесек еттей боп қамырдағы.

Тұрса да біздің беттер нұрланып-ай,  
Көріспеспіз айтыста жылда бұлай.  
Ол рас, мұсылмандық жолындамын,  
Иманымның жүрекке тұнғанын-ай.  
Әр адамның баратын жолы сол ғой,  
Кеңес айтсаң, уа, Мәке, құлға бұлай.  
Ерте кеш пе өзің де бір келерсің,  
Төзе бермей өмірлік сынға бұлай.  
Жайнамаздың жартысын алар еді,  
Кең маңдайдың қор болып тұрғанын-ай.

### **МӘЛС:**

Айтыстың, Мұхамеджан, маздағы едің,  
Төгілген домбырадан саздар едің.  
Уағызды айтқаның да дұрыс шығар,  
Мен қашан қазынаны қазбап едім.  
Намазға жығылмады деп айыптама,  
Қағазға жығылғаным аз ба менің .

Өлең деген ортақ қой бірге оқитын,  
Мысалы, шабыт қызса, түнде оқитын.  
Шығыстың шайырларын білесің ғой,  
Шалқыған шабытымен гүлге оқитын.  
Құдайым ақын қылып жаратқасын,  
Өлең менің намазым күнде оқитын.

Көк бөрі бөрі болмас азу жармай,  
Маңдайда азуласар жазу бардай.  
Еркіндікті аңсаумен ерлер өтті,  
Еркебұлан күндерін сағынғандай.

Қалдырмас жерді жауға, елді дауға,  
Үрпақтың ұран оты жағылғандай.  
Қазақтың қанына өскен гүл сияқты,  
Атадан жалғыз қалған үл сияқты,  
Тәуелсіздікпен атқан таңың қандай!  
Халқыммен шалқып тұрған шағың қандай!  
Қадырғали би айтқан қазақ едік,  
Жәмиғат Тауарихта жазылғандай.

### **МҰХАМЕДЖАН:**

Алмасып ойларыңмен жатса екен ой,  
Дін білмеген дүмбілез бақсы екен ғой.  
Азаматың алысқа бастамаса,  
Әр қазақтың баласы атшы екен ғой.  
Қағазға жығылғанмын деп отырсың,  
Шариғаттан білімің тапшы екен ғой.  
Намазың өлеңдерің екен деп бір,  
Ақыретте алла айтса жақсы екен ғой.

Соғылмай бұл айтыста сойылың да,  
Мэлстің үлгі болды-ау ойы мыңға.  
Ең болмаса иншалла демеймісің,  
Иман түнеп тұрмаса қойынында.  
Тарихтан біраз сырды шерттің, аға,  
Жиылмай Арқа жайлы айылың да.  
Біздер енді жатырмыз не бітіріп,  
Жеткесін Кенекеңнің жайы мыңға.  
Ірілердің бітірмей кеткен ісі,  
Тірілердің жүктеулі мойынында.

Ол рас, түспесін деп көпке баған,  
Азырақ інің болып ептеп алам.  
Тарихтан тамырыңды тартқаннан соң,  
Таралғынды тарылтпас текке балаң.  
Кешегі Кенесары, Наурызбайлар  
Ел үшін еміреніп өткен адам.  
Іріліктің қандай боп тұратынын,  
Тірілікте дәлелдеп кеткен адам.

Уа, Мәке, өзің жайлы не білесіз,  
Құнарлы жұртқа дән боп егілесіз.  
Батыстан балпаң басып келгеннен соң,  
Баталы сөзбен жұртқа себілесіз.  
Мақамыңнан Есілдің мұзы айрылып,  
Махамбет атам құсап егілесіз.  
Көсем сөздің қадірін елге айтқан,  
Көкірегі ояу ер болып көрінесіз.  
Әлде кімнің өзіне ісі ұнамай,  
Тағалы тұлпар құсап тебінесіз.  
Қауіптің қай жақтанын білген кезде,  
Сауыттың көбесіндей сөгілесіз.  
Халықтың мұң-мұқтажын айтқан кезде,  
Дәуіттің көз жасындай төгілесіз.

Бердіңіз әдемілеп сәлем елге,  
Өркениетпен өрлеуде әлем төрде.  
„Айсберг” секілді ағам едің,  
Айбатты боп көрінер ә дегенде.  
Жылы сөзін ініңнің естіген соң,  
Жылынып еритұғын әр өлеңге.  
Судай боп ерігенмен сұлу сөзге,  
Будай ғып көтерем деп дәмеленбе.

### **МЭЛС:**

Алашым, сенің арқанда,  
Алшандай басып желгенім.  
Аспанға түссе апшыған,  
Көкке қарай шапшыған,  
Мен бір асау толқынмын,  
Теңіздей мені тербедің.  
Асылдардың ішінен,  
Ғасырлардың ішінен,  
Сөз болды менің тергенім.  
Қайтадан құйып қалыпқа,  
Жарқыратып жарыққа,  
Шығарып бүгін бергенім.  
Асанқайғы атамыз,

Желмая мініп шарлапты,  
Дүниенің кең жерін,  
Жерұйыққа тең жерін.  
Ал, мен үшін жерұйық -  
Алатау асқар кең жерім,  
Сарыарқа байтақ кең жерім!  
Еділ мен Жайық екі өзен,  
Әлемнің сызған шеңберін.  
Басыңа қонған бақытты,  
Баянды қылғай өз жерім!  
Абыл ақын айтатын,  
Екі батыр жауласса,  
Ойламайды өлмегін.  
Екі ақын айтысса,  
Ұмытар кейін көрмегін.  
Атамнан бергі айтыста,  
Асырып айтар сөзім жоқ,  
Өлеңнің бұзып өрмегін.  
Атамыз Абыл солай деп,  
Ұқтырған сөздің өрнегін.  
Талқыға салып түзерсіз,  
Бүгінгі болған айтыстың  
Келіспей тұрған кем жерін.

Мұхамеджан, асаусың,  
Алдынан келсе алатын,  
Артынан барса шалатын.  
Бұлт болған күнді ашқан,  
Мұнар болған түнді ашқан,  
Мұсылман мен көпірдің  
Арасын буып түнді ашқан,  
Алмағайып тарихта  
Қазтуғандай қалатын.  
Білмейтінім көп еді,  
Өзіңнен сұрап алатын.  
Біреуін соның айтайын,  
Ақынға тола абатым.  
Мұсылман болсаң момын бол,

Таусылмасын тағатың.  
Періштелер мекендер,  
Жеті қат көктің қабатын.  
Әулие, сопы, шайырлар,  
Алла деп аят оқыса,  
Дәрия теріс ағатын.  
Білімің бар адамсың,  
Осыған кәне жауап бер,  
Екі жансыз, екі арам,  
Пейішке кім ед баратын?

**МҰХАМЕДЖАН:**

Мэлс-ау, айтқан сөзің нықталады,  
Иманмен орындалсын ұлт талабы.  
Жеңіл сөзден сүрінер деп ойлап па ең,  
Мұндайға мүсылмандар мұрт қағады.  
Білген жанға сауалың өте оңай,  
Қиын боп көрінгенмен сырт талабы.  
Әуелі Мұса пайғамбар үшке бөлген,  
Жәннатқа қайта тірілген құс барады.  
Сонан кейін құранда атын айтқан,  
Үңгірде бірге ұйықтаған ит барады.

Құлағыңа айтқан сөз сырға болар,  
Ақын едің халқыңа тұлға болар.  
Негізінде жұртыңа жұмбақ емес,  
Жөн сөз айту дұрыс ед мұнда, ағалар.

Алдымнан ағам болып табыласың,  
Құдайға қашан, Мәке, жағынасың.  
Сұрақ қойып ініңді сүріндіріп,  
Жеңіске жетер кезді сағынасың.  
Бірақ өзің намазға мойын бүрмай,  
Құранның түк ұқпайсың мағынасын.  
Жәннатқа өзің кіресің бе белгісіз боп,  
Кім кірерін, ау, Мәке, неғыласың?  
Ағамның болса талай мақталғаны,  
Жан болар дін майынан сақтанғаны.

Құтты болсын айтайын құрметпенен,  
Ақ мешіт, құтты болсын Ақтаудағы.

Мешіттің қадірін елге білгіздің бе,  
Намаз оқыр мұсылман күндіз күнде.  
Бұзылмау үшін жұртым басқа жолға,  
Үгіттеп талай жұртты кіргіздің бе?  
Әуелі өзің айтшы Ақтаудағы,  
Ақ мешітке маңдайды тигіздің бе ?  
Жүрмісің исламнан ерініп құр,  
Көңіліңе ұнап ақын серілік бір.  
Қазақтың исламнан шет қалғаны,  
Көңілімнен жыр болып төгіліп тұр.  
Айталы ағам бір заңды көтеріп ед,  
Еліме жар болсын деп тебініп бір.  
Сол заңды да қабылдай алмадық-ау,  
Өзге жұрттың алдында жеңіліп бір.

### **МЭЛС:**

Айтыскер біздей ақынға,  
Халқымыз құшақ жаяды.  
Сыйластық екен жалғанда,  
Тіршіліктің баяны.  
Мұхамбетке білінген,  
Алланың берген аяны.  
Шарап ішіп шалқыған,  
Парсының Омар Хаямы.  
Екеуміз де ішпейміз  
Ойлағасын күн фаяны.  
Пейішке барады дейтұғын,  
Екі жансыз дегенім:  
Біреуі – Мұсаның аса таяғы,  
Біреуі – Ыдырыстың киген кебісі.  
Екі арам дегенім:  
Біреуі – Айсаның мінген есегі,  
Біреуі – Қытымыр деген қызыл ит  
Ойлауымша шамалы.  
Менің де мына алдында,

Айтатыным, ағайын, -  
Шалдардың сөзі баяғы.  
Осылай болад, Мұқажан,  
Әңгіменің аяғы.

Қашанда айтысқанда өр тұрғайсың,  
Кенесіп қабырғамен кең тұрғайсың.  
Халықтың қол соққанын көрдіңіз ғой,  
Осындай алдымызда ел тұрғасын.  
Жұмаққа барасың ба деп сұрайсың,  
Айтатын жауабымды ал, тындайсың.  
Жұрттың бәрін кіргізіп шығаратын,  
Жұмақтың есігінде сен тұрмайсың.

Ағайын, ақындарың желгелі отыр,  
Көңілін өзіңізге бөлгелі отыр.  
Сағынышым сағыммен араласып,  
Көрермен көз алдымда көлбеп отыр.  
Осы айтыс біте ме енді, бітпей ме деп,  
Кейбірі көпшіліктің терлеп отыр.  
Ағамызды тізеден түртіп қойып,  
Көзімен белгі беріп жеңгем отыр.  
Не болса да бәріне көнгелі отыр.  
Ақындар да халықты сыйлау керек,  
Сондықтан сөз ыңғайын жөндеп отыр.  
Ал енді дұрыстап бір шәй ішейік,  
Ағаңыз қасындағы шөлдеп отыр.  
Шөлдедім дегенім сылтау ғана,  
Кет дегенді естігім келмей отыр.

### **МҰХАМЕДЖАН:**

Уа, Мэлс, айтысқанда болған күйің,  
Бү қазақ жасамайды жалған жиын.  
Нәпсімен иман қатар тұрғаннан соң,  
Ақиқаттың ақ жолын таңдау қиын.

Халықтың шапалағын алғанменен,  
Алланың махаббатын алған қиын.

Бұл сөзің күпір, Мэлс, күнә-дағы,  
Байқамай айтып отсың сірә-дағы.  
Он күнәнің тоғызы тілден екен,  
Адам өстіп бишара сыналады.  
Одан да ақындық сен сөзінді айтқын,  
Исламға тиіспестен тұмадағы.  
Пайғамбардың хадисінде айтқандайын,  
Өсиетке жеткізейін мұнаралы.  
Әуелі ақыреттің есігінде,  
Бірінші адам намаздан сұралады.

Ініммен айтысам деп жалқындайсың,  
Білерім ақыретке жалпылдайсың.  
Шындық сөзді шыраймен айтқан дұрыс,  
Есікте мен тұрмаймын, сен тұрмайсың.

Тапсыншы дұрыс жолдан халық тұрақ,  
Үзеңгіге ақын аяқ салып тұрад.  
Әлгі қойған сұрағына ризамын,  
Ел есіне ізгілікті салып бірақ.  
Төрт нәрсені білмедің деп кінәламас,  
Бес парызды сұрайтыны анық бірақ.

Ал, Мэлс, күпірліктен арылайық,  
Жұртымызға ақын боп танылайық.  
Бір Алланың шеңберінен шықпай біздер,  
Дүниені ұштастырып бағынайық.  
Кешегі Абай менен Шәкәрімнің  
Сара жолын осылай сағынайық.  
Кет дегенді естігің келмей тұрса,  
Сахнадан тұрып енді бағынайық.  
Иншалла, құдай өзі берген күні,  
Енді екеуміз сәждеде жолығайық.

## ДӘУЛЕТКЕРЕЙ КӘПҰЛЫ МЕН МҰХАМЕДЖАН ТАЗАБЕКОВТЫҢ АЙТЫСЫ

### ДӘУЛЕТКЕРЕЙ:

Мәжіліске жиылған,  
Мәртебелі мәрт ұлдар.  
Ақжол тілер әжелер,  
Ақсақалдар-алтындар.  
Мамыражай мамырда,  
Шаттанындар, шалқындар.  
Демеп қой, халқым, қол ұрып,  
Нар құнындай нарқың бар.  
Бәрекелді айтылсын,  
Ой-сарасы сарқылсын,  
Той табағын тартындар!

Ағайын бүгін айтысқа,  
Ұсынып отыр хақ төрді.  
Ақиқат айт деп алашқа,  
Ақынға Алла тақ берді.  
Шаршы тобыңды шандатар,  
Бәйгелі тайың бапты енді.  
Тағдырым менің айтыста,  
Мұхамеджанға тап келді.  
Айналайын, ағайын,  
Өлеңге деген махаббат,  
Өзіңе деген сағыныш,  
Алдыңа қайта ап келді.

Мұхамеджан ағасы,  
Ақиық болсаң аңғартқын,  
Ала бұлт аса самғаған,  
Тұлпар болсаң танытқын,  
Алдына қара салмаған.

### МҰАМЕДЖАН:

Тіл мен жақ қуат беріп, төзші бүгін,  
Егейін екі ақынның қос шыбығын.

Әріптеспен әңгіме дүкен құрам,  
Жүгіртіп ойдың шаңқан боз сұлуын.  
Жүйрік жылдар жүйткіп өтіп жатыр,  
Жамап киіп, жыртылған өз шұлығын.  
Алтын таға секілді, ағайындар,  
Өнердегі мен едім өз сынығың.  
«Жас жүрегім саусағын жайсын» енді,  
Арасынан ағызып сөз шырынын.

Ағайын, қос ұлың да үлгілі еді,  
Үлгілер не істерін кім біледі?  
Тоң майға тойып алған тоқ мысықтай,  
Үндеместер бірдене бүлдіреді.  
Бармысың, дәудірлеген Дәулеткерей,  
Жымисаң жанарыңнан күн күледі.  
Екеуміз де филфактың шәкірті едік,  
Тіркестерің дәл соны білдіреді.  
Інімнің қыбын бүгін мен табайын,  
Қашаннан тістің сырын тіл біледі.

Тайы да қысырақтың тулағандай,  
Жұрт болмаса жүйріктер тумағандай.  
Екеуіміз есті сөзге бас иейік,  
Ер-тоқымы жылқының тулағандай.  
Кесек-кесек боп түссін кестелі сөз,  
Жапырақтап жал-жая турағандай.  
Мен сені ақ көбік ғып көрейінші,  
Езуінді ауыздық сулағандай.  
Інімді ағыл-тегіл терлетейін,  
Адыраспан қайнатып булағандай.

Ағаңа қарсыласқан жарайсың ғой,  
Мықты болсаң айтарсың талай сынды ой.  
Арқаланып сөзіңді басташы енді,  
Мандайлы сен де елге самайсың ғой.  
Қанатыңды бір серпіп үшшы, інім,  
Қар адамын көргендей қарайсың ғой.

### **ДӘУЛЕТКЕРЕЙ:**

Сөйлесем өлеңімді үстеп алып,  
Шабыттың оты жатыр іште жанып.  
Ағасы, сен оқыған ұлы ордаға  
Мен-дағы құдай қолдап түскем анық.  
Азамат ақын айтар сөз айттың ғой,  
Тіліңді келіп, аға, тіске жанып.

Қайтейін бүгін жырда сайрандамай,  
Сөйлейсің, қырдан қырып, ойдан борай.  
Қасқа жолың алдында сайрап жатыр,  
Қайығың қара өлеңнен қайрандамай.  
Ағасы, байқап бірақ айтысарсың,  
Түйенің жығылуы қойдан да оңай.

Інің ем, айтар сөзін келіп түйген,  
Біз шықсақ ұлы ордадай серікті үйден.  
Қар адамын көргендей мен қарасам,  
Өзіңсің ғой мамырда бөрік киген.

Бүгінгі бәйгедегі бөлек есім,  
Ұйқасын шама келсе шегелесін.  
Қанымда намыс оты алаулаған,  
Еркектің танытқандай ерегесін.  
Шайқастың шарты солай болғаннан соң,  
Мен өлемін немесе сен өлесің.  
Өзіңді байқаусызда жеңіп кетсем,  
Айтшы, аға, сүйіншіме не бересің?!

### **МҰХАМЕДЖАН:**

Ағанның, бір бұрылса от қабағы,  
Кеуденнен талай сырың жоқталады.  
Түйені жығамын деп отырсың-ау,  
Келгендей ер намысын жоқтағалы.  
Түйе келіп көпірде жығылғанмен,  
Төрт түліктің төресі боп қалады.

Әрине, ісінді елің ерсі етпейді,  
Бағанды халық түзу берсек дейді.  
Жеңемін деп желпініп отырсың-ау,  
Ойынды ағаң қазір бөлшектейді.  
Менен несін сұрайсың жеңер болсаң,  
Тістейтін жылқы тісін көрсетпейді.

### **ДӘУЛЕТКЕРЕЙ:**

Мен емес жыр қанатын қомдай алмас,  
Ағасы, қызардың-ау өңдей алғаш.  
Түйе деген болғанмен мал төресі,  
Қисайса қайтып басын оңдай алмас.

Айтысқа ақын болсаң мұңдалап кел,  
Тілерім, ал жаратқан, жыр қанат бер.  
Бір ұядан түлеген інің едім,  
Бүгінгі шабысыма шын қарапты ел.  
Тастүлектей түйіліп мен көрейін,  
Өлеңмен мені бүгін шырғалап көр.

Айтысқа бүгін түскенде,  
Алаулап жанған отсың ғой.  
Алдымдағы асқардай,  
Өзіңе көңілің тоқсың ғой.  
«Сіз де біздей болғансыз,  
Біз де сіздей болармыз».  
Жеңем десем айып па,  
Екі аяғың салбырап,  
Аспаннан түскен жоқсың ғой.

Өлеңінді, ағасы, от қылып ең,  
Сөйлейсің төрелердің текті үнімен,  
Балық үндес, болғасын бақа тілдес,  
Өзіңе айтар ойды дөп қылып ем.  
Үйленбей жүрсің, аға, мен болжасам,  
Қыздардың аздығы емес, көптігінен.

## МУХАМЕДЖАН:

Ақын едік әр сөзі нұсқа болар,  
Қызылшырай күндейін қыста туар.  
Бір ұядан самғадық деп отырсың,  
Үнімен елді баурар ұшқан ұлар.  
Сен солардың жатасың қайсысына,  
Жұмыртқадан жылан мен құс та туар.

Ағасын үйлене алмай жүр дей ме екен,  
Сөйтіп ол желкенімді үрлейді екен.  
Қыздардың аздығы емес көптігі деп,  
Ағасының шын сырын білмейді екен.  
Ағаңа қыз қызықса айып бар ма,  
Тақыр басты таз адам күндейді екен.

Шашырап кетті сөзің өнім бермей,  
Айдалаға ақ тары себілгендей.  
Қызылсырап келгендей қызды айтасың,  
Оныға отырмаспын көңілденбей.  
Келген сәтте арқырап бастап едің,  
Кертөбел мама ағашын кеміргендей.  
Орта жолда отырсың тайғанақтап,  
Табаныңа тас бұршақ төгілгендей.  
Қос өкпенді үзеңгі ұрғандай боп,  
Қыршаңқы атты қияда тебінгендей.  
Шаршап қалып шалдыққан түрің бар-ау,  
Үйдегі күрең шайын келін бермей.

Бұл інім орнықты ғып ой табар ма,  
Тәпсірлі сөз тереңнен айта алар ма.  
Қызды айтып қызарқтап отырғанша,  
Жұмыртқаңнан қыран шықсын шайқағанда.  
Абысындай аңдысып отырғанша,  
Егілген елдің сөзін айт одан да.  
Майпаздап қозғалатын түрің жоқ қой,  
Майда тікен кіргендей май табанға.

## ДӘУЛЕТКЕРЕЙ:

Ағасы, танытарсың кісілікті,  
Ешкімге өткізбейтін күш үгітті.  
Жұмыртқадан балапан, жылан шықса,  
Болар-ау жылан емес құсы құтты.  
Ініңді балапанға теңеместен,  
Маған сен өткізерсің кішілікті.  
Оғыңды маған қарап атқанменен,  
Көмейің сенің-дағы түсінікті.

Қырансың биіктерге қонатұғын,  
Ақиық самғайды екен ол ақырын.  
Шайқалған жұмыртқада құс болайын,  
Күні ертең қия-құзды шолатұғын.  
Жұмыртқадан шайқалған жылан болсам,  
Тілім болар өзінді шағатұғын.

Жүруші ем өнеріңе болып құмар,  
Жырың бар жалпақ жұртқа және ұқтырар.  
Арманы арғымақтың аламан тек,  
Жолында баһадүрдің жорық тұрар.  
Ойпырм-ай, оймауытты ойсыратып,  
Түрің бар торғауытты торықтырар.  
Қызды айтқаным әзілім аузымдағы,  
Шоқпарым жоқ қолымда тобыққа ұрар.

Айтыста бірлігіне досы көнер,  
Көрермендік көңілдің хошы бөлер.  
Арындатып бастап мен баяулатсам,  
Жабағы тайдың тері ащы келер.

Мен бүгін шабысыңды танып көрсем,  
Болашағы зор мына халыққа ер сен.  
Көсілейін қысылмай, қымтырылмай,  
Ініңе бұл додада шабыт берсең.  
Ағасы, әңгімеңе мен еремін,  
Ендеше былай айт деп бағыт берсең.

## МУХАМЕДЖАН:

Уа, Дәуке, неге сонша шабынасын,  
Шабынсаң шардай болып жарыласың.  
Балапан деген сөзді ауыр алып,  
Албырттықтан сен қашан арыласың.  
Есейіп, ертең жігіт боп кеткенде,  
Ағаңның бұл лебізін сағынасың.  
Өткеншекте отырған жас бүркіттей,  
Қит етсе қиғылыққа салынасың.  
Ат дорбадан үріккен шабдар аттай,  
Шалт қимылдан сен қашан арыласың.  
Жылан болып сен мені шағамын деп,  
Жоқ жерден құр сезімге бағынасың.  
Ағаңның алқымына жармастың-ау,  
Аталы сөздің ұқпай мағынасын.

Көңілдің осы болса өтелгені,  
Ағаңның айтқан сөзі бекер ме еді?!  
Мен сені құшақ жая қарсы алып ем,  
Өсіп-өнген жігіт деп шетелдегі.  
Көмейінді түсіндім деп отырсың,  
Сол болғандай көңіліңнің жетер жері.  
Бұл ағаңның көмейін түсінгенше,  
Халқыңның сөзін айтшы көкейдегі.

Аузыма алған кезде бір Алламды-ай,  
Оң иықта періштем қуанғандай.  
Жүректің түбіндегі сөзді айтайық,  
Сыпайының тісінен сыр алғандай.  
Жәннәттың жемісіндей уылжысаң,  
Сөздің сөлін кім ішпес құмарланбай.  
Тіліңнен бал сорғалап, мұң төгілсін,  
Мұхиттан маржан сүзіп шығарғандай.  
Қусырыла бермейік құр бекерге,  
Қойынға тығып келген жылан бардай.

## ДӘУЛЕТКЕРЕЙ:

Аламан арғымақты төтен сынау,  
Бөгде оймен қоймаспын бөтен сұрау.  
Өзін-өзі өзгеден биік қойып,  
Сенімінді баптаған сетерсің-ау.  
Жел жағыңа шығармас тірі жанды,  
Басын имес кішіге шетенсің-ау.  
Шақпа тілді қалмайтын шақарлығың,  
Ұқсамасаң тумағыр екенсің-ау?!

Сөйлесең өлеңінде сөлің майлы,  
Дәл бүгін жұта қоймас көңіл қайғы.  
Ал, енді бір-екі ауыз мен айтайын,  
Ағасы, заманым мен елім жайлы.

Тура жолдан тайғандар топ құрайды,  
Сөздері мінсіз сұлу, тек шырайлы.  
Сең соққандай сенделген жастарыңнан,  
Жанға сая керек пе деп сұрайды.  
Дінің үшін тік тұрсаң, Мұхаммедтің,  
«Көп ұлтты» деп мақтанған Қазақстан,  
Көп дінді боп жүрмесін, көп құдайлы?!

Тыйылмай құмар істеп, күнәлі істен,  
Жылатар жүрегінді жұбаныш кем.  
Құлқынның құлы болған қазақ аз ба,  
Кәпірден асып түсер құлап ішкен?  
Қаладағы қаптаған казиноңның,  
Мешітіңнен мерейі тұрады үстем.

Наркобизнес дамыған,  
Нәлет айтар шақта бұл.  
Досыңмын деген пендеге,  
Ағыңнан жарыл, ақтарыл.  
Біреулер біліп қоймасын,  
Бағанды өзің жатқа біл.  
Көзін салар құдайым,

Басыңа бір күн бақ дарыр.  
Дұшпаның болған дөкейге,  
Сазайын берсін, Көк Тәңір.  
Көш бастайтын еркектер,  
Еңсесі түсіп артта жүр.  
Матриархат мүшесі,  
Сауда қылып сыртта жүр.

Мұнды айтсам көңіліңнің хошы болды,  
Айтқаным арманыма қосып елді.  
Сен-дағы арқа сүйер азамат ең,  
Менің де ниетіме қосыл енді.  
Әрі қарай тағы да толғай жатам,  
Әзірге бір түйгенім осы болды.

#### **МҰХАМЕДЖАН:**

Өзіңе жайған кезде халық құшақ,  
Аяғыңды алдың-ау анық тұсап.  
Ел жайын айтам деп ең жарытпадың,  
Күнде келе берердей шабытты шақ.

## **ЕРІК АСҚАРОВ ПЕН ӘСЕЛХАН ҚАЛЫБЕКОВАНЫҢ АЙТЫСЫ**

#### **ЕРІК:**

Алдымен мен берейін елге сәлем,  
Тізілген әділқазым – төрге сәлем!  
Айтыста асуы жоқ, кешуі жоқ,  
Ақ сеңгір – Әселхандай белге сәлем!

Әселхан, сен де бұлбұл, мен де бұлбұл,  
Әніміз уайым болды-ау елге бұл бір,  
Өзінді Ерік інің «апайлайды»,  
Біреулер түлен түртіп жеңге қып жүр.

Шақырып Наурыз той жетеледі,  
Көңілді көктем, шіркін, көтереді.

Түркістан тайқазаны қолда болса,  
Көжесі бар қазаққа жетер еді.

Құт кетті қазаныңда, есе кетті,  
Ақынсың, соған бір сөз десең етті.  
Магнит толқыны көп Алматыда,  
Әселхан, көктем қалай әсер етті?

### **ӘСЕЛХАН:**

Алып ең ел-жұртыңның ақ алғысын,  
Шабыт - құс тағы қанат қағармысың?  
Елімнің мәртебесін биіктеткен,  
Алматы, Алатауым, аманбысың?

Есен бе, күрбы-құрдас, жалпы халық,  
Ақын ба, қол соқпаса халқы танып.  
Хал қалай, қатарласқан әріптесім,  
Екеулеп жыр-өзенін шалқыталық.

Есеміз әр жерде де кетіп жүр ғой,  
Кештеу боп парызымыз өтіп жүр ғой.  
Ерікжан, айтпай-ақ қой сол қазанды,  
Айтқаның бұдан басқа жетіп жүр ғой.

Беремін жалғыз сұрақ бастамаға,  
Көңілім саған деген ақ шағала.  
Қарқынды серпіліс бар біздің жақта,  
Ерікжан, не боп жатыр астанада?

### **ЕРІК:**

Салған соң жырындыға жырындыны,  
Айтыстың туып тұр-ау бүгін күні.  
Ел бізден өрескел сөз күте ме екен,  
Котлет қылса екен деп бірін-бірі.

Айтыста жалын аттық, гүл аттық қой,  
Бауыр боп бір-бірімізді ұнаттық қой.

Ең үлкен жаңалығы Алматының –  
Олжасты аман-есен құлаттық қой.

Ел ме едік ерлерінің құнын білер,  
Батыраш болып алдық сүріндірер.  
Сабаса Абайыңды сауатсыздар,  
Олжасты сабап жүр ғой «білімділер».

Құлашын кең дүниеге жайған адам,  
Халқыңа көңілің қалды-ау, қайран ағам,  
Қазаққа бұдан кейін өкпелеп көр,  
Шоқанын аға сұлтан сайламаған.

Шырылдап отқа түскен халық үшін,  
Ақыннан арылмайды-ау бәрібір сын.  
Біреуге жақпады ма күрескені,  
Атомның тоқтатам деп жарылысын?

### **ӘСЕЛХАН:**

Гәп бар ғой сайланбаса дара мұнда,  
Аз әлі жетілуі сананың да.  
Топанын тоқыраудың сілкіп тастап,  
Енуі оңай емес жаңаның да.  
Қазақтың, бар әлемнің арман-мұңы,  
Олжастың тұнып тұр ғой қабағында.

Туса да азаматқа бақ сынар күн,  
Дерт пе еді әр жыл сайын асқынар бұл.  
Қып-қысқа бұл ғұмырда неге, неге,  
Жолдары болмайды екен жақсылардың?

### **ЕРІК:**

Бірлік деп қалың елге сайрап жүрем,  
Құлжа ғып әр ағамды сайлап жүрем.  
Бәрін де жақсы көрем өздерінің,  
Бастары піспей қойды, қайдан білем?!

### **ӘСЕЛХАН:**

Адамбыз жақсылыққа жаны күштар,  
Адам бар жерде бірақ жаңылыс бар.  
Жатады жүрегімді дүрсілдетіп,  
Сен айтқан Семейдегі жарылыстар.

Жау шапса бұрын бабам аңдайды екен,  
Сасқанда жаннан қулық қалмайды екен.  
Қазанның төңкерілген астында қап,  
Бір бала бір ұрпақты жалғайды екен.

Көрініп келген жаудан сақтанарсың,  
Аянбай бар күшінді ақтарарсың.  
Газ, ауа, топырақпен енген дерттен,  
Жаныңды қалай аман ап қаларсың?

### **ЕРІК:**

Қазақтың өз өнерін ту қылған жер,  
Шалқыған ән мен күйі бір думан жер.  
Тулақ боп бара жатыр Абай, Мұхтар,  
Шөкәрім қажымызды тудырған жер.

Ешбір жер Шыңғыстауға жетпес еді,  
Көтерді ұландарың көкке сені.  
Тозаққа айналды ғой тәуәп қылар,  
Қазақтың Мәдина мен Меккесі еді.

Ұрпаққа жазар ма екен ер жетуге,  
Тазалық орнар ма екен жер бетінде.  
Бесігін шырылдаған сәбилердің,  
Жер асты жарылыстар тербетуде.

Осындай біздің жағдай, көрдіңіз бе,  
Өлім ғой күреспесек енді бізге.  
Банкіде «Неваданың» есебі бар,  
Бір теңге жарнаңызды бердіңіз бе?

**ӘСЕЛХАН:**

Бастаса халқымыздың кемеңгері,  
Мазмұны бетбұрыстың тереңдеді.  
Шындықты суырып ап шыңыраудан,  
Сілкініс санадағы жеделдеді.

Тарихты қазған сайын аршылуда,  
Мезгілсіз дауыл жұтқан емендері.  
Жүсіпбек, Ахмет, Мағжан, Шәкәріммен,  
Халқымыз қандай биік, беделді еді.  
Тұрардай азаматтан айрылғанда,  
Қи басты, қиқым терді, төмендеді.  
Қырық жыл қара киіп жоқтау айтсам,  
Шіркіндер, қайта айналып келер ме еді?!

**ЕРІК:**

Ақынды ел намысы қоздырғасын,  
Қалайша ашынып бір сөз қылмасын.  
Әселхан, біраз жайды ақтардық қой,  
Ақталып жүрмейікші көп жылдасын.

**ӘСЕЛХАН:**

Ерікжан, сөз сөйлейсің, кесек-кесек,  
Өзіңдей жігіттер аз есептесек.  
Кезінде ызаланған кетесің ғой,  
Қолыңмен қызыл шоқты көсеп-көсеп.

Ұмытты талай қазақ ана тілді,  
Қалғандай домбырасыз дала күллі.  
Жалынға тастайсың ба демейді ешкім,  
Жұлдыздай жарқыраған жанатыңды.

Баланы өзге тілде нанын тапқан,  
Оқыды, жетілді деп еттік мақтан.

Сол бала жанымызды ұқпағанда,  
Қасқырдай зар иледік қауып қақпан.  
Дәрменсіз сыртта тұрып шуылдаймыз,  
Есікті қайта аша алмай қатты жапқан.  
Қазақша мектептерің жабылған-ды,  
Газетке ол жайлы да жазылған-ды.  
Қайтадан сол мектептер ашылды ма,  
Қаулыны нақты іске асырды ма?  
«Қазақ тіл неге керек?» дей салатын,  
Даурықпа ағайындар басылды ма?

**ЕРІК:**

Өсер ел ауруын жасыра ма,  
Оларды әлде біреу басына ма?  
Кесел боп сіңіп кеткен нигилистер,  
Өлсе де Алматыда басыла ма?

Мектеп аз демейміз бұл қалада біз,  
Әрқайсысын бір жеңіске балағамыз.  
Жиырма бес мектеп ашты Алматыда,  
Топырағың торқа болғыр Шона ағамыз!..

**ӘСЕЛХАН:**

Нәсіп боп кездестім ғой Ерікпенен,  
Ініме тура өзіме еліктеген.  
Суырылып шығып айтып Керекуде,  
Жырыңмен жан-жүректі еріткен ең.  
Өзгеден жақын тартып айтыстарда,  
Тілеуші ем қайтуынды жеңіспенен.

**ЕРІК:**

Құрмет қыл Әселхандай танымалға,  
Жюриім, орында ойын, қабыл ал да.  
Әселхан, сыйымыздан жаңылмадық,  
Сыпайы бізден өткен табылар ма!?.

## ҚОНЫСБАЙ ӘБІЛЕВ ПЕН ШЫНБОЛАТ ДІЛДЕБАЕВТЫҢ АЙТЫСЫ

### ШЫНБОЛАТ:

Армысың Алматының ғалымдары,  
Армысың Қарағанды жалындары.  
Армысың ән-жырыма ажар берген,  
Алма бет айдай сұлу арулары.  
Шіркін-ай, білер ме еді мына топта,  
Бар десем мені де бір сағынғаны.  
Сендер деп жыр моторы жүрегімнің  
Кеншінің бұрғысындай дарылдады.  
Кенші едім, кен қопарған, ақын болып,  
Кеп тұрмын Қонысбаймен қағынғалы.  
Торғаймен, сұрқылтаймен, күйкентаймен,  
Сынайтын сияқтымын бағымды әлі.  
Қол соғып сәлемімді қабыл алсаң,  
Отырмын ағымнан бір жарылғалы.

Арқалық, Ақтөбеден жақын едің,  
Далаға дабыл қаққан батыр едің.  
Өзіңмен ат аралас, қой қоралас,  
Ежелден бауыр басып жатыр елім.  
Сондықтан сені, қалқам, егізім деп,  
Мен таза айтыспауға мақұл едім.  
Інісін ағасына қарсы қойып,  
Тапты ғой теледидар ақыр ебін.  
Шынболат шындап кетсе шадыр ақын,  
Бір жаман мінезім бар, батыр елім.  
Сондықтан не де болса андап сөйле,  
Қонысбай, жөн білетін ақын едің.  
Айтысты сүре десең, сүрелейін,  
Ұйқасын өлең-сөздің кірелейін.  
Және де жер татыған жасығы емес,  
Айтайын алтын тектес бірегейін.  
Айтайын қаймағы мен кілегейін,  
Шұбыртып тыңдаушының сілекейін.  
Жылатып айтатұғын жақыныңмын,

Бірақ та жаманшылық тілемейін.  
Аюға жөн үйреткен таяқ дейді,  
Ағаңмын өзің үшін дүрелейін.  
Жаттаған жерің болса жаңылдырып,  
Мен бүгін әрлі-берлі сүйрелейін.  
Көкенді көкелеумен сүріндіріп,  
Жұлденің алып едің дүрегейін.  
Әсия, Әселханмен айтысқанға,  
Маған да дегенсің бе тірелейін.  
Жюриге бір күн мүше болғаныңда,  
Қылдың ғой Ерікжанды күйедейін.  
Қақ жарар кара қылды, Қарағандым,  
Мен бүгін барлығыңа сүйенейін.  
Әділ жұрт, әділ қазы білсін бүгін,  
Өлеңге кімнің жақын, кім өгейін.  
Қонысбай, шын айтысқа жаңа келдің,  
Айтып қал, айтар сөздің түйедейін.  
Ал, қане, осы жерден сөйлеп көрші,  
Мен біраз осы жерге тірелейін.

### **ҚОНЫСБАЙ:**

Жеңсем деп Қонысбайды қиялдайсың,  
Түйілсем күлкіңді сен тия алмайсың.  
Торғайға күйкентай деп тіл тигіздің,  
Батырдың аруағынан үялғайсың.

Бәйгеге тұлпардай боп жарағанмын,  
Кекілін шабытымның тарағанмын.  
Қағысып небір тарлан, жүйріктермен,  
Өзіндік дауысыммен дараландым.  
Бәрін де адамдардың бауыр көріп,  
Сәбидің көзіменен қарағанмын.  
Бір ауыз жылы сөзден қанаттанып,  
Бір ауыз салқын сөзден жараландым.  
Ат мініп, тізгін түйіп жүргеннен соң,  
Халқымның қажетіне жарағанмын.

Алматыдан кейінгі шаңырақ деп,  
Бас иіп келіп қалдым, Қарағандым.

Қашанда жақсыларға серік едім,  
Маржанын асыл сөздің теріп едім.  
Арзанға әлдекімдей бой алдырмай,  
Қаймағын қалқып сөздің көріп едім.  
Қазаққа ортақ, қара шаңырағым,  
Жырлауға сені қалай ерінемін.  
Қасым мен Ғабидендей алыптарды  
Жұлдыз ғып қазағыма беріп едің.  
Бүлбүл құс ұя салған тандайына,  
Ізінен Манарбектің еріп едім.  
Әсет пен Мәди сынды асылдардың  
Басына бір түнеуге келіп едім.

Жоғалтпай еңбектегі ырғақтарды,  
Артымда қарт Торғайым жырлап қалды.  
Үшуға көбісінде қанат болмай,  
Сәлемі өзімменен бірге аттанды.  
Құстардың тізбегімен жететұғын,  
Хабарға құлақ түріп тыңдап қалды.  
Қара алтын ордасына жеткізгей деп,  
Жүректің тереңінен сырды ақтарды.  
Қарттарым желмен бірге қалт-күлт етіп,  
Елжіреп жанарларын дымдап қалды.  
Нүркеннің отанына тағзым ет деп,  
Арулар орамалын бұлғап қалды.

Құлақ түр, халқым, мына сұрағыма,  
Өнері Торғайыңның ұнады ма?  
Балқашың тағы жаңа орден апты,  
Тиді ғой осы хабар құлағыма.  
Мені де мәз қылатын бұл жаңалық,  
Айтуға мына топта тұрады ма?  
Қуаныш құтты болсын, аттың басын  
Бұрайын енді жырдың бұлағына.

Бұрылып сәлем берейін,  
Өнерпаз аға сен едің,  
Тілекші інің мен едім.  
Сыйласуға келгенде,  
Сарыарқадай кең едім.  
Белдесуге емес мен,  
Елдесуге кеп едім.  
Жылы-жылы сөзіңмен,  
Көңілімді демегін.  
Ата салтын сыйлайтын,  
Аға таптым деп едім.  
Арзан сөзбен сағымды,  
Сындырмас деп сенемін.

Қарап тұрсаң әр ненің  
Оңы менен солы бар.  
Биіктегі қуанар,  
Етектегі торығар.  
Тұлпарлармен жарысқан  
Жабылардың сору бар.  
Ұлы бәйге біткенде,  
Көрінуге қорынар.  
Азамат шықса алдыңнан,  
Аттан түсіп қолын ал.  
Мендей іні саған да,  
Сендей аға маған да,  
Енді қашан жолығар.

Ел сенімін ақтаған,  
Топтан озған тұлпармын.  
Құлпыртып түгін баптаған,  
Топшысы берік сұңқармын.  
Кеудеде жырым кептеліп,  
Борасын болып бұрқармын.  
Шайқалтып талай ақынды,  
Түндігін жел боп жұлқармын.

Арқам бір қызса белгілі,  
Етері аздық бір таңның.  
Жамандыққа жаным қас,  
Сұлулыққа іңкәрмін.  
Торғайдан шыққан бір таймын,  
Жалғаған жырын Нұрқанның.  
Кезегіңді алшы, ағатай,  
Қошемет халқым көрсетсе,  
Оралып тағы шырқармын.

### **ШЫНБОЛАТ:**

Қонысбай, саған айтар ағалығым,  
Айтыста байқалмады даралығың.  
Торғайдың топқа салған ақынысың,  
Құлаққа жағымсыз боп барады үнің.  
Тек қана театрдың іші емес қой,  
Миллионға жатқан жоқ па тарап үнің.  
Өзіңді мақтаудан сөз аспай жатыр,  
Қай жақта оқығаның, даналығың.  
Қай уақыт, қай ғасырға, кімді сөйлеп,  
Отырсың алды-артына қара бүгін.  
Қазекең барды-жоқты қазбаласа,  
Құдайдың бойынан да табады мін.  
Жырлайық бақытты өмір, шат тұрмысты,  
Бетбұрыс, замананың даналығын.  
Кен қазған, мал өсірген, ғарышқа үшқан,  
Жырлайық ардақты елдің сан алыбын.  
Бұл ағаң күңкіл сөзге бара қалса,  
Басыңа орнатады қаралы күн.  
Торғайдай торға түскен шырылдатсам,  
Қолымнан арашалап алады кім?  
Дегенмен інімсің ғой кешірейін,  
Бір жолға болған шығар балалығың.

Жезқазған – облыста жері кеңі,  
Керілген кер маралдай керім еді.  
Сақтаған сары алтындай сан ғасырға  
Ғажайып сыры жұмбақ жерім еді.

Мүхиттың ар жағында ағылшындар,  
Жезқазғанның жеріне жерік еді.  
Мал баққан қазағымды алдап-сулап,  
Шахтада итшанаға жегіп еді.  
Көп нәрсе ала алмады-ау солар бірақ,  
Өйткені өгіз, түйе көлік еді.  
Даланың дауылына шыдай алмай,  
Бәрі де қашып-пысып өліп еді.  
Байлыққа барлау жасап бағалаған,  
Баһадүр Сәтбаевтай ерім еді.  
Тереңде теңдесі жоқ мыстың қоры,  
Әзірге таусылмайтын көрінеді.  
Сүм соғыс басталды да батыс жақтан,  
Қара бұлт ел үстіне төніп еді.  
Торғайды аузына алмай бас қолбасшы,  
Жезқазған жездеріне сеніп еді.  
Елімнің ерен еңбек арқасында,  
Халқымыз сүм фашисті жеңіп еді.  
Бұл күнде Қара Кеңгір, Сары Кеңгір,  
Қыздардың бұрымындай өріледі.  
Ғарышқа алғаш рет адам үшқан,  
Байқоңыр бақыт қонған белім еді.  
Жайлаған кең даланы өз малымдай,  
Ақбөкен, киігім мен елік еді.  
Сапырып сары қымызды отыр елім,  
Құрыққа толып құтты желілері.  
Ұлытау баурайынан жыр боратқан,  
Иманжан, ақын Тайжан серілері.  
Сұңқардай Сәкен ағам кім болғанын,  
Осында Жайық ағам көріп еді.  
Атақты айтыс ақын Шашубайдың  
Жабысқан әрбір сөзі желім еді.  
Солардың ұрпағына кезіктірген,  
Ақыным, сені ненің желігі еді.  
Уақыттың тығыздығы қинап отыр,  
Әйтпесе көсілетін жерім еді.  
Қалғанын өзің жырла, бердім **кезек**  
Небәрі жарты-ақ сағат беріп еді **қазық**

## ҚОНЫСБАЙ:

Қатарым болса шіркін, бүктер едім,  
Оғым жоқ сақтап қойған түпке менің.  
Еліне ерке өскен, ақын ағам,  
Мен сізден мұндай мінез күтпеп едім.

Ақын ем шығып жүрген қатарымен,  
Халқымнан он бес жаста бата алып ем.  
Мүшелде қырық тоғыз топқа түсіп,  
Еліңнің бас ақыны атанып ең.

Ырза боп жүруші ем ел мақтағанға,  
Байқасам ұқсамайсың ақтабанға.  
Өзіңді қараңғыға қамап қойып,  
Елуге келгеніңше баптаған ба?  
Сен туған жердің, ағасы,  
Алысқа кеткен атағы-ай.  
Шырайын бірақ шығарып,  
Айта алмағаның батады-ай.  
Жезқазған емес еліңді,  
Алтын қазған деп айтсам,  
Мақтанға бұл сөз жата ма-ай?  
Саржайлауды сызылтқан  
Ұмыттың қалай Тоқаны-ай?  
Мағауиядай үл берген,  
Ән менен күйдің отаны-ай.  
Жақсыкелді ағаны,  
Өттің неге атамай?  
Қазіргі қазақ әнінің,  
Дүлдүлі десем қата ма-ай?  
Жасырғанмен кейбіреу,  
Өткір кездік қашанда  
Қап түбінде жата ма-ай?  
Қазағыма ық болған,  
Ұлытаудың ұлысың.  
Далаңа байлық, құт қонған,  
Ортаймаған ырысың.

Торғайым атқа қонғанда,  
Жезқазған соққан қылышын.  
Алғаш қазақ ұлт болып,  
Ұйыған елдің бірісің.  
Сондықтан да биіксің,  
Сондықтан да ірісің.  
Жезқазғанда Тайжанның,  
Торғайдағы Нұрқанның  
Жалын атқан жырысың.  
Теңеуін тауып айтпасақ,  
Тірлігіміз құрысын.  
Өзендерім бастауын  
Ұлытаудан алады.  
Жыланшық пен Торғайым,  
Жерінді көктей ағады.  
Жезқазғанның аруы  
Шелегін суға салады.  
Бозбаласы Торғайдың  
Жетелеп атын барады.  
Үнсіз тұрып көзбен-ақ,  
Ұғынысып қалады.  
Мөлдір ағыс секілді,  
Сезімдер қанат қағады.  
Ертеңіне қарттарым,  
Елшілікке барады.  
Бөліп жатқан бөгет жоқ,  
Байқап тұрсаң араны.  
Бір өзеннен су іштік,  
Сөзіміз де бір жерден  
Шығып жатса жарады.  
Ақтөбемен айтыста,  
Дедің ғой атым Шынболат.  
Қатты айғайға басқанда,  
Басқалары жым болад.  
Жүрісінен жаңылып,  
Жігерлері күм болад.

Ел алдында сөз айту,  
Азаматқа мін болад.  
Өзін-өзі мақтаған,  
Айтшы, аға, кім болад?

Қарсыласың қарт кісі,  
Сыйламадың сақалын,  
Сіз-біз десіп жатпастан,  
Бірден сен деп атадың.  
Іні айырылса ізеттен,  
Үлкені осы қатаның.  
Жасың келген шағында,  
Жанжалмен шықпас атағың.  
Ерсі ісіне біреудің  
Қиналып-ақ жатамын.  
Атаңа не істесең,  
Алдыңнан шығар дейтұғын,  
Естіп пе ең қазақ мақалын?

Жалғыз ғана мен емес,  
Көрді-ау бәрі мұныңды.  
Дос жылатып айтады,  
Жасырмайды мініңді.  
Тым қаттырақ кетті деп,  
Кінәлама ініңді.  
Үлкенге берген жәбірің,  
Көзге бірден ілінді.  
Әуре болма қорқытып,  
Жер астына қамалған  
Шақырам деп жыныңды.  
Жалғыз ғана мен емес,  
Бәрі де мұны байқады.  
Жігітім қапы кетті-ау деп,  
Көбісі басын шайқады.  
Дос көңілі қашанда,  
Бір ауыз сөзден қайтады.  
Есте сақта, ағасы,  
Сөз емес сөзді қашанда  
Кісі емес кісі айтады.

## ШЫНБОЛАТ:

Қазақ қазақ болғалы,  
Дәл осындай шат заман  
Белгісіз қашан болғаны  
Ғасырлап күткен халқымның,  
Ежелден бергі арманы.  
Еліме мықтап орнады,  
Ырысы тасып елімнің,  
Миллиард болды орғаны.  
Қой үстіне бозторғай  
Жұмыртқалап қонғаны.  
Үй тұрмысы тамаша,  
Алматыдан саңқылдап,  
Теледидар сайрап түр  
Басып қалсаң болғаны.  
Екінің бірі мініп жүр,  
Жигули деген жорғаны.  
Берлиндегі ұлыңмен,  
Үйде отырып сөйлесу  
Сөз болып па сол-дағы.  
Полюске барып гүл егу,  
Ғарышқа барып су себу,  
Іс болып алды қолдағы.  
Міне осындай заманды,  
Орғанқол ақын жырламай,  
Жамбыл кеп жырлап бере ме,  
Айтпасыма болмады.  
Айтысқа түскен ақындар  
Өз бойынан аспай жүр,  
Қысқа боп ойы, болжауы.  
Елді ойлаған ақынның  
Осылай болар толғауы.  
Жыр жазған емес, кен қазған  
Көп кеншінің бірімін.  
Дүбірлі топқа түскен соң,  
Сөйлейін сөзін ірінің.  
Сен елінді жырласаң,  
Сен Торғайды жырласаң,

Мен де елімді жырлайын,  
Жеткенінше тілімнің.  
Әріп теріп, сөз санап,  
Газет жазған ақынсың,  
Біздерден артық білімің.  
Әй-әй деп басты шайқаумен,  
Өз обалың өзіңе,  
Жұлынып кетсе жұлының.  
Ақын болсаң қанекей,  
Осылай етіп жырлап көр,  
Қалғанын саған берейін,  
Қонысбай, қалқам, құлыным.

### **ҚОНЫСБАЙ:**

Біледі ғой Қонысбай,  
Өзінің басын қорғауды.  
Қайдан ғана үйрендің,  
Аға, мұндай қорлауды.  
Толға десең толғайын,  
Ал, қане, аға, тыңдап көр,  
Соңғы мынау толғауды.  
Жырдан шашу жұртыңа,  
Шаша алғанға не жетсін.  
Қатты айғайға мұндайда,  
Баса алғанға не жетсін.  
Талантыңның бар гүлін,  
Аша алғанға не жетсін.  
Қолдан бермей намысты,  
Қасарғанға не жетсін.  
Қуаныштан шаттанып,  
Жасарғанға не жетсін.  
Сахнада айтысып,  
Қоштасарда көздерге,  
Жас алғанға не жетсін.  
Бәйгелерге қаймықпай,  
Кіре алғанға не жетсін.  
Ақкөңілмен шаттанып,  
Күле алғанға не жетсін.

Қатарыңмен жарқылдап,  
Жүре алғанға не жетсін.  
Қарсы келмей үлкенге,  
Тіл алғанға не жетсін.  
Бір-біріңнің қадірін,  
Біле алғанға не жетсін.  
Мына тұтам тірлікте,  
Өміріңді өкінбей  
Сүре алғанға не жетсін!

Жырымызды маздатып,  
Намыс отын құйғанбыз.  
Қысылғанда тарының  
Қауызына сыйғанбыз.  
Әрбір сөзді орнымен  
Қыз жүгіндей жиғанбыз.  
Талай түнгі ұйқыны  
Ұйқас үшін қиғанбыз.  
Халық деген ананың  
Бетіндегі иманбыз.  
Жүз шайысып қайтеміз,  
Мына тұтам тірлікке,  
Азғана күн мейманбыз.

Жыр тұлпарын ерттедік,  
Аққу мойнын игізіп.  
Кірдік талай бәйгеге,  
Жал-құйрығын түйгізіп.  
Сенім артып ел қалды,  
Оқалы шапан кигізіп.  
Мағыналы қанша сөз айттық,  
Шумаққа жалғыз сыйғызып.  
Бауыр боп қалғай екеуміз,  
Төске төсті тигізіп.  
Құшаққа алып ініңді  
Тарасаңыз қайтеді,  
Бетіңізден сүйгізіп.

## ҚОНЫСБАЙ ӘБІЛЕВ ПЕН ҚАТИМОЛЛА БЕРДІФАЛИЕВТІҢ АЙТЫСЫ

### ҚОНЫСБАЙ:

Армысың, қазағыма мақтан халқым,  
Батырды Қабанбайдай тапқан халқым.  
Ас беріп алты Алаштың баласына,  
Аунатып аруақты жатқан халқым.

Жырлары ақындардың лағыл болсын,  
Басыңнан ұшпайтұғын бағың болсын.  
Құдайдан қайтсын деймін еңбектерің,  
Иншалла, тілектерің қабыл болсын.

Екі күн жюри болып отыр едім,  
Айтыскер ақындардың өкілі едім.  
Шыдамай сахнаға шығып кеттім,  
Кешірім бәріңізден өтінемін?!

Сахна еркелейтін үйім екен,  
Халықтың ықыласы-сыйым екен.  
Қолтығы құрғамаған жүйрік едім,  
Отыру жюри болып қиын екен.

Армысың, қасиетті Қатимолла,  
Аға боп қалдың сен де ақындарға.  
Жасқанып жерді жарған атағыңнан,  
Жаныңа менен басқа жақындар ма?

Ауызға атың бірден ілінгендей,  
Ең алғаш есілгенде жырың желдей.  
Торғайда жатып-ақ мен қуанып ем,  
Атақты Мұхит атам тірілгендей.

Алыстан айналдым мен сырласыңа,  
Мен куә сен бөгеліп тұрмасыңа.

Әнші қып, ақын қылып жомарт құдай,  
Аямай бере салған бір басыңа.

Сендегі сөз де бөлек, өлең бөлек,  
Ішінде жүз ақынның төбең бөлек.  
Келіп ем қолтығыңнан демегелі,  
Қысылсаң шылбырымды берем бе деп.

Соңыңнан қаптай еріп халық жүрер,  
Ақынның жұлдызы да жанып жүрер.  
Қолға алып домбыранды Қатимолла,  
Әніңе асқақтатып салып жібер.

### **ҚАТИМОЛЛА:**

Жан едім талай жерде той бастаған,  
Ән бастап, жыр бастаған, ой бастаған.  
Ассалаумағалейкум, қалың елім,  
Қарамай бұл қаңтарға той жасаған!

Көңілге зор қуаныш толады да,  
Игі істің бір басшысы болады да.  
Бабасын қастерлеген асын беріп,  
Көп рахмет „Қазақ тілі” қоғамына.

Арылып басымыздан азапты күн,  
Келгендей жарқырап таң азатты күн.  
Мінекей, осы жолы көрсеткендей,  
Баласы үлкен атам қазақтығын.

Шаттығып кеудемізден жыр шығып тұр,  
Кеудеде жүрек, шіркін, бұлқынып тұр.  
Мән берген осындай бір ұлы тойға,  
Рахмет төрағаңыз Тұрсыновқа!

Айтыста жақсы болсын қарсыласың,  
Сөзіңнің айыратын парқы, нарқын.  
Ойдағы тілегімді айтып кетті,  
Алдымда Қонысбайдай маршал ақын.

Қонеке, сөзіңізде мән бар еді-ау,  
Тыңдайтын өзіңізді ел бар еді-ау.  
Әуелден жүре бермей арамызда,  
Ішінде әділқазы нең бар еді-ау.

Белгілі-ау ойдан сөзді ұшырарың,  
Тыңдатып көрерменге ұсынарың.  
Мен өзім кеше, сірә, байқағанмын,  
Мүйізіңіз қарағайдай қышығанын.

Сөйлесең сөз қалады-ау, ән қалады,  
Шарықтап домбыраңнан сән қалады.  
Ал, енді кезегінді бердім, Қонеке,  
Қанеки, шырқап жібер самға-дағы.

### **ҚОНЫСБАЙ:**

Сен мені, Қатимолла, „маршал” – дедің,  
Алда да осылайша „жар сал”, - дедің.  
Болашақ маршалдардың бірі өзі,  
Халқым-ау, қолың соғып қарсы ал дедім!

Талай топ мен өзім де жарған едім,  
Бәйгеге ақ боз ат та алған едім.

Жюриге зәбір көрген ақындарға  
Араша түсем бе деп барған едім.

Сондықтан жеңіл өзіл жарамайды-ай,  
Бұл халық қызық көрмей тарамайды-ай.  
Мүйізде нең бар еді, Қатимолла,  
Өзіңнің мүйізің де қарағайдай.

Бұрынғы аталардың толғамымен,  
Салмақты сөз айтпақ боп толғанып ем.  
Ойда көп қала бермес бұралқы сөз,  
Күлуге қанша жақсы болғанымен.

Қорғаған жанын сала аталарым,  
Білмеймін қалай тыныш жата аларын.  
Қарадай қайқы қылыш жалаңдатып,  
Обкомнан шығыпты ғой атаманың.

Түрі бар ештеңеден тайынбайтын,  
Жайы жоқ бірлік жайын уайымдайтын.  
Штабқа айналған ба обкомдарың,  
Баевтай атамандар дайындайтын.

Қарадай елдің басы қалған дауға,  
Халықты шақырғайсың алданбауға.  
Баевтар Оралымды бөліп алып,  
Ресейге қосылуды армандауда.

#### **ҚАТИМОЛЛА:**

Айтиссақ біз сыйласып ұғыс болар,  
Халыққа беретұғын бір іс болар.  
Қонеке, бұл сөзіңнің жөні бар-ды,  
Дұрысты дұрыс деген дұрыс болар.  
Мынау ел өз жөндерін біледі де,  
Көш, сірә, өз жөнімен жүреді де.  
Біrer топ не жасайды бұл халыққа,  
Қалатын, үретін ит те үреді де,  
Оралым Ресейге кетеді деп,  
Қонеке, сірә, түсіңе кіреді ме?

#### **ҚОНЫСБАЙ:**

Жетісу, Арқа менен екі араны,  
Жалғауға қандай құшақ жете алады.  
Бабалар сойылыменен қорғап соны,  
Қанымен сызып кеткен шекараны.

Жау келсе біздің күшті пайдаланған,  
Сонан соң бейбіт кезде жайлап алған.  
Келгенде жоңғарларың қырып-жойып,  
Қорғаса сол шіркіндерің қайда қалған?

Күлімдеп әрбір таңым атсын деймін,  
Бақытын ел достықтан тапсын деймін!  
Ас ішіп, аяғымды тепкендерді,  
Дәмімнің кепиеті атсын деймін!

Кінә артып отырғаным жоқ саған бүгін,  
Бермесін тағдырыңның жамандығын.  
Бауырым, азсындар ғой, білем оны,  
Тілеймін аз халықтың амандығын.

Талай жай бастарыңнан өтіп жатыр,  
Хабарың бізге-дағы жетіп жатыр.  
Қап-қара уылдырық, қызыл балық,  
Тең-тең боп Мәскеу жаққа кетіп жатыр.

Жұмсақ қой уылдырық тістеріңе,  
Кіреді қызыл балық түстеріңе.  
Мәскеуге жөнелтпей-ақ өзің жесең,  
Жақпас деп қорқасың ба іштеріңе?

### **ҚАТИМОЛЛА:**

Жақсы ғой ұлағат сөз тастамаған,  
Қонеке-ау, жағдайды айттың бастамадан.  
Қызыл балық Мәскеу жаққа кетіп жатса,  
Айыбы бізден емес, астанадаң.

Көрмей ме сол балықты саған берсе,  
Көрмей ме қасындағы маған берсе.  
Қүдірет қолыңызда болса егер,  
Қонеке, тартып алшы шамаң келсе?

### **ҚОНЫСБАЙ:**

Өлеңді айтқан сайын шешілесің,  
Жүйріктей өрге шабар көсілесің.  
Карточка кірген мынау заманада,  
Халықтың шашпа бекер несібесін.

Кезінде шоқтай болып жайнап едік,  
Фашисті қамшыменен айдап едік.  
Соғыстан кейінгі сол жылдарда да  
Ешкімге алақанды жаймап едік.

Басқа үрған балықтай боп қалғандаймыз,  
Киініп тойынуды армандаймыз.  
Батыстың шіріп жатқан байларынан  
Садақа сұрауға да арланбаймыз.

Байлығың болса егер басыбайлы,  
Ешкімнің жаны шындап ашымайды.  
Батыстан келіп қалған бір жәшік ет,  
Халқымды неше тәулік асырайды.

Жанымда, Қатимолла, еріп жүр де,  
Бөкендей бүлкілдетіп желіп жүр де.  
Балықты мен аударып алар болсам,  
Торғайға балық сұрап келіп жүрме?

#### **ҚАТИМОЛЛА:**

Алдыңа жан салмайсың самғағанда,  
Шақырып тұрғандай бір арман алда.  
Ендеше қолдан келсе іс қылалық,  
Не болар бұл екеуміз зарлағанда.

Мықтысың сөз шырайын табар неше,  
Шақ келер тегеурінге саған неше.  
Қонеке, сол байлықты сұрамаймын,  
Ешқандай арманым жоқ қазақ жесе.

#### **ҚОНЫСБАЙ:**

Өлеңді тырыспаймын қойдыруға,  
Жарлылар жалғыз атын сойдыруда.  
Екеуміз тойып жүрген не болады,  
Халықты бет бұралық тойдыруға.

Асқар тау Алатауым сияқты олар,  
Шалады биіктегі қияқты олар.  
Қазақтың екі мықты ақынының  
Балыққа таласқаны ұят болар.

Пушкиндер қайталанбас тұлға шығар,  
Сіздің ел ат қоюға мырза шығар.  
Көше бар, оқу орны, кітапхана,  
Марқұмның аруағы риза шығар.

Ештеңе шығармаймын ойдан деймін,  
Оңаша қалғанда бір ойлан деймін.  
Ал, енді өз Пушкиніміз – Қасым аға,  
Елеусіз, ескерусіз қалған деймін.

Сөздері жақсы ақынның саздау шығар,  
Мақсаты мәңгі оттай маздау шығар.  
Ер Чапай туған жерге қойған белгі,  
Сендегі ескерткіштен аздау шығар.

### **ҚАТИМОЛЛА:**

Мағұлмат беріп біздер халыққа көп,  
Сірә да біраз жайды анықтап ек.  
Қояйық таласпасақ, таласпай-ақ,  
Беріп жатқан біздерге балық та жоқ.

Айтайын жауабыңды ептеп енді,  
Қонеке, біліп отырсың жетпегенді.  
Пушкин мен Чапаевқа ескерткіш бар,  
Құрманғазы, Махамбет шеттеген-ді.

Ақынсың сөзің үшқыр, ойың дайын,  
Көп істің білесің ғой, өзің жайын.  
Бойлауық жылқыдайын бойлай бермей,  
Жөн сөзді ел алдында мойындайын.

### **ҚОНЫСБАЙ:**

Ақтардың ұтқыр ойдың біразының,  
Көңіліңе келмесінші жыр-әзілім.  
Азғана қазағыма қалқан болдың,  
Бауырым, Қатимолла, разымын.

Айтысып жырдың екі саңлағы,  
Ойлары көгенінен жамырады.  
Тарталық ат тізгінін енді біз де,  
Атаның риза болсын аруағы.

Біздей-ақ бір ақын жүк арқаласын,  
Дәл қазір кеңігендей арқа-басым.  
Халқым-ау, қуаныштан айырмасын,  
Мәңгілік тойларыңыз тарқамасын!

Қанық қой мына халық атағыңа,  
Мен-дағы тілектеспін сапарыңа.

Ендігі халық ақыны менше сенсің,  
Тезірек қосылғайсың қатарыма!

## **АЙТМҰХАМБЕТ ИСАҚОВ ПЕН ҚАЙЫРТАЙ АҚЫЛБЕКОВТЫҢ АЙТЫСЫ**

### **АЙТМҰХАМБЕТ:**

Ассалаумағалейкум, құрметтерім,  
Ұлы дүбір бүгінгі дүрмектерің.  
Өздеріңсің өлтірмей келе жатқан,  
Өмірдегі өнердің бұл мектебін.  
Ораза, айттарыңыз құтты болсын,  
Бұны айтпай ұят шығар күр кеткенім.  
Айтта туып, атанып Айтмұхамбет,  
Мұхамбеттің ақжолын үлгі еткемін.  
Жығылмайтын ту етіп көтерейін,  
Жыр сүйер пайғамбардың үмбеттерін.

Арқа мен Алатауды жікке бөлмей,  
Бойыңды болдың елім тіктегендей.  
Бірлік жылы астанаң екеу болды,  
Бірігіп алтын орда тіккен елдей.  
Ал, Алматым, ақ ордам тек өзіңсің,  
Ақын келсе болатын күт келердей.  
Жүзіңді көріп бүгін жыр шашайын,  
Жүз қыздың төркінінен жүк келердей.

Сырт беріп үлкен сыннан суынғандай,  
Жатыр-ау асыл жырым туындамай.  
Армысың, Ақсуаттың ақтангері,  
Беки бер, белді бекем буынғандай.  
Желбіреп келгеніңнен желік беріп,  
Қоймаспын қолыңдағы туынды алмай.  
Сөз сүйектен өтеді өткір болса,  
У қосып қызыл бидай қуырғандай.  
Мен қадалсам жаныңнан жырым кетпес,  
Сүйектен сұр жебені суырғандай.

Жақсы деп келмегесін жазым еткім,  
Әуелден келіп отыр әзіл еткім.  
Әзіл-шыны аралас айтқан сөзді,  
Біледі бидің айтқан назы деп кім.  
Кеп отыр ортан қолдай сені көріп,  
Төле би атама ұқсап асып өткім.  
Ағаның баласы деп жол бересің,  
Ізеті болса сенде Қазыбектің.  
Сөзіме тұрмасаң да теріс келмей,  
Бір сыңай танытарсың келіскендей.  
Болдырып құлағанша шаппасақ та,  
Болармыз тай мен құнан тебіскендей.  
Жол бермесең қолыңнан алам онда,  
Желкілдеп келсең-дағы жеңіс бермей.

### **ҚАЙЫРТАЙ:**

Қайтесің шыға сала жамандасып,  
Айтыстан біз өтелік қоғамдасып.

Айтеке, маған шама бере түршы,  
Алайын ел-жұртпенен амандасып.

Орынын бабалардың жоқтатпағын,  
Өнерді домбыра ғып тоқтатпадым.  
Білерсің Төле бидей дананы да,  
Бір кезде Қазыбектің тоқтатқанын.

Сиынып аруағына бабалардың,  
Өнері өрге жүзген даналардың.  
Арқалап атамекен аманатын,  
Ортаңа келді енді балаларың.  
Ассалаумағалейкум, ағайындар,  
Қалың ел, қара орман сағаларым.  
Жеті өзен-жер жанаты Жетісудың,  
Алматы жүрегі деп бағалармын.  
Асандай желмаямен жер іздесем,  
Жерұйық сендей қайдан таба алармын.  
Жеткен соң жеделхаты жеттім бүгін,  
Саниязбек, Жүрсін сынды ағалардың.  
Қалғанын көрерменім таразылар,  
Қаншалық Қайыртайда шама барын.  
Тарылып шабыт, шіркін, тұсамаса,  
Музаның мұз айдынын жағалармын.  
Мінгізіп сенім, арман, үмітімді,  
Таймастай теңбіл көкті тағалармын.

Қаталдау табиғаты қақыратқан,  
Қысы ерте басталатын ақыраптан.  
Ақ тілеу ала келдім, ағайындар,  
Шырайлы Шыңғыстаудай атыраптан.  
Қазақтың жүрегі мен бүйрегіндей,  
Абай мен Мұхтар туған топырақтан.  
Тарбиған тарғыл-тасты Тарбағатай,  
Төсінен теңбіл базар толқып аққан.  
Қабыл ал, Алматымдай ару-қала,  
Жүрегін жырдың желі солқылдатқан.

Әрісі әлем білген түлектерін,  
Жеткіз деп жүрекжарды тілектерін.  
Сіздерге Семей елі сәлем айтты,  
Тағдырдың басып өткен түрлі өткелін.  
Нұрлыбек, Сапарғали, Төлеу ақын,  
Толғанып толғау айтқан үлектерім.  
Қариямыз қазыналы Қалиханды,  
Білесіз айшықты айтыс түлеткенін.  
Ортаңа бір баласы келді бүгін,  
Ақтайлақ, Ақтанберді, Түбектердің.

Болса да түлкі айлакер, аңшы басым,  
Мерген ем қандап жүрген қанжығасын.  
Қасқайып қып-қызыл боп кез келіпсің,  
Шүріппені басар болсам қаңсырарсың.  
Айтыс деген айқастың алаңы ғой,  
Бұл сөзім жүрегінді шаншымасын.  
Өлеңің өркен жайып Алматыда,  
Маңдайдан моншақ терің тамшыласын.  
Жүрсін ағам жүйелеп жұптағанда,  
Тап келген маңдайыма қарсыласым.

Байқаймын Айтекеңнің күсі бірдей,  
Бапкер деген аты бар ісі дүрдей.  
Байқаймын бас бәйгеден дәмесі бар,  
Себебі, меніменен түсі бірдей.

### **АЙТМҰХАМБЕТ:**

Есігі өлең жырдың теңескелі,  
Қайыртай, отырмысың егескелі.  
Жол жобамен сөйлесең, жосығымен,  
Ата көрген ұл екен демес пе еді.  
Төле биді тоқтатса Қазыбек бірде,  
Дүние алма-кезек емес пе еді?

Бұл қазақ үмітінен түңілген бе,  
Ит жетіп, құс алмайды жүгіргенде.

Қызылсырап отқанда маған қарап,  
Күлерсің құлап жатып сүрінгенге.

Күдерді кісіліктен үзген елдей,  
Кінә тағып отырсың бізге нендей?  
Көңілге сәл қарасаң қайтер еді,  
Төркіндегі кемпірді қыз дегендей.  
Айналып кеп қызылға тиістің-ау,  
Қасқа бастан қайызғақ іздегендей.

Еліктеп енді өзіңе елендейін,  
Байқадым бар екенін неден кейін.  
Бұл өнерде өзінді сыйлау үшін,  
Тұруым мақсат емес сенен кейін.  
Екі атқа бір бәйге бермес болар,  
Бір тойда екі жар жоқ дегендейін.

Талаптан табаныма таға салып,  
Алдыма көрмеп едім қара салып.  
Жақсы айтсаң жағың түсіп қалар ма еді,  
Сыйға сый, сыраға бал асатып.  
Атағын Ақмолаға бергенменен,  
Алатау, қалған жоқ қой аласарып.

Даусың зор болғанменен пәрменің жоқ,  
Жұртқа айтқан болғаныңмен жәрдемің жоқ.  
Аш бурадай жаланып шабынғанмен,  
Дәмең үлкен сенің де, дәрменің жоқ.  
Жыл басына таласқан түйе ұқсап,  
Әуреге түсіп жүр ме әлдекім боп.

### **ҚАЙЫРТАЙ:**

Әкімдер іздеп жатса ақындарын,  
Белгісі жақсылықтың жақындаған.  
Ақындар іздеп жатса әкімдерін,  
Белгісі тапшылықтың тақымдаған.

Бүгінгі мынау айтыс мерекеңіз,  
Жиылған барлық ақын мақұлдаған.  
Шығады жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар,  
Ақын боп жігер оты лапылдаған.  
Жиылған ақындардың осалы жоқ,  
Жырлары жанартаудай атылмаған.  
Көрермен, қошемет қып отырсаңшы,  
Шапалақ шабыт берер шатырлаған.

Сырлы аяқ сыны кетпес сырты тозған,  
Жас кезде жорға шығар тарлан боздан.  
Жамбылдық ақындардың бапкері едің,  
Өзінді шәкірттерің басып озған.  
Айтеке, бұл айтысқа келіп қапсың,  
Делебең осы жолы нағып қозған?

Мергендей мекендеген қос обаны,  
Құдайым қосақтады дос ағаны.  
Айтеке, осы жағын түсіндірші,  
Тілегім сәл әбестеу болса-дағы.

Айтеке, көңіл бөлші жайтқа мына,  
Қатысып мәжіліске қайтқаныңда.  
Елде болмаған айтыс жасаймын деп,  
Дәл кезде ел көзінше айтпадың ба?

Сүйсініп сонда саған пәлі дедім,  
Өнері асып тұрса қане дедім.  
Ал енді сол айтысты бастап жібер,  
Мен өзім сол айтыстан дәмелі едім.

### **АЙТМҰХАМБЕТ:**

Көп әлі кедергілер жолында да,  
Отыра бер кезекті орында да.  
Іздесең талай ақын толып жатыр,  
Оңында да, Қайыртай, солында да.  
Бір керемет айтысты жасап шығу,  
Бір менің-ақ Қайыртай, қолымда да?

Сөзің бар шоқырақтап секеңдеген,  
Мен сендей ақындардан секемденем.  
Айтмұхамбет ақынмен айтысам деп,  
Жер сүзіп құлап жүрме шекеңменен.

Жіберсе Семей сені мақтан қылып,  
Жайым бар жағдайынды жатқан біліп.  
Бір ауыз қарсы сөзді айтар болсаң,  
Ары қарай жіберем аттандырып.  
Елена, Қонысбай да ала алмаған,  
Алдымнан алты жерден қақпан құрып.  
Қорқытып отырғам жоқ, Қайыртай-ау,  
Отқаным алдын-ала сақтандырып.  
Біреуі болдым бүгін ақындардың,  
Біреуі едім мен де шақырғанның.  
Жарқырап жүргенім де жақсы емес пе,  
Ортасында осынау ақындардың.  
Сахнаға келіп ап сен секілді,  
Арыстан емес бәрі ақырғанның.

### **ҚАЙЫРТАЙ:**

Қиялым гүлзар бақта ағындады,  
Түлейді қол құсындай бабындағы.  
Сыпырып томағасын қайран көңіл,  
Қашан да бір самғауды сағынғаны.  
Тер шығар маңдайымнан кез келді ғой,  
Бақ болды-ау Айтекеңнің табылғаны.

Білетін ақын едің түп қиянды,  
Байқаймын бұл Айтекең тіпті ұялды.  
Айтпадың айтысыңның мәні-жайын,  
Білер деп қорықтың ба құпиянды.

Көңілді жай қылады ғайып-елес,  
Бұл жерде неғылайын жайып егес.  
Айтыста жеңілгелі келдім десең,  
Айтеке, соның өзі айып емес.

Бір күдай таразылар асқаныңды,  
Төгіліп, ернеуіңнен тасқаныңды.  
Жамбылы бұл заманның өзің болсаң,  
Төбеден тастап жібер аспаныңды.

### **АЙТМҰХАМБЕТ:**

Елінде жүрсең сыртқа сөз боласың,  
Сыртта жүрсең еліңе көз боласың.  
Дамыған мемлекеттер қазақ құсап,  
Үйінде ұстамайды өз баласын.

Осылай қалжыңдасып ойнаймыз ба,  
Жоқ әлде елдің жайын ойлаймыз ба.  
Бой жазып тұратұғын уақыт болды,  
Осымен, Қайыртау-ау, қоймаймыз ба?

## **АМАНЖОЛ ӘЛТАЕВ ПЕН СЕРІК ҚАЛИЕВТІҢ АЙТЫСЫ**

### **СЕРІК:**

Даламда дүбірлі айтыс басталғасын,  
Атағы алты Алаштың аспандасын.  
Ақ шашты аналарды көрген кезде,  
Алатау көргендейміз асқар басын.  
Аманжол, қарсылас боп сен де шықтың,  
Білемін бүгін маған қас болмассың.  
Ұрыста тұрыс жоқ деп мен де келдім,  
Болса да бекінісің тас қорғасын.  
Айтыстың аспанында жарқылдайын,  
Танытып жастық жігер жас болғасын.

Ақыны болсам деп ем Алашымның,  
Қанағат несібе еткен қара суын.  
Кешегі тарих салған бұл қазақтың,  
Жаза алар жанындағы жарасын кім?

Көк бөрінің ұрпағы көзсіз ерлік  
Қылса да болмаса екен ала сүргін.  
Патшасы өлең сөздің туған жердің,  
Талпынған шыңға қарап баласымын.

Замана шыдағандай дауылына,  
Заманың жаңа-жаңа сауығуда.  
Бақтыораз ағамды іздеп дабыл қаққан,  
Мың алғыс журналистер қауымына.

Мен көптен айтыс күтіп сағынғанда,  
Алдымнан жан құрдасым табылғанда.  
Өзіңмен қатар шыққан бұл айтысқа,  
Білмеймін сорымнан ба, бағымнан ба?

Аманжол, шықсаң елдің тілегінен,  
Әр басқан қадамыңа гүл егілген.  
Жымисаң мұртың күнге шағылысып,  
Айналдым шуақ шашқан нұр өңіңнен.  
Ақиқат болса әр кез сүйенерің,  
Жарыққа алып шағар түнегінен.  
Ал, енді, мен тоқтадым, жырлап жібер,  
Халқым деп сен де соққан жүрегіңмен.

### **АМАНЖОЛ:**

Қарайсың, жанарыңнан жалын шашып,  
Қалмасын құрдасыңнан сағың жасып.  
Сорлатып сендей ерді неғылайын,  
Көрейін шамам келсе, бағыңды ашып.

Ордаңның нұр төгіліп түңлігінен,  
Бекіген халық едің бірлігіңмен.  
Қазақтай қайсар жұртым, аманбысың,  
Ұл өскен Бақтыораздай кіндігінен.

Жорықта болат шайнап, жалын ішкен,  
Қазағым батырлықта бағың үстем.

„Ақ жол” - деп алдарыңа тағы келдім,  
Перзенттік лүпілдеген сағынышпен.

Ерлікті биік қойып бар атақтан,  
Қанатын сұңқар едім дара қаққан.  
Қазақтай батыр халық бар ма, шіркін,  
Толғатып Бақтыораздай бала тапқан.

Тарланым жасқанбастан топқа кірген,  
Ел үшін жанын қиып отқа кірген.  
Шындықтың шаһарына қадам бастым,  
Алашым жетпесек те баққа бірден.  
Батырдың өткен жолын білсем бе деп,  
Мұхтардай ағаларым атқа мінген.  
Бақтыораз батыр атам табылды деп,  
Сұраймын сүйіншімді көк Тәңірден.

Жырыммен шың басына шынар еккен,  
Ойларын ордалы елге тұмар еткен.  
Серіктей ақын кұрдас, аманбысың,  
Өнерін өміріне сыңар еткен.

Серікжан, байқалады түсінде айбат,  
Екінің бірі емессің ісің жайдақ.  
Көрінбей көптен бері кетіп едің,  
Келдің бе жеп қоярдай тісің қайрап.

Жігітсің жаңылмаған тәубасынан,  
Өнердің жол іздедің ауласынан.  
Ал енді, бір серпілші қыран құстай,  
Ұшқандай қара бүркіт тау басынан.

### **СЕРІК:**

Аманжол, үн қосайын шаттық үнге,  
Өзіңмен кезіккен соң сәтті күнде.  
Ол рас көптен бері көрінбедім,  
Жігітке қонады деп бақ түбінде.

Айналып алдарыңа тағы келдім,  
Жатпас деп алмас қылыш қап түбінде.

Шалқытса шабытыңның ақтанкері,  
Мақсатың тұяғыңа таптау ма еді.  
Дүйім жұрт шабысыңа қолын соқса,  
Ол сендік баптан ба еді, бақтан ба еді?  
Аманжол, шыбық тимей шыңқ еттің-ау,  
Тісімнің бар ма еді батқан жері?

Арындап, аспандайын жайлап бастап,  
Атаның басқан ізін тайлақ баспақ.  
Аманжол, ездің бірі мен емеспін,  
Кететін жау қолына байлап тастап.  
Бақтыораз ағам ұқсам бір шиырсам,  
Кетемін күл ғып үгіп, шайнап тастап.

### **АМАҢЖОЛ:**

Құрдастың отырғанда айы күліп,  
Ешкімнен жаси қоймас майырылып.  
Керіліп бұлттан биік самғасам да,  
Қанатым көрген емес қайырылып.  
Бурадай Аманжолды шайнаймын деп,  
Кетпесін екі жағың айырылып.

Аман өт алдындағы асуыңнан,  
Көресің несібеңді жазуыңнан.  
Жеңу мен желігудің жөні бөлек,  
Айырылып қалма, құрдас, азуыңнан.

Құбылып салсаң-дағы қай дастанға,  
Шығарып жібермессің айды аспанға.  
Бел буып жекпе-жекке шыққаннан соң,  
Белдеспей көңіл, шіркін, жайласқан ба.  
Келсең кел айқасуға, шақырайын,  
Менің де жаным кірер шайнасканда.

### **СЕРІК:**

Осындай іздейді ғой ілік адам,  
Әр нәрсені сөйлеу керек біліп адам.  
Аманжол, жақ айырылып кетсе-дағы,  
Болса екен ана тілдей тілім аман.

Кетсе де жақ айырылып, тісім сынып,  
Аманжол, сөйлемеші кісімсініп.  
Мешіттің құрылысына салар ма еді,  
Бойынды бара жатса күшің сығып.  
Одан да ашық айқасқа шақырам деп,  
Ойынды айтпайсың ба түсіндіріп.

Тұлпардай бір туатын ғасырдағы,  
Атағын алты Алаштың асыр кәні.  
Қыздай боп сәнденіп-ақ келіпсің ғой,  
Бөркінді тас қадап ап басындағы.

### **АМАНЖОЛ:**

Өзіңе тіл қатпаймын кегім үшін,  
Ақын боп намыстандым тегім үшін.  
Бір емес он мешітті салдырса да,  
Бәріне мен дайынмын елім үшін.

Кетердей жылтыр көрсе бағың ұшып,  
Бөркіме тиісіп кеттің жағың қышып.  
Жауһардай жарқыраған жылтыр тасым,  
Отыр ма көздеріңе шағылысып.

Сайратқан адамзатты тіл емес пе,  
Пенденің екі көзі нұры емес пе?  
Бөрікке үкі тағу, жылтыр қадап,  
Қазақтың ырымының бірі емес пе?

„Басыңа, балапаным, бақ қонсын!” деп,  
„Сапарың жолға шықсаң ақ болсын!” деп,  
Анашым бұл жылтырды тағып берген,  
Дүшпанның тіл-көзінен сақ болсын.

### **СЕРІК:**

Аманжол, саған Серік шағынбайды,  
Қалайша жұлдыз болып ағылмайды.  
Ол рас ырым шығар, мына елден  
Шығатын саған дұшпан табылмайды.

Ақынның кезікпедің жаяуына,  
Сен мені апарасың қай ағынға.  
Өзіндей азулымен түскен кезде,  
Болмайды мұндай кезде аянуға.  
Досың боп басына мен қарап едім,  
Қас болсам қарар едім аяғыңа.

Халықтай асыл мынау қазынадан,  
Жаныма рухани азық алам.  
Ауырсаң, Аманжол, қорықпағын,  
Жырымның шипасымен жазып алам.

### **АМАНЖОЛ:**

Өлеңім егіз еді өміріммен,  
Байқаттың адалдықты бек үніңмен.  
Қызырдай қасыма кеп қол созатын,  
Іздеймін сендей досты өңірімнен.  
Жырымның шипасымен жазам дедің,  
Серікжан, айналайын көңіліңнен.

Құрдасың жолыққанда мен секілді,  
Сөйлейсің ақтарылып кен секілді.  
Қазақтың көсегесі көгереді,  
Әр адам қолын созса сен секілді.

Қалқытып шығарайын шыңың болса,  
Тыңдайын достықпенен сырың болса.  
Ал енді, Аманжолға қоя бергін,  
Қоятын ел алдында сының болса.

### **СЕРІК:**

Тайпалдың суы төгілмес жорға сынды,  
Білемін күзгі шөптей солмасыңды.  
„Сының болса айта бер” деп айтасың,  
Қалаймын қадамыңды оң басуды.  
Қазыбек, Төле бидің ұрпағысың,  
Тоқтатқан отты жырмен қолбасыңды.  
Мен-дағы жақсылардың сарқыты едім,  
Еріткен майда тілмен қорғасыңды.  
Бірақ та мен ескертіп қояйыншы,  
Өзіңе оңай олжа болмасымды.  
Егер де шыныменен жолдас болсаң,  
Кетпессің жолға тастап жолдасыңды.

Ақынсың абыройды бірге асырған,  
Сыр тартып көрейінші құрдасымнан.  
Жиырмасыншы ғасыр, міне, өтіп барад,  
Тарихтың қойнауына сыр жасырған.  
Отырған қабырғалы қалың елдің,  
Не өтіп, не кетпейді бұл басынан.

Сөйлеші ал, еліңді қорғап айтып,  
Жаңылсын жүрісінен жорға қайтып.  
Қазаққа не әперді, не әкетті,  
Көрсетші жүрегіннен жолдап айтып.  
Егер де, Аманжолым, ақын болсаң,  
Осыны көрсетші бір толғап айтып.

### **АМАНЖОЛ:**

Жақсы дос тереңіме үңілетін,  
Жаман дос сырттан сынап түңілетін.  
Ғасыр емес дәуірді сұрасаң да,  
Серікжан, мен емеспін сүрінетін.

Өлмеспін өлең атты хатым барда,  
Өнер алып келеді жатымды алға.  
Жыр-ғұмырын бақиға жібере алмас,  
Ажал құрық салса да ақындарға.

Асан қайғы атамнан бізге дейін,  
Заманын жырламаған ақын бар ма?

Бұл өмір басталғанмен балдай болып,  
Қурайды күні жетсе талдай болып.  
Қарт ғасыр қимастықпен қобалжиды,  
Тоқсан сегіз жастағы шалдай болып.

Пенденің оқыс қиып бекем ісін,  
Жалт беріп жалған ғұмыр өтемісің?  
Мың жылатып, қуантқан, қайран ғасыр,  
Хош айтысып сен де ертең кетемісің?

Коммунизм аранын елес қылып,  
Байлардан билік алған Кеңес тұрып.  
Большевик он жетіде ұран салған,  
Ленинді құдайменен теңестіріп.

Бұл тағдыр кейде мойнын бүрған еді,  
Кей кезде қанды қақпан құрған еді.  
Кешегі отыз екі, отыз жеті,  
Халықты ақбөкендей қырған еді.

Тарихтың аша берсең қозғап бәрін,  
Байқарсың тағдыр талай боздатқанын.  
Жан берген Отан үшін қырық бірде,  
Жас қазақ Бақтыораздай боздақтарың.

Жаурадық саясаттың сыздарына,  
Тарихтың мың құладық құздарына.  
Серікжан, есінде ме сексен алты?  
Тондырған желтоқсанның ызғарына.

Азаттық орда тігіп алып белден,  
Түнекті жарып тастап жарық келген.  
Тоқсан жасқа келгенде мырза ғасыр,  
Қазаққа тәуелсіздік алып берген.

Кей сәтте ұлт көкейін кек торлады,  
Ал, кейде шаттығында шек болмады.  
Ғасырдың жаңалығы СССР-дің,  
Жетпіске толғанында мерт болғаны.

Ару күн нұрын шашқан шырағымен,  
Жер-Ана өсіп-өнген құрағымен.  
Ғасырдың жаңалығын толға деген,  
Байқасам Серіктің де сұрағы кең.  
Елтаңба, Ата заңым қабылданды,  
Көк байрақ көтерілді қыранымен.

Тоңдарын тоқыраудың аршығамыз,  
Ұран сап, бұлтқа найза шаншығамыз.  
Ғарышқа Алаш үнін бір естірттік,  
Иншалла, құтсыз емес қанжығамыз.  
Көк Тәңір әлеміне барып келді,  
Тоқтар, Талғат секілді қаршығамыз.

Қайтпасын Қазақстан бек күшінен,  
Ұрпағың өрге бассын текті ісімен.  
Қазақтың көрген зұлмат бар қайғысы,  
Азаттық садағасы деп түсінем.

Өмірім егіз еді өлкемменен,  
Бүгіннің жалғасы бар ертеңменен.  
Бірлігі, тілі, діні бекем елдің,  
Ешқашан төбесінен шер төнбеген.  
Адам Ата, Хауа Ана шежіресі,  
Алпауыт дәуірлерді көркемдеген.  
Жиырмасыншы ғасырдың орны бөлек,  
Ат арбадан атомға өркендеген.

Жігітсің биік тұтқан қыратыңды,  
Ел барда мұң торламас мұратыңды.  
Елдік пен ерлік жайлы сен де толға,  
Ағызып қара өлеңнен шұбатыңды.

## СЕРІК:

Аманжол бұл ғасырды толғағасын,  
Халыққа ақ жырларын жолдағасын.  
Нышаны жақсылықтың байқалғандай,  
Елімде егемендік орнағасын.  
Біздерге мирас қылған кең даланы,  
Бабалар ұрпағы үшін қорғағасын.  
Осындай күнге жетіп отырмыз ғой,  
Аруағы ата-баба қолдағасын.  
Тәңірім ақ ниетпен берсе екен,  
Келесі мыңжылдықтың жолдамасын.

Бақтыораз ағамыздың ерлігі үлгі,  
Аңсаған азаттық пен теңдігінді.  
Ерлікті жырла десең сасатұғын,  
Мен емес, айтам дейтін енді кімді.  
Бақтыораз ағам жасап ерлігімді,  
Ел жасап жатқан жоқ па елдігімді.

Ежелден жаугер қазақ елі мықты,  
Сан дұшпан жеңеміз деп желігіпті.  
Қабанбай, Бөгенбай мен Райымбек  
Қай жерде қандай жаудан шегініпті.  
Бақтыораз ағам ерлік жасағанмен,  
Атағы Гастеллоға беріліпті.  
Сұлтан мен Ізғұттының ерліктері,  
Матросов дегендерге телініпті.  
Осыған куә болған көк аспанның  
Көз жасы жаңбыр болып егіліпті.  
Құрсанған жауды жеңген айбынды елім,  
Қол қойған бір құжаттан жеңіліпті.

Адамға адам деген дос емес пе  
Аманжол, алданбайық бос елеске?  
Ерлігін аталардың жалғастырған,  
Біздерге ар-намыстың көші емес пе?

Айтыстай дәстүрлерін құрметтеген,  
Елімнің елдігі де осы емес пе?

Ерлікпен шырқатқанда ғасыр әнін,  
Мен қалай қуанышты жасырамын.  
Лықсып шабыт келіп қысқан кезде,  
Арналы қара Ертістей тасынамын.

### **АМАНЖОЛ:**

Қазақтай қабырғалы елім құтты,  
Кеудесі толған байлық жерім құтты.  
Жетпіс жыл Гастеллоны мақтағанмен,  
Бәрібір Бақтыоразым жеңіп шықты.

Қазақтың құт қашпасын несібінен,  
Аттармыз жаңа ғасыр есігінен.  
Сәулетті Алматының бір көшесі,  
Аталса Бақтыораздың есімімен.

Шежіре Алатаудың нар шыңдары,  
Жау келсе Алаш талай аршындады.  
Жетпіс жыл біз ұрандап жүрген кезде,  
Тоңдары ақиқаттың аршылмады.  
Қазаққа батырлықты қимай келген,  
Шовинист Москваның маршалдары.

Ерлер көп қорған болған ел көшіне,  
Қарайды біздің Алаш ертесіне.  
Мәншүк пен Әлиядай даңқы шыққан,  
Ұлтымның кім тең келер еркесіне.  
Бауыржан, Талғат, Қасым аталардың,  
Ерлігі аңыз болған жер төсіне.

Досымның қасындағы жақыны бол,  
Ғасырдың ұсақталмас асылы бол.  
Серік-ау, саған айтар тілек осы,  
Ұлтыңның таудан биік ақыны бол!

**СЕРІК:**

Біз қалай бұндай кезде байқалмаймыз,  
Несіне басқа жұртқа жауандаймыз.  
Гастелло батыр десе бас изейміз,  
Меселін басқа жұрттың қайтармаймыз.  
Қолымыз аузымызға жеткен кезде,  
Біз қалай ақиқатты айта алмаймыз!?

Қазақ деп шырқап кетем Алаш әнін,  
Несіне болашаққа бал ашамын.  
Таудай бол деп сен маған тілек айтсаң,  
Несіне қарсы шығып таласамын.  
Қаншама таудай болып кетсем-дағы,  
Отырған мына елімнен аласамын.

**АМАНЖОЛ:**

Ұлтымда жер мен көктің кеңдігі бар,  
Басында азаттықтың теңдігі бар.  
Соғысқан Бақтыораздың бес күнінде,  
Қайысқан бес ғасырдың ерлігі бар.

Маңайға көрінгенмен ұдай дара,  
Өзіңе өзің әр кез сынай қара.  
Ол рас елден биік ешкім де жоқ,  
Халықтан биік тұрған құдай ғана.

Менмендік алшақ тұрар иықты ерден,  
Самғармыз аман болсақ биіктерден.  
Ел-жұртын ойламаған жаман ұлдан,  
Әрқашан Алашына күйік келген.

**СЕРІК:**

Ақындар шабыт алып толғағасын,  
Біздерді аруақтар қолдағасын,  
Тыныштық сүйген мынау қалың елдің,  
Аспанын қайғы бұлты торламасын.

Аманжол, жұлдыздай боп ағып жүрсiң,  
Талайды топшысынан қағып жүрсiң.

Саналы азамат боп замандаспен,  
Үйдегi қос гүлiңдi бағып жүрсiң.  
Қазақтың қара өлеңiн тұмар қылып,  
Елiңнiң жүрегiне тағып жүрсiң.

Қуансаң желдей ескен айдарыңа,  
Қарасам жолбарыстай айбарыңа.  
Аманжол, қош болып тұр деп айтамын,  
Кездесiп бұл өнердiң майданында.

Сен менiң бұл сөзiмдi қолдайсың ба,  
Тағы да елге сәлем жолдайсың ба.  
Бiрақ та қайтатұғын мен емеспiн,  
Өзiң бiл қоясың ба, қоймайсың ба?

### **АМАНЖОЛ:**

Сен келдiң айтысуға құмар болып,  
Ұшарсың Ұлытаудан ұлар болып.  
Алатаудай айбарлы асқар шыңның,  
Басында жайқаларсың шынар болып.  
Елi мен жерiн сүйген жiгiт болса,  
Елiне тағылады тұмар болып.

Сөйледiң Аманжолдың нарқын бiлiп,  
Отырсың оң жағымнан жарқын күлiп.  
Серiкжан, тоқта десең мен тоқтайын,  
Әйтпесе, ап жүрмейiн алқындырып.

## ДӘУЛЕТКЕРЕЙ КӘПҰЛЫ МЕН ОРАЗАЛЫ ДОСБОСЫНОВТЫҢ АЙТЫСЫ

### ДӘУЛЕТКЕРЕЙ:

Армысың Сарыарқалық саңлақ жұрт,  
Сүйсініп жақсы өленді жаны ұғарлық.  
Қошеметтеп жатырсың ақыным деп,  
Ыстық ықыласыңды қабыл алдық.  
Деген бар қой тәңірдің қазынасы,  
Ел едің салтанатты сағынарлық.  
Айтыста ақындарын қабылан ғып,  
Баптайтын батырларын бағылан ғып.  
Жамандық жоламасын жаныңызға,  
Адамдық несібеңді ағынан күт!  
Азаттықты мәңгілік жырлап өткен,  
Бабалар рухынан тамыр алдық.  
Өшкеніміз жанғандай Алла жар боп,  
Жоғалтқан асылдарды тауып алдық.  
Соның бірі бабамыз – Дулат жырау,  
Жырларын бой тұмардай тағынарлық.  
Есімі бар қазаққа бір жаңғырды-ау,  
Ұлтының оралғанда бағы барлық.  
Сол бабамның тойында топқа түсіп,  
Қылыштай қызыл тілді жанып алдық.  
Айтысқа аман-есен жеттің бе, Ораз,  
Мінгендей тұлпарыңа тағы қарғып?  
Тойларың құтты болсын, арда қазақ,  
Құрсағыңа құдайдан дарыған құт!

Жасымнан уыз өлең үртқа жаққам,  
Сыбаға дәметпеймін сырт табақтан.  
Қош келдің, Ораз досым, алқамызға,  
Пейілінің пердесін тұтқан ақтан.  
Бабымызды танысын байтақ қазақ,  
Қобыландының атындай Құртқа баққан.  
Ежелгі ақындардай екпіндейік,  
Екпіні Алатауға бұлт қамалтқан.  
Астанасы бар қазақтың бақ ордасы,

Көктегі Ай күмбезіне сүт жалатқан.  
Ақ уыз өлеңге елді жарытайық,  
Қойдың егіз табары құт қонақтан.  
Бұл айтыс халықтың бай қазынасы,  
Жас ұрпақтың жанына рух таратқан.  
Халықтың сүйіп тыңдар Оразы едің,  
Қазақтай қабырғалы ұлтқа мақтан.  
Аталы сөздер айтсаң, Аллаһ ырза,  
Атамның қазығындай жұртқа қаққан.

Жұртыма жеткізейін сондай хабар,  
Тозған елдің тауығын торғай талар,  
Озған елдің ұлдары біз болайық.  
Жүректен шыққан сөзді елге айта бар,  
Тұсауын тұлпар аттың шешіп тастап,  
Құшағын жігіт едің кеңге айқарар.  
Соңғы жұптың сапына шығып қалсақ,  
Жүрісі жорғамыздың тең байқалар.  
Кел, енді, ал тәуекелмен тартысалық,  
Деген бар желдің бетін жел қайтарар!

### **ОРАЗАЛЫ:**

Жаратқан Аллаһ неткен құдіретті ең,  
Тілімді сүңгіден де сүйір еткен.  
Астаналық ел-жұртым есенсіз бе,  
Жан-жақтан кеп құралған қызметпен.  
Астанамыз ай сайын ажарланып,  
Қалмай өсіп келеді ұлы көштен.  
Есілді емер емен де семен болып,  
Еске алайын бабамның ізін өткен.  
Абылай кеңесіндей Көкше жақтан,  
Ескен желмен ескінің үні жеткен.  
Дүбірің дүниеге кетті, Астана,  
Мақтаньш қып айтайын мұны да еппен.  
Азаттықтың ақ туын желбіретіп,  
Кенесары қолындай жүріп өткен.  
Қызығынды қыздырғалы келіп тұрмын,  
Қырықтың бірін Алла Қызыр еткен.

Жақсы ырымға жорыдым бұл келгенді,  
Ыдырыстай бейішке тірі жеткен!

Сәлем беріп өзіндей жас данаға,  
Ат ізін сап кеп қалдық Астанаға.  
Дәулет ақын, жүрсің бе аман-есен,  
Жабағыдай ойнақтап жас қалада.  
Бүгін сен бұл жарыстан үміттенсең,  
Тіліңмен темір илеп, ат тағала.  
Қыңқ етпеске беліңді бекем буғын,  
Қызыл тілім қылыштай шапса бала.  
Бірақ сенен шығар ма ондай ерлік,  
Бұл өзі тән қасиет саққа қана.  
Сені де сақ тұқымы дер едім мен,  
Көзім онша жетпей тұр ақ-қараға.  
Өз аузыңнан естиін ел алдында,  
Әкең аты Гәп па, жоқ Кәп пе, бала?  
Кәрістердің атына ұқсайды екен.  
Әйтеуір қазаққа ақын боп жүргеннен соң,  
Кінә тағып қайтейін жас балаға.  
Тезге салсаң терідей тез иленер,  
Сондықтан да маған сенің зияның жоқ,  
Арқалық жасамаса да ат шанаға.  
Ал, енді барыңды сап, талпынып көр,  
Басқаша шешер бәлкім Хақ тағала.

Кең көсілген, Дәулетім,  
Керіп үрлеген қарындай,  
Кепкен сайын тарылмай.  
Тірсегің тиіп тірсекке,  
Шалынбас жерде шалынбай.  
Сабан сөзді сапырып,  
Созғылап кетпе сағыздай.  
Аузыма Аллаһ сөз салып,  
Елім қолдап бергенде,  
Екпінім қатты дауылдай.  
Халқым, сен барда асқақпын,

Талдысайдың талындай.  
Тоқсан сала қосылып,  
Тоғыз өзен түйіскен  
Тарбағатайдың тауындай!

### **ДӘУЛЕТКЕРЕЙ:**

Бабымды, бапкер елім, сен білесің,  
Енді жалау айтыстан желбіресін.  
Ораз досым, бала деп өлең бастап,  
Сөзіңе тындарманды сендіресің.  
Аңшы қанша айлалы болғанменен,  
Аюдайын сен сонша жол білесің.  
Айтарыңды айтып сап аямай-ақ,  
Маған қарап несіне телміресің.  
Ат шанаға арқалық жасаймын деп,  
Мені қалай ығыңа көндіресің?  
Таңдай ағып түскенше тақылдайын,  
Жанды аянып қалайын енді несін.

Танытсаң ақын болып көсем жігер,  
Демеймін бұл айтыста есенді бер.  
Оразалы, жырың бар жібек тұтқан,  
Ақсақалдың алдына төсендірер.  
Кәптің ұлы дегенге күмәндәндің,  
Ал, менің қайтаратын есемді көр.  
Бәленшенің ұлы деп неғылайын,  
Кімнің ұлы екенінді шешең білер.

Сыбаға мен де саған сайлатармын,  
Жүзінді Астанада жайнатармын.  
Дәулетті кәріс қылдың, сақ қылдың да,  
Білмеймін қайда апардың, айға апардың.  
Халықты сен мәз-мейрам қылып тастап,  
Құрығын жіпке тізіп бай-қотанның.  
Қаймығатын мен емес, Ораз, сенен,  
Сабын жасар сақадай қайнатармын.

Құлан аяң Құлмамбет бабаң қандай,  
Қаракөк тұқымынан жаралғандай.  
Айтыс десе келесің алшаң басып,  
Тау бөктерлеп жететін тағы арландай.  
Тіліңмен темір қорыт, ат тағала,  
Дедің бе айтып жатқан бағаң қандай?  
Әркім де өз әлінше жүйрік шығар.  
Саздау жерден кетермін тағанды алмай.  
Ал, енді әрі қарай көсіліп көр,  
Бағанағы бастаған шамаң бардай.  
Алтынға балап айтқын әр сөзінді,  
Салқынға төсін керіп самалдардай.

### **ОРАЗАЛЫ:**

Жүйріктей жетпеген бір таң асары,  
Қуанта алмай отырсың қарашаны.  
Дәулет-ау, осы біздің айтыс жайлы  
Білгіштер білгенінше бал ашады.  
Неше түрлі пікір бар ел ішінде,  
Әркім өз білгенінше таратады.  
Біреулер айтыс мүлде керексіз деп,  
Біреулер оған қарсы таласады.  
Сол жөнінде сен бүгін ойынды айтшы,  
Ақылыңның жетсе егер шама-шарқы.  
Бұл сөзімнен кем санап отыр деме,  
Ойынды айт, өткір, үшқыр, тамаша әрі.  
Өткір болмаса да мен қабылдайын,  
Қолды кейде өтпес пышақ қанатады.  
Періште алғаш қоразға көрініпті,  
Тауықсыз да десек те таң атады.  
Ұрпақ алдында өтейік парызды адал,  
Секілді Екейлердің қара шалы.  
Астана мен Алматы айтысайық,  
Жібекке жібек жамау жарасады.

Сақар қылып қайнатсаң,  
Жақсы көрем мұныңды.

Сақар сабындай мен сенің  
Езгілейін кіріңді,  
Ақ қылайын түріңді.  
Айналайын, Дәулетім,  
Тілің бүгін сүрінді.  
Сабын ғып мені қайнатып,  
Қармағыма келіп ілінді.

Есеңгіреуден есенсің,  
Амалың болса әзірле.  
Әттеген-ай деп кетерсің,  
Өзімді қайдам, сөзімді,  
Шыдаса белің көтерсін.  
Тәубә деп, жүрсен Тәңірге,  
Сынымнан сынбай өтерсің.  
Сынатындай сыр берсең,  
Бұлбұлдығың өзіңе,  
Ұянда ғана шешенсің.  
Сындырмай-ақ кетейін,  
Ұялып босқа не етерсің.  
Тоныңды қойшы, шешерсің,  
Қолыңды қалай кесерсің?!  
Шоқтығы биік ер мінер,  
Елерген тұлпар екенсің.  
Ер салып мініп көрейін,  
Ентіге қояр ме екенсің?

Өлеңменен өрейін,  
Астана алтын ордамды,  
Тілім жеткенше терейін,  
Шеберден қанша бөз қалды,  
Шешеннен қанша сөз қалды?  
Ел алдында айтайын,  
Ойларым болса орманды.  
Жүйрік болсаң көсілгін,  
Қоздырайын мен қозбанды.  
Оразбен айтысамын деп,  
Орта ғасырлық батырдай,

Алды-артың түгел орланды.  
Мінгенің қунақ болса егер,  
Орданда өтер жол бар-ды.  
Жақсы айтар ма екен, Дәулетім,  
Жауырыншыдай болжалды.  
Мен деген , Дәулеткерейім,  
Көсем сөзге келгенде,  
Көк найза едім толғаулы.  
Адасқан сендей оқ өтпес,  
Ақ сауыт едім торлаулы.  
Шынашақтай шырпымын,  
Шытырлатып өртейтін,  
Қалың да қара орманды!

### **ДӘУЛЕТКЕРЕЙ:**

Орданда Оразалы жыр айтып жүр,  
Ойларын орап келіп тың айтып жүр.  
Кейбіреу айтыс керек жоқ дегенде,  
Бар қазақтың көңілін мұнайтып жүр.  
Айтысты керегі жоқ деп айтқан адам,  
Қазақтық тіл мен ділден тұл айтып жүр.  
Періште қоразға рас көрінгенмен,  
Оразға көрінді деп кім айтып жүр?

Өнегелі жыр күтсең өрісті ұлдан,  
Ентікпей-ақ шабармын еңіс-қырдан.  
Астана Алматы боп айтыссақ деп,  
Жолымызды айтасың тоғыстырған.  
Айтысты керек жоқ деп айтқан адам,  
Ата-баба құлағын кеміс қылған.  
Біз иттің үргеніне не қыламыз,  
Оларға айтатұғын сөгіс құрбан.  
Қазақта «Қожанасырлар» да көп қой,  
Мәсінің қоншын кесіп кебіс қылған!

Жігітсің кірпіштей қып жыр қалаған,  
Айтыстың тұғырына ту қадаған.

Жаңа жыл қарсаңында біз жүздестік,  
Болған соң бауыр бүтін, іргең аман.  
Алматыны сен жүрсің жайлап, қыстап,  
Жайсаңынан жастары сырғанаған.  
Нарынқол, Кеген, Шонжы сіздің ауыл,  
Топырақ туған талай тұлғалы адам.  
Оқыс мінез танытып табиғат та,  
Жұртымыздың жүйкесін жұлмалаған.  
Сіз жақта жер қозғалып жатыр деп ед,  
Аман ба, ауыл-аймақ зіл-заладан?

### **ОРАЗАЛЫ:**

Етеді ел үмітті саналы ерден,  
Саған да жаратушың сана берген.  
Сондықтан сіз бен бізге сын болады  
Тауықтай табан асты қаза берген.  
Дәл құлатып түсір сен нысанаға,  
Жамбыны атып жарытпас шала мерген.  
Ел-жұртым аман-есен зіл-заладан.  
Жақсылық хабар айтам саған елден.  
Кешегі ер Исатай, Махамбеттер,  
Кенесары, Наурызбай халқымыздың  
Азаттығы жолында адал өлген.  
Отаршылық саясатқа қарсы шығып,  
Бабатайұлы Дулат бабам өлген.  
Қазақ қайтсе азат ел болады деп,  
Өз көрін өлеңімен қаза берген.  
Желтоқсанда өспірім өрен жастар,  
Елім деп ит қорлықта далада өлген.  
Қайрат, Ләззат, Сәбит, Ерболдардай,  
Халықтың бағына Алла бала берген.  
Осылар ұлт жолында шаһит кешіп,  
Қарызсыз орын тепті қара жерден.  
Солардың мәңгі жасар жасы болғай,  
Отаным он екіге жаңа келген!

Бас тіккен батырларша ұрыстағы,  
Айтыстың басталғалы түр қызық шағы.

Жазылып белдің құрыс-тырыстары,  
Сен едің сала-құлаш Дәулет ақын,  
Бойына бойламайтын құрық сабы.  
Аш өңеш шөккен нардай жан екенсің,  
Аңқиып қалып жүрме тұрып тағы.  
Ұрыдай ұрымталдан ұмтыласың,  
Сезіліп ойыңа бір былық бары.  
Шошыған бала құсап селкілдейсің,  
Шоршыған шортан құсап тұйықтағы.  
Мүмкіндігін танытқан талабыңның,  
Табаныңның тұрмаса ұйып қаны.  
Алманың қаласынан келгенімде,  
Алланың өзің болдың бұйыртқаны!

Абай атамыз айтпақшы,  
Көп сөйлеп бүгін созбайын,  
Әдебімнен озбайын.  
Сорайған Дәулеткерейдің  
Теректей бойын теңселтіп,  
Дауыл жырмен қозғайын.  
Даурықтырып торғайын,  
Онымен де қоймайын.  
Бойының емес, ойының  
Тереңдігін болжайын.  
Сабырсыздау бір атаға,  
Артық депті апамыз,  
Айғайыңнан ойбайың.  
Түсіндің бе сөзімді,  
Танымыңды сынға алып,  
Сабырынды болжайын.  
Аларың болса алып қал,  
Сағағын жезбен қынаған,  
Найзадай тілді толғайын.

Одан да әрі асайын,  
Адымымды ашайын.  
Тілегенім осы еді,  
Тілімнен аяп сөзімді,

Бүгін мен қалай сасайын.  
Жабы болсаң да жабулап,  
Аламанға қосайын.  
Арқаңа күміс ер салып,  
Ақалтекедей жасайын.  
Жабдығыңның түгендеп,  
Мүсейі мен асайын,  
Алдыңнан бағып тосайын.  
Шаптырмасам маған серт,  
Шаба алмасаң саған серт.  
Қазанға түгел асайын.  
Өткелді тауып өтіп көр,  
Өрттен шыққан үшқындай,  
Өлеңді оттай шашайын.

Батыр батыр болар ма,  
Ту түбінен ту алмай.  
Ақын ақын болар ма,  
Асқақ болмаса қырандай.  
Ойларың оттай ақынсың,  
Оюлаған тұмардай.  
Менен үркіп отыр ма,  
Сөзің жатыр құралмай,  
Ойларың жатыр шыға алмай.  
Ақсақ Темірден қашып,  
Тентіреп кеткен сығандай.

### **ДӘУЛЕТКЕРЕЙ:**

Айналайын, ағайын,  
Бақытың сенің ашылғай.  
Дәулеткерей сөйлесін,  
Мына тапалға бас ұрмай.  
Енді ағайын болмайды,  
Шабытымды шақырмай.  
Кеміте сөйлеп келгенмен,  
Тебіте сөйлеп келгенмен,

Жалынынды көрмедім,  
Көктен түскен жасындай.  
Түйілесің әр кезек,  
Көжек көрген лашындай.  
Ораз ақын, байқағын,  
Тау суындай тасынбай.  
Қыңыратып барасың,  
Жылқыға жиен – қашырдай!

Күн батысқа көз салмай,  
Күн шығысты еске алмай,  
Бізді алатын жау жоқ деп,  
Бізден мықты дәу жоқ деп,  
Алды-артынды андамай,  
Маған не бар дескенсің,  
Болашақты болжамай,  
Жол сауданы олжалай,  
Ақ бөкендей алданып,  
Жылқыдай делбе сандалып,  
Отарына көпірдің  
Андамай келіп түскенсің.  
Ағайын жыры осылай -  
Әулие жырау Дулаттың.  
Бұл жырдан сырды таратып,  
Келеді былай тіл қаттым:  
Ежелден елге ақиқат –  
Көпірге қоныс болғаны,  
Сарыарқа далам, сымбаттым.  
Жарлығы жүрмей жалғанға,  
Кенекем кетті арманда.  
Есіл де есіл құндақтың.  
Қадірі қашып қоныстың,  
Отары боп орыстың,  
Құлдықта халқым зар қақтың.  
Бұғауға түскен құлындай,  
Шыбын да жаным шырылдай,  
Қай жаққа бетті бұрмақпын.

Асылдарымды атқызып,  
Абақтыға жатқызып,  
Ұлардай жұртты шулаттың.  
Босқанда халық шетелге,  
Аузыңнан дәмі кетер ме,  
Аштықта жеген тулақтың.  
Рухын түгел түгесіп,  
Атасын білмей ұл өсіп,  
Баяғы бақты бұлдаппын.  
Қызымның қашып қылығы,  
Бетіне шығып былығы,  
Баба рухын былғаппын.  
Сексен алтыда серпіліп,  
Рухтанып, желпініп,  
Тартысқа шығып жең түріп,  
Тамырда қанды тулаттың.  
Арқаға салып Астана,  
Айбарым тасып басқаға,  
Әнұранымды тыңдаттым.  
Баянды бағым басымда,  
Ораздай досым қасымда,  
Айтысып былай жырғаппын.  
Қараөткелдің бойында,  
Дулат жыраудың тойында,  
Аллаға айтып тәубәмді,  
Көзімнің жасын құрғаттым!

Өсиет айтып балдарға,  
Атағы жеткен заңғарға,  
Заманның зарын мұндаған,  
Алтын бастарын бұлдаған.  
Үмітін артып тандарға,  
Дулат пен Мұрат, Шортанбай,  
Шабысы бөлек шалдар да.  
Түркінің пірі Көкбөрі,  
Жылқының пірі Қамбар да.  
Азаттығыңа бас ұрып,

Айтарын айтқан ашынып.  
Айтпаған сыры қалған ба?  
Солардың сөзі ақиқат.  
Ал, тындағын Оразым:  
Еділді келіп алғанда,  
Етекке қолын салғанда,  
Жайықты келіп алғанда,  
Жағаңа қолын салғанда,  
Ойылды келіп алғанда,  
Ойындағысы болғанда,  
Есілді келіп алғанда,  
Есінді келіп алғанда,  
Сарыарқа – жұмақ сары алтын,  
Төсінді келіп алғанда,  
Ақиқатынды айтқызбай,  
Аузыңа құлып салғанда,  
Құдағайыңның қасына,  
Сасығын әкеп салғанда,  
Ұлы Абайыңның басына,  
Атомын әкеп жарғанда,  
Тәңірге жылап зарлауға,  
Күрмеліп тілің қалғанда,  
Азаттық бер деп қазаққа,  
Жалбарынып па ең Жаппарға?!  
Тағдырдың тартқан азабын,  
Тәубеңе келгін, қазағым,  
Осы бір сөзім жалған ба?!  
Ал, Ораз, енді дайындал,  
Сөзімді менің жалғауға.  
Астана жұрттың алдында;  
Қырандай биік самғауға.  
Халықтың бағын жыр етіп,  
Ынтымағын ту етіп,  
Абылай жолын жалғауға,  
Қазаққа бірлік қамдауға.  
Айналайын, ағайын,  
Осылай міне сөйледім,

Жалғанды тәтті демендер -  
Боқ болмайтын бал бар ма?!

Осылай Дулат айтады,  
Ораз секілді балдарға.

### **ОРАЗАЛЫ:**

Енді Ораз ақсыншы,  
Ағын судай аға алса.  
Көрсін мынау Дәулетім,  
Мінімді бүгін таба алса.  
Ойларыңды оюлап,  
Кеттің-ау Омар Хаямша.  
«Бұзау тіс менің сөздерім,  
Бұтыңнан шағып шаянша».  
Құлагер аттай қызынып,  
Құлдырандап шаптың қоянша.  
Бақырауық келер ақ серке,  
Бауыздалар шақ таянса.

Айғайға қаны қызынбай,  
Бақсыз жерде бап шаппас.  
Алладан бұйрық бұйырмай.  
Арғы атам Көдек ақын ед,  
Өлеңнің асқақ туындай.  
Шарғын мен Қойдым сөйлесе,  
Шөл қандырыпты ел кеше,  
Әбіл Хаят суындай.  
Таңжарық ақын сөйлепті,  
Қылықты екен сөздері,  
Қызайлардың қызындай.  
Қазағым бөлек ел деймін деп,  
Патшаға қарсы сөйлеймін деп,  
Қытайға кеше қуылды-ай.  
Дулат бабамның тойында,  
Мен осылай сөйлеймін.

Булығып босқа тығылмай,  
Сылдыр судай сүйылмай.  
Өйтпесем мені кешірімес,  
Атам Жамбыл, Сүйінбай.  
Құлан аяңға салайын  
Құлмамбеттен қалған құлындай.  
Сен қолдап берсең өр елім,  
Күшіне енер өлеңім,  
Күшала қосқан қымыздай!

Сөз бастатқандай шешенге,  
Жол бастатқандай көсемге,  
Алладан жауған нұрдайын,  
Нөсерле елім, нөсерле!  
Байлығындай Қазақстанның,  
Миллиардтап шашқан шет елге.  
Жырымменен шашу шашайын,  
Атымтай жомарт осы елге.  
Дәулеткерей, бұл сөзді ұғарсың,  
Саңылау болса жетенде.  
Келімсектер жүр кекіріп,  
Меншігіміздегі мекенде.  
Етегіне пышақ жаниды,  
Ет туратсаң солай есерге.  
Бұл сөзімді айтайын,  
Елбасында отырған  
Үлкенді-кіші дөкейге.  
Көрмеген болып көрсе де,  
Еті өліп кеткен көкең де.  
Дулат бабамның тойында,  
Бекерден бекер кетем бе?  
Халайық, енді қиқу сал,  
Дулат бабам айтқандай:  
«Көмбеге таяп келгенде  
Жүйрікке керек көтерме!»

## ДӘУЛЕТКЕРЕЙ:

Ораз ақын көсіліп,  
Алдында ақты бұлақтай.  
Саптап бір алған сөздері,  
Қолға тұрмас сынаптай.  
Ораздың айтқан сөздері,  
Арқамды барад шыдатпай.  
Дәулетті ақын демендер,  
Асқарынан Алтайдың,  
Ағыл-тегіл жыр атпай.  
Аққан жыры сол таудан  
Жартастарды құлатпай.  
Айналайын, ағайын,  
Айтыстырып біздерді  
Пейілің болсын шуақтай.  
Қасымдағы Ораздың  
Тамыры қатты қуаттай.  
Жағдайы мұның не болды,  
Ағайын-жұртым қарандар,  
Танауынан су ақты-ай!

Басынды сүйрегенде өлең төрге,  
Жаяды қанаттарын ел өркенге.  
Айтасың бізде жүрген келімсекті,  
Ол да менің тілімді бөгелтер ме.  
Ораздай асыл туған ақыныңның  
Тілінен аға берсін өлең-терме.  
Дегенмен байлығымыз сыртқа шықпай,  
Қалса екен ұлан-байтақ кең өлкемде.  
Бөтегесі бұлтиған байшыкештер  
Көсегесін халқымның көгертер ме?!

Шайырын шапағатты ел іздей берсін,  
Ақын қалай маржан жыр тізбей келсін.  
Жаратқан берер болса жақсылықты,  
Менің мынау халқыма үзбей берсін

Сүйінбай, Жамбылдардың тұқымы ед деп,  
Айта жүрер қандасым сіздей болсын.  
Халықтың ықыласын қандыратын,  
Айтысқан ақындарың біздей болсын!

### **ОРАЗАЛЫ:**

Ісім жоқ Дәулеткерей есебімен,  
Ақындарды айырмасын осы елінен.  
Тапал десең тапал де мына мені,  
Оған, шіркін, дәл бүгін кетеді нем.  
Жолды бойлап өсетін бамбук құсап,  
Бір кеште найза бойы көтерілем.  
Қалай ұқсаң солай ұқ, бұл сөзімді,  
Дәулетжан, мен осылай өсе білем.

Сөздерің қарап тұрсам жаңылды ұсақ,  
Мен өсем тереңде өсем тамыр құсап.  
Жерді түгел көгерткен мамыр құсап.  
Сен енді сорайып солай кете бергін,  
Кәдімгі қара ағаштай барыңды сап.

Танауыңнан су ағып,  
Таңдайыңнан жыр ағып,  
Дәмі бар сөзің болса егер,  
Көрейін бүгін құба-құп.  
Отырған осы орнында,  
Қағайын ба сына қып.  
Айналайын, Дәулетжан,  
Таусылып қалмай тұрғанда,  
Енді екеуміз тұралық.  
Қол алысып осында,  
Мойынды елге бұралық,  
Тату елдің ұлындай,  
Батыр елдің ұлындай,  
Ақын елдің ұлындай,  
Құшақтасып шығалық!

## АЙТАҚЫН БҮЛҒАҚОВ ПЕН АЙНҰР ТҰРСЫНБАЕВАНЫҢ АЙТЫСЫ

### АЙТАҚЫН:

Біссміллә – сөз басы,  
Алты алашым жиналып,  
Құрылтай құрған қазағым.  
Тараздың ашып тарихын,  
Абаттанды-ау ажарың.  
Республика күніне,  
Ғалауат мынау ғажап үн.  
Аруақтарын оятып,  
Құрандатқан мазарын.  
Рамазан айы кеп қалды-ау,  
Ауыздарың берік боп,  
Соған ауса назарың.  
Мың жасағыр Жүрсіннің  
Қайнапты-ау қайта қазаны.  
Бармысың жұртым, бармысың,  
Осы отырған бөріңіз,  
Үлкен-кіші, көріңіз,  
Айтыс та бір мереке,  
Тарқамасын базарың.

Кеңесуге келдің бе,  
Ассортидай тәтті қыз.  
Қадалғаннан қан алар,  
Қара ағаштай қатты қыз,  
Тілі удай ащы қыз.

Айтыс болса асқақтап,  
Құлатпаған жыр-тағын.  
Жаурап та қалар ма екенсің,  
Төксем жырдың бүршағын.  
Кукла Барби сияқты  
Жүзі жылы жұмсағым.

## АЙНҮР:

Жаратқан өзі жар болып,  
Жаңылмас тіл мен жақ берген.  
Тарту ғып таудай талапты,  
Бармақтай қылып бақ берген.  
Өмірің қалсын ұзарып,  
Бүгінгі қызық сәт берген.  
Тәлім ап жүрген қызың ем,  
Заман дейтін бапкерден.  
Армысың, асыл ағайын,  
Айтысымызға тап келген.  
Ақ сәлемімді қабыл ал,  
Әулие-Атадан ап келген.

Айтақын аға, армысыз,  
Танылған елге жырымен.  
Айтысамын деп Айнүрмен  
Тауыпты ағам тілінен.  
Кәриманы сұрапсыз  
Жүрсін ағадан күнімен.  
Кәримаға байқаймын,  
Ғашықсыз-ау шынымен.  
Екеуіңнің ортанда,  
Бір бәле барын біліп ем,  
Жеңіле салсаң, жеңгеге,  
Айтпай-ақ қоям мұны мен.

Айтақын ағам дәл солай,  
Кәрима қызға ұнап жүр.  
Орындықты сындырып,  
Сахнаға шықса құлап жүр.  
Жұлқынып жүріп осылай,  
Бәрімізді сынап жүр.  
Келіншегіңнің, ойпырмай,  
Қайтіп жаны шыдап жүр?

### **АЙТАҚЫН:**

Мені көрсен, сенің де  
Ұстап қалар жының бар.  
Көрмей қалсаң сағынып,  
Құпия айтар сырың бар.  
Кәрімадан қызғанып,  
Кемеліңе толғанда,  
Үйлі-жайлы болғанда,  
Ұнатып қалған түрің бар.

Не айтсаң да өзің біл,  
Тұма, бастау, тұнығым.  
Тарыдай қылып талқандап,  
Сындырған айтыс сырығын.  
Көшіріп түнді үйіріп,  
Құйындай екен қылығың.  
Сұңғылалар сын айтар,  
Тындаушысын тыңайтар.  
Жара салып жаныңа,  
Жамандар бар мұң айтар.  
Құмырсқадай беліңіз,  
Тостағандай көзіңіз,  
Тобылғыдай мойныңыз,  
Мен емеспін сын айтар.  
Желбіреген байрағы,  
Бауырында бота, тайлағы.  
Қытығы әлі кетпеген,  
Бұзылмаған қаймағы,  
Айдай сұлу Айнұрды  
Келіншек деп кім айтар?

### **АЙНҮР:**

Жігіт боп тиісіп ағамыз,  
Желөкпелікті танытты.  
Байқасам байғұс ағамның,  
Басы айналып қалыпты.  
Жер тепкілеп баяғыда  
Шошытушы едің халықты.

Аяғындағы сол жының,  
Иығыңа мініп алыпты.

Келіншек деуге қимайсың,  
Түсінбей қалдық сөзінді.  
Селкілдетіп құдайым,  
Бермепті-ау текке төзімді.  
Қайдан ғана айтыста,  
Кез қыла қап ем өзінді.  
Бұғауға түскен бұқадай.  
Аларта берме көзінді.

Ғашықпын деп, Айтаға,  
Кәриманы таңдадың.  
Ақмарал қыздың соңынан  
Туғызамын деп қалмадың.  
Айнұрға енді қараңдар,  
Ғашық бола қалғанын.  
Осының өзі жетпей ме,  
Айтпай-ақ қоям ар жағын.

### **АЙТАҚЫН:**

Жұлқынсам болды жынды деп,  
Көздеріңе күйік ем.  
Жынды, жынды, жынды деп,  
Жаңылып қалма биіңнен.  
Бақсыменен бақсы боп,  
Безіп кетпе үйіңнен.  
Адасып қалма күйіңнен.  
Жындыменен айтысқан,  
Сен де осы, Айнұр-ау,  
Сау сиырдың қиы ма ең?

Отқа түссе балқиды,  
Болат қатты шойын да.  
Көрі бұқа дедің-ау,  
Құнажынды өзіндей;  
Бұзаулатар бес рет,

Қайратым бар бойымда.  
Ақмаралдан айналдым,  
Жолымды ылғи күтеді.  
Кәримадан айналдым,  
Бағыма қонған құт еді.  
Дәметіп сен де отырсың,  
Осы жолы саған да,  
Бірдеңе тегі бітеді.

### **АЙНҰР:**

Ақжайықта жайын көп,  
Солтүстікте қайың көп.  
Азаматта ақыл көп,  
Әйел затында пайым көп.  
Бұзаулатамын деп отырған,  
Айтақында уайым көп.  
Бақсыдан бала туам деп,  
Батпаққа батар жайым жоқ.

Сүйсініп халық тыңдайтын,  
Ақын ем аузы дуалы.  
Жақсы боп туса жеткіншек,  
Әкенің жолын қуады.  
Туғызам деп Айнұрды,  
Айтағам белін буады.  
Опырмай, мұндай жындыдан,  
Қай оңған бала туады?

### **АЙТАҚЫН:**

Негрмен негр қосылса,  
Қара бала туады.  
Шалапайдан білесің,  
Шала бала туады.  
Бақсыға Айнұр қосылса,  
Дара бала туады,  
Дана бала туады,  
Жаңа бала туады.  
Екеумізден білесің,

Дүлдүл бала туады.  
Құстың да тілін білетін,  
Жынның да тілін білетін,  
Білгір бала туады.

Әзілі тегі жарасса,  
Атаңменен ойнағын.  
Қазақ деген жұртың бар  
Сыныққа сылтау іздейтін,  
Сыбызғыдай сылқымдар  
Кейбір келін-келсаптай,  
Ұстарадай жылпылдар.  
Желбір-жекен жеңге бар  
Бұла саны бұлтыңдар.  
Үйде жүрсе үйелеп,  
Түзге шықса жырқылдар.  
Еңгезердей енесін,  
Төбесімен жүргізіп,  
Оймақтай аузы сылпылдар.  
Сені жақсы білемін,  
Күйеуіңе ғана ашылатын,  
Құпиялы құлпың бар.  
Сол құлпыңа дөп түсер,  
Майыспайтын, сынбайтын,  
Зымырандай зулайтын,  
Менің көттә кілтім бар.  
Ебін тапқан екі асап,  
Алпыс күн атан болғанша,  
Бура боп бүгін бұлқылдар.

### **АЙНҰР:**

Жетісудың ақыны,  
Қасымда бүгін түлесін.  
Мініңді қойып беретін,  
Мінезімді де білесің.  
Сойған түлкі секілді  
Ыржиып ылғи жүресің.

Бітірген ісің шамалы  
Неменеңе күлесің.

Қаратамын деп Айнұрды,  
Қабырғаң отыр қайысып.  
Салмақты елдің ұл-қызы ек,  
Айтысқа шыққан сайысып.  
Жайланып апсың қасыма  
Отырғандай-ақ шәй ішіп,  
Құлпымызды алам деп,  
Кетпесін кілтің майысып.

Бұл түріңмен, Айтаға,  
Мұратыңа жетерсің.  
Туғыза берсең көп бала,  
Ардақты болып өтерсің.  
Көтерем деген ойың бар,  
Көңіліңді құдай көтерсін.  
Тұқымын шашқан далаға,  
Бекіре балық екенсің.

### **АЙТАҚЫН:**

Көзі түзу болса екен құдайдың да,  
Өлеңнің қазып жүрміз мұнайын да.  
Әзіл айтыс болған соң Айнұр қалқам,  
Күлмегенде, ал енді жылаймын ба?

Былай да десең қызамын,  
Құрылды саған тұзағым.  
Майыспайды кілтім,  
Бабында бүгін Айтақын  
Сейф те болса бұзамын.

Келмеске кетті-ау патриархат,  
Тастан да тайып табаны.  
Ере алмай жүр әйелге,  
Кей еркектің жаманы.

Нарық келіп кіргенде,  
Естен танып еркектер,  
Сындырып алған тағаны.  
Атқа қонып арулар,  
Сүйреген заман шананы.  
Саясатта жүр тағы,  
Шәмша ханым, Зағипа,  
Айткүл менен Дариға,  
Сандуғаштар саналы.  
Жетімдерді жебеген,  
Айтпаймын қалай Сараны.  
Сен де соның бірісің,  
Түзге шықсаң еркек боп,  
Үйге барсаң әйел боп,  
Таба білген баланы.  
Оттан түспей қазаны,  
Жаза білген жараны,  
Істете білген кәлланы.  
Әйелдер-ай, қулар-ай,  
Бұл заман ба, бұл заман,  
Матриархаттың заманы.

Көз салсаң өткен дәуір замандарға,  
Айласын асыратын адамдарға.  
Қай тарихтың парағын ақтарсаң да,  
Әйелдер алмай қалған қамал бар ма?

Толғай да толғай сөз тартып,  
Айтайық іште қыжылды.  
Әйел біткен еркек боп,  
Еркек біткен әйел боп,  
Қызталақ заман қызынды,  
Сырға тағып еркектер,  
Сыбызғыдай сызылды.  
Мини-мини юбка,  
Келіншек те, қыздар да,  
Етектері түрілді.

Солар ішіп арақты,  
Солар шегіп шылымды,  
Қыздардың басы тап-тапқыр,  
Еркектер қойды бұрымды.  
Бұрынғының қыздары,  
Шалға тиіп барам деп,  
Болушы еді “арманды”.  
Бүгінгінің қыздары,  
Ақша берсең болғаны,  
Құшақтап жатад шалдарды.  
Еркекшора қыздарға,  
Еркек болып кетуге,  
Күнтімесі жетпей тұр.  
Қызтеке болған қуларға,  
Қылықты қыз болуға,  
Бір түймесі жетпей тұр.  
Контракті жасауға,  
Қол қоятын құдай жоқ,  
Сөйтіп товар өтпей тұр.

### **АЙНҰР:**

Айтаға айтып жатыр ғой,  
Іштегі барлық арманын.  
Мәлім боп қалды халыққа,  
Қыздарға көзді салғаның.  
Айтыс әйтеуір кеткен соң,  
Арманда болып қалмағын.  
Сейфті бұзамын деп жүріп,  
Мұрныңды бұзып алмағын.

Ел - жұрттың да көзінде  
Байқаймысың сыр тұнад.  
Баяғыда ағалар,  
Көш бастап жүрген жұртын ап.  
Ал қазіргі ағалар,  
Болмайтын затқа бұлқынад.  
Қарындасындай қыздарды,  
Туғызамын деп жұлқынад.

### **АЙТАҚЫН:**

Сөзіңнің айтып жатсың ауырын да,  
Кімдер ғашық болмаған тау ұлына.  
Жұлынды үз, әйтеуір түмсықты бүз,  
Қалып қалсам болды бүгін бауырыңда.

Еркектерді жамандап,  
Айнұр неге қайғырды.  
Еркектерсіз құлпырған,  
Көріп едің қай гүлді.  
Әйелдерсіз еркекті,  
Елестетпей ай-күнді.  
Ер әйелге тәуелді,  
Әйел ерге тәуелді,

Ақылың болса, Айнұржан,  
Жамандама айғырды.

### **АЙНҮР:**

Айтысқа келіп Айтаға,  
Тағы да мені демексің.  
Өзіңді бұрын сыйлаушы ек,  
Азамат қой деп елеп шын.  
Қасыма менің жұлқынып,  
Айғырмын деп кеп отсың.  
Селкілдеп қалған серкедей,  
Не бітірем деп отсың.

Ағамның ащы даусы мен  
Жыландай улы тілі бар.  
Сүйкімді жүзі болғанмен,  
Құлаққа жақпас үні бар.  
Сахнаға шықса қозатын  
Білмеймін қандай жыны бар?  
Селкілдей берсе сүйегін,  
Шашып алатын түрі бар.

### **АЙТАҚЫН:**

Бітірем жаным, бітірем,  
Көрсетейін қаласаң,  
Кенім бар ед бойымда,  
Таусылмайтын орасан,  
Балқан тауға баласаң.  
Талмай шабар күні-түн,  
Тарланбозым бар еді  
Жалынан сипап тарасаң,  
Қалауыңды аласың,  
Түріме менің қарамай,  
Қасиетіме қарасаң.

Тораңғыдай топтасқан,  
Саясы болар көлеңке,  
Сазға біткен тал жақсы.  
Аузы-басы майланар,  
Баға білсең мал жақсы.  
Қарпылмаған киіздей,  
Шала піскен жігіттен,  
Жақындасын жандырап  
Шалабы бар шал жақсы.

### **АЙНҰР:**

Құтыруын ағам қоймаса,  
Не етейін, оған не етейін.  
Сүйініп тыңдар халқымның  
Садағасы боп өтейін.  
Ағамыздың байқасам,  
Жепті ғой қыздар көкейін.  
Жақындағысы кеп отса,  
Жаныңызға жетейін.  
Жұлқынып отқан ағамды  
Желкелеп алып кетейін.

### **АЙТАҚЫН:**

Тіліңнен айналайын балдай болған,  
Қазына, қазы, қарта, жалдай болған.  
Келіншек болсаң-дағы кербезсің-ау,  
Қыз кезінде қылығың қандай болған?

Желкеле жаным, желкеле,  
Маған да енді еркеле.  
Бір арманым бітеді,  
Қолым жетсе көрпеңе.

### **АЙНҰР:**

Апаларының Айнұр қыз,  
Әдісін енді қолдансын.  
Көсіліп сөйлеп айтыста,  
Шешіліп келіп толғансын.  
Оңайлықпенен апамыз,  
Жібермей жүр-ау қолдан шын.  
Қырықта мұндай жындысың,  
Жиырмада қандай болғансың?

### **АЙТАҚЫН:**

Айнұржан, пейіліңе тоя алмаймын,  
Зулаған өлең-жырға қояндаймын.  
Жиырмада да жұлқынған осы қалпым,  
Тоқсанға келсем-дағы қоя алмаймын.

Ауылға мойын бүрғызды-ау,  
Президенттің жарлығы.  
Бай менен кедей теңеліп,  
Дәулетті болсын барлығы.  
Тоғышарлар тоқталып,  
Аңсатпасын арлыны.  
Ауылдың кіріп ажары,  
Жарылқасын жарлыны.  
Қойдай қоңыр елімнің  
Тоқтаса болды зар-мұңы.  
Арайлап атқан әр таңы  
Тойға ұлассын әр күні.

## МӘЛІС ҚОСЫМБАЕВ ПЕН ОРАЗАЛЫ ДОСБОСЫНОВТЫҢ АЙТЫСЫ

**МӘЛІС:**

Әуелі, Алла, бір Құдай,  
Содан соң, Бекет атамыз,  
Сапарымды оңдашы.  
Адал да сөйлеп, ақ жүрген,  
Жігіттің – Қыдыр жолдасы.  
Ағайын, бүгін бас қосты,  
Сен көретін айтыстың  
Жүйрігі мен жорғасы.  
Жақсыларға тірелді,  
Мына отырған сіздердей,  
Жайықтан шығып жол басы.  
Сиқырлап сөзді берейін,  
Қиқулап тағы қолдашы.  
Қызғалдақ – өмір, қыз – жалған,  
Мезгілсіз сен де солмашы.  
Көбігі ұшқан көк теңіз,  
Арнасы кеуіп тартылса,  
Су болар дейді болмашы.  
Ассалаумағалейкум,  
Ақындар хандық құратын,  
Мыңнан тұлпар шығатын,  
Айтыстың Алтын Ордасы.

Жырласаң жанарыңнан жалт ұшатын,  
Айтыста қарпысатын, тарпысатын.  
Оразжан, ойың бөлек, сойың бөлек,  
Тайсалмай топқа түссе тартысатын.  
Жаңалықтың көкесін сен көрсеттің,  
Бір күнде бес ақынмен айтысатын.

Беліңе байлағаның берен болсын,  
Айдынға шығарардай кемең болсын.  
Жұртымыз зейін қойып тыңдайтындай,  
Жүректен шыққан нағыз өлең болсын.

Жылқының жүйрігі де жыр секілді,  
Жаз мініп, күз жіберген көбең болсын.  
Кемдігі білінбесін шабысыңның,  
Ендігі сөз кезегі сенен болсын.

### **ОРАЗАЛЫ:**

Бәйгеге тұлпар қоспас таң асырмай,  
Қайнатпас қаймақ үшін қара суды-ай.  
Қарсылас, қарсылас боп шыққанменен,  
Көзіме көрінеді-ау жанашырдай.  
Себебі семсер үстар бір қазақтың  
Екеуміз ақын едік баласындай.  
Ендеше Мэлс аға, менменсіме,  
Өзіңе сәлем бердім нағашымдай.  
Ал, мынау халқымызға бас иейін,  
Жемісі жерге иілген ағашындай.

Отыр ем сізді күтіп бас қалада,  
Армысың, адуынды аптал аға.  
Ауыздық қиған езуін тайдай болмай,  
Біз бүгін жүгінейік ақ, қараға.  
Тас тессем де шығайын, тамшыдай боп,  
Менен де сыбағанды ап қал, аға.  
Азуың өткенімен жас балаға,  
Адымың жетпей қап жүрме масқараға.  
Ақырғы айтыста “Аһ” ұрып кетпегейсіз,  
Ақырғы оқты атқандай бос далаға.

Ал, ендігі жол болса, аға сізден,  
Хан туа жатар сосын қараша үйден.  
Алпамыстай арындап отырсыз ғой,  
Аңырап алпыс жаста бала сүйген.  
Қанша тұлпар болсаң да кез болғандай,  
Тасырқап тұяғыңа таға киген.  
Тоба деп топқа түсіп отырған соң,  
Шананы біз сүйрейік шамамызбен.  
Ағалық ақ қызмет болса сізден,  
Інілік ізет болар, аға, бізден.

Бурадайын бұлқынып келгенінде,  
Бұзаудай боп кетпегін тана сүзген.

### МӘЛС:

Сырынды, Оразалы, білген жоқпын,  
Әсерсіз әңгімеңе күлген жоқпын.  
Айдалаға оқ атып айтысқандай,  
Ауғанның соғысында жүрген жоқпын.

Айтысқа бүгін шыққанда,  
Біз сегізбіз, сегізбіз.  
Жақсылардан жалғасқан,  
Жаңғырыққан лебізбіз.  
Шабыты келсе шалқыған,  
Ауасы жұпар аңқыған,  
Тулаған асау теңізбіз.  
Өзіміз емес, сөзіміз,  
Сере шыққан семізбіз.

Алдыңа келді әлеумет,  
Айтыстың сегіз баласы.  
Алдыңнан бүгін өтеді,  
Сен көретін айтыстың,  
Құласы менен аласы,  
Шаңқаны менен қарасы.  
Айтылған сөздің берілер,  
Көрерменнің атынан,  
Көрікті болса бағасы.  
Айтысқа келмей жатып-ақ,  
Қылдың ғой мені нағашы.  
Ақыннан өлең қашпайды,  
Аузында болса тобасы.  
Шамшырақ жанған түбінде,  
Мұхиттан терең нәрсе жоқ.  
Тектілерге бұйырған,  
Тереңдіктің наласы.  
Аспаннан биік нәрсе жоқ.  
Астары төмен қарап тұр,

Қүдіретке кімнің шарасы.  
Айналайын, әлеумет,  
Ойыма келген өлеңнің,  
Осылай болды шамасы.

### **ОРАЗАЛЫ:**

Маңызды ойлар қозғадың масаттанбай,  
Ағасы, жарак қандай, жасақ қандай.  
Жөніменен жырлаушы ең, жолыменен,  
Құдаға күйрық-бауыр асатқандай.  
Қамшы ұстап қарагерге жайдақ мініп,  
Қатар шауып көр бүгін қассақтардай.  
Ауғанды айтқаныңда бір мән бар ғой,  
Шарасыздық емес пе шатасқандай.  
Ал, енді ары қарай соз қапастанбай.  
Тағы да өлең-жырды мен қозғайын,  
Жиен боп өзіңізге тақасқандай.

Аға десем, әрине, тіл батпайды,  
Ол да маған емес қой құрғақ қайғы.  
Нағашы десем жарасар айтысымыз,  
Нағашыға жиен жақсы қылжақтайды.

Біздерден жұрт кетпесін кескін көрмей,  
Жететұғын жеріне жетсін деңгей.  
Ал, аға, ерекше бір лапылдашы,  
Еренсіз ескі сабанға от тигендей.  
Тағы да өлең-жырды ағыз бүгін,  
Елдің сырын ұғынып, ес білгендей.  
Қағысымыз қақпашыдай аһ үрмасын,  
Қапыда қақпаға кеп доп кіргендей.  
Әдепсіздік демессіз батырлықты,  
Мың қойды судан бір ешкі өткізгендей.

Жайғасып ел алдына жайқалайын,  
Тиесілі жүгімді арқалайын.  
Ал, аға, ары қарай жырлап жібер,  
Айтылған сөздеріңе тамсанайын.

Ел, сізді аға, көргеннен шаттануда,  
Он жыл бұрын жоғалған марқадайын.  
Айықпас ақ борандай айта білсең,  
Қажыдан келгендей ғып қарсы алайын.  
Оттай жанып, ағасы, келсең бүгін,  
Одан әрі жанып кетер, май салайын.

### МӘЛС:

Мен сенен сөз күтіп ем селт еткізер,  
Жігіт емессіз күніңді ерте өткізер.  
Жаңағы әңгімеңе қарар болсаң,  
Маздаған отың менен өрт өткізер.  
Қайдағы қарасуды айтып кеттің,  
Мың қойды ешкі емес серке еткізер.

Көрсетіп шабытымды бойға берген,  
Айтайын әңгімені ойға келген.  
Ораз-ау, әңгімеңіз қалай болды,  
Сапалы сөз емес қой сойға берген.  
Әр нәрсенің басынан бір шаласың,  
Қотыр ешкі сияқты қойға келген.

Көзіңді салып қарасаң,  
Зіл қара батпан нарық тұр.  
Нарықтың жүгін тартам деп,  
Атанның қомы ауып тұр.  
Ел басына күн туса,  
Ететін сайран-сауық тұл.  
Жұмбаққа толы дүние,  
Ақылы толы азамат,  
Жауабын айтпай неғып тұр.  
Тәуелсіз елім менің де,  
Тәуекелге барып тұр.  
Сарнама десең қыңбайды,  
Жарнама-жаңбыр жауып тұр.  
Жасанды бұлты шетелдің,  
Жауатын жерін тауып тұр.  
Сахнаға шыққасын,

Салиқалы сөз айтып,  
Санасын елдің сауықтыр.  
Сақтағанды сақтайтын,  
Ақиқат сөз ғой анық бұл.  
Айналайын, ағайын,  
Киркоров келсе шабылмай.  
Айтыстан хабар алып тұр.  
Бутя деген ағамыз,  
Демеуші болып жатқасын,  
Ісі де көпке жағып тұр.  
Қазақтың газы қайда екен,  
Тозақтың газы жанып тұр.

### **ОРАЗАЛЫ:**

Жалпы елге жатқандай жеңіс келіп,  
Көрші аға, ат басына ерік беріп.  
Ініңнің сөздеріне ашуландың,  
Жүргендей түсінде ылғи неміс көріп.  
Менің де жаным жомарт, ал ағасы,  
Жібереіін кәмпитті бөліп беріп.  
“Көке” десе көз шүқи берме, аға,  
Көп сапырған қымыздай көбіктеніп.  
Алладан жауған ақ нұр секілденіп,  
Кетсеңші қара сөзді төгіп-төгіп.

Мәлсті халық еді-ау Мәлс қылған,  
Мақалды Мәлс еді теріс қылған.  
Бұрмалап әр сөзімді әрбір жаққа,  
Тағы бүгін жасама тегіс құрбан.  
Мамырдың тоғызына келіп қапсың,  
Батырдай Мәскеу үшін неміс қырған.

Әрнеге жүргізсең де әміріңді,  
Ұмытпа деген қазақ тәңіріңді.  
Саудан көбі сырқат боп бұл қоғамда,  
Жалап жаза алмассың жауырыңды.

Қытайдың жылтырағын жылтыратып,  
Балқытып сипап жатыр сауырыңды.  
Қысық көз табаныңнан жалап жүріп,  
Бір күні қиып кетер тамырыңды.  
Алдын-ала ойланбасаң айығуды,  
Алтын төсек жаза алмас ауыруды.

Ал, енді шабытың болса шарық қайрақ,  
Менің сөзім болады-ау анық қайрақ.  
Күптей едің жіптей боп кетіпсіңіз,  
Қамығып жүр ме екенсіз халықты ойлап.  
Кешегі бабалардың ұрпағы едік,  
Ел дегенде отырар сауыт сайлап.  
Күлдір-күлдір кісінеп келсең-дағы,  
Күн бұлттанса кетесің Жайықты ойлап.  
Жайықтың, Мэлс ақыны, аман болшы,  
Жаңбыр жауса жүретін қайық сайлап.

### **МЭЛС:**

Айналайын, Ораз-ау,  
Жаттанды сенің сөзіңді,  
Келеді менің сарқығым.  
Ағайын тауып алады,  
Айтылған сөздің айтыста,  
Жарқыраған алтынын.  
Ойыңа салып өлеңді,  
Оттай болып шарпыдым.  
Жайықтың емес мен бүгін,  
Ақынымын деп жүріп ем,  
Мына отырған жалпының.

Жан берген бәрімізге жалқы Құдай,  
Етсе екен еліміз бен халқымды бай.  
Шабытың шала жанған шөп сияқты,  
Оты жоқ сөздеріңнің салқындығы-ай.  
Айтыстың мәні кетер, сәні кетер,  
Қара өлеңге бермесек қарқынды рай.

Суырып салмағасын сөз де әсерсіз,  
Сабаның түбіндегі сарқынындай.

Төле би тура сөйлеп тартынбаған,  
Қаз дауысты Қазыбек қаңқылдаған.  
Қасында екі ағасы тұрған кезде,  
Сөз қалмас Әйтекеде айтылмаған.  
Аузымыздың бүгінде дуасы жоқ,  
Қарға болып кеттік пе қарқылдаған.  
Бір сағатқа шыдамай айтысқанда,  
Жабуы ауған тайлақтай жалпылдаған.  
Ат тұяғын аспанға көтермесем,  
Ақыным деп қарама, халқым, маған.

Көтерілсін айтыста,  
Әлеумет, сенің мерейің.  
Ораз деген жақсыны,  
Ай менен күнге теңейін.  
Аңқылдап бүгін отырмын,  
Мына отырған халыққа,  
Осыдан артық не дейін.  
Дұрыстап сөзді таба алсаң,  
Айтқаныңа сенейін.  
Ары қарай енді жалғастыр,  
Сөз кезегін берейін.

### **ОРАЗАЛЫ:**

Арынды кезегінді алғаннан соң,  
Атақты алдаушы болмай Алдардан соң.  
Жаттанды деп айтасың бұл Оразға,  
Шатасып қылышыңды салғаннан соң.  
Жаттау деген сөзді бір жаттап апсың,  
Балаларға көп жаттатып қалғаннан соң.

Ел таны желіп жүріп, атың барда,  
Ау, аға, Алашты ойла, асыр салма.  
Сөз шегесін шешендей шегелейін,  
Көк мұзды көл түбіне батырсаң да.

Ал, енді, аға, мына інің үшін,  
Алдыңа ақыл салғын ашу салма.  
Біраз жерге ағамды апарайын,  
Айланды Алдардан да асырсаң да.  
Шығыстан шығар күндей келгенінде,  
Батысыңа қайтадан батырсам ба.  
Байыппенен сөзімді аңғарарсың,  
Бала да жіби қоймас ашушаңға.

Айтыста аға қандай, тең түс қандай,  
Күш атасын танымай бел қысқандай.  
Сөз түсінбей айтпаңыз тағы да, аға,  
Қыранды айтып жыланды қорқытқандай.  
Ал, енді, аға арындап шабыңызшы,  
Арыстанға айналып жол тұтқандай.  
Қапыда қалып жүрме бұл айтыста,  
Қақпанға қол-аяқты тең сұққандай.  
Қыруар ел қыран деп шығарғанда,  
Қасқыр түгіл қайтпаңыз борсықты алмай.

### **МӘЛС:**

Мен-дағы шаршамаспын шаттанудан,  
Жүректе жыр теңізі ақтарылған.  
Шынымен қанға тартқан қасқыр болсам,  
Қарғып өтіп кетермін қақпаныңнан.

Ай, Мұқағали айтатын,  
Ей, менің сайран мекенім.  
Айтыста бүгін алаулап,  
Сайран да салып кетемін.  
Ортаға бүгін шығарды  
Айтыстың тұрған екі ерін.  
Шабытың қайда, Ораз-ау,  
Айқайлап отыр, әнеки,  
Қаптаған қалың нөкерің.  
Айтамын сөзді сенсендер,  
Айтары бар ақынға.

Өлеңнің күшін көрсендер,  
Шабыттанып кетейін.  
Мына отырған халайық,  
Алақанды бір соғып,  
Тағы да қуат берсендер.

Айтысқа бүгін жиналған,  
Астана жұртым, алашым.  
Жырменен жазсам деп едім,  
Жүрегіңнің жарасын.  
Аман-есен жүре бер,  
Айналайын, Оразым,  
Ағаңның ықтап панасын.  
Кешірмейді көрермен  
Шабытыңның шаласын.  
Дұрыстадым мен бүгін  
Тұлпарыңның тағасын.  
Ілесе алмасаң сен қазір,  
Нөкерден анау пайда жоқ,  
Далада қалып барасың.

### **ОРАЗАЛЫ:**

Осы біз сөйлеп кетсек не демейміз,  
Білмей қалдық не баймыз, не кедейміз.  
Шабытың жоқ деп бүгін отырсаңыз,  
Шабытты ешқашан да тежемейміз.  
Бір тентек тентіресе өле мақтап,  
Мұның дұрыс емес деп елемейміз.  
Сөйлесек сөмкемізден атын асып,  
Іске келсек құр шырыл шөрегейміз.  
Осы біз аспандағы күн нұрын да,  
Күнде көріп жүрген соң елемейміз.

Сөз айтсақ ақ көңілдің ордасындай,  
Салмағың да бар еді қорғасындай.  
Ағасы, жан ұғарлық сөз айтқанда,  
Мас адамдай кетпеші жолға сыймай.

Дәл бүгін адуынды айтпасаң да,  
Көңілің бар ханның аппақ ордасындай.  
Мақтауға ұшып кетіп жүрмегейсің,  
Үрлеген шар секілді қолға сыймай.  
Айдалаға бұрасың әр сөзінді,  
Аңқау елдің арамза молдасындай.  
Арамза дегенімді ауыр алма,  
Доп-домалақ болушы ед ол да осындай.  
Аман-есен жүре бер, ау, ағасы,  
Апамның қатық сүзген дорбасындай.

**МӘЛС:**

Халайық ұлтым деген ұлын көрсін,  
Ақынның алмас қылыш тілін көрсін.  
Ораз-ау, көп мыжымай қоймайсың ба,  
Келе жатқан қыздар анау гүлін берсін.

**ҚОНЫСБАЙ ӘБІЛЕВ ПЕН  
СЕРІК ҚҰСАНБАЕВТЫҢ АЙТЫСЫ**

**ҚОНЫСБАЙ:**

Алматым, айналайын арман қала,  
Білім ап, бес жыл сайран салған қала.  
Айналып ұлтымыздың ұясына,  
Алашқа алтын діңгек болған қала.

Қазақтың атын әлем танымаққа,  
Ас беріп жатырсындар аруаққа.  
Отау ғып шығардыңдар Ақмоланы,  
Айналып өзің қара шаңыраққа.

Жерұйық іздеп Асан сабылғанда,  
Өзіндей жер жәннәті табылған ба?  
Алыстан ат арытып келеміз ғой,  
Киелі Алатауды сағынғанда.

Мәз болып биіктен сөз тигеніңе,  
Жұптасып шыға алмайсың сүйгеніңе.  
Бұл айтыс қайта өрлеп тірілгелі,  
Кімдердің су құймады диірменіне.

Жүйрік те жүдейді екен қарамаса,  
Кез келген бапкерлікке жарамаса.  
Айтыс қып облыстан той өткізсе,  
Айтыстық газет-журнал тарамаса.

Әр сөзді қыз жүгіндей қаластырып,  
Әзілді отырушы ек жарастырып,  
Дұрдараз болып кетті әкім біткен,  
Әр жерде өтеш құсап таластырып.

Айтыстың қадірін ел білсін деймін,  
Беделі түссе неге күрсінбеймін.  
Айтыстың маңайында қай кезде де,  
Жүрсіндей жанашырлар жүрсін деймін.

Ақындар елмен бірге қиналыппыз,  
Баладай айтқан сөзге иланыппыз.  
Аман ба, Серік інім, Мұхтар ағам,  
Тойының сарқытына жиналыппыз.

Кереку артындағы аман ба елің?  
Береді қай кезде де бағанды елің.  
Бүгінде жолың болсын, айналайын,  
Білесің көңілімді саған менің.

Кетігін көңілдердің толтыратын,  
Аталы сөз айтатын болсын ақын.  
Солақай тартқаныңмен домбыраны,  
Сөздерің қай кезде де оң шығатын.

## СЕРІК:

Армысың, ардақты елім, алқалаған,  
Базары, той думанды тарқамаған.  
Көргенді көзқарақты көрерменді,  
Қызынып, қиқуына арқаланам.

Ел-жұртым үкіледі жорғасың деп,  
Осалы өлеңіңнің болмасын деп.  
Ақ семсер ақындарды алдыртыпты,  
Тынысын заманының толғасын деп.  
Бел байлап біссіміллә деп топқа түстім,  
Аруағы Иса атамның қолдасын деп.

Сыйындым, ақын ата, аруағыңа,  
Арман боп жалғанайын арманыңа.  
Жүректі жарып шыққан жырларымды,  
Тартайын тыңдаушының талғамына.  
Кім білсін, бөлкім бағым жанып кетер,  
Ілінсе алтын балық қармағыма.

Жолбарыс жолсыз жерден жортады екен,  
Жарақты батыр жаудан қорқа ма екен?  
Адамның заманына сай болмағы,  
Тәрбие тәлім алмақ ортада екен.  
Қармағым қап дегізіп қалмас енді,  
Балығың балық емес шортан екен.

Армысың ақын аға, “әй-әй-лаған”,  
Жүрегің жырға тұнған сарай маған.  
Бәйгенің алдын бермес саңылағым,  
Айтыста асқақтаған талай бағаң.  
Ағаны асқар таудай ардақ тұтып,  
Іні едім қабағыңа қарайлаған.  
Кез-келдік “келсең-келдің” кеңесінде,  
Қапыда қалмас дейді абайлаған.

Айтыстың мына отырған ел төресі,  
Алматы жер жәннәті, жер төбесі.

Аңқылдап аузынды ашып інім дедің,  
Дегендей құшағымда еркелеші.  
Сарқыты дей көрмеші бұл Мұхтардың,  
Жоқ дейді игіліктің ерте-кеші.

Жаралы жүректердің дәрігері,  
Қызыл тіл жорғаласын әрі-бері.  
Қырықтың қырқасына шықпасам да,  
Отызда орда бұзар шағым еді.  
Ат байлап, аясында атан мінген,  
Аман ба, Торғайыңның қалың елі?

### **ҚОНЫСБАЙ:**

Ай мен күн сосын жақсы ортақ екен,  
Көріңдер бұл ініміз арқалы екен.  
Серікжан, үлкендерден қалса табақ.  
Ауыз үйге жастарға кеп тартады екен.  
Сол кезде үлкен жеген тамағыңның,  
Беделі сарқытыңмен артады екен.  
Бұл інім ағасына қарап қойып,  
Жобалап деп те айтады шортан екен.  
Ешқашан басыңнан шаш түсіргем жоқ,  
Ендеше менен неге қорқады екен?

Торғайым ақ патшаға жақпап еді,  
Кезінде арқасынан қақпап еді.  
Алайда бір он жылдық арасында,  
Екі рет ашып қайта жапқан еді.

Торғайым көрген талай шайқасыңды,  
Мұқату оңай емес қайта асылды.  
Қонаев кеткеннен соң жабылып қап,  
Колбиннен құтылғанда қайта ашылды.

Жығылған күреске шын тоймайды екен,  
Аламын десе құдай қоймайды екен.  
Басына үкіметтің кім келсе де,  
Торғайды ашып-жауып ойнайды екен.

Білмеймін қандай мақсат көздейді екен,  
Жүрегің қиянатқа төзбейді екен.

Мысыққа ойын болып көрінгенмен,  
Тышқанға өлімтігін сезбей ме екен.

Ауылда бұл күндері мал қалмады,  
Адамдар суға кеткен тал қармады.  
Жарық жоқ, жағатұғын көмір де жоқ,  
Шыдайтын адамдарда хал қалмады.

Төзбеген қиындыққа қарамай-ақ,  
Кетемін жазығы жоқ баланы аяп.  
Көлдетіп көздің жасын үйде отырар,  
Бара алмай мектебіне жалаңаяқ.

Үміттер білте шамдай өшіп жатыр,  
Бағасы нан мен тұздың өсіп жатыр.  
Елдегі алтын діңгек қариялар,  
Ала алмай пенсиясын көшіп жатыр.

Жастарға жүрмек енді өкпеңіз де,  
Түсті олар қарттар көшіп кеткен ізге.  
Түйені дауыл келіп шайқағанда,  
Дейді ғой ешкілерді көктен ізде.

Ауылды сақтап қалу басты арманым,  
Тілеймін шұғыл шара басталғанын.  
Уәзірлік елді ойлайтын астанадан,  
Салыпты мәрмәр тастан баспалдағын.

Көз жұмбай соның бәрін біле тұрып,  
Уақытша кеңсеге де кіре тұрып,  
Мал сатып неге алмаған мәрмәр емес,  
Басқышпен тақтайланған жүре тұрып.

Жүргенді құлақ естіп, көз көрмей ме,  
Мұнымен үкіметке сөз келмей ме?

Орыны қосылғыштың ауысқанмен,  
Шынымен қосындысы өзгермей ме?

Қадамың құтты болсын, Нұрлан аға,  
Жеткізші қазағымды бір қараға.  
Ауылдың шаңырағын түзетсеңіз,  
Жолыңа боп кетер ем құрбан аға!

### **СЕРІК:**

Жырың бар шаршы топта ақтарғандай,  
Атың бар асқар таудай мақтанғандай.  
Ініңіз шортан ғой деп қорыққан жоқ,  
Қанжығам майланды деп шаттанғандай.

Көңілін көрерменнің нұрландырып,  
Сөйлейсің ойдан орып, қырдан қырып.  
Түсінбей қалдым, аға, премьерге,  
Басыңды жібердің бе құрбан қылып.

Нұрландай премьерлер жетеді ғой,  
Мынау күт бастан сырғып өтеді ғой.  
Әрине, жақсы ниет-жарым ырыс,  
Ол-дағы ертең тақтан кетеді ғой.

Бағушы ек қабақ пенен қасыңызды,  
Алыпсың ағарттырып шашыңызды.  
Шынымен шалар болсаң, ағатай-ау,  
Ел үшін шалмайсыз ба басыңызды?

Амалың қалмапты ғой аһ үрмастай,  
Жырымыз жараспайды жақындаспай.  
Торғайды Қостанайға қоса сапты,  
Үкімет өзіңменен ақылдаспай.

Өзің біл сөксең-дағы сотқарыңды,  
Тастайды ертең санап отқа кімді?  
Жыр айтып, терең толғап бүгін кеште,  
Қайтайық бір серпілтіп көп қауымды.

Әкежан қол қойғанда қаулысына,  
Білмепті-ау өзіңіздің жоқтарыңды.

### **ҚОНЫСБАЙ:**

Бүркітке торғай тойса шабады екен,  
Ешкіемер айдаһарды шағады екен.  
Мысықтың құйрығымен тышқан ойнап,  
Құдайын өстіп жүріп табады екен.

Әкені десек тағы түсі игі екен,  
Саған да алақаны ысиды екен.  
Баланы түлен түтіп таяқ жерде,  
Көздері бір күн бұрын қышиды екен.

Отырмыз әр сөзінді байқап інім,  
Жасырмай ойдағыны айтар інім.

Ағаңа өзің келіп соқтығардай,  
Азғырды сені қандай шайтан, інім?

Осы ой мені қатты қинайды ғой,  
Айылын інім тіпті жимайды ғой.  
Бассам деп қанжығаңа армандайсың,  
Бұл ағаң қанжығаңа сыймады ғой.

Иесі кетіп елдің көші қалды,  
Ақылы кетіп елдің есі қалды.  
Қазақтың шыныменен малы бітсе,  
Қазақтың құрбан болмай несі қалды?!

Басымнан түсірмесін жыр жасымды,  
Таптым деп отырмысың құрдасымды.  
Қазақты аман сақтап қалу үшін,  
Берер ем мың түйеге бір басымды.

Әр сөзді ойлап сөйле, ақын інім,  
Басыңа алма бәле сатып, інім.

Ағанды Қостанаймен шатыстырма,  
Мен өзі Торғайымның ақынымын.

Болса да ұлтарақтай жеріміз бар,  
Секілді ат төбелі еліміз бар.  
Жәнібек-Тархан бабам ат ойнатып,  
Кезінде жау қайтарған беліміз бар.  
Әліби, Амангелді жеңіс құрып,  
Қыдырған Ахаң, Жақаң төріміз бар.  
Абайдың бабалары мекен еткен,  
Ырғыз бен Торғай атты көліміз бар.

Айтысты болсам егер есіме алмас,  
Мұнымды аруақтар кешіре алмас.  
Есігін қанша ашып жапқанменен,  
Торғайдың атын ешкім өшіре алмас.

### **СЕРІК:**

Несіне інің тізгін тартып қалсын,  
Шаттық күй қалай көңіл шалқытпасын.  
Басынды онда шалдың, мұнда шалдың,  
Бар ма еді иығында артық басың.

Шу, деп қал ініңе енді жетем десең,  
Құйғытып жанамалап өтем десең.  
Белінді бекем байла, ақын аға,  
Белгілі бір мақсатқа жетем десең.  
Ешкім де дау айтпады мына сізге,  
Киелі Торғайыңды мекендесең.  
Торғайдың ақынымын деп соғасың,  
Бар қазақтың ақыны екен десем.

Өлеңді айта алмаған алалайды,  
Домбыра тарта алмаған сабалайды.  
Ақымақ аузы жаман елді бұзар,  
Жүрегін жақсы ағаның жаралайды.  
Айылын жимады деп өкпелеме,  
Інің де өз шамасын шамалайды.

Бәйгеден басы-көзі су боп озбай,  
Жас жүйрік сақалыңа қарамайды.

### **ҚОНЫСБАЙ:**

Ақынды мына халқым хан тұтқасын,  
Өлеңін ағаң қалай шалқытпасын.  
Иықта болмаса да артық басым,  
Серікжан, дәл өзіңнен артық басым.

Інімнің айтқан сөзі ұнамады,  
Ағаны ел алдында кінәлады.  
Серікжан, біле білсең Алаш деген,  
Көкше, Семей, Торғайдан құралады.

Хас тұлпар неге таймен тең болады,  
Тұйғынға қалай сұңқар жем болады.  
Жыланды үш жерінен кессең-дағы,  
Тұлғасы кесірткеге тең болады.  
Бесіктен белі шықпай мақтанғанда,  
Бір ауыз қатты сөзім ем болады.  
Есіктен кірмей жатып төрге ұмтылмай,  
Қараған алды-артыңа жөн болады.

Құдайым берген бойға өнерменен,  
Бұл ағаң осы жаста не көрмеген.  
Жаспын деп масайрама, бұзау өссе,  
Өгіздің көрген күнін көрер деген.  
Тайлақтай бас жібі жоқ тайрандайсың,  
Тізеңнен ешкім қағып шөгермеген.  
Бүркітті ашулантаып алған қарға,  
Ажалдан үш күн бұрын өлер деген.

Серікжан, өнбес дауды бастамалық,  
Айтыста отырмыз ғой астаналық.  
Қайтадан соқтығасың ағаңа кеп,  
Аяқты алшаң-алшаң тастап алып.  
Бақытың бар екен-ау, жолықпадың,  
Найзамды жүрген кезде тасқа жанып.

## СЕРІК:

Тереңнен сөз маржанын тергендейсің,  
Көзге атқан құралайды мергендейсің.  
Он бес жыл айтыс дейтін аламанда,  
Жүйріктің небір түрін көргендейсің.  
Қызулы кеудеңізге қарағанда,  
Меккеден тас көтеріп келгендейсің.

Көңілім отырсыншы шалқып бүгін,  
Кетейік құба-жонға тартып бүгін.  
Ей, аға, жасың емес, көрсетсеңші,  
Басыңның өлеңіңмен артықтығын.

Бұл ағам елдің қамын жеп отыр ма,  
Лықылдап айтар жыры кеп отыр ма?  
Ертерек жолықпадың деп айтасың,  
Шынымен күнім өтті деп отыр ма?

Дүбірлет айтыс дейтін дүрмекті шын,  
Шын ақын қызыл сөзді күрмепті шын.  
Күнім өтті деп өкініп отырсаңыз,  
Осылай өкінумен жүрмекпісің?

Дау деген осындайдан басталады,  
Шалқысын аспан, төрде жастар әні.  
Әр нәрсе уақытында деген сөз бар,  
Шалқыттың талай әнмен астананы.  
Бұл күні ағамыздың қызметі өсіп,  
Бір бөлім әкімшілікте басқарады.

Торғайға күні түсер тотының да,  
Сырласы болады екен сопының да.  
Өкпе айтқан әпербақан әкіміңе,  
“Жас Алаш” мақаласын оқыдың ба?

Айтыста көрсетейік біз ептілік,  
Ініге жарасады ізеттілік.

Сарғайтып сол сабазың тілшілерге,  
Есігін қойған екен күзеттіріп.

Ал бұған нанбайсың ба, нанасың ба?  
Ақын ең орны бөлек Алашымда.  
Тілшіге ит жүгіртіп күсталады,  
Ондайлар сәулесі жоқ санасында.  
Қамқор боп қол ұшыңды бермедің бе,  
Жүрген соң сол әкімдер арасында.  
Болмаса қара өлеңнің қамшысымен,  
Жонынан таспа тіліп аласың ба?

### **ҚОНЫСБАЙ:**

Болса да жаман жолдас жаттан жақсы,  
Ойым жоқ қызметпен мақтанбақшы.  
Депті ғой баяғыда бір кәрі қыз,  
Бай дейтін бай да емес жоқтан жақсы.

Қиналып Торғайдағы дархан халық,  
Аяздай қариды ғой арқанды анық.  
Екі рет тараса да қия алмай,  
Кіндіктен жүрміз әлі арқандалып.

Сырт елде жүріп сұлтан бола алмаспын,  
Торғайдан кетіп қызық көре алмаспын.  
Сор ақса туған жердің тозағын да  
Басқа елдің жұмағына бере алмаспын.

Көрмес жан түйені де көрмес, інім,  
Жақсының соңынан сөз ермес, інім.  
Қашанда жөн білмейтін әкім үшін,  
Ақындар еш жауабын бермес, інім.

Қашанда кең еді ғой алдың, інім,  
Аяқтан бірнеше рет шалдың, інім.  
Шақты екен сені бүгін қандай ара,  
Дәл бүгін танымай да қалдың, інім.

Тізбелеп мәтелің мен мақалыңды,  
Таң қылдың, айналайын, қатарыңды.  
Сөз айттың мына жұртқа арнап төгіп,  
Үстіңе киіп шығып шапаныңды.

Бірі деп санаушы едім көргендінің,  
Жоқ еді бөтен істі көрген бұрын.  
Толқынның кейін келген басы ғой деп,  
Алушы ем сәлемінді елден бұрын.  
Қоныспен құшақтаса құлашы деп,  
Тапсырма саған біреу берген бе, інім.

Көңілі жақсылардың алаң депті,  
Жетеді шамалыға шамаң депті.  
Әкімді мақтамайық, даттамайық,  
Мақтадың сен бір рет Заманбекті.

### **СЕРІК:**

Білегін келсең кел деп сыбайды інің,  
Айтыста жыға алмассың, жығам бүгін.  
Қылыштай қиып айтар ақиқатты,  
Мінезіне сай ақынның сыралғымын.  
Қарғаның қара өлеңмен көзін шұқып,  
Көрініп қалар дегем қырандығың.

Жасыма сен де оған “Жас Алашым”,  
Бұл күнде шаш ал десе, бас аласың.  
Заманнан зәбір көрген зарлы халық,  
Өзінді асқар тау деп тасаласын.  
Байсалды байлар менен әкім түгіл,  
Есігін Елбасының аша аласың.  
Еңбегің жетпіс жылғы ұшан-теңіз,  
Құдайым, күпіршілік жасамасын.

Ал енді қоямыз ба, ақын аға,  
Сәті кеп жолығыппыз сахнада.  
Ішінде көп ақынның өзің ғана,  
Шені бар, шекпені бар әкім аға.

Әкімнің қарауында халық болар,  
Қауқарсыз қаулылардан жалықты олар.  
Зар илеп зейнетақы қолға тимей,  
Заманға мұңын шағып зарық болар.  
Жайлы ма жамбасыңа креслоңыз,  
Отырған кабинетің жарық болар.

Қайсы бір ел билеген қасқаларың,  
Халықтың қайтер дейсің қас-қабағын.  
Қанды ауыз қорқау қасқыр шыға келер,  
Сыпырсаң бетіндегі маскаларын.  
Сөкті деп коллегамды өкпелеме,  
Қалмады ашынғаннан басқа амалым.  
Солардың құлағына жете ме екен,  
Өксігі ауылдағы аш баланың?

Шабьтсыз шаршы топта шалқымас ән,  
Ән мен күй қазағымның салтына тән.  
Көңілдің көгершінін осындайда,  
Тербейді айтыс дейтін алтыбақан.  
Мысалы, мен аламын үш мың теңге,  
Ал сенің қандай, аға, зарплатан?

### **ҚОНЫСБАЙ:**

Өзің біл қоямысың, үндемейсің,  
Ағаңа жала жауып жүрмеймісің.  
Сан рет айтып өттің қызметті,  
Қызмет үшін мені-ау күндеймісің?  
Бұл ағаң орындығын айтыс үшін,  
Екі рет өткізгенін білмеймісің?  
Мен-дағы мұң зарымды төгіп айтсам,  
Серікжан, жылаймысың, күлмеймісің.  
Жоғары қызметте Әбіш ағам,  
Халықтан қашқанынан жүр деймісің.

Сөздерім менің сендей салқын емес,  
Серікжан, бүгін жүзің жарқын емес.

Оғаштау сөзге ғана құлаш ұрып,  
Мағнасын түсінбейтін халқым емес.  
Қызметсіз жүрген ақын бәрі әулие,  
Қызмет істегендер алтын емес.

Серікжан, жұлдыздай боп ақтық білем,  
Айтысқа біраз қанат қақтық білем.  
Сөзбенен бір жылатып, бір күлдіріп,  
Көңілін көпшіліктің таптық білем.  
Айтысты жалындатып қыздырып ап,  
Жалын ғып жырымызды жақтық білем.  
Қазылар белгі берді, ойнасақ та  
Біраз жер енді, міне, шаптық білем.

Құдайым, жақсыларды жат қылмасын,  
Білемін сендей іні тап қылмасын.  
Халықтың Алатаудың баурайында,  
Көңілі екеумізді әк қылғасын.  
Білесің ақыл-тұғыр болмаса егер,  
Басында шамалы, інім, бақ тұрмасын.

## СЕРІКЗАТ ДҮЙСЕНҒАЗИН МЕН САЛАУАТ ИСАҚАЕВТЫҢ АЙТЫСЫ

### СЕРІКЗАТ:

Ағайын, баста десең ал бастадым,  
Мәресін танытайын марғасқаның.  
Армысың, қалың елім, қандастарым,  
Аман ба, жекжат-жұрат, мал бастарың?  
Жұмыссыз үйлеріңде жата-жата  
Тесіліп жатқан шығар жамбастарың.  
Шалкиіз, Бұқарлардың ізіменен  
Толғансам топты жарар қалмас па әнім?  
Солардың сарқытындай сөз сомдасам,  
Жүректен ақтарылар бар дастаным.  
Айтыстың жарқылдатып алдаспанын,  
Дәстүрдің танытайын жалғасқанын.

Арайлап алаш таңы атады алдан,  
Жалындап жүрегімде жатады арман.  
Бабалардың ізімен сөз суырсам,  
Қасиет дарыр маған сақалардан.  
Айтыс деген қазақтың операсы,  
Сахнаға жеткен бүгін сахараңнан.  
Айтыс деген елшісі татулықтың,  
Жалғасқан Сүйінбай мен Қатағаннан.  
Сол айтыстың тұрақты тыңдарманы,  
Айналдым, әжелер мен аталардан.  
Айтысқа жастар легі аз келеді,  
Соны ойласам жайым бар қапаланған.  
Саналы ұрпақ – ұлтымның болашағы,  
Салтың мен дәстүріңнен сабақ алған.  
Лайықты өнерінді тыңдай білсе,  
Байыпты ұрпақ өсер бата қонған.

Салауат, көрсет қанның қызулығын,  
Шалмасын ойынды кір, жүзінді мұң.  
Құрдастардың айтысын қыздырайық,  
Қолдасын сіз бен бізді Қызыр бүгін.  
Көтеріп мәртебесін ұлы өнердің,  
Үрдісін танытайық біз үлгінің.  
Алтынгүл келмей қалып сен жолықтың,  
Тартты ма маған қарай тұзың бүгін.

Құрдасым құрығыма ілініпті,  
Ниеттің қарасаңшы түзулігін.

Қабайын қапталыңнан қармақты сап,  
Жармаспай шаужайыңнан шалмап тұсап.  
Сабыр түбі сары алтын деген қазақ,  
Сайыста, Салауатым, салмақты шап.  
Айтыста көптен бері көрінбеп ең,  
Оралдың сағынышпен солдат құсап.  
Жұрт өзінді ұмыта бастап еді,  
Қар астында жоғалған қолғап құсап.

Батыстан жел түрды ма, қайдан келдің,  
Үф десе ұшатұғын қаңбақ құсап?

### **САЛАУАТ:**

Армысың, байтақ далам кең көсілген,  
Өзіңнің алдым қуат кең төсіңнен.  
Бойымда жастық жалын жігерім бар,  
Теңіздің толқынындай сең көшірген.  
Үлгі алып ата-баба дәстүрінен,  
Елімнің баласы едім кең көсілген.  
Мың сәлем Алатауға ала келдім,  
Ақбиік, Ақжайықтың өлкесінен.

Армысың, алматылық қалың қауым,  
Айтыс деп айтып жатқан елге сауын.  
Өнерім құдай берген рас болса,  
Алдында селдетейін жырдан жауын.

Жатпаспыз ел алдында болып қырғын,  
Қатты айтып келмес сені торықтырғым.  
Әдейі ат арытып Атыраудан,  
Құрамын Қазақстан толықтырдым.  
Аруақты аталарым дем бере гөр,  
Шынымен келмесе егер зорықтырғың.  
Сегіз аттық күші бар Серікзатқа,  
Құдайым мені нағып жолықтырдың?

Ақ құрдас әлі күнге бойдақ жүрсің,  
Ән салып, әр ауылда тойлап жүрсің.  
Жасың кеп елудің бір жартысына,  
Қашанғы жүремін деп ойлап жүрсің.

Қарадым ұзының мен жалпағынды,  
Мен сенің көтермеспін талтаңыңды.  
Қаңбақтай деп айтасың мына маған,  
Ұшырып жіберейін қалпағыңды.

## СЕРІКЗАТ:

Жүйрігін Салауатым сауырласын,  
Құрдасым, қарға тамыр бауырласым.  
Батыстан келген менің жан құрдасым,  
Каспийдің желіндей боп дауылдасын.  
Қол соғып айғайлайды мына жақта,  
Қолдаған өзіңнің көп ауылдасың.  
Үйлену менің жеке мәселем ғой,  
Бір сұлу неге маған табылмасын?  
Ертең-ақ үйленемін аман болсам,  
Басыңыз ол жағына ауырмасын.

Салауат, айбының жоқ айла жасар,  
Пайымды ойларың жоқ пайдаға асар.  
Илікпей отырсың-ау жөнді сөзге,  
Жүйріктей жұлқынғанмен тойға қосар.  
Жігітке елу жас та ештеңе емес,  
Ажарын сол кезде ол жайлап ашар.  
Алдымен ағайынның халін сұра,  
Үйлену деген бізден қайда қашар.

Салауат, сүлеймісің, қайқымысың,  
Тілдің майын тамызар Майқымысың?  
Айтулы ақын ғой деп бағалаушы ем,  
Айызымды қандырсын айқын ісің.  
Ат арытып жетіпсің Атыраудан,  
Айтысып аунап-қунап қайту үшін.  
Мен шықтым құрдасыма құрық салып,  
Қалтқысыз қалжың өлең айту үшін.  
Қапталыма келіпсің көк қошқардай,  
Соятын ертең құрбан айтым үшін.

Ер мұрынды деген бар,  
Мұрының саған өң берер.  
Қошқар болар қозының  
Мандай жағы дөң келер,  
Қанша қошқар болсаң да,  
Қанша сотқар болсаң да,

Салауаттай құрдасым,  
Жағдайың бүгін жөнделер.

### **САЛАУАТ:**

Қалайық біздер айтып тамашаны,  
Өрнек сөз шын ақынға жарасады.  
Қашанғы бойдақ жүрем дейсің бала,  
Жалғыздық бір құдайға жарасады.

Серікзат мұрынды айтып күлдіреді.  
Құрдасым танауымнан ілді мені.  
Көрінсе мұрыным үлкен өзіңізге,  
Кендігін тынысымның білдіреді.  
Тар танау тұлпар деген іші кетіп,  
Артымен айналасын бүлдіреді.

### **СЕРІКЗАТ:**

Салауат айтқан сайын арындасын,  
Ағынан ел алдында жарылғасын.  
Айтып ем мұрыныңды ашуландың,  
Байқаймын бүгін құрдас бабыңдасың.  
Арқаңа су шашпасам болар емес,  
Шақырып бүгін сені сабырға шын.  
Тынысың тарылғаны ештеңе емес,  
Ырысы жүрегіңнің тарылмасын.

Салауат айтар сөзін дамытқандай,  
Шыңдайтын шаршы топта шабыт қандай.  
Иманғали әкімің иманды екен,  
Жалпақ елдің жағдайын жаны ұққандай.  
Үкіметке алпыс миллиард ақша беріп,  
Бір пайызын ала алмай жабыққандай.  
Облысыңа пысқырған үкімет жоқ,  
Алдына шөп салмаған арық малдай.  
Тұқымы қойдың тұздай құрып жатыр,  
Барады теңіңде балық қалмай.

Естір құлақ, тындар жан болмаған соң,  
Әкімің айта-айта жалыққандай.  
Жабулы қазан тағы жабылады-ау,  
Кінәлі кім екені анықталмай.

Санамды соны ойласам ой шырмаған,  
Талабын бізге қояр қойсын заман.  
Мұнайдың жүз жылдығын тойладындар,  
Ойпырмай, біздің қазақ тойшыл жаман.  
Қой отарын көруге зар боп қалдық,  
Қойғанмен таяғың мен қойшыңды аман.

Атыраудың жағдайын айта отыршы,  
Азайып кетті деп ед, ойсылқараң.

### **САЛАУАТ:**

Айттың-ау балық жайлы тиімді ой-жыр,  
Өтерсің ұйтқып соғып құйындай бір.  
Балыққа сілекейің шұбырмасын,  
Саналы түйсік болса, миыңда-ай бір.  
Тамағы қарт Каспийдің бітеліп қап,  
Балық та бұрынғыдай құйылмай тұр.  
Ол балық шалғайдағы сендер түгіл,  
Іргеден біздерге де бұйырмай тұр.

Айттың-ау әкім жайлы кезегінде,  
Ол шүкір, абыройлы өз елінде.  
Әкім боп келді бізге Иманғали,  
Заманның қиыншылық кезеңінде.

Ардақтап ел сыйлаған азаматты,  
Жемқорды жеп үйренген жазалатты.  
Қырық жыл қоқыс басқан қаламызды,  
Ішінде қырық күннің тазалатты.

Айтпасқа және болмас мына жайлы,  
Оны айтпай дәтім сірә шыдамайды.

Жақсының жақсылығын айту керек,  
Елге онсыз әкім біткен ұнамайды.  
Сүйегі жеті ханның қатар жатқан,  
Салдырды Сарайшықтан мұражайды.

Мен айттым қаламыздың тазарғанын,  
Кемшілік айтсам түспес назарларың.  
Астана Ақмолаға көшіп кетіп,  
Қалыпты-ау пәстеу тартып ажарларың.  
Қаптаған Қытайменен қабаттасқан,  
Әкімің азайта ма базарларың?

Бір күн бар туатұғын жарық арай,  
Айтыста кездесерсің әлі талай.  
Осылай елдің мұңын айта отырғын,  
Сөзіңді жалғап жібер әрі қарай.

### **СЕРІКЗАТ:**

Ақынсың өлеңіңмен тәлім берген,  
Дара сөз тыңдайықшы дарынды ерден.  
Айт деп ем облысыңды мәз боп қалдың,  
Бөлісіп осы арада зарынды елмен.  
Ұлы той көппен көрген демейді ме,  
Сараңдай қиналмашы малын берген.  
Мұңыңды айт деп едім тоқтамайсың,  
Балықтай акуладан зәбір көрген.

Ағайын, арманыңа аштым құшақ,  
Болсын деп үлкен-кіші, дос-құрбы шат.  
Ол рас қара қытай қаптап жатыр,  
Кәдімгі таудан аққан тасқын құсап.  
Базардың барлығын кеп жаулап жатыр,  
Ауғаннан ауып келген босқын құсап.  
Оларды тыю ертең қиын болар,  
Тоспасақ алдарынан тосқын құсап.  
Қазақы көңілменен көне бермей,  
Күдікпен қараған жөн қашқынға ұсақ.

Тобаға келтірмесек бәле салар,  
Қорада қойға тиген қасқыр құсап.

Белгілі бұрыннан-ақ бесенеміз,  
Көрейік көз жүгіртіп кешеге біз.  
Басшылар сол жайында ойланбайды,  
Лепіріп айтқанменен неше лебіз.  
Тәуелсіздік айбынын жамылғанмен,  
Сордан бір арылмады пешенеміз.  
Біреулер күнбатыстан көз қысады,  
Дәл соған жетпейтіндей еш өреміз.  
Шермиген шетелдіктер қаптап жатыр,  
Олардан көгермейді көсегеміз.  
Ағайын, ет сасыса тұз себеміз,  
Ал, енді тұз сасыса не себеміз?

### **САЛАУАТ:**

Көрінді құрдас сенің жетілгенің,  
Айтыста қарсыластан кетілмегін.  
Батыс деп қақсай бердің қатып қалғыр,  
Одан да сөзін айтқын жетілгеннің.  
Тым жақсы келе жатып ауып түсіп,  
Тәтті аузын дәміңіздің кетірмегін.

Кетеді мұнайды айтсам жаңғырып жыр,  
Қара алтын сан ұятқа қалдырып жүр.  
Бұл күнде қарны тойған шетелдіктер,  
Ұйқысын түске дейін қандырып жүр.  
Күзетіп босағасын жұмыс сұрап,  
Балдары қазағымның қаңғырып жүр.

Сөз қылып айта берсем құдайымдай,  
Мұнайым келтіруші ед шырайымды-ай.  
Осынша байлық беріп кедей қылар,  
Өзіңе не жазып ем құдайым-ай?

Жақсыдан бір күндері ырыс болар,  
Бұл айтыс сөз майданы ұрыс болар.

Сөз айттық жарасымды екеуміз де,  
Ұрыста енді қандай тұрыс болар.  
Біраз сөз айттық түсінер саналыға,  
Қайтарсақ осы арадан дұрыс болар.

## **ИМАНҒАЗЫ НҰРАХМЕТҰЛЫ МЕН БАЛҒЫНБЕК ИМАШЕВТЫҢ АЙТЫСЫ**

### **БАЛҒЫНБЕК:**

Жолын берсін Балғынбек,  
Ағаны сыйлау бар міндет.  
Сізге кезек ұсынам,  
Жолыңды, аға, алғын деп.

### **ИМАНҒАЗЫ:**

Ассалаумағалейкум, туысқан жұрт,  
Кетпесін ұлдан ырыс, ұлыстан құт.  
Жаныма сақтап келген сағынышты  
Көзден де, көңілден де, тыныстан да ұқ.  
Сөз тұнығын терейін өз әлімше,  
Кіршіксіз соқпасам да хрусталь ғып.  
Сөз сөйлеуге татырлық бір ұлыңмын,  
Батырың болмасам да ту ұстарлық.

Армысың, Астананың ордалы елі,  
Пейілі кең, мейірі құт, қормал елі.  
Ұзаққа сүйіндірсін баянды боп,  
Басына бақыт құсы қонған елі.  
Кешегі қысылтаяң тар заманда,  
Бұл мекен жанға сақтау болған еді.  
Бабалар жанын қиып, қанын төгіп,  
Басқызбай жау табанын қорғап еді.  
Қобланды, Дайырқожа батырларың,  
Найзасын жауға кезеп толғап еді.  
Айтулы қанжығалы қарт Бөгенбай,

Жасанған жау ала алмас қорған еді.  
Дулаттың өнегелі жырларынан  
Сан үлгі болашаққа қалған еді.  
Фазиздің асқақ әнін туғызған жер,  
Тебірентпей тұрған жоқ ол да мені.  
Құлтума, Балуан Шолақ бабаларым,  
Бас идім аруағыңа, қолда мені.

Атыңнан айналайын, Балғынбегім,  
Мойныма сөз салығын салдың менің.  
Мерейің қайда жүрсең үстем болып,  
Шаттықпен өтсін сенің әр күндерің.  
Таудай алып тұлғаңмен азамат бол,  
Халқың үшін басатын нардың жолын.

Әсет пен болмасақ та сал Біржандай,  
Емеспіз елдің көңілін қалдырғандай.  
Қазақтың өлең сүйген бір ұлысың,  
Түрің жоқ қара сөзден қам қылғандай.  
Алдында Астаналық ағайынның  
Төгейін саумал жырды тандырланбай,  
Тай емес, тайынша емес, әр сөзімде  
Салмақ бар нардың белін талдырғандай.

### **БАЛҒЫНБЕК:**

Басқалардан беделі тұрған асып,  
Арқаға түр Астанам шын жарасып.  
Жарыса аққан Нұра мен Есілімнің,  
Көрермені, бармысың жырға ғашық.

Сәлем сұлу, Сарыарқам,  
Сазың кетпес санамнан,  
Қараөткелдей қонысым,  
Қанаттанып жаңарған.  
Есенбісің, Есілім,  
Аманбысың, ақ ордам!

Сіздерменен жүздесу, халқым, бақыт,  
Босқа өтпесін айтыста алтын уақыт.  
Қиялымның қанатын қақтырайын,  
Тұяғымның жасынын жарқылдатып.

Алматыда әкім жүр,  
Тіл үйрену мұраты боп.  
Қазақшаға сайрап тұр,  
Жүрегінде лапыл от.  
Мен де келдім айтысқа,  
Үмітпенен жездекем,  
Жіберген соң Храпунов.

Асыл жырын арнасын бар күрескер,  
Бүгінгі кеш мәнді де, сәнді кеш бол.  
Сұйылмасын шабыты ақындардың,  
Бұйырған соң басына Конгрес-холл.

Конгрестің холында,  
Тілекті тәңір орында,  
Сарыарқада жолықты,  
Сары алтындай сары ағам,  
Бағым ба, әлде сорым ба?  
Жиырма екі ақын айтысты,  
Мандаттары қолында.  
Парламентке түсетін,  
Кандидаттар секілді,  
Таласпайды орынға.

Иман ағам, армысың, инабаттым,  
Танытайын мейірін сый қабақтың.  
Ат арытып алыстан біз келгенше,  
Мүшәйраның жүлдесін жинап апсың.

Айналайын, Имекем,  
Көкірегің күй ме екен.  
Құтты болсын жүлдеңіз,  
Сегіз қырлы, бір сырлы,

Өнеріңіз қилы екен.  
Сыйлап қана қоймаймын,  
Басқаға да сыйлы етем.  
Жиырма екі ақын ішінде,  
Халықаралық айтысқа,  
Жалғыз шыққан қиын екен.

### **ИМАНҒАЗЫ :**

Ағайын, сөз тыңдаған астаналық,  
Жауапсыз мына сөзді тастамалық.  
Ініміз жақсы тілек білдіргенде,  
Жараспас отырғаным бос қамалып.  
Біздің халық кішіні құрметтеген,  
Қайтетінін кім білсін басқа халық.  
Жолымды саған берсін деп тіледім,  
Жүлденің басын өзім бастап алып.

Алтайдың мұз бүркенген мұнар басы,  
Атқан таң, шыққан күннің құмар досы.  
Есіл менен Нұраға сәлем деді,  
Ертіс пенен Емілдің ұлы арнасы.  
Ақ бидайды өсірген еңбеккер жұрт,  
Халықтың иман тұтқан құнарлы асы,  
Қол соқса Балғынбекке өкпе бар ма,  
Жалғыздың сүйеніші бір алласы.  
Дүрілдетіп Балғынбек жер тепкенде,  
Аруағы ақындардың, бір аунашы.

Балғынбек өзің де ерен, сөзің де ерен,  
Атасың жай оғындай көзіңменен.  
Сөзінде мақтаған боп емексіткен,  
Байқаймын кекесін түр сезілмеген.  
Кісіге балға қосып у беретін,  
Айлакер жазым өткел сөзің неден?

Тыңдарман желпінеді өлең десе,  
Айтыста анық ақын берер ме есе.

Халықтың пейіліне рахмет,  
Қайтер ем төккен терім төленбесе?  
Жүлде алдың деп кеше де, бүгін де айттын  
Жүлдені тартып ап ем сенен неше?  
Жалғанның тең жарымын сыйласа да,  
Тәңірдің қазынасы кең берем десе.

### **БАЛҒЫНБЕК:**

У бердің деп сөкпеші сынай қалып,  
Тентек өзен ағады лайланып.  
Жер теппесем өлеңді айта алмаймын,  
Жаратты екен осылай құдай не ғып?

Жер тебетін Айтақын,  
Шәкіртінің бірі едім.  
Дей алмаймын оған да,  
Еліктеуді тіледім.  
Осы әуенге келеді,  
Мінезім мен жүрегім.

Ойнап жүрген жоқпын ғой,  
Айтақынның ролін.

Жүзіңізден иман-нұр төгіліп тұр,  
Байқайсыз ба мына жұрт не біліп тұр.  
Әніңіз бен шаштағы сәніңізден,  
Иномарка екенің көрініп тұр.

Туған жерге келе ме,  
Жүрген адам аңсамай.  
Жақсылап бір шабайық,  
Ашылсыншы жан сарай.  
Өзің айтқан жаңағы  
Әсет пенен Біржандай,  
Бір шабайық шаршамай.  
Олардан гөрі, ағасы,  
Отырмыз ғой екеуміз;  
Дон Кихот пен Санчодай.

## ИМАНҒАЗЫ:

Бір кезде бірлігі мол халық едік,  
Білгедей билік құрған ханы болып.  
Кешегі тар заманның толқынында,  
Тоз-тоз боп әрбір жерде қалып едік.  
Халқыма теңдік тиіп, ел болған соң,  
Алласы мұсылманның жары болып,  
Тәуелсіздік қойныңа қосты мені,  
Әлемнің жатыр оны бәрі көріп.  
Ағасын танымаған қайран, бауырым,  
Аңғарлы ақын дейді-ау сені де жұрт?  
Басқа теңер ешнәрсе таппағандай,  
Иномарка дей қалдың мені не қып.

Біреу бай, біреу сөзге сараң шығар,  
Тереңде жатқан сырдың бәрі аршылар.  
Тағдырын тандап алар кісі бар ма,  
Шетте туса да өзіңнің ағаң шығар.  
Бірімізді-біріміз танымасақ,  
Күніміз бұдан кейін қараң шығар.  
Оған сені кінәлі дей алмаймын,  
Бітпейтұғын жандағы жарам шығар.  
Інісіне ағаны жат көрсетіп,  
Бізді де өстіп тоздырған заман шығар.

Бұл жерде айтылмаған сөз қалмасын,  
Әр дәстүр тауып жатыр өз жалғасын.  
Айтар сөзім емес ед айтып тұрмын,  
Айтылатын орнына кез болғасын.  
Тірлігі жат болғанмен кіндігі бір,  
Бұл отырған өз ағаң, өз қандасың.

Балғынбек, жер теппесең күшке енбейсің,  
Жер тепкенде басқаға күш бермейсің.  
Айтақынның ролін ойнамайсың,  
Бірақ соның аузынан түскендейсің.

## **БАЛҒЫНБЕК:**

Шекарадан елді аңсап аттап келген,  
Берем орын ағама мақтап төрден.  
Шет елдегі ағайын ана тілін,  
Қарасындай көзінің сақтап келген.

Елден жырақ болса да,  
Жерден жырақ болса да,  
Барған жері бассалып,  
Еркіндігін алса да.  
Кетпестей қып басына  
Бұғау әкеп салса да.  
Түсірмеген дінге мін,  
Ұмытпаған тілдерін,  
Қандастар бар қаншама,  
Нағыз ұлдар намысты.  
Күлкі болмай мәңгүртке,  
Күлкі болды баршаға.

Сүйекке өтті орыс тілі етімізден,  
Ағылшынға ауыстық шетімізден.  
Ана тілі арымыз емес пе еді,  
Ұятымыз кеткен бе бетімізден.

Айып етпе, ағасы,  
Ортаны ойып орыс тілі,  
Қазақ тілі бос тұрды.  
Егемендік алсақ та,  
Халық болдық қос тілді.  
Сыртымыздан қараған,  
Жау табалап, дос күлді.  
Ол аз болса араңнан,  
Ақылды шығып ағайын,  
Ағылшын тілін қостырды.  
Үндемей итің тұрған соң,  
Қораңа кеп шошқа үрді.

Туған жер деп жан бар ма үзілмеген,  
Жүзіңізден шаттықтың ізін көрем.  
Отаным да қуанды оралманға,  
Қырықтың бірін қазақ Қызыр деген.  
Ал, бірақ та, ағасы, күмәнім бар,  
Бұл күмәнім тектен-тек түзілмеген.  
Атамекен жеріңе жол сап кеп ең,  
Қара қытай қаптады ізіңменен.

Ираннан келді ағайын,  
Парсы бірақ ерген жоқ,  
Пәкістаннан келді жұрт,  
Оларға ұрду ерген жоқ.  
Моңғолдан келді бауырым,  
Моңғолды ертіп келуге,  
Ешкім ерік берген жоқ.  
Сен келіп ең қытайдан,  
Шұбырып ерді қысық көз,  
Сен кімсің деп тергеу жоқ.  
Шын айтамын ағасы,  
Оралманның өзіндей,  
Құйрықтысын көргем жоқ.

### **ИМАНҒАЗЫ :**

Сөзіңе мән бермеп ем бала ғой деп,  
Отырмын мынауыңды жала ғой деп.  
Соңымнан жаман сөзді ерте алмаймын,  
Қалжама туған шешем қара қой жеп.  
Қытайды ертіп келген оралман жоқ,  
Шақырмап па ең мұнай бар ала ғой деп.

Бар менің бар ма десең жанашырым,  
Ол мына қасиетті ана тілім.  
Шашылған тарыдай боп алаш ұлын,  
Жүретін астына алып қанатының.  
Басына қиын-қыстау күн туғанда,  
Қорғаған қорғағандай қарашығын.

Ұмытты деп тілін ел ағат айттың,  
Тіліне сақтамап па ед бар асылың?

Ақынсың алты алашқа атың мәлім,  
Айтысқа көрініп тұр жатылғаның.  
Жүрсең де топқа түсіп, дода көріп,  
Шамасы піспеген-ау басындағың.  
Аз ғана тіл білмейтін тобыр үшін,  
Қайткенің елді сөгіп шатылғаның.  
Тілінен безсе халық не қылады,  
Айтыстырып біздердей ақындарын.

### **БАЛҒЫНБЕК:**

Қисық емес, түп-түзу,  
Жол ұстанған жас бала.  
Жауап беру ағама,  
Борыш болған Астана.  
Қонысбайдай ағама,  
Қоныс болған Астана.  
Айтыс жаңа келген соң,  
Қазақыланып келеді,  
Орыс болған Астана.

Ерді деп ем ізіңмен қытай не ғып,  
Көрсетті қой бұл ағам құқайды анық.  
Оралманды менсінбей отырғанда,  
Балғынбектің кетпесін бұты айналып.

Қара қытай қаптады облысқа,  
Соры мұнай, қазақтың соры мыста,  
Балғынбаев жөндесін, Балғынбектің,  
Бойы ұзын болғанмен қолы қысқа.

Жүлдегер деп Имекем,  
Балғынбек жұртқа шашты әнін,  
Отырғам жоқ мен сіздей,  
Күмәнді алып тастадым.

Айтыстың да беретін,  
Долларынан қашпағын,  
Алып, алып жүлдені,  
Ағатай-ау, бірақ та,  
Қытайға қайта аспағын.

### **ИМАНҒАЗЫ :**

Жөн болар дұрыс сөзді бұрмасаңыз,  
Біз сонда тіл табысып, сырласамыз.  
Отырсың тақыр жерден шаң шығарып,  
Мұнымен қалай ғана қырды асамыз.  
Келгеніме қытайдан бес жыл болды,  
Айтатын өкпем де бар тыңдасаңыз.  
Азаматтық ала алмай келем әлі.  
Қай уақытта елге сіңіп жымдасамыз.  
Қытайға мен қашпаспын сіз егер де,  
Паспорт бермей, басқа ұрып қумасаңыз.

Төгейін сен тілесен жырды шүлен,  
Кем емес сөздік қорым бір кісіден.  
Сан жерде сөз бастаған саңлақ едің,  
Балғынбек ақын емес тұрғысы кем.  
Шиырлап бір ізіңнен шықпадың-ау,  
Мойны озған ақын десем, мың кісіден.  
Майлайын жырға зәру өзегінді,  
Өлеңнің сымға тартқан сүмбісімен.  
Дәл тимей нысанаға жатыр сөзің,  
Басы бос балтаға ұқсап ұңғысы кең.  
Жүлде үшін өлең айтсақ ақын емес,  
Болармыз жем іздеген бір күшіген.

Ағады тентек өзен лайланып,  
Қонады қызарғанға құмай барып.  
Үш айттың бір сөзіңді шыр айналып,  
Езбе қылып жаратқан құдай не ғып?

## **БАЛҒЫНБЕК:**

Астанамның Имекем төрін көрді,  
Өзім іздеп келіп ем жолым болды.  
Қайта-қайта ініңді шала бердің,  
Шыныменен сары ағам сорым болды.

Жүрмейді бірақ ініңе,  
Алдау менен сиқыр мың,  
Әкежаннан әккімін,  
Хитриннен де «хитрыймын».

Сахнада ағамыз тозақ болды,  
Үш қайталап бір сөзді косяк болды.  
Мәні менен дәмі бар деп айттым ғой,  
Арам ой жоқ көңілім де осы-ақ болды.

Жер тебінген тарланмын,  
Талай жерді шаңдармын,  
Есінді алған жоқпын ғой,  
Несін маған таң қалдың.  
Селкілдейтін әуенге,  
Тәуелді боп қалғанмын.

Сөзіңізге разы боп халқым отыр,  
Ішіндегі қаймағын қалқып отыр.  
Шығыс Түркістан менен оңтүстікті  
Жалғайтұғын болыңыз алтын көпір.

Деп ойлап ем ағасы бата қылар,  
Сізге жабар Балғынның шапаны бар.  
Жалаңашқа шапанын шешіп берген,  
Дәл осындай болады аталы ұлдар.

Аға-іні жарассын,  
Халық оны қолдасын.  
Оралманға жамандық,  
Ойлағандар оңбасын.

Айналайын, жан ағам,  
Түркістанға барыпсың,  
Қызыр болсын жолдасың,  
Яссауи бабам қолдасын.

### **ИМАНҒАЗЫ :**

Ақынның жырдан басқа мұраты жоқ,  
Осындай дарқандығыңды ұнатып ек.  
Періштедей көңілмен аңқылдаған,  
Арнаған тілегіңе рахмет.  
Текті кісі бергенін бұлдамайды,  
Балғынға соны алла мінәсіп ет.  
Ел-жұртқа да құт қонып, бақ дарысың,  
Бүгінгі қабыл болып, дұға тілек.

Жаман сөз таппай айтса іш кептірер,  
Оны жұрт өкінішті іс деп білер.  
Болсын сөзің дауылдай тоқтауы жоқ,  
Кіргізбейтін есікке күштеп кірер.  
Артық айтқан сөзімді кешір, інім,  
Күшігін арлан қасқыр тістеп сүйер.

Толмаса талғамыңа толғамымыз,  
Әрине, біздің осал болғанымыз.  
Ел мен жердің қадірін білдік дейміз,  
Бір ауыз өлең арнау сондағымыз.  
Аянып алдарыңда қалған жоқпыз,  
Сарқылды осы айтыста ойдағымыз.  
Базарға барын салат демей ме әр кім,  
Әзірше осы болды қолдағымыз.  
Көрермен разымын өздеріңе,  
Қоздырып аруағымды қолдадыңыз.  
Жаманшылық тәңірім көрсетпесін.  
Тәуелсіз елге айналдық ордалы біз.  
Қос ұлың сахнадан түседі енді,  
Аман бол, арқа сүйер қорғанымыз!

## ИМАНҒАЗЫ НУРАХМЕТҰЛЫ МЕН ӘБЛҚАЙЫР СЫЗДЫҚОВТЫҢ АЙТЫСЫ

### ӘБЛҚАЙЫР:

Екпінім бойда барда шаң қаптырар,  
Көрермен көңілімен талғап тұрар,  
Келген соң Ұлытаудың өңіріне,  
Шын қыран болса көкте самғап тұрар.  
Ақ ниетті ағайын, сіздерсіздер,  
Ақынның шабытына шам жақтырар.  
Ақынның шабыты елдің шапалағы,  
Ендеше аянбандар, ардақтылар.

Алғысын алайын деп көргенді елдің,  
Асығып аламанға мен де келдім.  
Ағайын ықыласыңнан қуат алып,  
Жасқанбай жыр семсерін сермегенмін.  
Алдында тағы бір сәт көсілейік,  
Қаншама қиындықты жеңген елдің.  
Сенімінен шығуға тырысайық,  
Бақытты болашаққа сенген елдің.  
Әйтеуір, мақтанына айналайық,  
Бүгінгі ұлы айтысқа келген елдің.  
Ұлытау, ұлылығың елге мәлім;  
Жезқазған, жаннатымсың сен де менің.

Өкпелеп кінә тағып жүруші едік,  
Ауылға аздап көңіл бөлмегенін.  
Ал, енді мақтанышпен айта аламыз,  
Елбасы өзі бастап елегенін.  
Ауылдың мәртебесі көтеріліп,  
Қалар едім ошағы сөнбегенін.  
Жаһұттай жарқыраған жыр сыйлайық,  
Басқа дым бермесек те елге тегін.  
Ассалаумағалейкум, армысыздар,  
Аламан айтысты аңсап келген елім.  
Әйтеуір, тілейтінім енді үкімет,  
Ауылға берсе екен бермегенін.

Жүйіріксіз шаршы топта сүрінбеген,  
Белдесе кетсе белі бүгілмеген.  
Тәуба деп Тәуелсіздік алғалы бері,  
Ойласақ жол қалды ма жүрілмеген.  
Сіздерді шын жүректен құттықтаймын,  
Көктемгі жаймашуақ күніңменен.  
Ұлыстың ұлы күні қарсаңында,  
Жолдайын шашу жарқын жырымменен.  
Осындай аламанды көргеннен соң,  
Ағайын, аянайық бүгін неден.  
Имеке, барынды сал ортаға енді,  
Көрермен риза болсын күлімдеген.  
Не керек бір сұмдықты көрсетейін,  
Қыздырып аламанды дүбірлеген.

Имеке , көнсең мұныма,  
Асқақтап әсем әнге де,  
Салатұғын кез кеп тұр.  
Құлагердей көсіліп,  
Мерейін елдің өсіріп,  
Тұлпардай тулап дәл бүгін,  
Шабатұғын кез кеп тұр,  
Айтысқа бүгін жиналған,  
Осынау мына елдің де,  
Көңілін әр кез жырменен,  
Табатұғын кез кеп тұр.  
Көгінде елдің қалықтап,  
Қырандай қанат біздерге,  
Қағатұғын кез кеп тұр.  
Бәрін айт та, бірін айт,  
Ауыл жылы арқырап,  
Жұлдызымыз жарқырап,  
Шындықты айтып шырқырап,  
Шабатұғын кез кеп тұр.

### **ИМАНҒАЗЫ:**

Жыр бәйге дүбіріңе еліктірдің,  
Қоздырып аруағын ерікті ұлдың.

Ұлытау, алтын Арқа ырыс қонған,  
Өзі едің көз тартатын көріктімнің.  
Ағызып төрт бағытқа бірдей өзен,  
Барыңды байтақ жерге беріп тындың.  
Секілді жер ананың омырауы,  
Сарқылмас мейіріңе сеніп тұрмын.  
Ағыбайдай батырдың жұраттары,  
Басымды иіп сәлем беріп тұрмын.  
Ерлігін Байғозы мен Ағыбайдың,  
Ұлдарыңның бойынан жолықтырдым.  
Жанды өртеген жалынын махаббаттың,  
Қыздарыңның көзінен көріп тұрмын.  
Менде бүгін ағымнан жарылайын,  
Өз қолына тізгінін беріп тілдің.  
Қолдай гөр, аруақтар, есімінді,  
Тар жерде сеніміме серік қылдым.  
Жошы мен Алаша хан аруағы,  
Дұға оқып бастарыңа келіп тұрмын.  
Ассалаумағалейкум, ардақты елім,  
Май құйған намысына бөрікті ұлдың.

Туада сөзбен ашқан жақ кірісін,  
Өлеңнің өрісі кең тапқырысың.  
Қиын ғой, Әбе, саған қатты сөйлеу,  
Жөн еді ескерткенің сақтық үшін,  
Арқаға көктемді алып ерте келген,  
Аралдың құлаш мойын аққуысың.

Ақынсың өзіңді еркін меңгермеген,  
Сөзің көп олпы-солпы жөнделмеген.  
Алапат дарыныңды сүйеді жұрт,  
Шешенге сөз, жүйрікке жол бермеген.  
Ел көрмеген сұмдықты көрсетем деп,  
Оғаш мінез көрсеттің мен көрмеген.  
Сондағы көрсетерің қандай сұмдық,  
Жолыңа тұрмайыншы мен көлденең.  
Бір кезде ақтабан қып жоңғар шапқан,  
Шоқпар жоқ ел басына сермелмеген.

Он алты да ұлдарын оққа байлап,  
Жүректерді жібімес тоң кернеген.  
Отызыншы жылдардың зобалаңын,  
Біздің ел басқа жұртпен тең көрмеген.  
Үш қазақтың аштықтан екеуі өліп,  
Біреуі қасіреттен сенделген ең.  
Төбесінен «Протон» құлатады,  
Аң, құсын алып болып кендерменен.  
Үш жүз жыл бодан болып бөгде жұртқа,  
Қайғыны басқа жұрттан кем көрмеген.  
Әбеке-ау, мұнан артық сен көрсетер,  
Тағы қандай сұмдық бар ел көрмеген.

Тектілік күтім көрген бойдан шығад,  
Аталы асыл өлең ойдан шығад.  
Қиратам деп даңғаза боп отырсың,  
Бәйгеге қосқан жандай тай қамшылап.  
Жұрттан үлкен тұлғаң жоқ соншалықты,  
Әбеке, осы айқайың қайдан шығад.

### **ӘБІЛҚАЙЫР:**

Жасы үлкен ағаға сіз деп едім,  
Өйткені Сыр бойында жүзген едім.  
Ел алдына мен шықсам айқайыммен,  
Елдің мұңын мен қашан тізбеп едім.  
Айқайың қайдан шығад деп отырсың,  
Мен де елден үмітті үзбеп едім.  
Қиратамын деп отырсың дейсің маған,  
Мен де өзіндей жүйрікті іздеп едім.

Иманғазы, ибалы ағам едің,  
Белгілі талайларға бағаң сенің.  
Ойыңда көп өнеге тәлім бар ғой,  
Өзіме үлгі етіп алар сенің.  
Аямай маған қамшы сала бергін,  
Қанына өнер сіңген қазағымның,  
Көгінде жұлдыз болып жана бергін.  
Өзіндей арғымаққа кез келген соң,

Келеді шаба бергім, шаба бергім.  
Ендеше көрмегенді көрсетейін,  
Шабысын байқа бүгін қаракердің.  
Әйтеуір бір қызықты елге сыйлап,  
Көңілін табайыншы тамам елдің.

«Протонды» айтып мені күндеймісің,  
Себебін оның, аға, білмеймісің,  
Менен гөрі үкіметке жақын жүрсін,  
Құлағына солардың ілмеймісің.  
Шынымен жаның ашып жатса бізге,  
Құлақты бізге қарай түрмеймісің.  
«Протонды» құлатып жататұғын,  
Сыздықовта билігі түр деймісің.

Бұл сұмдыққа халқымыз шыдайтын ба ед,  
Осылай әңгіме айтсақ ұнайтын ба ед.  
Ол рас «Протондар» көкке ұшып,  
Арқаның төріне кеп құлайтын ба ед.  
Халқымыз сонан үлкен жапа шегіп,  
Болашағын уайымдап жылайтын ба ед.  
«Протонды» ұшырарын, ұшырмасын,  
Әбілқайырдан, немене, сұрайтын ба ед?

Демеймін өнеріңді елемедім,  
Келіп түр кезегінді бере бергім.  
Өзіндей асыл текті ағалардың  
Алғысымен шаттыққа кенелермін,  
Айқайым тағы естіліп жатса бүгін,  
Қозғаны шығар, аға, делебемнің.

Айқайымды айтып отырсың,  
Жауабымды айта алам.  
Көңілін елдің шайқаған,  
Өзіңнің де ағасы,  
Шабысыңды мен талай,  
Шаршы топта байқағам.

Алысқа шабар жүйріктің,  
Шабысы қатты болады.  
Басшысы әділ халықтың,  
Табысы жақсы болады.  
Секендей нағыз күйшінің,  
Қағысы қатты болады.  
Ұлтаны таза өзеннің,  
Ағысы қатты болады.  
Әбілқайырдай ақынның,  
Халықтың жайын сөз етсе,  
Дауысы қатты болады.

### **ИМАНҒАЗЫ:**

Халықтың айтамын деп мұң, шағымын,  
Өзгертіп жібердің-ау, жыр сарынын.  
Халқыңның сөзін өстіп сөйлемесең,  
Болар ма ед жамағатқа мұнша құның.  
Жұрттың жайын сөйлемей басқа ақындар,  
Қамын айтып жүр деп пе ең құрсағының?

Ақын ең үміт күткен сеніп елдің,  
Бірі едің сөз бастаған серілердің.  
Сен құлаттың деп пе едім «Протонды»,  
Асатпай құлдык деген сені көрдім.

Әбеке, бар ғой сенде зиындылық,  
Айтасың әр бір сөзді түйінді ғып,  
Байқоңырдан «Протон» ұшырғандар,  
Арқаға құлатады үйінді ғып.  
Құлаған протондар сұмдығымен,  
Халықты жылатады күйіндіріп,  
Бұл күнде протонның аты аталса,  
Миынан өтеді елдің құйын жүріп.  
Протондай дарының сенің дағы,  
Талайларды табынтқан сиындырып.  
Сөз киесін меңгерген ақын едің,  
Жұрттың қамын сөйлейтін күйін біліп.

Умен меңдеп шаршаған ағайынды,  
Жырмен емдеп, жазайық сүйіндіріп.

Сен мені отырсың-ау сынағалы,  
Бұл емес еді сөзің сыбағалы.  
Айдай әлем білетін шындық рас,  
Протонның арқаға құлағаны.  
Ұшырған да сен емес, құлатқан да,  
Сенен ешкім көрмейді, сірәда, оны.  
Не айтып, не қойғаныңды үкпаушы ма ең,  
Сөздің бір болмай ма екен тиянағы?  
Жаңсақ естіп, шала ұғып, шалыс сөйлеу,  
Дағдыланған әдетің бе туадағы?

Баталы тілек күткен тұлғалыдан,  
Аталы сөз күтеді ел ұлдарынан.  
Әр түрлі әр адамға дәулет біткен,  
“Біреуге ми, біреуге пұл дарыған”.  
Қазақтың өнер десе жаны пида,  
Ақынға артық сенеді иманынан.  
Ақынсың, Әбілқайыр, жыраулардың,  
Жаңылмаған дәстүрлі ырғағынан.  
Халықтың қадір тұтқан ақын едің,  
Талайлар артық көрген туғанынан.

Түйдек-түйдек сөздерің төгілмелі,  
Қозғалған оқ секілді құндағынан.  
Сондықтан байқап-байқап айтысарсың,  
Саған тең бола алмаймыз бұл жағынан.  
Сүлейлердің сарқыны ең тірі жүрген,  
Сырдың суы келмейтін сирағынан.

Әбекең асып сөйлеп аласұрды,  
Иелеп қалайын деп дара тұрғы.  
Екеуіміз қатар келіп отырған соң,  
Дидары сахнаның жаңа ашылды.  
Бір сары мен бір қара қандай ғажап,  
Алтын мен топырақтай жарасымды.

## ӘБІЛҚАЙЫР:

Біз секілді ақындар елден шығады,  
Маңдайдан ағыл-тегіл тер де шығады.  
Ел тізгінін ұстайтын азаматтар,  
Ел қамын ойлайтұғын ерден шығады.  
Ағасы, сен де оны білесің ғой,  
Көп жерде құт-береке көлден шығады.  
Жаңағы өзің айтқан сары алтын да,  
Мен секілді топырақ жерден шығады.

Кейбіреу өзімсініп басынады,  
Көлгірсіп көп алдында тасынады.  
Бірақ та ағаларға артық сөйлеп,  
Тасқа тиіп көрген жоқ басым әлі.  
«Протонды» елге айтып Имекендер,  
Мен секілді шын жүректен ашынады.  
Бұл қасіретті барша жұрт шегіп жатыр,  
Оны қалай ақындар жасырады.  
Ендеше бір қызықты біз жасалық,  
Шын тұлпар шапқан сайын ашылады.

Демеймін ойларыңды елемедім,  
Қайткенде өзіңе, аға, теңелемін.  
Бойыңдағы ізгі дарын өнеріңмен,  
Сен де осы үлкен додаға сеніп келдің,  
Елдің жайын жырладың еміреніп,  
Аға, текті сөзіңді шегеледің.  
Ел жайын жырға қосып айта алмасам,  
Жеті жүз шақырымнан неге келдім.

Шындықпен манағы айтқан беттесе ме?  
Бұл ойымды сірә ешкім тек десе ме?  
Қайсы бір жыл мәдениет жылы болды,  
Бәрі бір жете алмадық көздегенге.

Мәдениет жылында клуб ашып,  
Төрт, бес штат берумен шектесе ме?  
Денсаулық жылы болды онан кейін,  
Әйтеуір батыр болдық сөз дегенге,  
Сол жылы бүкіл дәрі қымбаттады,  
Халқымыз онан жапа шекпесе де.  
Ал енді ауылдың осы үш жылы да,  
Құр әншейін ұранмен өтпесе де!  
Қырық миллиард қаржыны бөлді дейді,  
Ол да құрып құлқынға кетпесе де.

Біз қазақ өрге қарай өсер елміз,  
Түйінін тіршіліктің шешер елміз.  
Бірлікпен тірлік жасап жүрсек әр кез.  
Бой жазып қиындықтан көшер елміз.  
Токсан сөздің тобықтай бір түйіні,  
Бірлікпенен қашанда дос екенбіз.  
Ауылдың ауыр халы көтерілмей,  
Ағайын көгермейді көсегеміз.

### **ИМАНҒАЗЫ:**

Бұл пікір талай түсер додаға әлі,  
Адамның күзетшісі болады ары.  
Ауылдағы халықтың халы қиын,  
Азғана малға қараған қорадағы.  
Техника қолында болмаған соң,  
Емуге де дәрменсіз Жер-Ананы,  
Халық болып ауылды көтерелік,  
Көкжәк үйрек секілді қоғадағы.  
Патшаның ықыласы ауды білем,  
Енді ауылдың жағдайы оңалады.  
Ауылға бетін бұрды десіп жүр ғой,  
Бюджет артқан керуеннің тоғанағы.  
Мұндайда алтын артқан керуенге,  
Қарақшы қоса ермесін тонағалы.

## МЭЛС ҚОСЫМБАЕВ ПЕН ДӘУЛЕТКЕРЕЙ КӘПҰЛЫНЫҢ АЙТЫСЫ

### МЭЛС:

Ағамыз - күн болғанда, ақ таң - жеңгей,  
Оларды айту қиын мақтан көрмей.  
Айтыстың абыройын асыратын,  
Ақ сауыт, ақсақалды қарттар келгей.  
Мен де өзі кемпір-шалдың баласымын,  
Солардың батасымен шапқан желдей.  
Шұрқырап құлындары келген кезде,  
Ентігін еміреніп басқан көлдей.  
Қоныстың шекарасын белгілейтін,  
Болыстың сандығында жатқан мәрдей.  
Алтынның сынығындай алмасатын,  
Жақсылардың соңынан жастар келгей.  
Ағайын, аман-есен көрдіндер ме,  
Арнайды талай ақын дастан мендей.  
Азайсандар абыржып қаламыз ғой,  
Біз-дағы қалдық па деп тастанды елдей.  
Енді бүгін еш қайда кетпеңіздер,  
Той қызығын соңында тосқан жөн ғой.  
Армысың, Дәулеткерей, арғымағым,  
Есімінді дәріптеп қосқан жөн ғой.  
Түскен соң өлең сөздің майданына,  
Лайым несібенді ақтан бергей!  
Шырайын әлеуметтің кіргізсін деп,  
Құдайым қызыл тіл мен жақ бергендей.  
Аруаққа сиынып бір көрейін,  
Қалмаққа таңғы ұйқыда тап бергендей.

### ДӘУЛЕТКЕРЕЙ:

Сөйлесе Мэлс ақын таңдайланбақ,  
Айтатын әлеуметке әнді ойланбақ.  
Мысалға келтіреді көп әңгіме,  
Пернені басатұғын жандай бармақ.  
Қалмаққа таңғы ұйқыда тап берем деп,  
Сондағы тап бермегің қандай қалмақ?

Бисмилла, елім күндей ерке күлсін,  
Пернесі домбырамның оң терілсін.  
Ассалаумағалейкум, арда қазақ,  
Көңілің көркем жырға көмкерілсін.  
Шыққанда үкілеген үздіктерің,  
Төрт көзің түгел бізге төңкерілсін.  
Арлан ақын Мэлс те ат үстінен,  
Көкпарыңа тастаған серкені ілсін.  
Батырлықты дәріптеп ақындықпен,  
Ұлдарың серттеріне семсер ілсін.  
Махамбеттің тойында маңғаз елім,  
Шаттықтың шалқар күйін шерте білсін.  
Шапалақтап отырсаң ақыныңның,  
Екі ауыз өлеңіне ел семірсін.  
Марғасқа Махамбеттің айтысында,  
Таңдайдан жыр, маңдайдан тер төгілсін.

Ақсұңқардай бүрғасын шыңға бетті,  
Қара өлеңмен қылайын ырза көпті.  
Қара ниет пиғылы патша ағзамның,  
Қазағымның қадамын шырмап өтті.  
Кешегі кер заманда ел қамауда,  
Ерлерімнің қылышы қында кетті.  
Қарғыланған төбеттей елді талап,  
Бір сатқынның бөлесі мыңға жетті.  
Ұлыңның тұрпатынан тұлға кетті,  
Сұлудың құлағынан сырға кетті.  
Арбалмаған алаштың нары қалмай,  
Тал қармаған талайлар суға кетті.  
Жұлын күрттай жұлынып ердің басы,  
Туырлықтай далаңды тулақ етті.  
Өз несібең бұйырмай өз аузыңа,  
Сары табактың сарқытын күл дөметті.  
Марғасқа Махамбеттей маңғазына,  
Айтақпен үрген иттің тырнағы өтті.  
Отаншылдың сезімі тұншықтырды,  
Отаршылдық дертінен туған өртті.

Қаймана қазағымның қасіретін  
Қан жылаған жүрекпен жырлап өтті  
Ақыры арыстандай айға үмтылып,  
Қапыда қара жерді құндақ етті.

Халқымның пейілі ғой ең тұнық нұр,  
Сондықтан менің көңілім желпініп тұр.  
Жайықтан келген ақын жанымда бар,  
Дегендей осы айтыстың сертін ұқтыр.  
Отаршыл озбырларға қарсы шапқан,  
Батырлардың рухы серпіліп тұр.  
Арыстарын аспанға ел көтеріп,  
Қуаныштан көзіне көл тұнып тұр.  
Махамбет ақындардың сұлтаны еді,  
Қалатын жырларынан жөңкіліп қыр.  
Ораза айы сұлтаны он екі айдың,  
Жүректерге иманын толтырап тұр.  
Ақын тойы оразамен орайласып,  
Қос сұлтанның жұлдызы тең туып тұр.

Алланың пәк пейілі құранда аппақ,  
Ықыласты пендеге сыр аңдатпақ.  
Ал, Мәке, бүгінгі ізет бізден болсын,  
Бәйгеге тұлпарынды тұмарлап шап.  
Үзеңгі қағыстырып отырармын,  
Қыңыр сөйлеп кетпесең сыңар жақтап.  
Абыл, Ақтан, Нұрым мен Қашағандай  
Аталардың аруағын шын ардақтап.  
Пір Бекет деп сөз бастап жүрген ұлсың,  
Бабасының есімін ұрандатпақ.  
Толарсақтан қан кешкен батырлардың  
Шын ерлігін ұрпағы тұрар мақтап.  
Махамбеттің айтысын қыздыршы енді,  
Асқар тауды басса да мұнар қаптап.  
Қызыр қонған батыстың ақыны едің,  
Қызыл тілден ұшырған қыран баптап.

## МӘЛС:

Дегендей сайысып бір көрші екеуің,  
Белгілі сол сөзден-ақ көрші екенің.  
Әрі інім, әрі шәкірт деп атаған,  
Сезбедім сіздің сөздің ерсі екенін.  
Қалмақты мысал үшін айтып едім,  
Олардың білесің ғой елші екенін.  
Қандай қалмақ деп сұрайсың мына менен,  
Қай қалмақтың паспортын көрсетемін.

Халайық екеумізді күткен шығар,  
Ағаш та жаңқалаған түптен сынар.  
Дәулеткерей, алдында шәй құюулы,  
Мөлдіреп түр ғой, әне, сүтпен сыңар.  
Ұзақтау толғағаның қандай жақсы,  
Сен-дағы ақын емес іштен тынар.  
Өзіңнің сөздеріңе қарағанда,  
Кассетаңның бір жағы біткен шығар.

Дәулетжан, айтысқанда аспандай ма,  
Әуелден сөйлемейді бастан майда.  
Жеребе екеумізді тоғыстырған,  
Осындай әдетті де тастау қайда?  
Жақсы сөз жарым ырыс түсінемін,  
Ырыс та ынтымақтан басталмай ма?  
Дегенмен қорқамын көп мақтаулардан,  
Көп ішкен адамдар да мас болмай ма?

Мұныма мынау тұрған қосылар ел,  
Алдымен ақын туған осылар – ер.  
Батыры ақын, ақыны батыр болған,  
Қазақтың қасиетті топырағы – ер.  
Сіз бен бізді жаратқан әуел бастан,  
Топырақтың алдында тосыла көр.  
Жаныңның жарақатын жазам десең,  
Арыңның әділ таза сотына бер.  
Құдайым, ең алдымен адалдықты,  
Домбыра ұстап жүрген досыма бер!?

Өлеңнің дариясын көрем десең,  
Қосымбай деген шалдың қосына кел!  
Дәулетжан, әрі қарай арқырайын,  
Ойланып қалған бізден шошынады ел.  
Бірдеңе десем тағы ренжисің,  
Айтыспасаң айтыспай отыра бер.

### **ДӘУЛЕТКЕРЕЙ:**

Таратып әрі қарай әкет аңыз,  
Жұртқа біз жыр сыбаға асатамыз.  
Кассетаң біткен шығар деп бір айттың,  
Оған қалай енді сын жасатармыз.  
Өзіңізге шәкірт боп жүргеннен соң,  
Сіздікіндей бітпейтін кассетамыз.

Халқымның бар еді ғой затында ерлік,  
Біз бүгін ақиқатқа жақын келдік.  
Мәлс аға, өзіңе іні болып,  
Алдына елдің талай тату келдік.  
Айтайын енді еліме сүйіншілеп,  
Екеуміз талай топтың сапын көрдік.  
Жатқа тізгін бергенде жетпіс жылдай,  
Арып-ашып азапты тақым көрдік.  
Дінің аман жүрекке тұнбағасын,  
Құбыладан жаңылған кәпір болдық.  
Ондырмай от көсеген көсеу құсап,  
Қазақы салт-санадан тақыр болдық.  
Әйтеуір көз жасымды құдай көріп,  
Қолға тізгін тигесін батыл болдық.  
Өткен күнге салауат біздер айтып,  
Азат таңның нұрымен әтірлендік.  
Астанада оқушылар сарайына,  
Махамбет бабамыздың атын бердік.  
Болашақ жастарымыз рухтанып,  
Махамбеттей болса деп мақұл көрдік.  
Храпунов қиса егер бір көшесін,  
Ұлы тойда болар ед татымды ерлік!?

Ал, Мэлс, айтысқанда шабытпен кел,  
Жетеді ақиқатқа халықпен жол.  
Кеуденде тұнған жырдың ұясы бар,  
Атадан асып туған даңқты ерлер.  
Атырауда Махамбетке айтыс қылмай,  
Өзіңе сызып алдың қауіп шеңбер.  
Егер де дұрыс пиғыл танытпаса,  
Әкімдердің қылығын әдіптендер.  
Алысқа қарайтұғын қыран құстай,  
Батыста бар еді ғой байыпты ерлер.  
Махамбетке қимаған байлық құрсын,  
Басқаның есебінен байып па ең дер?  
«Құдайдан айналайын мұнай берген,  
Мұнайдан айналайын құдай берген!» -  
Деген сөз Мэлстікі анық дендер.  
Өнегелі іс қылмаса байларыңыз,  
Немене ықыласқа жарып па ең дер?  
Алтын сандық үстінде отырғанмен,  
Кілтiнен айырылып қалып па ең дер?

### **МЭЛС:**

Азаттыққа қол жеткен,  
Теңдік деген осы ғой.  
Сол теңдікті жырлайтын  
Өлеңнің салып өрмегін,  
Өрлік деген осы ғой.  
Батыспенен шығысты  
Бөліп, Дәулет, сөйлейсің,  
Кемдік деген осы ғой.  
Махамбеттің бұл тойы,  
Алматыда өткенге  
Қалың халық қуанды,  
Кемдік деген осы ғой.  
Бір қазақтың бір қазақ  
Бітпеген ісін бітірсе,  
Елдік деген осы ғой!

Арғымақтың баласы,  
Аз оттар да, көп жусар.  
Талаудан татқан дәмі бар,  
Азамат ердің баласы,  
Аз ұйықтар да көп жортар.  
Дүшпанға кеткен ары мен.  
Барымтаға түскен малы бар,  
Махамбет айтқан өлеңде,  
Өткен менен кеткеннің,  
Бүгінге дейін жеткеннің,  
Ойласандар бәрі бар.  
Батырлардың ішінде  
Қайыңы бар, талы бар.  
Айғыры бар, нары бар,  
Үбі батыр бастаған,  
Тәнипа балуан қостаған,  
Ғайса, Амантайы бар.  
Тұлпарын мініп, ту алған,  
Және Шөмен байы бар.  
Хан ордасын қоршаған,  
Шұбатылған шаңы бар.  
Исатайды туарда  
Нағимадай шешеміз  
Жылан жұтқан екен деп,  
Айтатындар әлі бар.  
Сол жыланның жартысын,  
Түгел жұтпай құсыпты,  
Бұл сөздің бір мәні бар.  
Батыр туған баласы  
Бастаған ісін бітірмес,  
Халық айтса, қалт айтпас,  
Деген сөздің жаны бар.  
Ішкі орданың сол кезде,  
Жәңгір деген ханы бар.  
Тақылдаған татардың,  
Қаңқылдаған қалмақтың,  
Шақылдаған кәуірдің  
Ойласандар бәрі бар.

Шыман ұлы Орманның  
Шөке деген лағы бар.

### **ДӘУЛЕТКЕРЕЙ:**

Қолында қос батырдың садақ ойнар,  
Хас Шебердің қолында қалам ойнар.  
Ер Исатай батыр мен дүр Махамбет,  
Бұтағына бұлт қонған қарағайлар.  
Мэлс аға, айтпағым мынау еді,  
Адамға көрсетпесін заман айбар.  
Елдігінен айналдым қазағымның,  
Ақын емес едің ғой жаман ойлар.  
Махамбеттің бұл тойын жасап жатқан  
Отан партиясында Нар ағай бар.  
Амангелдіге құдай қуат берсін,  
Жинаған жауқазыннан арадай бал.  
„Ит жегенше Қандыбай, Қанай жесін”  
Дегенді айтқан данышпан дана Абай бар.  
Жұтқаны білінбейтін жұлын құрттай  
Көбейіп кетпесе екен Қарабайлар?

Жасырмай айтар болсаң бар шыныңды-ай,  
Ысиды тамырында қан суымай.  
Экология өртінің өршіп кетіп,  
Каспийдің бар аймағын шарпуын-ай?  
Балтырдың сыздағаны ештеңе емес,  
Қадалған қақ жүректен шаншуын-ай?  
Көр қазғандай көл түбін үңгіп жатқан,  
Келімсектер кенінді аршуын-ай?  
Тіршіліктің тамырын қияды екен,  
Теңізге тамып кеткен тамшы мұнай.  
Базарын мұнайыңның басқа көріп,  
Азабын тартып жатқан Алшыным-ай?!

Алматыға Мэлс келді деп,  
Сарайында талай сайраған.  
Сырлы да сұлу сөздерін  
Сіздерге арнап сайлаған.

Сол Мэлсті тыңдауға,  
Қарттарым, аман келдің бе,  
Мұрттарын жырмен майлаған!?  
Әжелерім армысың,  
Ақ жаулығын байлаған.  
Ағаларым да бармысың,  
Халықтың қамын ойлаған.  
Жеңгелерім де келдің бе,  
Құшағында ағаның  
Ақ сазандай ойнаған?  
Құрбыларым да бар ма екен,  
Қиылып қасы жайнаған.  
Мэлс ағам арғымақ,  
Табаны тастан таймаған,  
Ақ Жайықты жайлаған.  
Айтысам деп Мэлспен,  
Мен де келдім, ағайын,  
Қараөткел деген шаһардан  
Хан базары қайнаған.  
Бәрін айт та, бірін айт,  
Рамазанның айында,  
Махамбеттің тойында,  
Бір ғанибет емес пе,  
Сіздермен бірге тойлаған?

Жаратқан ием, жебегін,  
Пендеңе тисін көмегің.  
Сүгірдейін жыраудың  
Сарқыты Мэлс сен едің,  
Шекерге толған шелегің.  
Асықпағын, тұра тұр,  
Кезегінді беремін.  
Айдын шалқар көл едің,  
Арнаның соққан кемерін.  
Махамбеттей бабаңнан,  
Қалған бір сырлы жебе едің.  
Ай, мен, мен едім, мен едім,

Сары арқадай көлемім,  
Еліме берген өлеңім —  
Бұршақты жырлы көгенім.  
Мэлс ағам желмая,  
Соңында буыршын мен едім.  
Шәкірт болып жүрген соң,  
Томпаңдап еріп келемін.  
Мэлс көкем қасымда,  
Ақылға бай кемелім.  
Маржанды мұхит тереңім,  
Ізіңнен еріп жүрген соң,  
Фибратынды да теремін.  
Жеті өзеннің бойында,  
Махамбеттің тойында,  
Баршаңызға шашу ғып,  
Осындай жырды мен төгемін.

### **МЭЛС:**

Айналайын, Дәулетжан,  
Айтысқанда нөпірсің.  
Басыңнан сенің бұл ағаң  
Қалай бүгін секірсін?  
Тойып алып өлеңге,  
Ұрпақтары кекірсін.  
Сүгірдің салып-ай сөзіне,  
Өзің де ұқсамай өзіңе,  
Алдарында халқымның  
Концерт қойып отырсың.  
Алдыңда сенің отырған,  
Салқар да салқар салқар ел.  
Сол Салқардың ішінде,  
Бүгінгі мына айтыстың  
Құланы менен маралын,  
Жүйрігі менен шабанын,  
Қиядан көріп байқар ел.  
Айналайын, Дәулетжан,

Махамбет пен Исатай,  
Солар туған заманның  
Сырын ашып жырласам,  
Қасы болған Жәңгірдің  
Сынын ашып жырласам,  
Шым-шытырық уақыттың  
Шынын ашып жырласам,  
Мынау отырған ағайын,  
Алғысын саған айтар ед.

Дәулеткерей ініміз,  
Оралханның тойында  
Өскеменнің бойында,  
Салқын тиіп қалғанда  
Мұңайыпты байтақ ел.  
Айналайын, келінжан,  
Қазір естімесең де,  
Хабардан кейін көрерсің,  
Дәулет үйге барғанда,  
Бір кесе шәй бергенше,  
Екі кесе сорпа бер.  
Аузы да күйіп қалмасын,  
Сорпа берсең орта бер.  
Содан кейін жазылып,  
Шапқан ізің қазылып,  
Маңдайыңнан бу шығып,  
Таңдайыңнан жыр шығып,  
Тағы айтысқа тарта бер!

### **ДӘУЛЕТКЕРЕЙ:**

Сүгірдің салсам әніне,  
Талантымның қыр беті,  
Залда отырған, ағайын,  
Осы айтысқа кеп қалсақ,  
Махамбетке құрметі.  
Дәулеткерей ақынның  
Бұл термелеп кеткені,  
Мәлстің салған міндеті.

Концерт қойдың дейсің ғой,  
Тағы да айттың басқасын.  
Мэлс ағам ойынан  
Ол сөзді сыпырып тастасын.  
Сахнаға шыққанда  
Термелеуден қашпасын.  
Мен Мэлске шәкіртпін,  
Ізін оның басқасын.  
Термеледім осылай,  
Оның талантынан асқасын.

Қазақы қан ойнаса тамырыңда,  
Ақылға сезіміміз бағынуда.  
Дәулеткерей термелеп кетті ғой деп,  
Мэлс аға, малынба әрі мұңға.  
Мен сізге мынадай бір әңгіме айтам,  
Талғажау болар бәлкім тағылымға.  
Арқада Сандыбайдың Ердені өткен,  
Баланған бір басының бағы мыңға.  
Үш жүзге сауын айтып Ерден батыр,  
Сарыарқаның сән құрған сауырында.  
Ас беріп жылдығына Сандыбайдың,  
Ат шаптырған Ереймен бауырында.  
Ас – деген аттынікі дегендейін,  
Ойдан қырдан қазақтар ағылуда.  
Үш жүзден келген барлық дүлдүлдердің  
Мойнына тұмарлары тағылуда.  
Аламанның ақ шаңы көрінгенде,  
Бәйге күткен бапкерлер сабылуда.  
Сол кезде мынадай бір жәйт болыпты,  
Ол да мысал болады мән ұғуға.  
Ерденнің көк байталы бірінші кеп,  
Үш жүзге тұлпар болып танылуда.  
Құттықтаған қазақтар қаумалап кеп,  
Ерденге екі бастан жағынуда.  
Жанарынан жас бүркіп сонда Ерден,  
Түсініксіз түсіпті қамығуға.

Оқиға болған кезде бесін еді,  
Ерденнің өзгеріпті қашып өңі.  
Бұл жайды түсінбеген басқа халық,  
Басқа неге тепті – депті – несібені.  
Жүрегі қанжылаған қасіреттің,  
Жұмбағын Ерден былай шешіп еді:  
„Уа, халқым, Сандыбай - менің әкем,  
Бір жыл бұрын бақиға көшіп еді.  
Үш жүзге сауын айтып ас бергіздім,  
Өйткені барлық қазақ досым еді.  
Сол асқа қарақұрым жұрт жиналып,  
Менің мынау мерейім өсіп еді.  
Ақындарын әкеліп айтыстырып,  
Аттарын аламанға қосып еді.  
Ұлы жүздің немесе кіші жүздің,  
Аты келсе деп көңілім тосып еді.  
Бірақ менің байталым келгендігі,  
Көңілімді су сепкендей өшіреді.  
Әкемнің даңқы алысқа кетпей қалды-ау,  
Астан күткен арманым осы ма еді?  
Бәйгені өзім тігіп, өзім алсам,  
Бұл жайды аруақ қалай кешіреді” -  
Деп Ерден көзінен жас парлатыпты,  
Сол әңгіме түсіп тұр есіме енді.  
Ең алғаш мен айтысқа шыққан кезде,  
Тұсауымды осы Мәлс кесіп еді.  
Махамбетке арналған бұл айтыстың  
Бәйгесі мәртебесін өсіреді.  
Сол Ердендей ірілік таныта алсаң,  
Реті келіп-ақ тұр осы жолы.

### **МӘЛС:**

Қара өлеңді ақтарсам,  
Қаймағын одан, ағайын,  
Қалқып алған жақсы ғой.  
Ағайынның алдында  
Өлеңінді төкпелеп,  
Аңқып алған жақсы ғой.

Шабыт келіп отырса,  
Шалқып алған жақсы ғой.  
Ерден жайлы аңыздың  
Айтып өттің сұлбасын,  
Аталардың артында  
Нарқы қалған жақсы ғой.  
Аңызбен басты қатырмай,  
Бос сөзінді сапырмай,  
Қолдан келсе бәйгені  
Тартып алған жақсы ғой.

Аз сөз алтын, көп күміс,  
Айналайын, Дәулетжан,  
Аз сөзіңнен айырып,  
Қатық алған жоқсың ғой.  
Қатырам деп келген соң,  
Аннан-мыннан сөз айтып,  
Қатыра алған жоқсың ғой.  
Исатай мен Махамбет,  
Кенесары, Наурызбай  
Заманынан сөз қозғап,  
Шабытыңды дегенмен  
Шақыра алған жоқсың ғой.  
Енді біздер тұрмасақ,  
Мына ағайын өкпелер  
Сахнаны бір өзің,  
Сатып алған жоқсың ғой.

### **ДӘУЛЕТКЕРЕЙ:**

Мәлс-ау, неге маған бөтен дейсің,  
Жай кезде інім дейсің, көкем дейсің.  
Ағайынның алдына келген кезде,  
Өзің жақсы сезімді сөтерлейсің.  
Дәулетті іске алғысыз қылып тастап,  
Жалғыз өзің шауып-ақ өтердейсің.  
Бұл бәйгені алмасаң осы жолы,  
Атқа мініп, аттандап кетердейсің.

Мұныңды, Мэлс аға, жақсы дейін,  
Әзілге ағам менің тапшы дейін.  
Інің де ілгеріге басып келед,  
Демесең бір өзіңіз „жатшы кейін”.  
Сатып алған жоқпын ғой сахнаны,  
Сен-дағы тізгінінді тартшы дейін.  
Мэлс аға, тұра-түр қоштасайын,  
Алдыменен еліме бақ тілейін.

## **ШЫРЫНБЕК ҚОЙЛЫБАЕВ ПЕН ЕРМЕК ЖҰМАТАЕВТЫҢ АЙТЫСЫ**

### **ШЫРЫНБЕК:**

Қайтадан шығып қалдым халқым қалап,  
Сөзімді биің түгіл, хан тыңдамақ.  
Осындай аламанда ойымыз бар,  
Лашындай желді күнгі жарқылдамақ.  
Палуандай армысыз, Ермек аға,  
Айтыста отырасыз аңқылдап-ақ.  
Ағайын, алтын арқау сіздерсіздер,  
Сүр еттей сақтап келген салтың ғажап.  
Таластың жағасында тамыр жайған,  
Алаштың бір бұтағы - алтын дарақ.

Шайырлар Таразымнан шертсе сырды,  
Шетінен жырға жомарт мәрт секілді.  
Тарихта адастырмас Темірқазық,  
Таразымның түлеуі шарт секілді.  
Ғажайып ғимараттар бой көтерді,  
Тойға арнап пісірілген торт секілді.  
Жасарып қалды-ау қалам жүзден асып,  
Қайтадан сүт тісі шыққан қарт секілді.

Жүретін айтыс десе жортып дәйім,  
Томпайған ағам едің торсықтайын.  
Құмға біткен қарбыздай дәу болсаң да,  
Сезініп шар секілді қолтықтайын.

Жаныма пілдей болып жайғасыпыз,  
Тышқандай енді неге қорқытпайын.  
Желкілдеп жер түбінен жетіп кепсіз,  
Желмаямен жер кезген Қорқыттайын.  
Сойыл тиіп, сорлап қап жүрмегейсіз,  
Інінен ұзап шыққан борсықтайын.

Кезімде көпке мынау көрінетін,  
Жөнім жоқ жарты қадам шегінетін.  
Батыр шатыс ақын ең анашыңыз,  
Жерік боп жеді екен ненің етін?  
Қарынын сипап, қамсыз жатқан байдай,  
Айтыста отырасың емін-еркін.  
Сөздерімді шыбын шаққан көрмейсің ғой,  
Борсықтай ұрған сайын семіретін.

### **ЕРМЕК:**

Уайым болды-ау саған толықтығым,  
Деп отсың ба мені қайдан жолықтырдым.  
Жәй әншейін толықтығы болмаса ағаң,  
Мен де өзімше орны бар көріктімін.  
Жеті атамнан ірілердің ұрпағы едім,  
Ірілік қай қазаққа болыпты мін.

Сөз шығады аузынан біліктінің,  
Бойыңнан көрініп тұр жігіттігің.  
Дүрілдетіп екеуміз айтысайық,  
Қатыстырып мәдениеттің министрін.

Бармысың, Тараз елі, дана туған,  
Ғимараты биіктеп дара тұрған.  
Бұл қазақта Тараздан үлкені жоқ,  
Тереңнен түп тарихы таратылған.  
Бармысың, Таразымның тұрғындары,  
Етек жеңі елден кең жаратылған.  
Толыпты Таразыма 2000 жыл,  
Өнерді тербеп тұрған бесігім бұл.

2000 жылды есіне бір алатын,  
Біздің тарихшыларға кешірім қыл...

### **ШЫРЫНБЕК:**

Демейін бүгін сізге жеңіліңіз,  
Финалға алып шықты-ау сеніміңіз.  
Толық деп мына сізді кемістпейін,  
Халқымның пейіліне семіріңіз.

Біз бүгін білдіре алсақ ой көшелі,  
Тобықтай тиер еді тойға себі.  
Сәлделі бабаларға сәжде болған,  
Тараздай мұсылманның қайда төрі?  
Көмек қолын созбаса көшпенділер,  
Ислам мұнша қанат жаймас еді.  
Мұхаммед пайғамбардың хадисінде,  
Мұсылман мұсылманның айнасы еді.  
Бір тәңір бар деп біліп бабаларым,  
Иманын сақтаған ғой бойда тегі.  
Сол бабалар сенбесе бір Аллаға,  
Қожаларды қыдыртып қоймас еді.

Таразым болмаса да Меккеге тең,  
Былайша-ақ жырлауыма жетеді екен.  
Әулие атада тұрсам деп әрбір пенде,  
Өмірден өкінішпен өтеді екен.  
Таяқ ұстап келгенге тай мінгізген,  
Бұл жерді жыр ғып аңыз етеді екен.  
Мысалға енді қамшыңды қадап кетсең,  
Бір түнде бүршік атып кетеді екен.  
Қараусыз қара жерде қалып қойса,  
Қара темір гүлдейтін мекен екен.

Титтей де тигізбесе игі әсерін,  
Құлаққа жағымды жыр құймас едім.  
Таразым, көненің бір көзіндей боп,  
Қазаққа қалып кеткен мирас едің.

Таңдайды қақтырардай тағылымды,  
Тарихыңды тоқыдым миға сенің.  
Таразым, тіпті түйір тасыңды да,  
Ат басындай алтынға қимас едім.

Ер құны екі сөзбен жатса тынып,  
Жеңісті шықтым айтыс мақсаты ғып.  
Айтыстың табиғаты алыс-жұлыс,  
Сөзбенен ойнату ғой басқа сырық.  
Қылатын сөзді сусын, ақылды азық,  
Алмайық ағайынды аш қатырып.  
Ермек аға, ермек қып қалжың сөзді,  
Басымызды отырсыз бос қатырып.  
Қолыңнан екі келсе бірін қылып,  
Жонымнан алшы, ал қане, таспа тіліп.

### **ЕРМЕК:**

Айналайын, әдемі „үй-үйіңнен”,  
Ботадай бөлек қалған үйірінен.  
„Үй-үйің” тым көңілді екен сенің,  
Жырыммен сипалайын бүйіріңнен.  
Алатаудай бұл ағаң аман болса,  
Әлі-ақ тайлақ боларсың күйі кірген.  
Балалары білімді көрінеді,  
Серіктей құзырлы елдің биі жүрген.

Отырмыз дүйім жұрттың ортасында-ай,  
Ақын болдық мына жұрттың арқасында-ай.  
Осындай ел алдында отырғанда,  
Өр көңіл өрге тартпай қорқасыңба-ай.  
Қасыңа „дутый” ағаң келіп қалды,  
Мерседестің ең соңғы маркасындай.  
Сен де, інім, әлсіздік танытпассың,  
Тараздың көпірінің балкасындай.

## **ШЫРЫНБЕК:**

Сөзінің майлы сүттей қаймағы көп,  
Тиетін ақын едің ойлары дөп.  
Мәйегі шыққан мәнді ой толғашы,  
Көргенде кілкігендей майға жүрек.  
Ермек аға, дәл сізді ойламаппын,  
Құлаған көпір жайлы айтады деп.  
Жақсылы-жаманды өз жұртымызды,  
Береке біз таппаспыз тойда мінеп.  
Аузыңды қу шөппен сүрте бермей,  
Азуыңды сөйлеші айға білеп.

Бойда күш, жүрегімде жалын барда,  
Тартайын базаршыдай барымды алға.  
Желкілдеген жеткіншек жас ұрпақты,  
Жетелейін тарихи танымдарға.  
Таразым опа-далап Отаны боп,  
Ауыздарға ұқсайды алынғанға.  
Теппе төсті, сықпа бел сұлулары  
Қадірлі болған дейді ханымнан да.  
Құлпырған қала бопты құлақ түрсек,  
Тарихтан талып жеткен сарындарға.  
Тәж-Маһал да жоқ екен жер бетінде,  
Айшаның сағанасы салынғанда.

Жауымен болған Тараз бастан әлек,  
Өнетін өңір екен тасқа дәнек.  
Бағы жанған шағында шартарапқа,  
Тараздан таралыпты бастама көп.  
Бағзы бір замандарда аталыпты,  
Батыс пен шығысқа ортақ бас қала деп.  
Колумб теңіз жолын таппағанда,  
Құрлыққа қалар еді астана боп.

Соқпаққа салып тірі жан баспаған,  
Осынау шабысынан танбас балаң.  
Тартармыз әлі талай әлеуметке,  
Жасап жыр бас табағын жамбас салған.

Осыменен түралық орнымыздан,  
Аяқтап бұл айтысты мен бастаған.  
Оңайлықпен қозғалар түрің жоқ қой,  
Сиырдай сәске түсте жамбастаған.

### **ЕРМЕК:**

Мен сенің қорықпайым „үй-үйіңнен”,  
Талай өнер үйренгем киіз үйден.  
Таразға мықты ақын болғаныңмен,  
Мен үшін ұршықтайсың иірілген.  
Ортекедей қоймасаң ойнақтауды,  
Мүштек жасап аламын мүйізіңнен.

Пошымыңа қарасам қол басындай,  
Жеті қырдан қайтпайтын жауды асырмай.  
Мақамыңа қарасам бір міні жоқ,  
Төлеген ерттеп мінген жорғасындай.  
Мінезіңе қарасам салмақты екен,  
Малдас құрған түрікпеннің молдасындай.  
Бет-жүзіңе қарасам сап-сары екен,  
Сарттардың сақтап сатқан алмасындай.  
Сенің сары болуың тегін емес,  
Шешен қауын жеп пе еді қалжасына-ай.  
Түркістан таяқ тастам тұрғаннан соң,  
Әкең тиеп келе берген арбасына-ай.

Байқасам жаралғандай нұрдан ғалам,  
Інім-ау, сен емессің шыңдалмаған.  
Бет-жүзіңнен, інішек, айналайын,  
Жүрегің шаңнан да аман, кірден де аман.  
Жылдар бойы көрмеген танысымдай,  
Жылы ұшырай көріндің бірден маған.  
Тағы да әңгіменді айта отырғын,  
Будақтатып болса егер бізге арнаған.

### **ШЫРЫНБЕК:**

Келмейді тура шаппай тайсақтағым,  
Ағаммен дұрыс шығар айқасқаным.

Бүлдіріп алам ба деп мен отырсам,  
„Бүлдезердей” барасың жайпап бәрін.  
Дәу де болса ағам деп жаңа сені,  
Жамбасқа салып тұрып жай тастадым.  
Ағасы алдымды орап көлденеңдеп,  
Мұның не шөмелеме май шашқаның.  
Мүштек жасап алам деп Шырынбектен,  
Тындырып тастадың ғой ойша-ақ бәрін.  
Мейіздей жарап жатқан мына мені,  
Мүйіздей бергендігің қай сасқаның?

Дейсін-ау дүйім елім, әйда, давай,  
Берілер жау емес бұл, ойбай, оңай?  
Өзім атан жілікті, бура санды,  
Болмасам да көрейін айлалап-ай.  
Түйеден түскендейін сөздеріме,  
Қылжиып қалмағайсың, әй, жарамай.  
Тұғырыңнан түсіп қап жүрмегейсің,  
Мүзға айдаған түйедей тайғанап-ай.  
Төрт түліктің төресі болғанымен,  
Түйенің жығылуы қойдан оңай.

Осылай ойларымды жүйелей кеп,  
Әзілге арқамды аса сүйемей көп,  
Тай мақтадай теңкейген бұл ағамның,  
Түтесін шығарайын күйедей жеп.  
Орынынан тұра алмай қалар ма екен,  
Бүйірден бүйі шаққан түйедей боп.

### **ЕРМЕК:**

Балақай, сөйлеші енді ұртынды ашып,  
Қатты айтсам қаларсың мүмкін жасып.  
Әулиеатаның еліне келген кезде,  
Шығарды бұл баланы қутындатып.  
Сиыр деп қайта-қайта қоймадың ғой,  
Сиыршының атындай сиқың қашып.

Болмасын сенің сұлу сыртың ғана,  
Тәубеңізге түсерсіз мүмкін бала.  
Батамды сұрап жүрген інім едің,  
Еркелеп онша енді қутыңдама.  
Жігіт болсаң, жасырмай шыныңды айтшы,  
Ағаңа жараса ма жыртық жаға.  
Бітірейік онда айтысты басыбайлы,  
Бітір десең қалай көңіл тасымайды.  
Інісі Шырынбектей аман тұрса,  
Ермектейін ағасы жасымайды.  
Біз айтысып жүргенде сен бала едің,  
Ашық тастап жүретін насыбайды.  
Қазақта орыны бар бір мақал бар,  
„Насыбай ашық жүрсе сасымайды”.

## **ШЫРЫНБЕК ҚОЙЛЫБАЕВ ПЕН КӘРИМА ОРАЛОВАНЫҢ АЙТЫСЫ**

### **ШЫРЫНБЕК:**

Әуелі әділ болса бек-төрелер,  
Түзеліп тұрмысымыз ретке келер.  
Ылайым ынтымақтан айнымаса,  
Құдайым ырыздығын көпке берер.  
Сөз қадірін білетін сіздер үшін,  
Бар ма екен бұл айтыстан өткен өнер?  
Ассалаумағалейкум, армысыздар,  
Торқалы тойлы ауылға беттеген ел.  
Тәмәм жұртты тербеткен тал бесік боп,  
Таразда тамыр жайып көктеген ел.

Ұқсап бір ұзатылар хас аруға,  
Қаламның шын мүсіні кашалуда.  
Теперіш көрген талай Таразымның  
Тарихы толы неткен аса мұңға.  
Құдайдан құлшылықпен сұрайтыным —  
Таразды көзімізден таса қылма.

Ару Айша шомылған ақырғы рет,  
Арнасы ауысқан жоқ Асаның да.  
Пирамида сақталса тұрған шығар,  
Қарт Тараз күннен күнге жасаруда.  
Қылатын бар жиғанын тойға құрбан,  
Ал, халқым, сөз тындандар бойдақ ұлдан.  
Айтысқа бәрі сен түр, мен атайын,  
Ақындар жиналыпты ойдан-қырдан.  
Екі иықты жұлып жеп отқанымда,  
Көз аурудай сап еттің қай жағымнан?

Сөзімді жеңеше ме арнап едім,  
Қайының түсінетін әр „намёгын”.  
Аман ба артта қалған арман елің,  
Келін боп қапқа тары салған елің?  
Есек дәме қайыңды емексітіп,  
Екі рет айтысқанда алдап едің.  
Басымды боза ішкендей айналдырып,  
Бастауындай отырсың бар бөленің.  
Женттей шайға салған еріп түрсың,  
Желікпей ауыруым бар ма менің?

Жалпақтап жеңеше ме күн көрейін,  
Кім білед көніп қалар түнге дейін.  
Діңкем құрып отырмын дым қыла алмай,  
Дәреті бар жігіт ем дінге бейім.  
Жүзік тастай жеңгемді жарқыл қаққан,  
Жамбыдай атып алып жүлделейін.  
Астыртын әрекетке мен көшейін,  
Іргеден түнде шыққан бүргедейін.  
Көздің жауын алатын келіншекпен,  
Сөздің дауын көбейтіп бір көрейін.

### **КӘРИМА:**

Үкілі бөрік тіккізіп, көйлекті кидік нымшамен,  
Көмейде күміс өлең бар дауысым ашық тұрса кең.  
Киелі Тараз еліне жолдадық кеше жыр сәлем,

Бір күн дәмін татқанға, қырық күн сәлем, мың сәлем  
Бүгінгі көрермендерге тағы да бердім бір сәлем

Тәу етіп кеше Таразға, өттік бері қақпадан,  
Топырағына сиынар, қадамым әрбір аттаған.  
Жолдады Айша бибіге, сәлемін Домалақ ақ Ма  
Қараханға сәлем айтты, Бәйдібек бабам бақ ба  
Аманатын әкелдік, сары алтындай сақтаған,  
Таразым көрші елім деп, сыртыңнан жиі мақта

Жамбыл атаны туғызған жомарт едің ел неткен  
Кенен ақын кешегі, әнмен елді тербеткен.  
Дулати, Өтеген, Қайраттың топырағы осы ер ж  
Шерағам өзі бір бөлек, сөздің майын селдеткен  
Бүгінгі ұрпақ солардан сабақ алып ер жеткен,  
Тараздың көркі бүгінгі – жайнап тұрған гүл кө

Шорабек менің қайнағам, иіліп сәлем беремін,  
Мұхамеджанмен айтыссам, азамат ер деп сенем  
Ахметжан да кетті бір, арнап кеше өлеңін,  
Шегірткенің айғыры – жетпегені сен едің?

### **ШЫРЫНБЕК:**

Кім мұнда кішкенені ұнатады,  
Қаңбақ шал қара дәуді жылатады.  
Жеңешем салған жерден шегіртке деп,  
Өзіне өзі сойылды сұратады.  
Көңіліңе қомсынып отсың білем,  
Шықпаған ақын едім жыр атағы.  
Биіктен жұдырықтай тасың түссе,  
Қазандай қара тасты уатады.

Ұйқыңнан оятардай өлең қысап,  
Бүгінде бағың келген кемелді шақ.  
Илігетін түрің жоқ тіпті маған,  
Екі жүз жыл жасаған емен құсап.  
Естен танып елпілдей бермейінші,  
Есектің миын мен де жеген құсап.

Сүтсіз қойдай себепсіз маңырасаң,  
Мойыныңа қояйыншы көгенді сап.  
Қапыда қалмай енді қимылдайын,  
Бойдағы бүгін барлық өнерді сап.  
Өлтірісін қыздың беріп құтылған соң,  
Өлген күйеу жата ма деген құсап.

Құлаққа тиер сөзбен түрпідейін,  
Жеңгемді кіржитейін кірпідейін.  
Сырғақтай берсе бұлай тым бәлсініп,  
Сырмақтай шаңын қағып сілкілейін.  
Ұйпалақ-тұйпалағын шығарайын,  
Ініне түтін салған түлкідейін.

Алғысын алып жүрген елдің осы,  
Дұрыстау қайның едім ең бір есі.  
Қайныңа қыздыратын қызу қанды,  
Емшегің елжіреп елжіреші,  
Өзі болған баладай өзеуресем,  
Өзі келген келіндей кергімеші.

### **КӘРИМА:**

Таразға келсем ылғи да, жұптаған қайын оң болды,  
Күйеуім сырттан қызғанып, ол байғұс та қор болды.  
Жүрсін аға, қайтеміз, қайындар тіпті мол болды,  
Есі жоқ өңшең бойдақтар, жалғыз маған сор болды.

Тараздың жаңа тарланы, қос қанатын сілкіп тұр,  
Өзі келіп тиісіп, тағы да пәле түртіп тұр.  
Мандайдан аққан терлері, жағаға түсіп шылқып тұр,  
Екі қадам жерден-ақ бойдақ иісі мұңкіп тұр.  
Тәшкендегі қауындай, Шырынбек шырын пісіп тұр,  
Жиырма екіде жасы бар, жастық шақты құшып тұр.  
Алып-ұшқан баладай, маған қарап ұшып тұр,  
Қараған сайын өзіңе, қыз күнім еске түсіп тұр.

### **ШЫРЫНБЕК:**

Қысатын былай шықсаң қолыңды алып,  
Қол соғып отыр, міне, қалың халық.  
Айтысқа ит арқасы қияндағы,  
Бекер-ақ келгенсің ғой шалыңды алып?  
Шырқымызды бұзары өз алдына,  
Шырынбектің жүрмесін шаңын қағып.

Жеңгемнің жай-жапсарын ұға алсам да,  
Бастайын бір сұмдықты бұ қарсаңда.  
Кеудемнен итермей-ақ болады ғой,  
Мақұл, деп бір қолқамды құп алсаң да.  
Ел жата есігіңнен кіргізіп ап,  
Таң атпай терезеңнен шығарсаң да.

Ойдағы орындалмай сол арманым,  
Келмейді құр бекерге саландағым.  
Жеңеше кеш батса сол қас-қарая,  
Үйіңнің шолып қайтам шолан маңын.  
Көз қылып көп алдында кергіп отсың,  
Бар сырың оңашада болар мәлім.  
Білмей қалып жүрмегін білегіңнің,  
Бөкебайдай мойныма оралғанын.

### **КӘРИМА:**

Мына бала қайтеді, кетті ғой қатты қағынып,  
Ахметжан да қалыпты, екі жыл көрмей сағынып  
Шалыңды неге әкелдің деп, айтасындар не ғыл  
Шалымды ертіп келмесем, өлтірерсіңдер жабыл

Қоя берсем еркіне, көңілі бала тоқ отыр,  
Төркіні Тараз болған соң, бек-сұлтандай боп от  
Кәримадай жеңгенің, жанына жақын кеп отыр,  
Бір көмегі болар деп, ойлап қамын жеп отыр.  
Жанып тұрған оттай боп, жарқырап тағы шок о  
Еркіне бүгін жіберсем, не бітірем деп отыр?

Жиырма екі түрлі айлаң бар, қылығыңнан айналдым.  
Студент бала еді бұл, тұлымыңнан айналдым.  
Қыздың көзі түсетін, мұрыныңнан айналдым,  
Жеңгеңнің әрбір жағдайын сезгеніңнен айналдым,  
Әрнені бір айтатын сөздеріңнен айналдым,  
Жақындап қалсам жұмылар, көздеріңнен айналдым!

### **ШЫРЫНБЕК:**

Тиетін сілтегенде сойыл құсап,  
Кетейін ой бір сойқан ойынды сап.  
Өзің ғой күрең қабақ танытасың,  
Жайса да қанша жерден қайын құшақ.

Жабысып жеңешеке кеселдей боп,  
Төбесін мен отырмын тесердей боп.  
Кешегі қол бастаған бабалардай,  
Көшелі сөз бастайын көсемдей боп.  
Көпке енді бір пайдамды тигізейін,  
Көктемгі шелектеткен нөсердей боп.

Шоқытығы биік Тараз шоң қаламыз,  
Көміліп қалған екен шаңға нағыз.  
Тілін тапсаң сөйлейді тарих болып,  
Секілді қалың ойға шомған абыз.  
Заманында мәйекті мәдениеттің,  
Мекені болғанын да аңғарамыз.  
Мәдени мәртебесін биік көріп,  
Мәскеуге, Петерборға сандаламыз.  
Ілгергіде іргесін түріп қойып,  
Мәскеуді шауып қайтқан сан бабамыз.  
Кезінде кеме жасап, қашанғы енді,  
Кебіс-мәсі тіккенге таң қаламыз.

Таразым жанымызға жақын қандай,  
Қаланың қастерлейік атын нандай.  
Тараз деп араққа айдар таққандарға,  
Ағайын айтасыздар ақыл қандай.

Атасының даңқымен қызы өткенмен,  
Ар-намысың ақшаға сатылғандай.  
Тараз атын табанға таптамайық,  
Көнденді „бөрібасарлап” шақырғандай.

Елжірей қалса бүгін емешегің,  
Жеңеше, еңбегінді жемес едім.  
Айтпақшы, айтыста ұтқан машинаңның,  
Шығара алмай жүр дейді ел есебін.  
Көлікті ап бір жақынға берерінде,  
Белгілі ағамменен кеңесерің.  
Қайныма бірін берсек дегендей ой,  
Басыңа келмейді екен неге сенің.  
Сен берген машинаны мініп жүрсем,  
Мен жерден тауып алдым демес едім.

### **КӘРИМА:**

Көкпарда қалар бүркырап, жұрт қызығар шаң ба  
Бір бәйгені біз алсақ, үлесім де бар менің.  
Он көлік алған қолқанды Мұхамеджанға сал де  
Жетеуін алған әйтпесе, Айнұрдан сұрап ал деді

Мақтанышы Айнұрдай ақыны бар Таразым,  
Көрші деп қолқа салатын, жақыны бар Таразым  
Сондықтан исі қазаққа дем беріп тұрған Таразым  
Кем-кетігі түзеліп, жөнделіп тұрған Таразым.  
Бірлігі мен тірлігі ел болып тұрған Таразым,  
Біз үшін қазір Парижбен, тең болып тұрған Тар

Шырынбек-ау, Шырынбек, айтатын саған сырың  
Айтыста тиіскеніңмен, алабұртқан тілің тек.  
Айтыстан шықсам ауыз су әперетін бірің жоқ.  
Жеңгені көрсең шетіңнен қозады екен жының т  
Әлпештейін, жас бала, айым деп сені күнім деп  
Өзім тұрып кетпесем, қайтатұғын түрің жоқ.

Оқып жатқан жас бала, арманыңды аяла,  
Тілеулес болмас балаға осы отырған қай ана.

Ал, халқым, жас баладан қолдарыңды аяма,  
Қазылар да жас баладан „ондарыңды” аяма.

### **ШЫРЫНБЕК:**

Білдірдің бүгін жылы лебіз жеңгей,  
Тынбаймын түбі сені негізі жеңбей.  
Қояндай қашқаныңды көріп бірақ,  
Күдерді боп отырмын мен үзгендей.  
Кекілден сипап, алдап кеткенің бе,  
Ботаға бармағыңды емізгендей.  
Ернімді де жібітпей барасың-ау,  
Ешкінің қуырдағын жегізгендей.

## **ӘБІЛХАЙЫР СЫЗДЫҚОВ ПЕН АЙНҰР ТҰРСЫНБАЕВАНЫҢ АЙТЫСЫ**

### **ӘБІЛХАЙЫР:**

Елі шын күтіп отыр құлынынан,  
Бата алса екен деп ұлы мыңнан.  
Ақ батаң, ақ пейілің маған қымбат,  
Сапалы сары алтынның сынығынан.  
Алматы қазағыма алтын бесік,  
Бауырыңа бас мені де, ұлы түлғам.  
Сенсің ұлы айтыстың астанасы,  
Жүрегіңе ақынның жыры түнған.  
Ассалаумағалейкум, армысыңдар,  
Ыстық сәлем қабылда Сыр ұлынан!  
Алматы, алтын орда, асқақтай бер,  
Айтысты бес парыздың бірі қылған.

Қайраттар қазағыма бақыт берген,  
Батыр да туады елден, алып та елден.  
Қасық қанын аямай қазақ үшін  
Қараңғы қара түнекке жарық берген.  
Тілейміз дінімізді қайта оятып,

Көгіне көк байрақты тағып берген.  
Елімізді еге қылып жерімізге,  
Тәуелсіз баянды өмір салып берген.  
Үкімет қимай Ербол мен Ләззаттарға,  
Қаһарман деген атты халық берген.  
Желтоқсан ерлерін ел ұмытпайды,  
Қазақты қайта өмірге алып келген.

Қарақат мөлдіреген көзің қандай,  
Көргенде мына бізде төзім қандай?  
Берейін кезегінді көп созбастан,  
Айнұр қыз, отыр енді сөзінді арнай.  
„Іздегенге – сұраған” дегендей-ақ,  
Құдайым жібергендей өзінді арнай.

### **АЙНУР:**

Алматым, менің Алматым,  
Тарихта мәңгі қалды атың.  
Қазақта сені жырына  
Қоспаған, айтшы, бар ма ақын?  
Сахнаға жеттіңіз  
Тиісе сөйлеп кеттіңіз.  
Соншама, аға, Айнұрда  
Атаңнан қалған бар ма ақың?

Тілімнің төгіп құнарын,  
Тарқатам елдің құмарын.  
Адамдық пенен адалдық -  
Бойыма таққан тұмарым.  
Алдымен халқым, әрине,  
Сіздерге ізет қыламын!  
Содан соң барып, ағатай,  
Өзіңе мойын бұрамын.

Көктөбе көз тойғысыз белең-белең,  
Табиғат сұлулығын сенен көрем.  
Алдыңда айыпты болып қалғаным,  
Сағынсам, алып-ұшып келем дегем.

Шыңына көз тігемін Алатаудың,  
«Қызым-ау, қайдасың?» – деп елеңдеген.  
Тараздан алып келген сәлемімді  
Сіздерге жеткіземін өлеңмен.

Армысың Адатауым, асқаралым,  
Ел-жұрты есенбісің Астананың?  
Мен бүгін пейліңнен шабыт алсам,  
Елжіреп, мейлініше мас боламын.  
Арымсың Әбілхайыр – ақын жігіт,  
Сенің де жарқырасын баста бағың.  
Айбынды өзіңіздей азаматқа,  
Мен қатты сөйлеуден де жасқанамын.  
Азаннан кешке дейін бір жігіттің  
Күзетіп үйрендік-қой қас-қабағын.

### **ӘБІЛХАЙЫР:**

Айнұржан, бұл сөзіңді мақұлдадым,  
Жүрегіме бір табан жақындадың.  
Сескенсең менен сескен, Айнұр ақын,  
Шынында қорқытатын ақынды ақын.

Бұл Айнұр көп сырымды біліп тұрар,  
Көңіліне әрбір сөзді іліп тұрар.  
Алдымен сыпайылап сөз бастады,  
Сабазды мына біздей шынықтырар.  
Баяғы әуеніңе тағы бастың,  
Естіген құлақты, шіркін, қанықтырар.  
Айбынды кескінің болғанменен,  
Жүрегім қызды көрсе жылып тұрар.

Менің де дұрыс екен жорамалым,  
Сондықтан да ойыммен ораламын.  
Айнұржан, бағың жансын осы өмірде,  
Басыңнан түспесінші орамалың.

Түр екен алдағандай бағың күліп,  
Көңілде кетті жырың сағындырып.

Қыз Жібектей көрікті жан екенсің,  
Алғандай сұлулыққа малындырып.  
Кер маралдай керілген келбетің бар,  
Кетердей бар еркекті табындырып.  
Шіркін-ай, сендей әсем сұлу қызды  
Қай көңіл алды екен бағындырып?  
Сен бойдақ, мен де бойдақ болсам егер,  
Дәл қазір кетер ме еді наным жүріп?  
Көңілім ерекше бір күйге енді.  
Кетпесін бірақ бұлай сағым қылып.  
Мен түгіл, мәссаған деп көзін тігіп,  
Отыр-ау талай бойдақ санын ұрып.

### **АЙНҰР:**

Ойымды мен де ақтардым,  
Ағайын құлақ түргесін.  
Айнұрды саған қарату  
Ойыңа, аға, кірмесін!  
Сұлуға мені баладың,  
Қадірімді білгесін.  
Мақтасаң мақта, бірақта,  
Қызғанып жеңгем жүрмесін!

Бел құрдас дейді бес жасты,  
Ағам сынды құрдасым.  
Намысты қорғар жігітсің,  
Тілерім, сағың сынбасын.  
„Сұлусың” – дедің көп мақтап,  
Төбеңнен құдай ұрмасын.  
Айтыстан кейін өзінді  
Күйеуім күтіп тұрмасын!

### **ӘБЛХАЙЫР:**

Ғашық жүрек көруге тым асығар,  
Көктем келсе қырда да гүл ашылар.  
Ағаш екеш, ағаш та қарап тұрсаң,  
Мезгілімен бұтағында бұр ашылар.

Пендеміз кеудесінде жүрегі бар.  
Сол жүректің сиқырлы сыр тасы бар.  
„Жүрекке әмір жүрмейді” деген, қалқам,  
Жүрек сырын қандай күш, кім басынар?  
Көңіл күйін сезіммен шертіп отырған,  
Ғашықтың, айтшы, қандай кінәсі бар?

### **АЙНҮР:**

Жарасады, әрине, не десеңіз,  
Айтыста ағамызбен кеңесеміз.  
Сөзінді естіген соң босағадан  
Аттатпай қоймасыншы жеңешеміз.

Әділді жақсы көрсе ағам мына,  
Көтеремін күліп тұрып бағанды да.  
Бітпейді өзіл деген еш уақытта,  
Қосайық сөзімізге заманды да.  
Жарық пен газ жағынан қиындығын,  
Біледі залда отырған жаран, мына.  
Қаралау болғаннан соң бет әлпеті,  
Қиналып жүрген шығар ағай, мына.  
Жеңешем жарық сөніп қалған кезде,  
Таппай қалып жүрмесін қараңғыда.

### **ӘБІЛХАЙЫР:**

Ойынды жақсылыққа баласайшы,  
Өзіл сөз айтуға да жарасайшы.  
Сен мені қарасын деп айтып отырсың,  
Көзімен жеңешенің қарасайшы.

Жарасар бұл халықты алып десең,  
Жөн болар сол халықтың қамын жесең.  
Кеш болса, жарықты ойлап абыржимын,  
„Свет” жоқ, сыртқа неғып қарыз десең?  
Ақ сүтіңе жарытпай сен де жүрсін,  
Әйтеуір аман болшы, „жарық” шешем.

Елбасына Алладан сый тілер ем,  
Көңілге қобалжымас күй тілер ем.  
Кешегі Ұлы Отан соғысында  
Деп жүрміз үйтіп жеңген, бүйтіп жеңген.  
Неше жыл болды, бірақ жеңілмей жүр,  
Мықты екен нарық, шіркін, Гитлерден!

### **АЙНУР:**

Тоқтықта аштық боларын  
Түсіндік өмір парқынан.  
Көңіліңді көтерем дегендей  
Шырқатады халқым ән.  
Қиындық түссе басыңа,  
Жасыма, елім, жасыма!  
Отыз күн оразаның да  
Бір айты болар артынан.

Жалынды өлең күтсең елім менен  
Жырлайын мен Қайратты сенімменен.  
Жалындап жиырма бірге толғанында,  
Қоштасып кете барды-ау өмірменен.  
Жүрегі жараланған жас ару мен  
Қызғалдақ қанша қалды терілмеген.  
«Қанша сөз өзіменен бірге кетті,  
Қаптағы дән сияқты себілмеген».

Қияда ұшқан қыраным,  
Қырқылды неге қанатың?  
Жанартау еді жүрегің,  
Жылуын шашып жанатын.  
Тілегін бізге бер құдай,  
Жүрегің бізге бер құдай,  
Өлімнің өзін қамықпай,  
Қасқайып қарсы алатын.  
Өмірі жастар қиылып,  
Басыңа келді-ау азат күн!  
Бауыржан атам бетіне,

Түкіріп өткен мазақтың.  
Жырыма қосам ерлігін,  
Қайрат пен қайран Ләззаттың!  
Қаймығып қалу дұшпаннан,  
Қанында жоқ қой қазақтың!

### **ӘБІЛХАЙЫР:**

Алладан тек жақсылық сұрап кетті,  
Арнасымен аға алмай бұлақ кетті.  
Атойлап атқа мінген қазақ үшін,  
Бәрін де азаттықтың мұратты етті.  
Бір жұтым судай ғана ғұмыр келіп,  
Өмірге жылап келіп, жылап кетті.

Әйгілі бұл қазақтың мергендігі,  
Талайға тәуелсіздік бергендігі.  
Тарихқа өшпес таңба, із боп қалды,  
Басыңа бақ, дәреже келген күні.  
Ел ұмытса желтоқсан жаңғырығын,  
Қазақтың дәл сол күні – өлген күні!

Құдайым айырмасын пейіліңнен,  
Адамға бұл да бақыт біле білген.  
Қазақтың қызы сұлу дегені рас,  
Мың айналып кетейін реңінен.  
Көзіңнен нұр ойнаған бір қарасам,  
Көңіл деген далама гүл егілген.  
Өзіңнің тырнағына татымайды-ау,  
Жиырма сұлу келсе де Кремльден.  
Тағы да шын ойымды білгің келсе,  
Жолықтыр жүрегінді жүрегіммен!

### **АЙНҰР:**

Болсыншы алдарында бағым басым,  
Ағайын пейіліңіз тарылмасын.  
Шыққан соң сахнаға ағамның да  
Өнері жалын оттай жалындасын.

Айтатын ойды, ағатай,  
Айтқызбай ұғар ағасың.  
Сүйретіп жүрген қыз едім,  
Балауса шақтың шанасын.  
Сәбидей мені тербетсең,  
Сырыма сонда қанасың.

### **ӘБІЛХАЙЫР:**

Мүмкіншілік туғандай сырымызға,  
Ашылар бүгін барлық қырымыз да.  
Сізге өтірік, маған шын шыныменен,  
Әңгіме айтып көрмеп ем бұрын қызға.  
Білмеймін, сіз не дейсіз мұнымызға,  
Жырымыз ғашық болған жырымызға.

Қиындық жатыр әлі игерілмей,  
Баянды бақ, лайықты сый берілмей.  
Жырымыз сіздерге күш-жігер берсін,  
Құрманғазы, Динаның күйлеріндей.  
Басшының бәрі әділ болса, шіркін,  
Қазыбек, Төле, Әйтеке билеріндей.  
Шіркін-ай, заманымыз гүлденер ме,  
Қазіргі министрдің үйлеріндей?!

### **АЙНҰР:**

Алдыңа шығып, ағайын,  
Түсінбес адам күйге ендім.  
Әрине, жыры таусылмас,  
Күнделік тірлік күйбеңнің.  
Мейіріңнен қуат алып,  
Пейіліңді сүйгенмін.  
Сөз айтып қызға көрмесең,  
Жеңгеме қайтып үйлендің?

### **ӘБІЛХАЙЫР:**

Қызсыз өмір ләззатқа бөленбеген,  
Қыз көңілін табу қиын көлендеген.

Бір жолдасым қасымда айтып тұрып,  
Мен оған хат жазғанмын өлеңменен.  
Ақыры құдай қосқан жарым болды,  
«Бүгін маған тимесең өлем!» – деп ем.

### **АЙНҰР:**

Алдыңнан тусын оң айың,  
Тұғырыма қонайын.  
Көз жүгіртіп өткенге,  
Шумақты сөзбен шолайын.  
Дүрсілдеп, аға, мен сенің  
Жүрегің болып соғайын.  
Әңгімесінің түрін-ай,  
Махаббатыңа болайын.

### **ӘБІЛХАЙЫР:**

Сен әлі шындап көңіл бөлісерсің,  
Түсінбесең, әрине, сөгісерсің.  
Дәл мұндай махаббатты таба алмайсың,  
Мына біздей жігітпен жылап көрісерсің.

Өсиет, өнегемен өнген артық.  
Жаман болып жүргенше сөнген артық.  
Ел құрметтеп алдына шығарған соң,  
Жыр айта алмағанша өлген артық.  
Пенде болып келген соң бұл пәниге,  
Құдайдың көрсеткенін көрген артық.  
Біздей жігіт күнде келіп сөз айтпайды,  
Ыңғайға анда-санда көнген артық.

### **АЙНҰР:**

Жүрген соң ақындықты мұрат қылып,  
Отырмын өзің айтқан сұрақты ұғып.  
Өзінді мықтымын деп мақтай бердің,  
Үйге келіп жарымды сынап тұрып.  
От жаққан жеріме келіп тост көтеріп,  
Тілеші бақытымды жылап тұрып.

Жарымның тілін тауып мықты болсаң,  
Үйіңе қайтпаймысың бір ат мініп.

Ағатай ұста есінде,  
Айтқаны болмас дегеннің.  
Ине сұқсаң етіме,  
Басымды имей жеңермін.  
Қыздың жолы жіңішке,  
Қатты айтсаң не дермін.  
Одан басқа ағайын,  
Тулағанда не дермін?

### **ӘБІЛХАЙЫР:**

Өнерің алға бассын, жалындасын,  
Алла деп алға басып адымдасын.  
Айнұрдай ақын қызы бар, елім-ау,  
Жүрегі қуаныштан жарылғасын.  
Дегенмен Айнұр сені, менен басқа,  
Ақындар жеңемін деп қағынбасын.  
Ел өзі бағалайды кімді кім деп,  
Өнерде мызғымасын бірлігің тек.  
Өзін-өзі мақтайтын мен емеспін,  
Жынды да айтпайды өзін „жындымын” деп.

Халықты Қыдыр баба араласын,  
Сол кезде үлкен бақыт таба аласың.  
Бой бермей жүрген асау қиындықты,  
Құдайдың өзі келіп жазаласын.  
Ел болып басындағы кемшіліктің,  
Бұйыртса шығарармыз жаназасын.

Болайық шынымен ел мақтағандай,  
Шабайық біз де көштен артта қалмай.  
Ер көңілін тастайық бір серпілтіп,  
Талап бар қойылатын басқа қандай?  
Ел тоймай жырымызға жүрмесінші,  
Орманға келіп отын таппағандай.

Ерекше жарық беріп реңіңіз,  
Ағатай, болдыңыз ғой тірегіміз.  
Сыртыңнан Айнұр сыйлап жүретұғын,  
Ақкөңіл азаматтың бірі едіңіз.  
Тілегім, құдай өзі қолдап бізді,  
Әрқашан қабыл болсын тілегіміз.  
Сап-сары костюмыңның ар-жағынан,  
Аппақ боп көрініп тұр жүрегіңіз.

**ӘБІЛХАЙЫР:**

Өмірде әр кез, Айнұр, бағың жансын,  
Қуанамын сендей серік табылғасын.  
Өзің айтқан үйіңе келіп тұрамын,  
Жүрегім бір көрген соң сағынғасын!

**АЙНУР:**

Қызың ем әрқашанда мақтанатын,  
Алдыңнан кезім келді аттанатын.  
Ағайын, көңіліңнің айдынына,  
Қайтадан келіп қонсын ақ қанатың.

**ӘБІЛХАЙЫР:**

Ешкім де енді өмірде жыламасын,  
Қазақтың кем қылмасын сыбағасын.  
Алладан сұрайтыным бір-ақ нәрсе,  
Ақ туы Азаттықтың құламасын!

**ҚАЙРАТ ҚҰЛМҰХАМЕД ПЕН  
АЙНУР ТҰРСЫНБАЕВАНЫҢ АЙТЫСЫ**

**ҚАЙРАТ:**

Бабадан бізге қалған несібелер,  
Ұрпақпыз ақ батамен өсіп-өнер.  
Кешігіп енді келдім сахнаға,  
Туыстар, айналайын, кешіре гөр.

Еркелеп ел-жұртыма тыныстадым,  
Көріндер көкейімнен жыр ұшқанын.  
Армысың, сағындырған туыстарым,  
Тілеймін түтініңнің тік ұшқанын.

Тілеймін түтініңнің тік ұшқанын,  
Сендерсің таусылмайтын ырыс-бағым.  
Қазақты жасық халық демесін деп,  
Еңсемді басқа елде де тік ұстадым.

Демеймін елік қудым, желік қудым,  
Деуші едім бірі болсам көрікті ұлдың.  
Алыстан аңсап келіп ата жұртты,  
Барлығын ел жайынан көріп білдім.

Барлығын ел жайынан көріп білдім,  
Келмейді көпшілікті зеріктіргім.  
Қытайдағы екі миллион қазақтардың,  
Арқалап аманатын келіп тұрмын.

Қазаққа енді орнады заман күліп,  
Ел салтын өз ортаңнан алам біліп.  
Есілдей ерке өзеннің тұнығына,  
Алайын жырдың құсын тарандырып.  
Жырымды ұлпа бұлтқа ұйықтатайын,  
Тәңіртау болсын маған табалдырық.

Болсын деп артым - арман, алдым – бақыт,  
Келдім мен көз жасымды жаңбырлатып.  
Ағайын, сенің ыстық лебізіңнен,  
Алайын кірпігімді сәл құрғатып.

Қай қазақ жек көреді тентек ұлын,  
Көп өтгі аңсауменен келте күнім.  
Алыстан ел-жұртты аңсап келгенімде,  
Әрине, жарасады еркелігім.

Қош келдің менің, Айнұр қарындасым,  
Сендермен бүтінделген жарым басым.  
Шет жайлап, қиыр қонып жүргеннен соң,  
Бір-бірін қазақ неге сағынбасын?

Бір-бірін қазақ неге сағынбасын  
Сағынған, қарындасым, жанымдасың.  
Ағаңның саған деген ілтипатын  
Қарындас, көптей көріп қабылдарсың.

### **АЙНУР:**

Көшелі ойлы көшпенді,  
Сан басып өткен сақ бабам.  
Тонькөк пенен Күлтегін  
Сақтардың салтын сақтаған.  
Тектұрмас пенен Қарахан  
Қытайды жеңген қаптаған.  
Абылай, Кенесарылар  
Сенімін елдің ақтаған.  
Ағыбай менен Бөгенбай  
Жау келсе қарап жатпаған.  
Сол сақтар қазақ атанып,  
Жиырма ғасыр аттаған.  
Қазына халқым армысың,  
Тарихын танып жаттаған.  
Ақылы биік халықтың,  
Ақыны мен деп мақтанам!

Жақсылықтарға сүйінген  
Ақынның жаны тым нәзік.  
Бар қазақ болып бас қостың,  
Астана болып бір қазық  
Мырзатай ағам ұйытқы боп,  
Жаратқан құдай мырза қып,  
Бүгінгі ерлік ісіне  
Ақындар кетсін жыр жазып.  
Адамнан болсын ырзалық,  
Алладан болсын мырзалық!

Ежелден қайсар ел едік,  
Қиындықтарға шыдаған.  
Шет жақтан келді бауыр деп,  
Мен сүйіншімді сұрағам.  
Майрадай бұлбұл келгенде,  
Тек қуаныштан жылағам.  
Шуағын шашып Шұғыла,  
Биімен жұртқа ұнаған.  
Соңынан келген сіздің де  
Аз емес екен сыбағаң.  
Алыста қалған туысқа,  
Сәлемімді айта жүр ағам.  
Отанға әлі-ақ оралар,  
Аман боп тұрса Нұр-ағам.

Ағатай сіз деп білемін,  
Қияға қонған қыран құс.  
Иіліп сәлем беретін  
Тілеулесің - мен тіл алғыш.  
Жымиып келіп отырсың,  
Жете ме сірә бұған күш. .  
Томпитып қойған ағамды,  
Қытайлықтарға мың алғыс.

### **ҚАЙРАТ:**

Өткені қуаныштан жылдам уақыт,  
Кетпесін басымызда тұрған бақыт.  
Бес елден қырық ақын жиналыппыз,  
Кетейік Астананы думандатып.

Ертеңге асықтырды алдағы арман,  
Қазақтың жолы осы таңдап алған.  
Жанымды жалын шалып жабырқатқан,  
Мен әлі арылғам жоқ жан жарамнан.

Жүрейік гүлге бөлеп даламызды,  
Жүрейік нұрға бөлеп қаламызды.

Ата-жұрт мәңгі бесік болса екен деп  
Жеткіздім сексендегі анамызды.  
Мүгедек болып қалған төңкерісте,  
Жеткіздім алпыстағы ағамызды.  
Жеткіздім жарымыз бен баламызды,  
Кім білсін болар қанша шамамызды.  
Әрине көсілуді көрпе біліп,  
Түр біздің тұрмыс билеп санамызды.

Ақын деп атамаған бекер мені,  
Ел-жұртым сал-сері деп секерледі.  
Еркелеп өз елімде бірнеше күн,  
Кеп тұрмын көңілімді көтергелі.  
Отанға әлі оралып жетпеген соң,  
Борышым менің әлі өтелмеді.  
Айтысқа бір тақырып қоссам деймін,  
Қазақтың жайын айтып шетелдегі.

### **АЙНҰР:**

Оныңыз рас жан-жақтан,  
Ағылып жатыр оралман.  
Қосылып жатыр азық боп  
Рухымызға тоналған.  
Жаңғыртып жатыр бәрі де  
Салт-дәстүрімді жоғалған.  
Барлығы келсе ойлармыз,  
Айрылмаспыз деп тоғаннан.  
Шет жақта туыс қалмаса,  
Сынықтай болып жоғалған.  
Бас қоссақ дейміз бауырмен,  
Сол ғана боп тұр мол арман.

Қайраттай жақсы ағама,  
Тиісіп қайтем бекерге.  
Қамқоршым болып кеп жатсаң,  
Тілеулесің боп өтем де.  
Құрманбек деген ақынды  
Баламаймыз біз бөтенге.

Ұстазыңыз болған соң,  
Ақын болмапсыз бекерге.  
Әкепсің жар мен баланды,  
Қап қалмасын деп шетелде.  
Құрманбектей ағаны  
Жеткізесіз, сіз қашан,  
Ағатай, атамекенге?

### **ҚАЙРАТ:**

Мекендеп біздің қазақ тау бөктерін,  
Көбейткен он баламен әулеттерін.  
Оралман қазақтарға қол созатын,  
Көбейсін Нұртай менен Дәулеттерің.

Өлеңі ағаңыздың түр естіліп,  
Айтайын шашу жырды үлестіріп.  
Құрманбек нар жолымен бастап еді,  
Соңынан біз – тайлағын ілестіріп.

Ұстаз ғой шәкірттердің ең керегі,  
Әрқашан қолтығымнан дем береді.  
Құрманбек ағаңыздың кенже қызы,  
Бұл жаққа оқу іздеп келген еді.

Барады танымаса қайда ғана,  
Жүгірді тілек сұрап айналаға.  
Еш адам қарсы алдынан ие болмай,  
Қарындас қалып қойған айдалада.

Бір кездер бұл қазақтан бақ тайыпты,  
Теңізде қайраңдатты ақ қайықты.  
Қалада озық ұлттар тұрады деп,  
Білемін баяғыда шарт қойыпты.

Осылай баяғыда шарт қойыпты,  
Бұл елде келімсектер нақ тойыпты.  
Миша деп мысығына ат қойыпты,  
Мая деп күшігіне ат қойыпты.

Соларға бір-бір пәтер ап қойыпты,  
Қазақтар баспанасыз қап қойыпты.

Айнұр қыз, құлашыңды жайдың үдеп,  
Бұл елді аңсап талай қайғырып ек.  
Айтар ем шетелдегі қазақтарды,  
Бұл елдің ең бірінші байлығы деп.

### **АЙНҰР:**

Қазақтай елдің ұл-қызы ек  
Рухы әлі өлмеген.  
Қиыншылық та қалмаған,  
Біздің халық көрмеген.  
Осындай елдің мұңымен  
Ақындар едік терлеген.  
Құрманбектейін ағамды,  
Ұмытпауды жөн көрем.  
Бір қызы келсе мен оны,  
Тек сынықпен теңгерем.  
Түсінбей қалдым, ағатай,  
Асылдан қалған сыныққа,  
Кім өзі пәтер бермеген?  
Мырзатайдай ағамды  
Неге іздеп келмеген?

Халықтың білсе қадірін,  
Сенімін елдің ақтайды.  
Жамандап кеттің келе сап,  
Мұныңды кімдер жақтайды?  
Өсетін елдің баласы,  
Бірін-бірі мақтайды.  
Бөле іздеген азамат,  
Ешбір опа таппайды.  
Тырнақ астынан кір іздеу,  
Жігіттікке жатпайды.

Сүйегі асыл шынында,  
Қаны да таза текті едің.

Бірақ та ұят болды ғой,  
Жамандап бізді кеткенің.  
Оқып өскен үл едің,  
Құрманбектердің мектебін.  
Біздерге жатыр шаттық боп,  
Туған жеріңе жеткенің.  
Артында қалған туыстың,  
Зар-мұңын айтып өт дедім.  
Екі миллион қазақтың  
Тағдырын айтып өт дедім.  
Қазақстанға Қытайдан,  
Жамандау үшін кеп пе едің?!

### **ҚАЙРАТ:**

Ұқсатам көздеріңді шарайнаға,  
Айтамыз бұл Айнұрға қалай баға?  
Шеттегі қазақтардың мұңын айтсам,  
Айып боп саналады қалай ғана?

Қалайша өзіңе бұл жақпайды әнім,  
Ата-жұрт белдеуіңе ат байладым.  
Қалайша өз елімді жамандаймын,  
Жүргем жоқ бұл Отанның татпай дәмін.  
Қазағым мәңгілікке аман болып,  
Тілеймін таусылмасын бақ қайнарың.  
Басыңа айтқан сөзді айып көріп,  
Айнұр қыз, кеп отыр ма қақпайлағың?

Тәңірім жазсын бізге тамашаны,  
Биікке теңемейміз аласаны.  
Өз-елім өзегім боп жаралаған соң,  
Арманым ақша бұлттан ары асады.  
Қытайлық ақын болып күн кешіп-ек  
Осылай сөз қозғасақ жарасады.  
Еліне келсе қазақ бақыт деймін,  
Әрине, келмегендер адасады.

Соларға бір-бір пәтер ап қойыпты,  
Қазақтар баспанасыз қап қойыпты.

Айнұр қыз, құлашыңды жайдың үдеп,  
Бұл елді аңсап талай қайғырып ек.  
Айтар ем шетелдегі қазақтарды,  
Бұл елдің ең бірінші байлығы деп.

### **АЙНҰР:**

Қазақтай елдің ұл-қызы ек  
Рухы әлі өлмеген.  
Қиыншылық та қалмаған,  
Біздің халық көрмеген.  
Осындай елдің мұңымен  
Ақындар едік терлеген.  
Құрманбектейін ағамды,  
Ұмытпауды жөн көрем.  
Бір қызы келсе мен оны,  
Тек сынықпен теңгерем.  
Түсінбей қалдым, ағатай,  
Асылдан қалған сыныққа,  
Кім өзі пәтер бермеген?  
Мырзатайдай ағамды  
Неге іздеп келмеген?

Халықтың білсе қадірін,  
Сенімін елдің ақтайды.  
Жамандап кеттің келе сап,  
Мұныңды кімдер жақтайды?  
Өсетін елдің баласы,  
Бірін-бірі мақтайды.  
Бөле іздеген азамат,  
Ешбір опа таппайды.  
Тырнақ астынан кір іздеу,  
Жігіттікке жатпайды.

Сүйегі асыл шынында,  
Қаны да таза текті едің.

Бірақ та ұят болды ғой,  
Жамандап бізді кеткенің.  
Оқып өскен үл едің,  
Құрманбектердің мектебін.  
Біздерге жатыр шаттық боп,  
Туған жеріңе жеткенің.  
Артыңда қалған туыстың,  
Зар-мұңын айтып өт дедім.  
Екі миллион қазақтың  
Тағдырын айтып өт дедім.  
Қазақстанға Қытайдан,  
Жамандау үшін кеп пе едің?!

### **ҚАЙРАТ:**

Ұқсатам көздеріңді шарайнаға,  
Айтамыз бұл Айнұрға қалай баға?  
Шеттегі қазақтардың мұңын айтсам,  
Айып боп саналады қалай ғана?

Қалайша өзіңе бұл жақпайды әнім,  
Ата-жұрт белдеуіңе ат байладым.  
Қалайша өз елімді жамандаймын,  
Жүргем жоқ бұл Отанның татпай дәмін.  
Қазағым мәңгілікке аман болып,  
Тілеймін таусылмасын бақ қайнарың.  
Басыңа айтқан сөзді айып көріп,  
Айнұр қыз, кеп отыр ма қақпайлағың?

Тәңірім жазсын бізге тамашаны,  
Биікке теңемейміз аласаны.  
Өз-елім өзегім боп жаралаған соң,  
Арманым ақша бұлттан ары асады.  
Қытайлық ақын болып күн кешіп-ек  
Осылай сөз қозғасақ жарасады.  
Еліне келсе қазақ бақыт деймін,  
Әрине, келмегендер адасады.

### **АЙНҰР:**

Сіз басын бастап келсеңіз,  
Осылай қарай жол болар.  
Дұрыс боп тұрса пейілің,  
Ниетіміз де оң болар.  
Ұлыстың ұлы күнінде,  
Жақсы сөз айтқан жөн болар.  
Шашу ғып сіздің әкелген,  
Шашуыңыз да сол болар.

Жылынам деген пендене  
Нұрынды шашшы, ей, күнім,  
Оспан мен Бөке ер еді  
Халықтың қамын жейтұғын.  
Бастары қалды Қытайда,  
Қопарып айтсақ ой түбін.  
Бас сүйектері Ресейде,  
Кенесары мен Кейкінің.  
Ағалар қайда бабамның,  
Басы қайда дейтұғын?

Тәуелсіз Қазақстаным,  
Тәй-тәйлап енді келеді.  
Абылайлардың арманы  
Осы емес пе еді дегені.  
Өр кеуделі болсыншы,  
Жаңа ғасырдың өрені.  
Көк байрақ биік қадалар,  
Халқымның толса кемері.  
Еңсесі биік елімнің  
Баянды болсын беделі.

### **ҚАЙРАТ:**

Қалдырсақ өшпес өнер артымызға,  
Болмаған көтеріңкі нарқымызда.  
Айтысып Қайрат ақын, Айнұр ақын,  
Туған ел шыққан шығар парқымызға.

Қазақтың ақынымыз біздер бүгін,  
Ететін мұрагерлік салтымызға.  
Біздерді ақын етіп мәпелеген,  
Ризамыз өнегелі халқымызға.  
Мен енді орнымнан қозғаламын,  
Баянды бақыт тілеп жалпыңызға!

## **ЕЛМІРБЕК ИМАНӘЛИЕВ ПЕН АЙНҰР ТҰРСЫНБАЕВАНЫҢ АЙТЫСЫ:**

### **ЕЛМІРБЕК:**

Амансың ба, ағайын,  
Амандасып алайын.  
Алатаудың суындай  
Ақтарылып ағайын.  
Айтысқанда көрдіңдер,  
Ақындардың талайын.  
Арғымақтай арынды,  
Ағындап бір шабайын.  
Алдыменен, туғандар,  
Ақындардың тұнығы,  
Әйелдердің сұлуы,  
Жыршылардың ұлығы  
Айнұрдың жайын табайын.

Ынтыққан көңіл сіздікі,  
Сусаған жүрек біздікі.  
Үздіккен сезім сіздікі,  
Шөлдеген жүрек біздікі.  
Бәрін халқым білесің,  
Айнұр осы кімдікі?

Жарасқаның байқалар,  
Келісінде Айнұрым.  
Піскендігің Тәшкеннің  
Жемісіндей Айнұрым.

Бетіңді бері бүрсаңшы,  
Жеті қабат жәннатың  
Перісіндей Айнұрым.

Қашан болсын осындай  
Асыл едің, Айнұрым.  
Топты жарып шыққан бір  
Ақыл едің, Айнұрым,  
Қасында біз жүргенде,  
Жарқын едің, Айнұрым.  
Тараз бенен Таластай,  
Жақын едің, Айнұрым.

Өзгеше нәзік жаралған  
Жанға ұқсайсың, Айнұрым.  
Жоқ болмасын ешқашан,  
Барға ұқсайсың, Айнұрым.  
Шайға қосып ішетін  
Балға ұқсайсың, Айнұрым.

Бұлбұл күстай құбылтып,  
Сайрай беред демегін.  
Айнұрды Елмір көргенде  
Жайнай беред демегін.  
Әйел сыйлаған еркекпін,  
Алтыным, кезек беремін.

### **АЙНҰР:**

Таласқа былтыр барған ем,  
От жағып сөзбен маздаған.  
Барлығы маған ғашық боп,  
Тілегін айтқан аздаған.  
Таласта жігіт қалмаған,  
Айнұрға өлең жазбаған.  
Қыз көрмегендей қырғыздар,  
Қырылып қала жаздаған.

Ақтабан шұбырындыда  
Шашылған ел ек тарыдай.  
Сол қазақ, міне, бас қосты,  
Жат болып кетпей тағыда-ай.  
Қабанбай мен Бөгенбай,  
Ақжолтай батыр Ағыбай,  
Ұлыстың ұлы күнінде  
Тілегімді бер, уа, құдай!  
Арқаның жерің, армысың,  
Ақ орда тіккен Абылай!

Қасыма келген армысың,  
Елмірбектей тарпаңым.  
Бес күн болды қонақсың,  
Төріне шықтың Арқаның.  
Демалғаның жетеді,  
Қарымын көр қалқаның.  
Алқындырсам деп едім,  
Алдына шығып алқаның.  
Өзіңмен бүгін қосылып,  
Көкпарын сөздің тартамын.  
Қолымда кетіп жүрмесін,  
Қоқырайған қалпағың.

### **ЕЛМІРБЕК:**

Төріндемін Арқаның,  
Мықты жер екен айтарым.  
Осы елдің болып төрінде,  
Қызықты судай шайқадым.

Студенттер үйінде  
Жетіншіде сен жаттың,  
Біріншіде мен жаттым.  
Байқасам да барлығың,  
Байқатпастан тек жаттым.  
Айқасып шықсақ айқасқа,  
Құдай өзі берер деп жаттым.  
Сен Таласқа барғанда,

Бәрі де қалған арманда.  
Жер тепкілеп жіберген  
Жеңішбек жете алмай қалғанда.

Онан бері күн қайда,  
Айлар өтіп кетіп тұр.  
Арада қанша қарашы,  
Жайлар өтіп кетіп тұр.  
Айтылмаған іштегі  
Сырлар өтіп кетіп тұр.  
Одан бері қарасаң  
Жылдар өтіп кетіп тұр.

Айтпаймын сөзді қарадай,  
Тұрпатың сұлу маралдай.  
Арманда болған көп жігіт,  
Артыңнан сенің бара алмай.  
Қазір де жүр ғой арманда,  
Шырқырап іздеп таба алмай.

Барғым да келген артыңнан,  
Байыңнан бірақ тартынғам.  
Алақанына салған аруды,  
Айналдым сенің халқыңнан.

Енді, Айнұр, не дейсің,  
Ашытылған шараптай  
Көпіріп келе жатасың.  
Шырағдандай қызулы,  
Ысытып келе жатасың.  
Жазып кетші бұл жерде  
Жанын саған арнаған  
Жас жігіттің қапасын.

### **АЙНҰР:**

Сіндісіне Сараның,  
Сұқтанып сонша қарадың.

Көрінген қызға көз салып,  
Ашылған екен араның.  
Қалжындаса да қырғыздар,  
Туысқаным баладым.  
Ақаевтай басшыңыз  
Баласы ғой білесің,  
Әселдей асыл ананың.  
Қазаққа жиен Шыңғыс та,  
Бірегейі дананың.  
Осыменен, қырғыздар,  
Қазаққа разы болындар,  
Киесі бар-ды даланың.  
Жүгіре берме соңымнан,  
Тілініп қалар табаның.  
Қанағат қарын тойдырар,  
Жөнге жүр енді, қарағым!

### **ЕЛМІРБЕК:**

Жырласаң елге жағасың,  
Қырғызды қарап бағасың.  
Айнұр-ау сені байқасам,  
Не түрлі сөзді табасың.  
Онан гөрі маған көн,  
Бақытыңа барасың.  
Сонда қырғыз-қазаққа,  
Жұлдыздай боп жанасың.

Көктегі шолпан сыңарындай  
Көрінесің, Айнұрым.  
Көктемдегі жаңбырдай  
Төгілесің, Айнұрым.  
Алып келіп тұрғандай  
Астанаға ай нұрын.  
Қазақтың асыл қызысың,  
Ұқсайсың мөлдір жүзімге.  
Қарашы, өне, еліңнің  
Қызғаныш бар жүзінде.

Өзің айтып кеткендей  
Көрінгенге көз салмаймын.  
Басқа қызға да бармаймын,  
Бал сөзіңді тыңдаймын,  
Өзіңізді таңдаймын.  
Бал татыған сөзің бар,  
Басқаны таба алмаймын.

Адамның тәтті тілі бар,  
Артықша кетсем балдай ма.  
Белсеніп тұрған бір жігіт,  
Бармаса бекер болмай ма?  
Сұқтанбаса сұлуға  
Елмірбек еркек болмай қалмай ма?

Қызметі өтсе халқына,  
Жақсыны жалпы жақтайды.  
Қырғыз бенен қазақтың  
Қызы сендей болсын деп,  
Жігіттер жырлап мақтайды.  
Қасыңда тұрған ер жігіт  
Қарағым, саған жақпай ма?  
Алдында әне отырған  
Әлекең менен Әбіштің  
Жастығы еске түсіп жатпай ма?

Айта берсек таусылмас,  
Осымен тоқтап толдық біз.  
Ғашықтықтың баянын  
Біраз айтып болдық біз.

Құдайым сірә көтерер,  
Айнұрдай жанның талабын.  
Алматы асып кете бер,  
Жарқылдап күнге тамағың.  
Ал, бастағын, Айнұржан,  
Кезегіңді берейін.

Өзіндей болсын барлығы  
Өзгеге қайтіп теңейін.

### **АЙНҰР:**

Жұлқына бердің , қу жігіт,  
Қазақтың қызын жеңгің кеп.  
Жылауды тегі қоймадың,  
Айнұрды іздеп келдім деп.  
Үш бала бар ед үйінде,  
Оны да мынау ел білмек.  
Әйеліңіз тағы бар,  
Көйлегі қалған желбіреп.  
Тойғанын білмес тоқтыдай,  
Маңырай берме, Елмірбек.

Сөздерің қайда тым жақсы,  
Жүзіндей өткір алмастың.  
Естеместердің ерекше  
Ескі әні болып жалғастың.  
Қыздар жоқтай қырғызда,  
Қазақтың келіншегіне  
Жанталасып жармастың.  
Бұлбұлым деп Айнұрға,  
Өлең жазыпсың алғаш күн.  
Жыр сыйламақ түгілі  
Алтын күйсаң да бармаспын.  
Естай боп жылағаныңмен,  
Хорланың бола алмаспын.

### **ЕЛМІРБЕК:**

Жүрегімді нұр таза,  
Көріп тұрсың алдында.  
Көңілденіп сөз айтсам,  
Көтеріле қалдың ба?  
Балқығандай сөз айтсам,  
Қулығыңа салдың ба?

Өзіңше қарап мен жаққа,  
Пайдаланғалы тұрмысың.  
Қонақ болып мен келгем,  
Жарамайды бұл ісің.  
Жүректе жүрген өкпені  
Қозғағалы тұрмысың?  
Жанталасып жармаспа,  
Байыңа бағың бұйырсын.

Қылтындап тұрсың ілгергі,  
Қыз кезің өтіп кетіп тұр.  
Бағың жанып өрлей бер,  
Байыңа аман жетіп бір.  
Қармамай қолды қайтейін,  
Елмірбек атым өтіп тұр.

Жаңа ғана айтыстық,  
Мына елдің жазып қапасын.  
Осы ел көңілін ашамыз,  
Қосылып бірге жырласақ,  
Халық көңілін жазамыз.  
Күйіп айтқан жайым жоқ,  
Ел күлсін деп айтып жатамыз.

Жарасты бір жыр шығар,  
Төгілгендей күншуақ.  
Ерегісіп айтыссақ,  
Етек-жеңнен шымшылап.  
Әлі талай жолығармыз,  
Еліңде болсын ынтымақ.

### **АЙНУР:**

Оңды сөз айтса ақындар,  
Оңынан туар айы да.  
Қонақ боп келсең разы бол,  
Қазақтың құйған шайына.  
Жармасып жатқам жоқ дейді,  
Бұйырсын дейді байына.

Бұйырсын десең байына,  
Айнұрды қалдыр жайына.

Өзіңе ұқсас түсім де,  
Өзіңе ұқсас күшім де.  
Разы болсын мынау ел,  
Қарапайым пішінге.  
Елмірбек жүрсін еркелеп,  
Қазақ пен қырғыз ішінде.  
Айналайын, ағайын,  
Достық сезім үшін де  
Балапандай ұлым деп,  
Алақаннан түсірме.

Өлеңін елші қып өткен,  
Сүйінбай, Жамбыл, Нұртуған.  
Достықты ардақтағанда,  
Жүректен жарқын жыр туған.  
Қазақ пен қырғыз бір туған,  
О бастан-ақ ірі туған.  
Анасынан айналдым,  
Елмірбектей ұл туған.

**ЕЛМІРБЕК:**

Осы сөзің үшін бір,  
Сүйдіріп қойшы ұртыңнан!

**ӘБДІКӘРІМ МАНАПОВ ПЕН  
ЕГЕУХАН МҰХАМЕДИЯҚЫЗЫНЫҢ АЙТЫСЫ**

**ЕГЕУХАН:**

Алматы шақырған соң келіп жеттім,  
Сәлемін жеткізейін, елім, көптің.  
Ақ орда – ата-ана, ұлы халық,  
Алдыңа келін болып сәлем еттім.

Жиналған тәмам елдің саңлағы,  
Өнерлі өзге елге де танылады.  
Сүйінбай, Жамбыл, Сара, Біржан тіккен,  
Айтыстың Қазақстан шаңырағы.

Әйгілі Монғолия Отанымыз,  
Белгілі жер-әлемге атағымыз.  
Уығын Ақтан ақын шаншып кеткен,  
Баян-Өлгей - өлең-жырдың отауымыз.

Алатау, Көкшетаудың бауырына,  
Мен келдім Отан қоғам қауымына.  
Кешегі ұлт салтын қайта қорғап,  
Жаңарған Алматымның ауылына.

Қазақ тіл құтты болсын Зандарыңыз!  
Арайлап қайта атыпты таңдарыңыз.  
Қарыштап қайта құру өрістесін,  
Ағайын аман болып мал-жаныңыз.

### **ӘБДІКӘРІМ:**

Келгелі бермес маған мұндай бақыт,  
Шашайын шашу етіп жырдан жақұт.  
Ассалаумағалейкум, асыл халқым,  
Ортаңа балаң жетті сырнайлатып.

Ал, халқым, шаттана бер бағың басым,  
Шаттанып марқаятын шағыңдасың.  
Өскені елдің өркендеп осы емес пе,  
Мемлекеттік тіл боп тілің танылғасын.

Ақыннан айтылмай жыр-ән қалған ба,  
Жетелейміз жыр көшімен арманды алға.  
Жүрсіннің атасына мың рахмет,  
Бір жеңге тауып берген Монғолдан да.

Жеңеше оң екен ғой талабыңыз,  
Ән-жырмен жақын еттік араны біз.

Ата-бабам кіндік қаны тамған жерге,  
Тиіп тұр осы бүгін табаныңыз.  
Ол жақтағы барша ағайын түгел келсін,  
Құт болсын деп тілеймін қадамыңыз.

Кеп тұрсыз жырлы ауылдан, ән ауылдан,  
Бір тектілік сезінем самғауыңнан.  
Үш күн бойы жолыңа алаңдадым,  
Жеңешем кешікті деп Барнауылдан.

Достықты туыс қылып, ырыс қылып,  
Бірер сөзбен кетейін кірістіріп.  
Ұлан-Батор астанаға атақ берген,  
Бір ардақты ағамыз Рысқұлов.

Лебізін біз тыңдалық жеңгенің де,  
Ойланған шығарсың да келгенінде.  
Монғолстанға ағамның еңбегі өткен,  
Бағалаған шығарсыздар еңбегін де.

### **ЕГЕУХАН:**

Мен келдім аймағымнан әнге салып,  
Бір қайын кезігер деп көңілге алып.  
Кешегі отбасының айтысы еді,  
Көтердік бұл айтысты алғаш анық.

Қашан мен өлең мен жыр жаттағанмын,  
Жасымнан ел дәстүрін сақтағанмын.  
Халықтың қадірменді күнін жоқтап,  
Азамат жасай берсін аталарың.

Монғолым өркендеген қанат жайып,  
Орындап әрбір ісін бәрі дайын.  
Елім де қазақ дәстүрі сақталған-ды,  
Қарағым, қайын, жассың көрсең барып.

Қайынжан, жеңешенді келер депсің,  
Келген соң әнге салып берер депсің.

Жатып ем Барнауылдан хабар айтып,  
Қарағым, жігіт болып ескермепсің.

Әнінді тағы-тағы салмағаның,  
Алысқа самғай берсін арман әнің.  
Жеңгеңнің жүрегінде қалып қойды,  
Алдынан шығып күтіп алмағаның.

### **ӘБДІКӘРІМ:**

Деп едім өзіңізді жыр ардағы,  
Жан екенсің ән-жырға құмар бағы.  
Арнайы бір сауалды қойып едім,  
Есіңнен шығып кетті-ау Тұрар-дағы.

Жеңеше осы жайды ойладың ба,  
Сауалымның түбіне бойладың ба?  
Соншама бейнет етсе Тұрар ағам,  
Бір көшені ең болмаса қоймадың ба?

Сөздеріңіз жанаспайды шындықпенен,  
Ойпыр-ай мынау жала сұмдық дер ем.  
Жан емеспін өлеңде шыр бітпеген,  
Жан едім бөгде жақтан жыр күтпеген.  
Қалай болад танымастан тұрып жеңге,  
Асатпай жатып қызық құлдық деген.

Десек те айтқан уәжді тән алармын,  
Әр сөзіңді жеңеше бағалармын.  
Еркінсіп кетпегенін білесің ғой,  
Көзіне шөп салғым келмеді ағалардың.

### **ЕГЕУХАН:**

Әр ақын өлең айтар еске аларда,  
Ұмытып дәстүрді көп қалар ма.  
Қайынның жеңгесіне құрметі,  
Ойлашы, аға көзіне шөп салар ма?

Біз-дағы мына жерде думан құрып,  
Бүгіндер көтерілді жоғары рух.  
Тұрарға ескерткішті салып жатыр,  
Қай жерде жанданды ғой қайта құру.

**ӘБДІКӘРІМ:**

Бұл жайды ризамын білгеніңе,  
Кінәні көп артпағын түздегіге.  
Есіңізден қалайша шығып кетті,  
Медеуде бір сайрандап жүргенің де.

Медеуге бірге барып сайран салып,  
Көркіне сұқтандыңыз қайран қалып.  
Медеоны Медеу ете алмаған-ды,  
Байқап қалдың жеңеше айдан да анық.  
Тіл тағдыры – ел тағдыры деген бар ғой,  
Тілектес боп тигізеңші пайданды анық.

**ЕГЕУХАН:**

Ол рас көріп қайттым Медеуіңді,  
Теңеуге сөз таба алмай не деуімді.  
Дайын ас келгеннен соң ертіп бардың,  
Ұят қой қойған асты жемеуіңді.

**ӘБДІКӘРІМ:**

Ал, жеңге өкпелеп бір кінә артасың,  
Қайныңа өштесуге құмартасың.  
Әлі талай кездесерміз деп айтамын,  
Қолқанды сонда маған шын артасың.

**ЕГЕУХАН:**

Қашанда, қайынжаным, ойымдасың,  
Тұрғанда бұл өнерің тойындасың.  
Тегінде тосамын деп қуантады,  
Бұл жолы болды әйтеуір мойындасаң.

### **ӘБДІКӘРІМ:**

Жеңеше, отырамын ойың бағып,  
Мойында десең анық мойындалық.  
Қой деп жатыр ана-жақта Жүрсін ағам,  
Етпейді бұл айтысқа тойым халық.  
Мен-дағы көп ақынның біреуі едім,  
Жүрген жоқпын бекерге қойым бағып.

Бұл жеңешем шығарған соң орамалын,  
Бір сыйлықты даярлар деп жобаладым.  
Ал, жеңеше, қонақсың не де болса,  
Қайныңмын ғой алдымен қол аламын.

### **ЕГЕУХАН:**

Айта бар, көп жасасын, ақын Манап,  
Өзіңе жақсы берсін әлі де сабақ.  
Қайыным, қалсын сенің жүрегінде,  
Кетейік Бес Боғдамды саған қадап.

## **ҚУАНЫШ МАҚСҰТОВ ПЕН БЕКЖАН ӘШІРБАЕВТИҢ АЙТЫСЫ**

### **ҚУАНЫШ:**

Тұлпарды тасқа салса тағалайды,  
Сөзіңді ақылды адам бағалайды.  
Ине өткеннен жіп өтіп кетіпті қой,  
Бұл бірақ әділдікке жарамайды.  
Бәріне ақындардың бақыт тілер,  
Қуаныш сені неге табалайды.

Айқайлап елдің қамын айтып келдім,  
Көкейге түйген ойды сарқып бердім.  
Бекжан-ау, сағынысқан досым едің,  
Ортаға тағдыр жазып қайтып келдің.

Бар байлық бізден қалар сөз деседі,  
Алланың жазуы да тез деседі.  
Сағынысқан ғашықтар ебін тауып,  
Осылай сәтін тауып кездеседі.

Дей көрме бұл кездесу өш сияқты,  
Сөздерің күйеу асар төс сияқты.  
Бекжан-ау, балпанақтай екенсің ғой,  
Балаға ағай қойған бес сияқты,  
Ақырын алаулайтын ойларыммен,  
Ғашықтар көп күтетін кеш сияқты.

### **БЕКЖАН:**

Қара өлең қасиетін меңгергенде,  
Шапалақ ұрысыңа демделгенде.  
Абайдан мұра қалған мендік шабыт,  
Құдай-ау, сыймай жатыр шеңберлерге.  
Ағайын, қайта шықтым арқаланып,  
Тоймайды-ау жұдырыққа жеңгендер де.

Болмайық тауық миль, қуыс кеуде,  
Ондайды ауыз бармас туыс деуге.  
Осы айтыс анықтайды келесіде,  
Ағатай, отырарын кім үстелге.  
Қылмастан әпенденің әрекетін,  
Ақыным, сахнада дұрыс терле.  
Бекжанды мұқатуды мұрат тұтпай,  
Қуаныш, бастасаңшы ұлы істерге.

### **ҚУАНЫШ:**

Таласпай, тайталаспай тең айтайық,  
Дархан көңіл, дарабоз кең айтайық.  
Сынайтандар жетеді бұл жағдайда,  
Одан да ақын болып жөн айтайық.

Аралап жүрміз дала, қалаларды,  
Толтырды талай сәуле саналарды.

Үлгі ғып кейінгілер айтып жүрсін,  
Көрсетіп өсетұғын балаларды.  
Қиындықтан шығатын жолды айтшы,  
Қәнеки, тебіrentіп саналарды.

**БЕКЖАН:**

Сөзіме иландырып тәнтi елімді,  
Айтамын мақтанышпен әр тегімді.  
Мәселе қозғау керек болып тұрса,  
Жолымды бере қойман мен тегін-ді.  
Ал, енді мұқияттап тыңдай бергін,  
Қуаныш, шығарып ап антенінді.

Айналар өткен күнің сағынышқа,  
Болмасын жақсылықтың таңы қысқа.  
Кім айтар тығырықтан шығар жолды,  
Тізуге кемшілікті бәрі де ұста.

Бақ-дәулет ауған емес тату ұлдан,  
Сақтасын мысық тілеу, заты қудан.  
Кешегі сексен алты, он алтыда,  
Алыптар көз ашпаған атылудан.  
Тағдыры Әлихан мен Ахметтің,  
Саясат қазанында сапырылған.  
Атанды апорт қала – аборт қала,  
Арулар сабақ алып жат ырымнан.  
Тығырықтан шығар жол – тәрбиеде,  
Қуаныш, осыны ұқ ақыныңнан.

Кеудесінде алапат сең сөйлеткен,  
Сең сөйлеткен, сеңгірмен тең сөйлеткен.  
Қайраттай қабырғалы перзенттерің  
Өліп бара жатса да өлмей кеткен.

Дастарханы толмады-ау думанды ұлдың,  
Қымбатшылық арттырар жылдамдығын.  
Социалистік жарысқа түсетіндей,  
Таусылмайтын тойлардан уланды ұғым.

Желтоқсанның «қылмысты» құжаттары  
Қалтасында кетпесін жуған кірдің.

Ағасы, бұл ініңмен тіресіп көр,  
Ескегін айдындағы бір есіп көр.  
Осылай айту керек айтар болса,  
Қанеки, қарсылыққа ілесіп көр.

### **ҚУАНЫШ:**

Сұрлантып, сұстандырып өзіңізді,  
Назарға ілмейсіз-ау тегі бізді.  
Өткенді айт десеңіз, мен де айтам,  
Неге айтпайсың қазіргі жөнімізді.

Дұрыс-ау бүгіннен ой қажағаның,  
Өткенді айтудан сен аса алмадың.  
Қолыңа лимон бердім, жөн болады,  
Соны сығып лимонад жасағаның.

Озады аттамаса ардан адам,  
Бәрі де ойдағыдай бар ма қоғам?  
Алматының көшесі көрінбейді,  
Орысша, ағылшынша жарнамадан.

Соған ел көңілдерін бүрмайды ма,  
Сананды сауық-сайран үрлайды ма?  
Абылай хан даңғылында тым болмаса,  
Суреті Абылайдың тұрмайды ма?!

Сонымен болашаққа беттейді ме,  
Жағыну жүрегiңнен кетпейді ме?  
Храпуновқа жезде деп қалжың айтып,  
Жөндеуге сенің миың жетпейді ме?

Көңілің сонда ғана толар еді,  
Қиялың қияндарды шолар еді.  
Бүгінгіні жөндесек өткен-кеткен,  
Аруақтар бізге риза болар еді.

Бұл ағаң бақыттарға жол салады,  
Содан соң қорамсаға қол салады.  
Біле білсең, болашақ қабырғасын,  
Жігерлі мен білімді – сол салады.

Шіркін-ай, үмітімді ақтап алсам,  
Осы бір ақындықты сақтап алсам.  
Бір түнде мың толғауды төгер едім,  
Жырауларды түгелдей жаттап алсам.

Есем көп бұл өмірде алатындай,  
Жөнім жоқ көш соңында қалатындай.  
Қазаққа жыршы емес ақын керек,  
Елбасына тіп-тіке баратындай.  
Бұхар керек Абылайдың оң жағына,  
Айтқан сөзі тарихта қалатындай.

### **БЕКЖАН:**

Алданар сахналық кім елеске,  
Ұқсайды-ау өлеңдерің түк емеске.  
Тарихты айтып кеттің деп, ағатай,  
Осында бастап тұрсың бір егеске.  
Өткенді қозғап жатсам кезегімде,  
Дәл биыл ұлттық тарих жылы емес пе?

Шумағың ағайынға тарау керек,  
Ақынға қарып түсер алау керек.  
Абылай бабамызды сөз еттің ғой,  
Мұнынды дұрыстыққа балау керек.  
Суреті тұрған анау даңғылымда,  
Өлгенге тірі көзбен қарау керек.

Екеуіміз кетпейік те кісіліктен,  
Кісіліктен немесе түсініктен.  
Татулық әкелейік әлеуметке,  
Орманның оралғандай құсы күткен.  
Сөздерің ұйпа-тұйпа боп барады-ау,  
Шашынды жатқызғандай түкірікпен.

### **ҚУАНЫШ:**

Еңбекпен талай қамал алынады,  
Бар халық бір тәубаға бағынады.  
Құдай үшін параны бермегін деп,  
Министр бизнесменге жалынады.

Қажыдым ұлтымыздың жоғын айта,  
Қайтеміз, сөз тіркесін танымаса?  
Қалайша министрлер пара алмас,  
Өзі де айлыққа жарымаса?

### **БЕКЖАН:**

Қуаныш, тапырақтау бөтен бізге,  
Шабытсыз кеселміз бе, мешелміз бе?  
Екеуміз тарих жайлы айта бердік,  
Тарих боп кетеміз-ау екеуміз де.

Қарсылас шабытыңды тұсауласын,  
Байқаймын, көңілінде құса-ау басым.  
Әкім боп жүргенінде қайда қалдың,  
«Ақсақ қой маңырайды түс ауғасын».

Өзіңе бере алмаспын байтақ өлшем,  
Қайтейін, сахнаға қайта келсең.  
Ананы-мынаны да қозғайсың-ау,  
Мәселе таусыла ма айта берсең?

Өзгерткен мазмұны мен пішіндерін,  
Заманның сипатына түсінген кім?  
Ауылдың ақиқаты қайтыс болған,  
Алты айлық бала кетті ішінде оның.

Жарамас іні алдында кішірісің,  
Қинады-ау сахнаның қысымы шын.  
Дәл мұндай фактілерді кім білмейді,  
Бар ма екен нақты-нақты ұсынысың?

Арсыз ұлдың ұрлығын сөгеді елі,  
Жарақаттар жазылар денедегі.  
Цифрларды сөйлетіп керегі не,  
Уәделер болғанда «немерелі».  
Қажыгелдин тонаған үкіметті,  
Тонау мүмкін болғасын себебі оны.

### **ҚУАНЫШ:**

Жассың желпілдеген желектерің,  
Мен сені ақылды деп елеп келдім.  
Ақын деген қиындықты айта бермей,  
Айтады оның шығар себептерін.

Шабытым арнасынан төгілгенде,  
Ақиқат ұстатпайды шегінгенге.  
Ауылдың мәселесін ойламадық,  
Кезінде жеке-жеке бөлінгенде.

Дәл қазір заман туды шын аптығар,  
Аз қалды берген сертке тұрақтылар.  
Бір қазақ қожалығын түзей қалса,  
Он бесі сонан қарыз сұрап тұрар.

Береке бірлік болса тұрар деймін,  
Ырыс та ынтымаққа құмар деймін.  
Бекжан-ау, еңбек-білім түсінгенге,  
Замана мойнындағы тұмар деймін.

Демегін әкімдікте былық басым,  
Айтылар осындайда ұлыққа сын.  
Көп ұлтты болғанымен Қазақстан,  
Қазақты шенеуніктер ұмытпасын.

Інішек, алды-артынды аңда дейін,  
Кезекті әрі қарай жалға дейін.  
Осымен бұл сайысты доғарайық,  
Әйтпесе, айтысармыз таңға дейін.

### **БЕКЖАН:**

Ал, енді айт айтарыңды, бала бақсым,  
Сәл тұрса қарсыласты таламақсың.  
Қарасам көрерменнің көзіменен,  
Баспасөзге айналып бара жатсың.

Өзіңе арзан айту лайық па,  
Әрине, санамассың мұны айыпқа?  
Айтысып қайтар едік таңға дейін,  
Қуаныш тұрар болсақ тұрайық та.

### **РИНАТ ЗАЙЫТОВ ПЕН КӘРИМА ОРАЛОВАНЫҢ АЙТЫСЫ**

#### **РИНАТ:**

Тұлпардың барар жері мәре шығар,  
Кәрима, көп сөйлед деп және сынар.  
Бала, бала деп мені кемсітпегін,  
Баладан байқамасаң бөле шығар.  
Мысалы, кіп-кішкентай Ринаттың,  
Кәримадан дап-дардай дәмесі бар.

Саған қарай бұл бала жорғаласын,  
Кәрима, несін бізге таң қарасың?  
„Валетті” „дама” болып басып кетсең,  
Ұрынар бір пәлеге онда басың.  
Менсінбей жас „валетті” кетіп қалсаң,  
Қауқары жоқ „корольдерге” қор боларсың.

Жақында деп айтып ап,  
Жақындасам қашасың.  
Дәмеленіп келіп ап,  
Қашқаннан соң сасасың.  
Ақмарал мен Жібекті,  
Сүйіп кеттің кеше деп,  
Өкпеге есік ашасың.  
Қыздардың алмай қарғысын,

Келіншектің алып алғысын,  
Бар әйелді сүйем деп,  
Бойдақтыққа басасың.  
Бірақ саған мен бүгін  
Аулатпаймын, Кәрима,  
Ессіздіктің масасын.  
Мен әйелді түгелдей  
Сүйем деп те айта алам.  
Жүрсін ағам айтқандай:  
„Әйелдер мәңгі жасасын!”

Жаусын деп жақсылардың шапағаты,  
Ринаттың Астанада салтанаты.  
Ол жақта Аманжолдай ағамыз бар,  
Кәриманың алғашқы махаббаты.

Сақалды данышпан бар Балғынбектей,  
Кетпейтін көңіліңді дал-дүл етпей.  
Дәулеткерей ағама да бір тоқталайын,  
Данышпандай басынан қарғып өтпей.  
Арамызда сұлу бар Жібектей бір,  
Төгетін жанымызға „светтей” нұр.  
Сонан соң Серікзаттай бір ағам бар,  
Сол жайында, Кәрима, сыр етпей бір.  
Екі бойдақ біл бөлмеде тұрып жатқан,  
Біздерге Құдай атып қыз жетпей жүр.

Әйел жоғы болмаса,  
Біздерде жоқ ед қылық құр.  
Қыз керек деп қайтадан,  
Көңілім менің ұлып тұр.  
Шымкент жаққа барғанда,  
Ринат деген ұл бар деп,  
Реклама қылып тұр.  
Оларға бірақ жеткізбей  
Өзің мені шынықтыр.  
Мақтанбаймын, мақтансам,  
Тұла бойда талантым,

Шын айтамын тұнып тұр.  
Ол аз десең, Кәрима,  
Денсаулығым ұрып тұр.  
Бұдан асқан жан жоқ деп,  
Шымкенттегі қыздарды,  
Одан сайын құнықтыр.

**КӘРИМА:**

Жемісін сыйлап халыққа,  
Жаз да өтіп, күз келді.  
Келіншек емес жаныма,  
Деп отыр бізді қыз келді.  
Нұрландыратын айтыста,  
Біздерміз ғой сіздерді.  
Аманжол деген кәрі өлең,  
Жеңе алмай кеткен біздерді.  
Сондықтан бүгін бұл топта,  
Шаш алмайтын шығарсың,  
Құшағыңды бәрібір,  
Аша алмайтын шығарсың.  
Айқайлап айта бергенмен,  
Аса алмайтын шығарсың.  
„Валет көзір” болмасаң,  
Баса алмайтын шығарсың.

Шеттерінен жігіттер,  
Қызға кеткен құнығып.  
Келіншек көрсе осылай,  
Кетеді екен ұрынып.  
Жігітімізді тастамай,  
Жүрміз ғой біз де бұрылып.  
Отбасыға қарайтын,  
Адал жар еді кідіріп,  
Сен үшін Ринат,  
Алатын болдық жұдырық.

Ринат деген байқасам,  
Отыз жастың жартысы.

Құлагердей шабады,  
Көкпардағы тартысы.  
Нағыз қыз бен жігіттің  
Болған осы айтысы.  
Екі баланың шешесі ем,  
Нем қалды дейсің, байғұсым?

### **РИНАТ:**

Ол рас, саған бүгін құныққан ем,  
Берген соң келіндей боп тұрып сәлем.  
Айтыстан шыққаннан соң күйеуің кеп,  
Іледі деп айтасың құрыққа кең.  
Күйеуіңнің орнында болсам егер,  
Ұрмақ түгіл, шәй қой деп ұрыспас ем.  
Қос баладан не қалды деп айтасың,  
Салмасайшы көп күдікті құлаққа сен.  
Ең болмаса сақталғанды тауып алам,  
Шешеміз асыраған жұмыртқамен.

Табарымды өзім білем,  
Кәрима оны не қылсын.  
Екі түгіл, Кәрима,  
Жиырма бала тапсаң да,  
Демеймін саған тегінсің.  
Өзгелерге бұйыртпас,  
Өзімнің ғана теңімсің.  
Жолатпайтын жанына,  
Құрық тимес асаудай,  
Көңілімде керімсің.  
Күйеуіңе сәлем айт,  
Қатты өкпелеп қалса егер,  
Сені ұрмай, мені ұрсын.

Атадан қалған ақындық,  
Шапалақ соғып жатыр жұрт.  
Өзің үшін, Кәрима,  
Өмір бақи болса да,  
Таяқ жеймін мақұл ғып.

Әйел үшін таяқ жеу –  
Таптырмайтын батырлық.

**КӘРИМА:**

Қалжыңдай айтып отырғанмен,  
Артық іске барған жоқ.  
Айтатын бүгін жөнің ғой,  
Көңіліме алғам жоқ.  
Ринаттан артылып,  
Сөз де бізге қалған жоқ.  
Сен үшін енді бір таяқ,  
Жесем де, қалқам, арман жоқ.

**РИНАТ:**

Айналайын, Кәрима,  
Ізгілікке бет алғай.  
Мен де отырмын қасыңда,  
Жетейін десем, жете алмай.  
Не етейін десем, не ете алмай.  
Күйеуің деген қыл көпір,  
Өтейін десем, өте алмай.  
Абайдан кеткен Тоғжан қыз,  
Естайдан кеткен Хорлан қыз.  
Тағдырдың басқа салғаны,  
Менен де кетті-ау сол жалғыз?!

**БАЛҒЫНБЕК ИМАШЕВ ПЕН  
ӘСЕМ ЕРЕЖЕҚЫЗЫНЫҢ АЙТЫСЫ**

**БАЛҒЫНБЕК:**

Батырлар қаһарланса қан төгеді,  
Ақындар шабыттанса бал төгеді.  
Батырларын ұранға айналдырған,  
Қазақтың айтыс деген мәрт өнері.  
Атам деп барлық ақын пір тұтатын,  
Махамбет жыр патшасы мәртебелі.

Тілейміз жалбарынып сыйды Алладан,  
Ел дем берсе, ақындар қиналмаған.  
Әуелі Алла, содан соң сіздер қолдап,  
Шығып тұр балаларың финалға аман.  
Азаттықтың жолында атқа қонып,  
Әз басын құрбан етіп қиған бабам.  
Қазақтың маңдайына сыймай кетті,  
Бар ғалам таңдайына сиған бабам.  
Бір жыл бойы Махамбет тойы болып,  
Қазақтың дастарханы жиналмаған.  
Тойдың соңы дөп келсе Оразаға,  
Иншалла, ер Махамбет иманды адам.

Жетуге болмағанмен баққа күшпен,  
Жетуге болады екен таққа күшпен.  
Таққа жетіп алтын тәж кесе-дағы,  
Ешкім де бола алмайды хақтан үстем.  
Билікте біздің Отан партиясы,  
Тұлпардай суырылып топқа түскен.  
Басшысы білікті адам болғандықтан,  
Ел сенімін жүр бүгін ақтап іспен.  
Махамбеттің бұл тойын жасап жатса,  
Той салмағы емес қой жатқа түскен.  
Отан да Махаң үшін от көсесін,  
Махаң да Отан үшін отқа түскен.

Қасыма келген балдыз Әсем қандай,  
Әдеміден алатын әсер қандай.  
Шыбынды да ұшырмай басыңыздан,  
Қылығынды жарасар десем балдай.  
Жезденіздің ойнасаң сақалымен,  
Мен бүгін жібермеспін есемді алмай.  
Күлім көз, оймақ ауыз, қаймақ ерін,  
Япыр-ай сені тапқан шешең қандай?!

Бұл балдызым шығыстың шырайлысы,  
Әдемі бола ма екен бұлай кісі?

Таудағы еңлікгүлдей көз тартасың,  
Бұл-дағы күдіретті құдай күші.  
Өзгенің өтіп кеткен өміріндей,  
Жезденің балдызымен бір айтысы.

Балдызым сұлулығын өлшетер ме,  
Төп-төтті ұқсап тұрсың бал, шекерге.  
Бес күн бұрын тұрмысты құрған екен,  
Бұл сөзіме көпшілік сенсе екен де.  
Балдыздардың бақытын тілеуші едім,  
Жаратқан соны бүгін берсе екен де.  
Баяғы ақындардың салты еді бұл,  
Балдызым айтқан сөзге ерсе екен де.  
Жиенқұлдай сыйықсыз емес шығар,  
Бажамды таныстырып, көрсет елге!

### **ӘСЕМ:**

Іздесең таба алмайсың жоқты менен,  
Шүкірлік, көмекейден шапшыды өлең.  
Мәлістей ақынменен сайысқанша,  
Балдызбен айтысқаным жақсы деп ең.  
Құдайым тілегінді жерден берді,  
Өзім де жезделерді жақсы көрем.

Жиенқұл емес жарымыз,  
Азамат еді жігерлі.  
Қызыметтен босамай,  
Туыстың жайын мұндағы,  
Біліп кел деп жіберді.  
Қасыма ертіп бес қызды,  
Тойдан кейін салтанат,  
Құрып кел деп жіберді.  
Махамбеттің тойында  
Үлкендердің айтқанын,  
Ұғып кел деп жіберді.  
Балғынбектей бажамыз,  
Қалжындаса бүйірден,  
Ұрып кел деп жіберді.

Оған тіпті болмаса,  
Желкесінен жеті рет,  
Бүріп кел деп жіберді.

Жамандарға жалынып,  
Айтпайтын өлең жең ұшты.  
Жездем менің Балғынбек,  
Өлең айтты өрісті.  
„Анкл Бэнс” секілді  
Деді кеше Мэлсті.  
Енді келіп Әсемді  
Сұлу деді келісті.  
Ақындарды бөлдің деп,  
Ашайын ба соғысты?

### **БАЛҒЫНБЕК:**

Несі бар сахнада келіспейтін,  
Мен емес бұл ойынды теріс дейтін.  
Желкемнен жеті бүріп балдыз шықты,  
Айтыста қыртысымды тегістейтін.  
Айналайын, балдызым, оның рас,  
Балдыз көрсем көңілім өрістейтін.  
Өзіңменен шыққаным жақсы болды,  
Аждаһадан құтылып Мэлс дейтін.  
Жақсы болған алайда түгі де жоқ -  
Оразада кездестім жеп-ішпейтін.

Ай маңдай Аягөздің аруысың,  
Жезденнің жүз дертінің дәруісің.  
Бір тамшы лебіз дәмің жетіп жатыр,  
Таңдаймен теңіз дәмін тану үшін.  
Жігіттің бағы қандай болу керек,  
Япырай, сендей қызды алу үшін.  
Тұрмысты құрғаныңа апта болмай,  
Айтысқа кепсің топты жару үшін.  
Балдызымның не деген дәті мықты,  
Бал айын бөлген тойға бару үшін?

Мен үшін бүкіл ғұмыр жетпес еді,  
Өзіңнің кәусарыңа қану үшін.

Балдызжан, аштың бүгін аңсарымды-ай,  
Пейіштің бал татыған кәусарындай.  
Ойнаған домбыраның шанағында,  
Сүйкімді сенің сүйрік саусағыңды-ай.  
Алақанға салып ап аялайын,  
Айтыстан қайтқан жақсы тау шағылмай.  
Қарағым, қарашада қайдан келдің,  
Көктемде бүршік жарған жауқазындай.  
Жауқазындай балдызым түлкі болса,  
Айтақтап жіберер ем дәу тазымды-ай.

### **ӘСЕМ:**

Өлеңге құрбан десем бар малымды,  
Айтқаным емес шығар жалғанымды.  
Айтысты ұлы өнер деп түсінетін,  
Жақсыдан тауып алғам жан жарымды.  
Пенделік, ықылас қып айтқан сөзің,  
Толтыра алмас менің талғамымды.  
Махамбетше өлмейтін жыр іздеп жүрмін,  
Сен менің аласартпа арманымды.

Тізгін демей ата-енем,  
Тудырды басқа ғажап күн  
Ақын - елдің еркесі,  
Көп нәрседен азатпын.  
Келінімін тәуелсіз,  
Егеменді қазақтың.

### **БАЛҒЫНБЕК:**

Балдызжан, сен де қызық, мен де қызық,  
Гауһар сөзбен тағайық елге жүзік.  
Қарағым, аққу болсаң жарасайық,  
Бүгінгі айтыс деген көлде жүзіп.  
Барғасын сахнаға аузыңды аш деп,  
Алмасын Жүрсін ағам берген үзіп.

Жаназасы шықпайтын кәпір болам,  
Оразада ой айтсам елге бұзық.  
Екеуміз шырайлы айтыс жасайықшы,  
Қанбай қалдық қайтадан кел дегізіп.

Ешкімге керегі жоқ бос ақылдың,  
Ар, намыс пен адалдық досы ақынның.  
Кеше ғана өмірден озып кеткен,  
Нар Ерік Асқаровтан асатын кім?  
Ауғанға барып келген әлді арыстан,  
Әзімбектің өзілін тосатын кім?  
Колбиннің қаһарынан қаймықпастан,  
Қонаевты өлеңге қосатын кім?  
Ауғанның дұшпанынан кем көрместен,  
Қазақтың дұшпандарын басатын кім?  
Бақида да жүздері жарқын болсын,  
Қағидаға сыймаған қос ақынның.

Балғынбек Ерік құсап толғағандай,  
Мұнымды қалың қауым қолдағандай.  
„Ермакқа екі қала берген елміз,  
Өзінің Махамбеті болмағандай.”

Бір кезде Ерік ағам солай айтқан,  
Димекенді мадақтап талай айтқан.  
Махамбеттің аруағы дем бермесе,  
Колбиннен қаймықпастан қалай айтқан?

Біреулер Сүгір болды, Шәмші болды,  
Біреулер сахнада әнші болды.  
Қалайша балдызға мен ән айтпаймын,  
Жаңағылар маған да қамшы болды.  
Таңдайымнан тәтті сөз төгілгенде,  
Майданымнан аққаны тамшы болды.  
Ендеше бір ән салып кетейінші,  
Әдемі ән жақсылыққа жаршы болды.

Жұлдыздармен жымдасқан,  
Аспандағы ай әсем.  
Жездесімен сырласқан,  
Балдызымда ой әсем.  
Бәрінен де ең әсем,  
Ақша бетте мең әсем.  
Балдыздардың ішінде,  
Бәрінен де сен әсем.

Мендегі көп балдыздың,  
Біреуінің көзі әсем.  
Жұпарындай жалбыздың,  
Біреуінің сөзі әсем.  
Бәрінен де ең әсем,  
Ақша бетте мең әсем.  
Бар қыздардың ішінде  
Бәрінен де сен әсем.

### **ӘСЕМ:**

Бір дауыл соқса бәйшешек,  
Солады екен заматта-ай.  
Әзімбек ағам атына,  
Жаманды кетті жолатпай.  
Боламыз ғой әрине,  
Болған іске болаттай.  
Тозбасты ұста соқпайды,  
Өлместі Тәңір жаратпай.

Жасыңнан ақын едің, қыз жақтаған,  
Елге ерке жігітсің бұлғақтаған.  
Қасыңа үлкен келсін, кіші келсін,  
Жайдары әзіл айтып қылжақтаған.  
Әпкеммен қол ұстасып жүргеннен соң,  
Сақалыңның әр талы қымбат маған.

Әлбетте көз салмайтын аласаға,  
Жездеме әзіл айтсам жараса ма?  
Доп секілді жездемді дөңгелетіп,  
Қосайын тамашаны тамашаға.

Жездеме не десем де өзім білем,  
Біреу кеп, қой деп маған таласа ма?  
Егер де еркін сөйлеп, қатты айтсам,  
Қазылар кеп түсе ме арашаға?  
Жездемнің үрген желін шығарып ап,  
Бастырып қойсам деп ем алашаға.  
Әйтпесе қорқып отыр ем доп екен деп,  
Тепкілеп ойнай ма деп бала-шаға.

### **БАЛҒЫНБЕК:**

Жездеңіз айтыстағы ақтабан-ай,  
Балдызының алдында доп бола ма-ай?  
Доптай болсам, үйдегі апаңыздың,  
Сүт беріп, сұлы беріп баптағаны-ай.

Өткен жолы кез боп ед Сара балдыз,  
Басқалардан ақылы дара балдыз.  
Осы жолы Сарадай болмаса да,  
Аллаға шүкір, таптым ғой жаңа балдыз.  
Ел-жұртым риза болып қол соққан-ды  
Аламаннан кел дегенде дара жалғыз.  
Сақалыммен ойнасаң ойнай берші,  
Сақалы белге түскен кәрі адамбыз.

Бірақта түспеймін мен қармақ-ауға,  
Бола ма жездеңізді алдамауға.  
Балдызым, сенің айтқан әрбір сөзің,  
Жүрегіме мүсінін таңбалауда.  
Жездеңізді доп қылып, айналайын,  
Сақалды басымызды салма дауға.  
Махамбеттің тойына шынымды айтсам,  
Сақал, бетті келгем жоқ саудалауға.

### **ӘСЕМ:**

Астана мен Семейдің арасы бір,  
Өзара өзіліміз жарасып жүр.  
Жездеке, жиын той деп көп қыдырмай,  
Үйдегі әпкемізге қарасып жүр.

Әпкемізге бақ болып бұйырсаң да,  
Сыртыңнан талай ару таласып жүр.

**БАЛҒЫНБЕК:**

Япыр-ай, бұл балдызым көсілуде,  
Мақтаумен мерейімді өсіруде.  
Миығынан Әсем қыз жымиғанда,  
Иығымнан шапаным шешілуде.  
Жас шаңырақ көтерген балдызымның,  
Жарапазан айтайын есігіне.  
Рухына тағзым етіп тойға келсең,  
Махамбеттей ұл берсін бесігіңе!

**РҮСТЕМ ҚАЙЫРТАЙҰЛЫ МЕН  
РИНАТ ЗАЙЫТОВТЫҢ АЙТЫСЫ**

**РҮСТЕМ:**

Тәуекел тұлпарының басын бұра,  
Ағама қарайыншы асыл, мына.  
Жасындай жүгіртемін сені, Ринат;  
Ескеріп жиырмадағы жасынды да.  
Жақында алған жұлдең құтты болсын,  
Семей елі той жасап шашылды ма?  
Жүр еді жеңіл көлік мінгің келіп,  
Тау мен тасқа соғылып басың, мына.  
Әйтеуір жолың болып тұлпар мініп,  
Тақымыңның қышуы басылды ма?

Болмайды сөзімізді жарастырмай,  
Ақиқат ауылынан адастырмай.  
Баталы ойлар айтпасақ біздерге ұят,  
Той жасап кеткен кезде алаш мұндай.

**РИНАТ:**

Рүстемім еді сенің сөзің текті,  
Айтыста оған анық көзім жетті.

Тақымымды жұлде де қышытпаған,  
Жай әшейін алатын кезім кепті.

Біссіміллә, медет сұрап бір тәңірден,  
Еліме сөз айтайын інкәріммен.  
Ассалаумағалейум, қарт Алатау,  
Бұлтты күннің нұры қырқа білген.  
Арманшыл, арлы, ағайын, армысыздар,  
Байланған бәйтерегің мұң тамырмен.  
Атойлап тентек ұлың тағы келді,  
Сіздерге ақтарсам деп сыр сабырмен.  
Ашайын көңіліңнің құлыптарын,  
Шабыттай шебер соққан кілт әніммен.  
Жасымда жарамды еңбек ете алмасам,  
Не бетіммен кетемін бұл пәниден.  
Қыранның қылығын бер маған, Алла,  
Жемтігін шалқып шығып, шырқап ілген.

Жаным-ды бір беймәлім тылсым желді,  
Шабытым, жамағатқа аш бір сыр дейді.  
Шындықтың шамы жанса шуақ шашып,  
Қалайша жүректерге нұр сіңбейді.  
Махамбеттей баласын жоқтағанда-ай,  
Қазағым қалай бүгін күрсінбейді.  
Өлмейді оның есімі ешқашанда,  
Топырақ мәңгі тұтқын қылсын мейлі.  
Бабамның басын кесіп алғанменен,  
Жүрегі жер астынан дүрсілдейді.

Еңселігім екі елі,  
Егіз қой ат мекені.  
Қарт Алатау етегі -  
Арлы ағайын мекені.  
Төкпелесем төтелі  
Еліме даусым жетеді.  
Шанақты домбыра қолға алып,  
Айқайлап айтсам не етеді.

Бұрыннан бізге белгілі,  
Бес күн дүние бекері.  
Қызу аттай жас дәурен,  
Менен де бір күні кетеді.  
Барымды айтып қалмасам,  
Махамбеттен қалған бұл жалған  
Біздің де бастан өтеді.

Рүстем інім менің, күнім менің,  
Қошемет ала білген бүгін де мың.  
Алыстан сағынысып ағаң келді,  
Алып келген туған жердің үнін, лебін.  
Мінеки, бесінші рет жолығыппыз,  
Басын қозғап көреміз бүгін ненің?  
Алдаспанша айқасса айтқанымыз,  
Басыңды ала қашып бүлінбегін.  
Батыраштан сақтасын, Құлагерім,  
Шапқанда шақырымға сүрінбегін.  
Жалған жала жуымас азаматсың,  
Жоқ еді тілінде мін, түрінде мін.

Рамазанның айында,  
Махамбеттің тойында,  
Шамаң келсе тартынба.  
Қалқаныңды сойылда,  
Мыжғылаудың жөні жоқ,  
Міндет түр ғой мойнында.  
Қылыштың өзі кесе алмас,  
Жебенің көзі тесе алмас,  
Қуатың бар бойында.  
Тереңдігі теңіздей,  
Кемері ірі лебіздей  
Сөздерің бар ойында.  
Айтарым саған жалғыз-ақ  
Пенделікке бой ұрма.  
Атадан қалған айтысты,  
Айналдырма ойынға.

Келген жоқсың деп білем,  
Сұр жылан салып қойынға.

### **РҮСТЕМ:**

Сөзім бар болғандайын сойыл ұрған,  
От шығып кетпесе екен ойыныңнан.  
Жылан боп келме дейсің мына маған,  
Мен аға, ұл емеспін бойы бұлған.  
Ойлама дос боп кіріп құшағыңа,  
Жылан боп шығады деп қойынымнан.

Ринат, дей алмаймыз жетілмедік,  
Жыр шықсын жүрегімнен нөпірленіп.  
Шынында бесінші рет айтыспақпыз,  
Ел отыр ол сөзіме кепіл болып.  
Жан алысып жатсақ та, жан берісіп,  
Тасқа шапқан қанжардай кетілмедік.  
Бұл жолы да басымыз тоғысыпты,  
Бет жыртысып қадірді кетірмелік.  
Сайдауыттай сайланып бес қаруы,  
Жайғасты ел алдына екі ұл келіп.  
Өріске шыққан сайын сүзісетін,  
Екі отардың серкесі секілді едік.

Елге деген сырымды шертем, міне,  
Өзегің бұл сөзімнен өртенді ме?  
Екеуміз екі серке десем егер,  
Ел қызығып айтыс көрер көркем, міне.  
Мүйізім сынғанынша сүзісем деп,  
Дайын отыр Ринаттай серкең, міне!  
Мүйізің сынғанынша сүзіскенше,  
Ойлаған жөн болады ертеңді де.  
Сынып қалған мүйізің жетпей жатса,  
Қышығанда қасиды желкенді ме?

Сен әуелі үйінде актер болдың,  
Театрда маспен болдың, жаспен болдың.  
Одан кейін Шәкәрім ордасында,  
Тіл дамытып, өз-өзіңе бапкер болдың.

Онан кейін ауысып Еуразияға,  
Кәдімгі қашып жүрген әскер болдың.  
Енді қайта Семейге оралыпсың,  
Қып-қызыл шимай шығар дәптерлерің.  
Бірде онда барасың, бірде мұнда,  
Қона салып ұшатұғын кептер болдың.  
Тып-тыныш актер болып жүре бермей,  
Несіне ақ тер болдың, көк тер болдың?

### **РИНАТ:**

Ақ сиса, қызыл сиса, сиса, сиса,  
Болмайды кімдер әртіс зорлық қылса.  
Өзім ақын, өзім әртіс, өзім биші,  
Рүстем шамаң келсе маған ұқса.

Қалмайсың мына топта сен жарыспай,  
Мен де бір сәт тасиын енді ағыстай.  
Ол рас кеткен сәтім көп екен ғой,  
Топырақ туған жерден кейде алыстай.  
Астанаға барсам да кем болғаным жоқ,  
Жүріп едім қатарымнан мен қалыспай.  
Туған жерді сағынып қайта келдім,  
Жусан исін сағынған Бейбарыстай.

Біздерге бұйыртса екен оңы жолын,  
Қаруын қылмай бекер долы қолдың.  
Ал, сенің тарихыңды айтар болсам,  
Арқалы ақын едің зоры зордың.  
Бес жыл бұрын Семейде жүргенінде,  
Бұйра бас, балғын тілді қозы болдың.  
КазГУ-ге шамшырақ болып сайланғанда,  
Тең құрбы қатарыңнан озып оңдың.  
Жатаққа студент болып жайғасқалы,  
Романтик Ромэоның өзі болдың.  
Айтыста ақындарға ақыл айтып,  
Сарқылмайтын даналық көзі болдың.  
Қартайғанда сенен қандай шал шығады,  
Келеді тек қана енді соны көргім.

Біз бірақ бой ұрмайық көп өсекке,  
Істелген қателікті елесек те.  
Жүйріктердің шабысын танытпасақ,  
Онсыз да жарып жатыр ел есекке.  
Махамбет жайын айту міндетіміз,  
Мырза болып майлы қазы жемесек те.  
Осы кезде оңтайлы сөз айтпасақ,  
Не деп жауап береміз келешекке?

### **РҮСТЕМ:**

Біз болсақ алты алаштың сұңқар құсы,  
Мен емес төбелестен сынған тісі.  
Египеттен еліне аман келген,  
Керемет ғажап еді сұлтан күші.  
Бейбарыстай ұл болдым деп айтасың,  
Бейбарыстың емеспісің бір тамшысы.

Отырмын қатарымнан қалмайын деп,  
Барометр секілді барлайын деп.  
Ақындарға пародия келтіріпсің  
Елге жаман көрініп қалмайын деп.  
Шамаң келсе маған ұқса деп айтасың,  
Ренжіме, Ринат, ондайым жоқ.  
Қарғаға еліктеген сауысқандай,  
Жүрісімнен жаңылар жағдайым жоқ.

Аяймын пәк жүректің күн болғанын,  
Аяймын ақ жібектің жүн болғанын.  
Сан рет сүт күйінде төгілгенмен,  
Ұлт болып ұю еді күллі арманың.  
Бір тізгінге таласқан тар заманда,  
Білемін азат бойың құл болғанын.  
Мәртебемен мақтаныш етемін мен,  
Мәрт туған Махамбеттей тұлға барын.  
Ел есінде ер мәңгі сақталмай ма,  
Ұлт жолына құрбандық қылған жанын.  
О дүниеден біреу келіп айтқан жоқ қой,  
Кешегі Махамбеттің кім болғанын.

Көңілі үл емеспін дорбаны айтар,  
Қайтейін ізгілікті жалғамай дәл.  
Ринат, келбетіңе қарап тұрып,  
Әдейі теңеуінді арнап айтар.  
Құлағың Қабанбайдың қалқанындай,  
Жаулары жанын алып зорға қайтар.  
Дөңгелек тостағандай көздерің бар,  
Суқаным сүймейтұғын жарғал айтар.  
Бүркіттің түмсығындай мұрының бар,  
Бір адам бұл сұмдықты бар ма байқар.  
Тілі ауа тырнаған ауызың бар,  
Мін, сынды қара түгіл ханға да айтар.  
Елден бөлек жаратқан ерекше қып,  
Ринат, өкпең бар ма Аллаға айтар?

### **РИНАТ:**

Рүстем, таптың ба,  
Тиесі сөздің тұрағын.  
Сұрақ қойсаң сен жақтан,  
Жауапты мен де қыламын.  
Екі көзім деп білем,  
Қазағым – қалқаным,  
Өзіңнің жаққан шырағың.  
Қоңқайған мына мұрыным  
Сес көрсетер дұшпанға  
Бойыма таққан тұмарым.  
Елдің мұңын тыңда деп,  
Еш жамандық қылма деп,  
Мына мені жаратқан  
Қалқайтып қойған құлағын.

Дедің бе жаңа, Рүстем,  
Ер Махамбет кім болған?  
Сен сұрасаң айтайын,  
Бар қазаққа пір болған,  
Қазақ деп туған үл болған.  
Бостандық үшін өз басын,  
Кесіп те кеткен дүр бабам.  
Ал, енді қалай тоқтаймын,

Темір мынау қызғанда  
Балғамен қалай соқпаймын.  
Ағайын тыңдасаң,  
Махамбетті енді жоқтаймын.

Айтамын сырды елге көп,  
Сайқалдың сөзі менде жоқ.  
Махамбет, ер бабам,  
Даусым саған жетер ме,  
Сөз сөйлесем термелеп?  
Сен кеткелі бұл қазақ  
Жағдайы мынандай:  
Ереулі ат та ерде жоқ,  
Еңку, еңку, жер де жоқ,  
Егеулі найза ер де жоқ.  
Төлеген ақын айтқандай,  
Бәріміз кеттік пенде боп.  
Құрығын құртты жігіттер,  
Құрық кетсе жігіттен,  
Қоштасты қызық қылықпен.  
Туларын әркім көтеріп,  
Руларын даулап үгіткен.  
Махамбет дүр бабам,  
Ал, енді бізге бер көмек.  
Қазағым, тозса да қанша табаның,  
Айтып айтпай немене  
Талайды торға қамадың.  
Қолыңа қамшы алып ап,  
Ұлы Абайды да сабадың.  
Өткеннің бәрі өткенді,  
Ашылсын енді қабағың.  
Айтқаны деп білгейсің,  
Сақтандырып өзінді,  
Қаршадай мына баланың.  
Махамбеттей арыстың,  
Есімін бүгін жаңғыртып,  
Думаны қызса даланың.  
Осы тойға келгенде,  
Әңгіме қылмай бос сөзді  
Тұлпарша мен де шабамын.

Келешекке бар қазақ,  
Нық басылсын қадамың.  
Аруағы аунап жатсын бір,  
Аруаққа кеткен бабаның.

Жетсек егер шабыттың жетегінде,  
Мен оған бір кедергі етемін бе?  
Ал, енді ағамыздан хабар келді,  
Саған бір сөз айтайын кетерімде.

Тарихтың көшіменен жылжығанда,  
Түседі бабы келген дүлдүл алға.  
Ағанды жас кезінде қара десен,  
Жастық шақта желігің бұл бір арна.  
Бірақ та одан да ірі мұра қалған,  
Тастаған бабаларым мың жылдарға.  
Отыз-ақ жыл жасаған Шоқан бабаң,  
Жазған еңбектен ұрпақ сырды ұғар ма?  
Сұлтанмахмұт бабаң да солай кеткен,  
Қанбастан жас жүрегі жыр құмарға.  
Бернияз Күлеевтың бар еңбегі  
Қазақтың берекесін бір қыларға.  
Ал, Төлеген Айбергенов ақ иығың,  
Қырандай сіңіп кеткен бір мұнарға.  
Кешегі өткен Бекзаттың жиырма жасы,  
Жиырма ғасыр жанарынды тұндырар да.  
Осылар қыршын кеткен қимастарың,  
Сол тағдыр құлатпаған кімді жарға?

## **МАҚСАТ АҚАНОВ ПЕН ҚАРЛЫҒАШ ӘУБӘКІРОВАНЫҢ АЙТЫСЫ**

**МАҚСАТ:**

Жарысып бұла шақта жорға желмен,  
Мен келдім Сарыарқадай арда белден.  
Таспа жырды тартайын тарту етіп,  
Шалдардың қамшысындай талдап өрген.

Сәулелі ой айтамын ордаңызға,  
Шолпан жұлдыз секілді таңда көрген.  
Ассалаумағалейкум, амандастым,  
Шырайлы шығыстағы ардақ елмен.

Бірінен-бірі шыңдар түркы аумаған,  
Жайқалып етегінде гүл қаулаған.  
Мен жеттім Сарыарқадай барқыт белден,  
Ит жүгіртіп, құс салып, түлкі аулаған.  
Шығыстың шыңдарына сәлем айт деп,  
Аманат қып жіберді Ұлытау маған.  
Көргеннен-ақ басылды көзіме оттай,  
Алып шыңдар үстіне бұлт аунаған.

Алла жар, бастағанда жырымды өктем,  
Бабамды еске аламын бұрынғы өткен.  
Өмірдің өнер атты бақшасына,  
Өзімнің өлең атты гүлімді еккем.  
Ағайын, тойларыңыз құтты болсын,  
Бүгінгі Өр Алтайды дүбірлеткен!

Талай қыздың алдында тасыған ек,  
Мақтауды да айтқанбыз асыра көп.  
Жанымдағы құсыма сәлемдестім,  
Қарлығашым отырған қасыма кеп.  
Ел сүйсінбей қалмасын екеумізге,  
Бозбала, бойжеткенің осыма деп.  
Қыз бен жігіт айтысып қыздырайық,  
Кел, ендеше мойныма асыла кет.  
Саған да, сірә, ғашық боп қалам-ау,  
Жүрмеуші ем сезімімді жасыра көп.  
Үлкенді де сүйюші ем, кішіні де,  
Махаббат қарамайды жасыңа деп.  
Әйтсе де бағым жанбай жүруші еді,  
Қайтсе де қонар бүгін басыма кеп.

Ал, қалқа, тыңдат бізге шолпы жырдан,  
Арусың ибалықты шарты қылған.

Мерейің үстем болсын бұл айтыста,  
Демейін қорғаның боп қолтығыңнан.  
Бұйырып маған, еркем, кезіктің-ау,  
Қиылып қара қасың толқын ұрған.

### **ҚАРЛЫҒАШ:**

Жан едім мен өзінді айға балар,  
Көңілім сені көрсе жайдарланар.  
Аякөзден бір қыз алып кетпеп едің,  
Мұны естіп құриды екен қайран амал.  
Сараға да сөз салдың өткен жолы,  
Көңілімде шын күдік пайда болар.  
Мен көнсем айтшы сонда Сара менен  
Аякөзден алар қызық қайда қалар?  
Көңілің етте де бар, шайда да бар,  
Содан соң байғұс басың қайдан оңар?

Бастайын, бісміллә, деп дәмді жырдан,  
Жолыңа жіберердей жанды құрбан.  
Өлеңнің ақ кептерін ұшырайын,  
Қыран қанат қаққандай паң тұғырдан.  
Алтайым, ақ жүзіңнен кім айналмас,  
Әлемдік әсемдікке тән құбылған.  
Шырайлы Шыңғыстау мен сұлу Нарын,  
Туындаған Алланың жарлығынан.  
Қабанбай, Қаратайлар арқасында,  
Дәм татып жүрміз бүгін бал ғұмырдан.  
Мұзтаудан түлеп ұшқан Оралханың,  
Қамбасы қара сөздің тәнті қылған.  
Осындай тектілердің ұрпағысың,  
Талант болып туылған тағдырынан.  
Алтайдың, аяулы елі, аманбысың,  
Жаралған жаратқанның ақ нұрынан.

Ақындар жыр діндегін балталасын,  
Ағайын тамашалап алқаласын.  
Аламан қызып жатқан жұртым мынау,  
Кеңітіп ақындардың арқа-басын.

Қос ақының сөзбенен сойылдасып,  
Көріңдер найзаласқан жанталасын.  
Қазағым, сан қиындық көрсең-дағы,  
Өнердің жүгін алға тарта аласың.  
Қара мұз қанша қалың болғанменен,  
Қалайша күннің көзін қалқаласын.  
Түтіні түзу шыққан, текті ағайын,  
Торқалы тойларыңыз тарқамасын.

Болмайды бүгін бізге дара тұрмай,  
Қазтуған, Ақтамберді, Шал ақындай.  
Ертіс жырды есейік ескекпенен,  
Естіген таң-тамаша қалатындай.  
Өйткені өлең деген күдірет күш,  
Жайнаған ұжмақтың жәннатындай.  
Ақ ниетпен айтылсын аппақ өлең,  
Құранның арайы мол аятындай.  
Айтысып біраз қызық біз жасайық,  
Қырық күн ханның құрған саятындай.

### **МАҚСАТ:**

Ару қыз ашылсаң да гүл сырындай.  
Құдай-ау, мына қыздың қырсығын-ай.  
Мына қыз шыр көбелек айналдырып,  
Апамның иіре ме ұршығындай.  
Үніңіз өзекті өртер естігенде,  
Әуенің қар қызының сыңсуындай.

Еліңіз елге мәлім Семей ме екен,  
Өзінді сайрататын көмей ме екен.  
Сараға да сөз салдың деп қояды,  
Мына қыз енді мені елей ме екен?  
Бәріне де жауабын өзім берем,  
Әр шаһарға бір үй тік демей ме екен.

Келгенде Өр Алтайдың алабына,  
Ел қанық өнердегі талабыңа.

Алайда олай, құдай-ау, көз тартпайды,  
Қарай-қарай көз талды жанарыңа.  
Айбынды елдің алдына шыққаныңда,  
Айдын көлдің келесің шабағына.  
Аққудың әуеніндей күй шалқытсын,  
Саусағың домбыраның шанағында.  
Тал бойында бір мін жоқ, келбетінді,  
Алтайдың ұқсатайын маралына.  
Көркіңіз, Қарлығаш қыз, қандай сұлу,  
Ай келіп қонақтаған қабағыңа.  
Аймалап әр шашыңды тарайтұғын,  
Айналып кетер ме едім тарағыңа.  
Кірпігіңді өбейін еппен ғана,  
Қарашы, Арқаның жас самалына.  
Жыр күтсін көрерменің таңдай қағар,  
Гүл бітсін мұнда келген қадамыңа.

### **ҚАРЛЫҒАШ:**

Бұйыртса көмейден сөз тарағанда,  
Сіндірген саналы ойды саналарға.  
Салмақты сары алтындай сөздерің бар,  
Жүк болардай кәдімгі қара нарға.  
Айға да қолың созып болмайсың-ау,  
Ұстатпас сағым едім дараларға.  
Не десең де көнбеймін деп айтамын,  
Бұл ойымды ел-жұртым бағалар ма.  
Көңілім қаламаса қайтем енді,  
Құдайдың құдыретіне шара бар ма.

Тұнық ой текті өлеңге жалғанғанда,  
Ақық сөз қап қоймасын аңғарларда.  
Мәртебең аласармас осы, Өр Алтай,  
Мәңгілік тапжылмайтын талғам барда.  
Мақсаттай ағамыздың жөні бөлек,  
Өнерге сүйсініп кеп таң қалғанға.

Өзіндей қорған болар ағасы бар,  
Біздердей қарындаста арман бар ма?!

**МАҚСАТ:**

Кетпейтін келбетіңнен күлкің ылғи,  
Аппақсың ақ қайыңның бүртігіндей.  
Айналдым, ажарыңнан кір шалмаған,  
Жанарың ән болғанда, кірпігің күй.  
Айтыс сайын Семейдің кезігеді,  
Шаһаризада секілді сылқымы ылғи.  
Жалғыз сенен тілер бір өтінішім,  
Тым құрыса мың бір түннің бір түнін қи.

**ҚАРЛЫҒАШ:**

Қыз қуам деп кетпесін ұшып өнер,  
Жөн біліп ақыл айтар кісіге ер.  
Қыз-қыз деп көп сөзбенен сөйлей берме,  
Ер жігіт сөзбен емес ісімен - ер.  
Қыз деген қырдың қызыл гүлі емес пе,  
Сан түсіп құрығыңа сан ілінер.  
Асықпаған арбамен қоян алар,  
Әр жағын өзің ұғып түсіне бер.  
Айтарым қыз деп қатты құнықпағын,  
Көп емсе бұзаудың да іші кебер.

**МАҚСАТ:**

Келгенде Өр Алтайды арман қылып,  
Қарлығаш, күтіп алдың алдан күліп.  
Сарыарқадан қаққанда қанатымды,  
Артыма тастап едім бел қалдырып.  
Еме алмай қаталап отырғанша,  
Еміп өлген жақсы ғой шөл қандырып.

Мен болсам көш бастаған нарқызылдай,  
Сен, еркем, үлбіреген алқызылдай.  
Еркемнен мені отырған айырғалы,  
Көркіңнен, айналайын, қар қызындай.

Шығыстағы аты бар шың басында,  
Алтайдай ірілік бар сұлбасында.  
Айманына ақтарған айлы түнде,  
Сыры бар қар қызының сырғасында.  
Кендігі бар шығыстың даласындай,  
Ерлігі бар Нұржанның тұлғасында.  
Оралхандай ойы асқақ қаламгерлер,  
Бір-ақ рет туады бір ғасырда.

Жырым бар дала күнде санама екен,  
Жаныңа шипа болсын өлең атты ем.  
Бұл ауылдың тарихта қалары анық,  
Оралханның ауылы деген атпен.

### **ҚАРЛЫҒАШ:**

Табылып Мақсаттың да жаңа мәні,  
Ертістік айналдырмақ шағаланы.  
Ақиық Ақансері секілденіп,  
Балқадиша қыздарды жағалады.  
Ұлы Абай, Шәкәрімнің ұрпағы едім,  
Өшпейтін үлгісі бар санадағы.  
Қалайша көнемін деп айта аламын,  
Көңілдің болмаған соң қалағаны.

Заңғар Дулат, ұлы Абай, дана Мұхтар,  
Шетінен санай берсең бәрі алыптар.  
Жеткізген ұлылығын құзар шыңға,  
Абайдай қазақта алтын аралық бар.  
Мақтасам ұлылығын Оралханның,  
Көсілген кең сахарә далам құптар.  
Ұлдарыңның әперген даңқыменен,  
Төрткіліне дүниенің таралып қал.  
Қазағым Алтын құрсақ, аман болса,  
Туады әлі талай сан алыптар.

## МҰХТАР ҚУАНДЫҚОВ ПЕН САРА ТОҚТАМЫСОВАНЫҢ АЙТЫСЫ

### МҰХТАР:

Бастайын Субханалла, тағала деп,  
Ләиллаха илла алла тәубама кеп.  
Үмбетіне жараспас жаман әдет,  
Иман ағза мазғабын ұстанғандар,  
Жақсының жанарынан табады әдеп.  
Айында рамазанның аландаймын,  
Аспаннан Алла нұры тама ма деп.  
Сүннәти өлеңменен сөз аттадым,  
Әдейі көңілге нұр тола ма деп.  
Республика сарайында оразада,  
Азанның даусы естілмей қалама деп.  
Теңіз халқым, армысың тасқыныңа  
Қонғалы қанат жайды шағала кеп.

Тарихтың бетінде сан өрнек жатыр,  
Шындыққа далам әлі шөлдеп жатыр.  
Махаңның сөзін Жәңгір жоя алған жоқ,  
Көзін жоя алғанымен жерлеп бақыр.  
Жылдан-жылға ұрпақтың ауызымен,  
Рухы бір қазақтай сөйлеп жатыр,  
Рухы бір қазақтай өрлеп жатыр.  
Басы бөлек жатса да денесінен,  
Екі жүз жыл екпіндеп сөйлеп жатыр.  
Жәңгір хан қайтадан тіріліп кеп,  
Махамбетке айтпай-ақ қой деп жатыр.

Түр екен Сара қыздың бақ басында-ай,  
Нарқы бар Самарқанның көк тасындай.  
„Король” түгіл „пешкі” де сиятұғын,  
Көңілі шахматтың тақтасындай.  
Үзіліп кететіндей тал бойы бар,  
Үлбіреген Шымкенттің мақтасындай.

Құлпырған қос мұнара кеудесінде,  
Құлыптаулы жұмақтың қақпасындай.  
Балдан тәтті мінезі базыналы,  
Қылықты, күрбымсың-ау, қазыналы.  
Жұмақ ана табанының астында деп,  
Пайғамбар хадисінде жазылады.

Жүре-жүре жүйріктен озад жорға,  
Таға-таға алтын да тозад қолда.  
Арудың табанынан жеті-ақ қарыс,  
Сонда не, жоғарыда тозақ бар ма?  
Пайғамбардың сөзін де бүрмалайтын,  
Пәтуә жоқ екен ғой қазақтарда.

### **САРА:**

Маңғаздығым Қоқанның датқасындай,  
Сөздерім Қарағанды шахтасындай.  
Тіліңе қос мұнара тиек болды,  
Дейсің ғой бейіш бақтың қақпасындай.  
Ол қақпаны, Мұхтар-ау, аша алмассың,  
Алтын әкеп берсең де ат басындай.

Біссіміллә, сөз бастадым сен тындасаң,  
Өлеңмен айтыс дейтін салтыңды ашам.  
Армысың, Алматылық асыл елім,  
Қасиеттер жатқандай артыңда сан.  
Бабамыздың есімін жаңғыртар күн,  
Ұлылықтан қалып ед халқым қашан?  
Шабытымды берерсің қайрап менің,  
Жүзіндей ақ алмастың жарқылдасам.  
Тарбағатай төсінде түлеген соң,  
Болмайды-ау биіктерге талпынбасам!?  
Қанатымды талдырма, Алла менің,  
Сұңқардай көкке қарай қарқындасам.  
Қазақтың қызы болып неге тудым,  
Тұмардың жебесі боп тартылмасам.

Тоқсан сөздің түйінін таратар күн,  
Алдыңда жыр боранын боратармын.  
Ақынға деген ыстық пейілдерің,  
Кіршіксіз ақ қарындай Алатаудың.  
Саралап айтсам әрбір сөздерімді,  
Ағайынды өзіме қаратармын.  
Ыстық махаббатыңнан қуат алып,  
Шалқар шапағатыңнан санат алдым.  
Қыдыр дарып, құт қонған қыдыр мекен,  
Думанмен әшекейлеп дала таңын.  
Қос жанарым мөлдіреп мен де шықтым,  
Бабамның асқақтатып нар атағын.  
Алты ай бұрын тұсауымды өзің кестің,  
Алтайдан қайта келді балапаның.

Ұлағатты ұл туса - ұлт мәңгілік,  
Халыққа кір шалмаған шық қалдырып.  
Қызықты айтыс жасайық біз екеуміз,  
Қоржынын ағайынның құттандырып.  
Сөзді жіп, ойды ұршықтай иірейік,  
Күдіктің мұнарасын жыққанда үміт.  
Қарсылас боп бұйырған Сара қызға,  
Армысың, мұрасы мол, Мұхтар жігіт.  
Сөзі шебер, ойы өткір ақын бопсың,  
Жыр бұлақтың тұнығын ұрттап жүріп.  
Алысып ақын қызбен көрейін деп,  
Сараны сұрап апсың сырттай біліп.  
Алаулаған отыма күйіп кетпе,  
Қос көзінді қайта-қайта сұқтандырып.  
Шабыттың шуағына ел жылынсын,  
Жарқырап шыққан күндей бұлттан күліп.

Көңілінде қалсам халықтың,  
Мұратыма анық жетемін.  
Мұхтарды да білемін,  
Азулы ақын екенін.  
Қып-қызыл екен шапаның,

Әсемдеп ойған етегін.  
Қызылдардан ап келген,  
Қызылорда мекенің.  
Қырымнан келген қып-қызыл,  
Жігітке мынау не теңім.  
Қып-қызыл оттай лаулай бер,  
Бойыңнан шықсын бекемің.  
Абайла бірақ төбеңнен,  
Ақ жаңбыр болып өтемін.

### **МҰХТАР:**

Мен - қылыш, ал сен болсаң қын секілді,  
Мен өтірік, ал сен болсаң шын секілді.  
Мен күлсем, бұлттан шыққан күн сәкілді,  
Ашарсың қауызыңды гүл секілді.

Құшағын далам тұрса дархан жайып,  
Қыз бенен жігіт болып жол тандайық.  
Нәсер болып отырсың ғой оққа оранып,  
Қызыл киім осы маған қалқам лайық.  
Қызыл деген өзіміз ғой айналайын,  
Алдыменен ақтарды талқандайық.

Сараның сұлулығын айта, айта,  
Бекем бол өз-өзіңе байқа, байқа.  
Сені көріп, аузымнан су сорғалап,  
Дәретім бұзылады қайта-қайта.

Сыртыммен сең секілді гүрілдеймін,  
Ішімнен қырдың нәзік гүліндеймін.  
Сара қыз жаздың күні бау-бақшада,  
Жапырақ пен жел болып дірілдеймін.  
Күздің күні шатырыңа аққан тамшы құсап,  
Жұпар өпкен кезімде білінбеймін.  
Қыстың күні бір шумақ өлең жазып,  
Әйнегіңді қырау боп тілімдеймін.

Көктемде жер секілді балқып жатсаң,  
Үстіңнен күн секілді күлімдеймін.

### **САРА:**

Өзін қызыл, ал мені ақтар қылды,  
Алдыңда арайланып ақ таң күлді.  
Ақ көйлегім ақ жалауы шын достықтың,  
Мұхтар оған несіне қақпан құрды.  
Абылайдың ақ туындай ақ ниетпен,  
Алатауға мені елім аттандырды.  
Ақ көйлек киген қызға найза сынап,  
Көріп ең ата жаудай шапқан кімді?

### **МҰХТАР:**

Сен тұрсың жалаудайын аппақ болып,  
Аузыңнан жыр төгілед қап-қап болып.  
Астапыралла, Сара қыз не деп отыр,  
Талқандауға кеп тұрғам жоқ, шаппақ болып?  
Қара ормандай тербелсем қарсы алдыңда,  
Сен мені өртеп жібер шақпақ болып.  
Құртқа толы қазыналы қазан болсаң,  
Бетіңе жабылайын қақпақ болып.

Сақталсын бойыңда өнер есен-аман,  
Сен бастың бақытыңа кеше қадам.  
Нұр тұнған көздеріңе бойлай берсем,  
Бір бақытқа кенелгендей әсер алам.  
Шиедейін қызыл ернің шіреніп тұр,  
Шіркін-ай, кетпесе екен есем одан.  
Тіліңде бал, білемін балмұздақтай,  
Арманым жоқ дәмін татып жесем одан.  
Тамағыңнан бір иіскеп алсам егер,  
Ауруынан сауығардай мешел адам.  
Қарай берсең көз тоймайтын көркің де бар,  
Іші күйіп қызғанардай неше жаман.  
„Алтайдың ар жағынан келген ару”,  
Сенбеймін сенен сұлу десе маған.

Ел отыр бізден жақсы тарту қалап,  
Көрсетіп отырайық жарқын қабақ.  
Бойдақта ес болмайды дегені рас,  
Ойларым әрбір жаққа қаңғып барад.  
Құрғыр көзім сұлу көрсе қылиланып,  
Кірпік қақпай қылықтарын аңдып бағад.  
Сенің жұпар иісің мұрын жарып,  
Қырда өскен қызғалдақтай аңқып барад.  
Аузыңнан шыққан шырын сөздеріңе,  
Он екі мүшем түгел балқып барад.  
Білмеймін саған қарай „магниттей”,  
Бір нәрсе жаман қатты тартып барад.  
Жабысып қалсам саған ренжіме,  
Тартылыстың тылсым күші артып барад.

Сара қыз, жаным күйіп тұр,  
Жалыннан көйлек киіп тұр.  
Былбырап піскен өріктей,  
Бойына шырын жиіп тұр.  
Мінсіз мінез бен сұлулық,  
Бір жерге қалай сиып тұр?  
Пейіштен шыққан хор қызы,  
Тұрғандай көзге құйып нұр.  
Құшатын қозы Сараны,  
Құдайым кімге иіп тұр.

### **САРА:**

Жақұтым деп көлдегі,  
Бақытым деп жердегі.  
Маңырап қалма артымнан,  
Маралдай қашсам белдегі.  
Қапыда сірә, қаларсың,  
Қаңбақтай үшсам желдегі.  
Мақтап-мақтап сен мені,  
Отырмысың жеңгелі.

Ақынсың өлең өретін,  
Жүректегімді көретін.

Жанымнан саған орын жоқ,  
Ойып ап бөліп беретін.  
Көңілімнің айдын көлінен,  
Жақұт жоқ саған теретін.  
Мақтағаныңа мәз болып,  
Мен емес сірә, көнетін.  
Түрің бар сенің, ау, Мұхтар,  
Мен өл десем өлетін.

Қыз бен жігіт айтысын,  
Кетейік біздер қыздырып.  
Бетінен алмас ерлердің,  
Бойыңда бар ед ізгілік.  
Алдыңды кесіп өтпеспін,  
Аялай білсең бізді ұғып.  
Артықтау кетсең, ау, Мұха,  
Аламын майдай шыжғырып.  
Ойымды бекер бөлмеймін,  
Сөз айтса-дағы жүз жігіт.  
Қырындай бердің-ау қоймастан,  
Сөзінді оймен сүздіріп,  
Қызылорда да, ау, Мұха,  
Қалған ба өзі қыз құрып?

### **МҰХТАР:**

Мен енді арманыммен ұзарамын,  
Бетке алып солтүстіктің мұз аралын.  
Айтыста алты алашқа аты шыққан,  
Таба алмадым Сарадай қыз амалын.  
Көнбеймін десе қайтем қолын сілтеп,  
Жаңағы шарттың бәрін бұза аламын.  
Аузымды сала бермей Сара қызға,  
Одан да аузыма дәм-түз аламын.  
Басқа қызға көзімді сүзе аламын,  
Беті томпақ, көзі қысық, можан топай,  
Домбыра тарта алмайтын қыз аламын.  
Ғалымның қолындағы хаты мықты,

Батырдың астындағы аты мықты.  
Махамбетке 200 жыл толды деп,  
Ақындарды Алматыға шақырыпты.  
Сара қыз, біз әзілді қоя тұрып,  
Жалындатып жырлайық тақырыпты.

Уақыттың барлық дертке болады емі,  
Даланың қызғалдаққа толады өңі.  
Махамбет егер ақын болмағанда,  
Биігін батырлықпен алар еді.  
Тағдырын таңдап қосқан Исатаймен,  
Тарихта тек достықпен қалар еді.

Малданып біреу жапқан торқасына,  
Сатады досын ішкен сорпасына.  
Махамбетке басы жоқ мүсін соғып,  
Алаңның орнатайық ортасына.

### **САРА:**

Өткен күн болашақтың жағар мәнін,  
Ұлағаты ұлт болып ағарғаның.  
Ерлігін бабамыздың өлең етсем,  
Сілкіністер сезілер санаңда мың.  
Ту түбінен ту алған, дана баба,  
Еліңнің ертеңіне алаңдадың.  
Бостандықтың таңы атып елімізге,  
Ақыры орындалды-ау ақ арманың.  
Қайсар мінез, өр кеуде, ер Махамбет,  
Ұлт үшін ұрттап ішкен заман зәрін.

Табынып баба рухына,  
Зар жыламаймыз бекер біз.  
Елім деп өлген, ер бабам,  
Бағаңа қалай жетерміз?  
Өзекті тербеп өкініш,  
Өтер көктем, өтер күз.  
Алдаспан қып атыңды,  
Рухыңды қалқан етерміз.

Жоқтаумен сені өтерміз,  
Жоқтамағанда не етерміз?  
Ер қадірін кеш білген,  
Қазақ боп туған екенбіз.

## АМАНЖОЛ ӘЛТАЕВ ПЕН МАРЖАН ЕСЖАНОВАНЫҢ АЙТЫСЫ

### АМАНЖОЛ:

Тұмарлы тұлпарым ең кермедегі,  
Ал, көсіл, шабытымның кер дөнені.  
Алпыс екі тамырды исіндірсін,  
Бүгінгі ақындардың нәрлі өлені.  
Түйіліп топқа түскен дүлдүлдерге,  
Аруағы Махамбеттің дем береді.  
Жарқылдап алдарыңа қайта шықтым,  
Халқымның ақ жүрегін тербегелі.

Қазағым, ұлт емессің қаның сұйық,  
Сондықтан жаныңнан да арың биік.  
Азаттықтың жолында ер Махамбет,  
Күрескен бодандықпен жанын қиып.  
Ұлт рухын оятқан ат үстінде,  
Кісінеген күреңнің жалын түйіп.  
Белімді бекем буып, мен де келдім,  
Болсын деп басымдағы бағым биік.  
Өлеңнің құралайын өргізейін,  
Қырқадан құлағандай қалың киік.  
Айтыспен ауыз ашқан мұсылманға,  
Жырымның ұсынамын балын құйып.

Жетсем деп азаттыққа дара күткен,  
Патшаға жүре алмадың қаналып сен.  
Бұл күнде Исатайдай ерлер қайда,  
Ініні соңына ертер ағалықпен?  
„Алтыбақан ала ауыз болмасын” деп,  
Күрестің ел ішінде алалықпен.

Әлі де талай ұрпақ санасына,  
Махамбет сәуле шашар даналықпен.  
Ер салып ұлы өнердің тарланына,  
„Ақ жол!” деп қадам бастым арманыма.  
Өмірдің мен бастаған өнер жолы  
Шығарар деп сенемін заңғарыма.  
Жайғасқан Фатимадай маң-маң басып,  
Шымкенттің сәлем бердім Маржанына.

Адамға ғаділ жарлық һақтан шығар,  
Бойымдағы тектілік Сақтан шығар.  
Ұрпағы еске алғанда Махамбеттің  
Аруағы тебіреніп жатқан шығар.  
Ақтабан, Тарлан болып қайта туған,  
Байбөрінің баласы шапқан шұбар.  
Халық деген күн сүйген Хан Тәңірі,  
Ал, ақын басын-дағы жапқан шынар.  
Ұлытау тілеу тілеп тұрады екен,  
Қанатын көкке қарай қаққанда ұлар.  
Маржан-ау, оңтүстіктің нар қызы едің,  
Өлеңмен кеудесіне таққан тұмар.  
Наркескен Махамбеттей асыл ұлды,  
Өзіңдей алып ана тапқан шығар.

### **МАРЖАН:**

Жақсы өлең, түнде ұйқымды ұрлап едің,  
Кеудеме айдын көлдей тұнған едің.  
Бас иіп Махамбеттің аруағына,  
Әдейі аттың басын бұрған едім.  
Үкілі үмітпенен мен де келдім,  
Армысың Алатаудай, тұлғалы елім!

Бақыттың басымызға жеткендігі -  
Аспаннан бізге нұрын сепкен күні.  
Махамбет Исатайдың барлығы ғой,  
Дүбірлі осы айтыстың өткендігі.

Тілеймін ұзақтығын сапарыңның,  
Бұл күнде алды болдың қатарыңның.  
Дүбірлі осы айтысты жасап жатқан,  
Мың жаса партиясы „Отанымның!”

Ақынның сөзін енді тоспаңыздар,  
Ағайын, ақиқаттан қашпаңыздар.  
Сөзіне Аманжолдың еріп кетіп,  
Бір сағат бұрын ауыз ашпаңыздар.

Жаңадан бір қыз енді отауына,  
Қосылған ақындардың қатарына.  
Сен мені Фатимаға теңеп кеттің,  
Риза боп Қаншайымның атағына.  
Маржандай бір шаңырақтың бәйбішесін,  
Теңеме Жәңгірханның тоқалына.

#### **АМАНЖОЛ:**

Жақсы ақын ел сенімін ақтай білер,  
Бәйгеге жүйрік атын баптай білер.  
Кешегі Сүйінбайлар дәстүрімен,  
Аллалап алға қадам аттай білер.  
Құрмадай Аманжолдың дәмді жырын,  
Бір сағат алақанда сақтай білер.

Маржан қыз, келбетіңіз нар анадай,  
Сөзімді айтқаным жоқ шамаламай.  
Төрт-бес тілді меңгерген Фатиманы,  
Шамасы отырсың-ау бағаламай.  
Тарихта тандап сүйген тоқалдардан,  
Бағалы ұлдар туған баданадай.  
Атамыз алты сұлу алса-дағы,  
Барлығын тең ұстаған алаламай.

Жігіт ем жырдан мүсін соға білген,  
Сондықтан тіл қатпаймын олақ үнмен.  
Бабалар тандап сүйген топ аққулар,  
Тізбектеліп айдыңға қона білген.

Аяулы Домалақтай асыл қыздың  
Бағасын Бәйдібектей дана білген.  
Ақылды, парасатты, ардақты қыз,  
Ордаға өз ырысын ала кірген.  
Домалақтай анамыз тоқал түгіл,  
Еліміздің анасы бола білген.

Айдай сұлу арулар мархабатты,  
Ақылмен бағындырған шартарапты.  
Ормандай орта жүзге ұран болған,  
Білерсің асыл ана Қарқабатты.  
Ұмайдың үлгісіндей сол анамыз,  
Еңселі ердің жүгін арқалапты.  
Қазыбек, Алшынбай мен Мәдилердей,  
Артынан ұрпақ өнген нар талапты.

Осынау дүниеде түйіні өктем,  
Аналар бұл пәниде биік өткен.  
Қабырғадан жасалған Хауа ананың,  
Менің Адам атама сыйы жеткен.  
Ұлы Абай Әйгерімін тоқал демей,  
Өмірлік ғашығым деп сүйіп өткен!

Қазақтың қыздарының ары мықты,  
Тамырында тулаған қаны құтты.  
Арыстандай ерлердің ошақ оты,  
Тек арудың қолымен жағылыпты.  
Еңселі ел бастаған Есней де  
Ұлпанның ақылына бағыныпты.  
Сондықтан да тоқал деп жіктемейік,  
Қазақтың қыздарының бәрі мықты.

### **МАРЖАН:**

Жоқ еді қиыс кетер бұзықтығың,  
Шықтың-ау тоқалдарды тізіп бүгін.  
Аманжол, бір құрдасым болғаннан соң,  
Ағайын, жасайыншы қызық бүгін.

Аманжол, ел мен жұртты неге алдайсың,  
Мен сұрақ берсем, жауап бере алмайсың.  
Керілген Ақмаралдай бөйбішең бар,  
Мен қазір айтсам соны сене алмайсың.  
Тектінің бәрі тоқал болып жатса,  
Аманжол, бір тоқалды неге алмайсың?

### **АМАНЖОЛ:**

Бақыты ер жігіттің баста емес пе,  
Түркінің шежіресі таста емес пе.  
Даналықтың белгісі қарияда,  
Қайсарлықтың белгісі жаста емес пе.  
Уақыт өз билігін жүгізеді,  
Мойныңды бұрсаң-дағы бос елеске.  
„Бір тоқал неге алмайсың?“, -деп айтасың,  
Абайлардың заманы басқа емес пе.

Арулар ана болған алыптарға,  
Анадан асқан шуақ, жарық бар ма?  
Бауырына баспаса аққу-ана,  
Көгілдір көк аспанда қалықтар ма?  
Осынау дөңгеленген дүниеде  
Қазақтай қыз сыйлаған халық бар ма?

Анасыз аспанымыз күнсіз еді,  
Арусыз жер-ана да гүлсіз еді.  
Адамзат, бас имеуге һақымыз жоқ,  
Бар адамның анасы бір қыз еді.  
Алтын таққа отырған Томирис те  
Билік құрған елімнің дүр қызы еді.  
Қос батыр Әлия мен Мәншүктер де  
Шығыстың қатар жанған жұлдызы еді.  
Осындай ару қыздар қазақтағы,  
Қыздардың мықтылығын білгізеді.

Артында асылдардың соқпақ қалған,  
Арнасын асау толқын тоқтатпаған.

Ортамызда отырған Шәмшә апамыз,  
Заринадай қыздарды жоқтатпаған.

**МАРЖАН:**

Ақынның кездескенде ереніне,  
Өткеннің көз салайын дерегіне.  
Аманжол аналарды айтып өтті,  
Тарихтың бойлағандай тереңіне.  
„Тоқалды ертең алам” демегесін,  
Құрдас-ау, сұлу сөздің керегі не?

Ақындар бірін-бірі шындамай ма,  
Сұлулық көздің жасын ұрламай ма.  
Зілзала болып өтті Жамбылымда,  
Бардың ба, ал осыны бір деп ойла?  
Таң қалмай Жәңгір ханның тоқалына,  
Ақындар осындайды жырламай ма?  
Сен өзі көкпар тартып көріп пе едің,  
Шапқылап жігіттердей қырдан-ойға?  
Түрің бар жел тимеген, күн тимеген,  
Сұлулық айтшы, кәне, түр ма бойда?  
Ақ саусақ боп дәл бұлай отырмас ең,  
Қыш құйып, кесек тартсаң Луговойда.

**АМАНЖОЛ:**

Ішіне Аманжолдың үңіліңіз,  
Маржан қыз, сәл кішкене бүгіліңіз.  
Өмір деген тұрады үміттерден,  
Сондықтан ақиқатқа жүгініңіз.  
Бұралтып алып келсең мен алайын,  
Бар болса, сұлу қайын сіңіліңіз.

Құлақ түр перзентіңе, қасқа ғалам,  
Жүректе сырларым көп бастамаған.  
Шашубай, Қайыптардың жалғасы едім,  
Артына арзан өлең тастамаған.

Қаратау тітіркеніп теңселгенде,  
Амандығын тілеген аспан-анам.  
Зілзала болған кезде Луговойда,  
Мол көмек жөнелткенбіз Астанадан.  
Кей кезде ақиқаттан алыстадың,  
Дегенмен біраз жерге қарыштадың.  
Есінде ме жалынды он сегізде,  
Өзіңмен бойдақ болып танысқаным.  
Ол кезде сыландаған сен де қызсың,  
Есімде сахнада жарысқаным.

Мұнар, мұнар, мұнар күн, мұнарда күн,  
Ақынның алыстатқан құлан бағын.  
Тағдырлы қазағымның қамын ойлап,  
Белгілі қолға найза, ту алғаның.  
Күлтегін, Еділдердің дәстүрі еді,  
Қылышты қызыл қанға суарғаның.  
Исі түркі жұртының айбары едің,  
Айға қарап керілген құба арланым!  
Жетімнің көзіндегі жасты көріп,  
Ереуіл атқа ер салмай тұра алмадың.  
„Марғаулардың намысын оятсам” деп,  
Қазаққа „Жұмыр қылыш” күй арнадың.  
Ықыластай сатқындар бүгін де бар,  
Батырдың аңдып жүрген құлар жағын.  
Алаштың көсемдері атылғанда,  
Қызғыш құсты еске алып қуарғамын.  
Одан соң сексен алты ызғарында,  
Шегірдің тағы көрдім шұбар жағын.  
Талай мәрте ботанды өлтірсе де,  
Боз інген, аруана-ұлтым, суалмадың.  
Тар ноктаны шешсе деп көп боздадың,  
Еркіндікке жеткенше уанбадың.  
Елбасы нұрлы жолы ұзақ болсын,  
Бабаның орындаған ұлы арманын.  
Хан Кене, Махамбеттер арқасы ғой,  
Азаттық алып бүгін қуанғаным.

### **МАРЖАН:**

Әкелді он сегізге елім мені,  
Анамыз таппаған-ау тегін мені.  
Жігіттің он бес жылға шегінгені -  
Ағайын деп ойлаймын жеңілгені.  
Шықты ғой тоқалдың да бір керегі,  
Ойыңа осыны алып жүрсең еді.  
„Бар болса қайын сіңілің, бер”,-деп айтты,  
Сөз салып жүрегіме жыр себеді.  
Атақты алты Алаштың Аманжолы,  
„Қыз таппай қалды”,-десе кім сенеді?

Біздердей замандаспен сырласасың,  
Әзілдеп болашаққа бір басасың.  
Көтерген құрдасының көңілін көкке,  
Алаштың Аманжолы мың жасасын!

Жақсы ғой сырласатын ағаң болса,  
Қазағым биік еді бағаң сонша.  
Біз кейде мықтыларды көре алмаймыз,  
Өз тегін тани алмас жамандарша.  
Балтаны Құлагерге сілтей салып,  
Жүреміз жүрегі жоқ адамдарша.  
Абайды сабағаның естен кетпес,  
Жылдарменен өтсе де заман қанша.  
Өз басын Махамбеттің біздер кестік,  
Ағайын, ақиқат қой, амал ханша?  
Бірлік - жыр арқау болсын әнімізге,  
Мұндай күн туа берсін әлі бізге.  
Тектісін тым алыстан танитұғын,  
Тілеймін қырағылық бәріңізге.

### **АМАНЖОЛ:**

Арқамда ұлы өнердің құтты жүгі,  
Шығыстан ару күннің шықты нұры.  
Бетіме жел тимесе, күн тимесе,  
Үйімдегі жарымның мықтылығы.

Көрің жақын тұрса да төріңнен де,  
Не жетсін шындықты айтып өрілгенге.  
Ерлерім безінбесін елімнен де,  
Қызғыш құс безінбесін көлімнен де.  
Исатайдай ер қайда қабақ шытпас,  
Қабырғасы біртіндеп сөгілгенде?  
Түркі рухы тапталды хан Кене мен  
Кейкінің ғазиз басы бөлінгенде.  
Махамбеттей ерлердің алтын басы  
Олжа бола бере ме көрінгенге?

Болғанда түркі жұрты тегім менің,  
Қаймығып қарыс жерге шегінбедім.  
Патшаның көп әскері келмегенде,  
Тарланым, өз күшіңе сенімді едің.  
Шен беріп, старшын ғып сайласа да  
Билікке құмар болып семірмедің.  
Білемін қалың елдің қайғы-мұңы  
Күйзелтіп қабырғанды кеміргенін.  
Шонжардың зәре құтын алған талай,  
Тақымдап көк бестіні тебінгенің.  
Ақын түгіл алашқа қайғы әкелді,  
Қимылы Ықыластай елірменің.  
Әз басың иығыңнан бөлінгенде,  
„Қазақ”-деп қимылдапты-ау еріндерің.  
Тәуелсіздік ем болып жазбағанда,  
Шемен боп қатып қалған шерім менің.  
Махамбет намыс үшін жаққан отты  
Өшірмей боздақ Қайрат, сен, үрледің.  
Ақын тойын тойлады бүкіл әлем,  
Империя мойындады жеңілгенін.  
Асылдың басы түгіл, бір тал шашын  
Дұшпанға бере көрме, елім менің!?

Хан, сұлтан басынғанда қырсығулы,  
Халқыңа қорған болдың күрсінүлі.  
Қасыңдағы серігің ер Исатай  
Қылышын өзіңменен бір суырды.

Исатайдан айырылып шерленгенде,  
Деп едің „біздің елді қырсық ұрды”.  
Бәйтерек ерлерімді күлатқанмен,  
Қара жер қайта өсірді бүршігіңді.  
Мұнарлы қара бұлтты сырып тастап,  
Бүгін қайта бастады күн шығуды.  
Дәуірде бір туатын Махамбетін,  
Азат күнде тұтады ұлтым үлгі.

### **МАРЖАН:**

Дәстүрім жасай берсін көнермей-ақ,  
Ұлы айтыс мың жасайды дегендей-ақ.  
Әйелін үйіндегі мақтады ғой,  
Мен қазір тоқал әкеп берердей-ақ.

Айтысты аяқтауға таяулымын,  
Жүзіңнен көрмейінші қаяулы мұң.  
Ерлігін бабалардың жалғастырар,  
Көп болсын Аманжолдай аяулы ұлың.

## **МЭЛС ҚОСЫМБАЕВ ПЕН БАЛҒЫНБЕК ИМАШЕВТЫҢ АЙТЫСЫ**

### **МЭЛС:**

Тағдыры айналатын тәтті арманға,  
Ақынға шабыт келер шаттанғанда.  
Сиындым атам Бекет аруағына,  
Мәңгілік арқау болған дастандарға.  
Ақ найза алмас-қылыш елестейді,  
Аралап тарихымды ақтарғанда.  
Қарағайды шандоздап шабар едім,  
Батырдың найзасына сап болғанда.  
Біздер оның соңына ерер ме едік,  
Тайманның баласына тап болғанда.  
Баптағандай бір жылқы болар едім,  
Ақтабандай ағама ат болғанда.  
Тарихым екі ғасыр толғатады,

Жәңгірден жазатайым тақ қалғанда.  
Саясатқа найза емес айла керек,  
Сақтайтын құдай керек сақтанғанда.  
Қазағым, бірлік болса, тірлік болар,  
Балаңды түсір қазір бастан жолға.  
Орнына бір-ақ шыққан ұйысқандар,  
Қырымнан қырық батыр аттанғанда.  
Аруағы асқан қазақтың біреуінің,  
Махамбеттің атымен мақтанғанда.  
Жапалақтап өлеңнен қар жауады,  
Шапалақтап отырсақ шапқандарға.  
Ерік пен Әзімбекке тие берсін,  
Тағдырын осы айтыстан тапқандарға.  
Алматыда айтысқа асыққандар,  
Қаршығадай қанатын қаққандарға.  
Екі ақын қосылған шығар деймін,  
Жұмақта да айтысып жатқандарға.  
Армысың, айналайын Балғынбегім,  
Сен өзір отырсың ғой аттандауға.  
Астананың атақты ақынысың,  
Әрине, үйренгесін мақтанбауға.  
Күркіретіп көрейік дүркіретіп,  
Аузынан асыл сөзді ақтарғанда.  
Ағайын, оразаңыз қабыл болсын,  
Осы айда қасиетті айт басталғанда.  
Айт болғанда айтысып қалайық деп,  
Ақындар тіліменен тас жарғанда.  
Бәріне де кешіріммен қараңыздар,  
Тас жармай біреулері бас жарғанда.  
Ассалаумағалейкум, ал ендеше,  
Айтыспен оразасын ашқандарға.

### **БАЛҒЫНБЕК:**

Тұлпардай шаршы топты жардым күндіз,  
Түн болғанда төбеден алдым жұлдыз.  
Өзіңізбен түскенім қиын болды,  
Шыққаны дұрыс еді балдыз бір қыз.

Мәлс аға, бұл тойда топты жарып,  
Халқыңа рухты жырдың нарқын білгіз.  
Махамбеттің тойында бәрімізді,  
Кетпесін дөңгелетіп жалғыз қырғыз.

Армысың, Мәлс аға, адуынды,  
Көптің бірі емессіз кәдуілгі.  
Қара алтындай көремін қадірінді,  
Сары алтындай дер едім сабырыңды.  
Ақжайық- аруынды қорғайтындай,  
Қапсырынып келіпсің қаруынды,  
Атамыздың тойында мен тілейін,  
Тұлпардай шаршы топты жаруынды.  
Шын жүректен қуанып озып келсең,  
Шым жібектен жабармын жабуынды.

Көрермен мың теңгеден билетті алған,  
Айтысқа балаларын сүйреп барған.  
Отыз екі ақынды тыңдау қиын,  
Көбінің тағаты да қирап қалған.  
Тастөбеде Жәңгірді он күн күтіп,  
Исатайдың қолындай сиреп қалған.

Қазақты дүрліктірген даңқың, Мәлс,  
Бабыңыз бәлкім артық, бәлкім кеміс.  
Құйыла келгенменен таңдайға өлең,  
Бұйыра бермейді ғой әр күн жеңіс.  
Қара жерді бізбенен бір басасыз,  
Аяққа кесеңіз де алтын кебіс.  
Тартысқа жан беретін жарқын Мәлс,  
Айтысқа дәм беретін «анкл Бэнс».

### **МӘЛС:**

Не десең де Балғынбек,  
Мен айтысқа шыдаймын.  
Жасым үлкен демеймін,  
Ара-тұра сынаймын.

Сөздеріңе қарасам,  
Өзіңе де ұнаймын.  
Мына тұрған халайық,  
Бірікпеген десеніз,  
Махамбеттей мұңайдым.  
Маңғыстаудың ойынан,  
Бес қаланың бойынан,  
Сүйінқара батырдай,  
Атақозы батырдай,  
Қалың әскер қол ертіп,  
Бері қарай құлаймын.

Махамбеттің бұл тойы,  
Бәрімізге себеп қой.  
Тарихыңды ақтарсаң,  
Таңғажайып дерек қой.  
Айналайын, Балғынбек,  
Хайлайлімге салсайшы,  
Өз-өзінді демеп қой.  
Өзбек пенен қырғыздан,  
Бауырларым келгенде,  
Бұл да бізге көмек қой.  
Жаңағы айтқан сөзің бар,  
Еске салып елеп қой.  
Бір қырғыздан бәріміз,  
Осы айтыста шаң қапсақ,  
Домбыраны музейге,  
Тапсыруың керек қой.

### **БАЛҒЫНБЕК:**

Пір Бекет сапарыңды оң қылады,  
Бұл Мәкең бізге қарай жол қылады.  
Жеңілмейік дегенім, шабыт бердім,  
Ақындар дем бермесе болдырады.  
Мұражайға қойғаным жақсы дейсің,  
Киесін сонда кімдер қондырады?

Махамбеттей басымды кессе-дағы,  
Қолымда ұстап өлем домбыраны.

Ағайын, орныңыздан тұрмаңыздар,  
Тағатын құлағыңа сырғамыз бар.  
Ауылға Сүгір жырау келгендей-ақ,  
Мэлсті мейірлене тындаңыздар.  
Махаббаты еліне Махамбеттей,  
Исатайдан аумайтын тұлғаңыз бар.  
Қобыланды батырдай қайсарлығы,  
Қабыландай қайратты сұлбаңыз бар.  
Сырым батыр секілді шешендігің,  
Сөзінде содан жеткен сырлы аңыз бар.  
Бастайық қан майданды дегендейін,  
Қасқайып отырыста бір маңыз бар.  
Қашаған, Ақтан, Нұрым, Абылдардың,  
Тілінен туған таза түнбаңыз бар.  
Ағайын пір Бекеттің ұрпағы еді,  
Сөзімді күпірлікке бұрмаңыздар.  
Мэлстей ақыныңды мен мақтайын,  
Шын болмаса шапалақ ұрмаңыздар.

Мен - інісі болғанда, Мэлс - ағай,  
Екі ағайын отырмыз соғыса алмай.  
Ауласқаным көңілде дұрыс шығар,  
Жауласқанмен келмейді жеңіс оңай.  
Ағасы - Ай, інісі — Үркер болса,  
Торқалы тойда мына тоғысар-ай.  
Балалар ар жолынан таймасын деп,  
Бабалар қылған істің жөні солай.

Пай, біздің қазақтағы Махандар-ай!  
Сатқындықтан үзілген сапарлары-ай.  
Махамбеттің алса да басын кесіп,  
Тілін кесіп тастауға бата алмады-ай.  
Мағжанды жау деп атып тастағандар,  
Сиқырлы сөзін бірақ ата алмады-ай.  
Сендерге теңеу таппай сенделемін,  
Туған тілім болса да мақалға бай.

Маңдайға симай кеткен, Махандар-ай,  
Рухына тағзым етпей жатам қалай?  
Киелі ақындық пен батырлықтың  
Көтерген шаңырағын бақандар-ай!

**МЭЛС:**

Балғынбек, жырларыңды төге бердің,  
Көрейік мықтылығын өр өлеңнің  
Қарындасым шай құюға келе жатыр,  
Бұл деген кеңеюі ғой керегеңнің.  
Домбыранның құлағын бұрай берме,  
Айқаспасаң айтысқа неге келдің?

**БАЛҒЫНБЕК:**

Айтыстың ну орманын кезгенде алшаң,  
Жараспас ескі сөзді езген болсам.  
Домбыраның құлағын бұрадың деп,  
Айтпас едің бір нәрсе сезген болсаң.  
Домбыра түгіл сенің құлағыңды,  
Бұрар едім егерде жездем болсаң.

Мен, мен едім, мен едім, мен, мен едім,  
Шетелге мұнайменен дем беремін.  
Көлімді қарға құзғын шоқып жатыр,  
Сұраса шошқаға да жем беремін.  
Ұшқан құс, жүгірген аң бәрін сатам,  
Санап берсе доллар мен теңгелерін.  
Кен таусылса сататын жетімдер бар,  
Сарқылмас қазына ғой ел дегенің.  
Иығында басы жоқ үкіметтің,  
Саясатын осылай термеледім.

Саясатты осылай термеледім,  
Ал енді Махамбет боп мен көремін.  
Ер Исатай қасымда болған күнде,  
Айқасып ата жауды жеңген едім.  
Исатайдан айырылып қалған кезде,  
Қайтейін сенген елім сендер едің.

Батырды қас жауына байлап беріп,  
Кәпірдің айдауына көнген елім.  
Менен кейін астарлап Абай айтты,  
Орыстардың шекпен мен шен берерін.  
Бас-басына би болып бөлшектеніп,  
Бұл қалай Абайға да сенбегенің?  
Ол түгіл Алаштың да арыстарын,  
Жауым деп оққа байлап берген едің.  
Соны ойласам Асандай мұңға батып,  
Шерниязға қосылып шерленемін.  
Желтоқсанда Қайратқа қайрат беріп,  
Мүз үстінде алаулап сөнбеп едім.  
Ал бүгінде, қазағым, азат болдың,  
Бұл менің өлсем-дағы өлмегенім,  
Тәуелсіз тірлік үшін бірлік керек,  
Қазақта ынтымақты жөн көремін.  
Нұрлы жолға бастайды сонда ғана,  
Тізгінін ұстаған ұл өр кемеңің.

Осылай деп айтуға орай боп тұр,  
Осы сөз де тіліме оңай кеп тұр.  
Марқасқа Мэлс аға, естимісің,  
Махамбет төбемізде солай деп тұр.

### **МЭЛС:**

Айтсын деп ақындарды жұбат деді,  
Алматым, шіркін, жеткен жұмақ еді.  
Балғынбек үкіметті сынағанда,  
Бас деді, бірдемені құлақ деді.  
Дұрыс қой ашып айтқан ақиқатты,  
Демеймін бұл саясат тұрақ деді.  
«Басы жоқ үкімет» деп айтқаныңыз,  
Күлкіге шақырады бірақ мені.  
Кеше мен теледидар қарағанда,  
Даниялдың басы бар сияқты еді.

Айналайын ағайын,  
Алдарыңда өленді

Жорғадайын тайпадың.  
Жер түбінен үңілген,  
Айтыс болса жүгірген,  
Арғымақтай жайқадым.  
Балғынбекжан осылай  
Шабытыңды шайқадым.

Жолың болсын жортқанда,  
Айналайын шырағым.  
Болашақта өзің бол,  
Биік ұшар қыраным.  
Махамбеттің тойында  
Арқасында Алаштың,  
Ағызайын өлеңнің  
Сарқыратып бұлағын.  
Айналайын Балғынбек,  
Айтсын, айтсын дегенмен,  
Уақыт болды тұрамын.

## **ОРАЗАЛЫ ДОСБОСЫНОВ ПЕН АЙБЕК ҚАЛИЕВТЫҢ АЙТЫСЫ**

### **ОРАЗАЛЫ:**

Армысың көрерменім көктемдегі,  
Құлпырған көк құрақтай көк белдегі.  
Бүгін бізді алдыға тағы әкелді,  
Кешегі көңіліңнің көш-керуені.  
Аузы бір арашашы ағайынсыз,  
Аз ба ақынның атылып кеткендері.  
Үнімізге үн қосып көтермесең,  
Көк тиын ақындардың төккен тері.

Ширақ шумақ айтайық мешелденбей,  
Тілінен тікен тайған шешендердей.

Сөзге сусап келген ел разы болсын,  
Ең құрыса билет құны өтелгендей.  
Ал, енді Айбек біздер жырлайықшы,  
Алладан жауған ақ нұр нөсерлердей.  
Көктегі жүзген бұлтты көзбен жинап,  
Тіліменен көктеген көсемдердей.

### **АЙБЕК:**

Бисмиллә, медет тілеп бір алладан,  
Ұрпағың ұлағатпен жыр арнаған.  
Хан Тәңірі астасып аспанменен,  
Жеті қат көк жүзінен сыр аңдаған.  
Жетісу жерұйығым жұмақ мекен,  
Құт қонған қойнауыңа құмар балаң.  
Іңкәрім аласұрып жеттім саған,  
Тұлпарым таң асырып тұмарлаған.  
Алатау бауырындағы елге сәлем,  
Шалқалап шатқалында күн аунаған.

Көркінді көмкерермін кесте өлең ғып,  
Алматым, айбарың бар сес берерлік.  
Ұлыстың ұлы күнін ұлықтаған,  
Арқадан наурыз думан кешке келдік.  
Облыс пен Астана ауысса да  
Қадір мен қасиеті көшпеген жұрт.  
Жақпарды жарып шыққан бәйшешектей,  
Қаңтарда қар астында көктеген жұрт.

Өнерің бес қонақтың жауынындай,  
Өлеңің құмды өлкенің дауылындай.  
Армысың, Оразалы, арынды ағам,  
Таныған інің едім дарыныңды-ай.  
Қажырлы қайтпас, қайсар мінезің бар,  
Тайпалмас паң даланың нар ұлындай.

Жайдары аппақ көңіл мінезің бар,  
Аққудың көлге түскен мамығындай.  
Қасқайып қасыма қеп жайғасыпсың,  
Ат үстінен сөйлесер хан ұлындай.

Ақынбыз ел үмітін ақтап келген,  
Шабытын шамырқанып шақтап келген.  
Ағалап өскен елдің баласы едім,  
Жарамас ағамызға тап-тап берген.  
Жетінші соңғы жұпта тоғыстырып,  
Халқымыз ұсынуда мақтап төрден.  
Ең соңғы жебе сынды қорамсақта,  
Біздерді сары майдай сақтап келген.  
Татымды жыр айтайық ал ендеше,  
Бәйбішенің асындай баптап берген.

### **ОРАЗАЛЫ:**

Інім-ау, кеттің деме қайда, қалай,  
Мен де сені шақпаушы едім қандаладай.  
«Хан ұлындай» - деп айтасың Оразды сен,  
Мұныға да рахмет майдаламай.  
Қазақтың қасиетінен айналайын,  
Қызы ханша, ұлдары ханзададай.

Өмірдің көну де жөн ағымына,  
Ағымды атқамінер таныды ма?  
Денсаулық жылы қатты қуансақ та,  
Дертке шалдығып тұрмыз тағы мына:  
Ақшасы жоқ аналар қамауда тұр,  
Байғұстың босанғаны жазығы ма?  
„Метіркесіз” шығармай „роддомнан”,  
Зар қылдық кең дүниенің жарығына.  
Баланың „метіркесін” қымбаттатып,  
Ұрпақтың балта шаптық тамырына.

Терезеден секіріп қашып жатыр,  
„Кенгурудай” бала қысып бауырына.  
Біреулер баласын тастап кетті,  
Осылайша аналар қамығуда  
Оны көріп келгендер түйе етін жеп,  
Баласын бағам деп жүр қарынында.  
Сол „метіркеден” түскен бүкіл қаржы,  
Жүк болмас бұл алпауыттың ауызына.

Бүгінгі жан шығарғыш аппараттар,  
Коррупция бауыр-құда, аталастар.  
Бәрінің жүрегінде құдай білед,  
Ақша мен таққа ғана махаббат бар.  
Елім деп еңіресе шеттерінен,  
Ер тоқымын лақтырған асау аттар.  
Астындағы атқа сенбес бұл қазақтың,  
Үміттерін үкімет қашан ақтар?  
Тікенегін балауса орамыз деп,  
Баладай май құйрығын шапалақтар.  
Жебесі жетпес жерге семсер сілтеп,  
Сайтанға ұпай жинап жүр сапалақтар.

Отыр ма шабытыңның кілті ашылмай,  
Бұйлығып, бұғып отырсың бұрқасындай.  
Әрқашан өңін бермес жігіт едің,  
Кәдімгі Алатаудың шыршасындай.  
Қақайып қаққан қазықтай қимылың жоқ,  
Қатырған құнан қойдың тушасындай.  
Ақ паршаға оранып келіп қапсың,  
Қоянның көжек көмген ұлпасындай.  
Отыр ма деп қалмандар ұйқы ашылмай,  
Айбектің ықылымнан сиқы осындай.

### **АЙБЕК:**

Ініңмен сен осылай арбастың ба,  
Мен бүгін шабысымнан танбаспын да.

Ақ киді деп Айбекті бүре тартып,  
Ағасы, ақылыңнан алжастың ба?  
Тал бойымнан тарыдай мін таба алмай,  
Шапанның шалғайына жармастың ба?

Ағасы, тапқан міннің сол ма түрі,  
Бұныменен болар жігіт болмас ірі.  
Атың дардай болғанымен, сөзің шілдей,  
Жырыңның қайда кеткен қорғасыны.  
Жел сөзіңді қой-дағы жөн сөзіңді айт,  
Боталы түйе қылмай болмашыны.

Ақындар жақсылыққа жаршымыз ба,  
Айтыңыз ақиқатты аршыңыз да.  
Кім кінәлі жазықсыз аққан қан мен  
Жанарға ұялаған тамшы мұзға?  
Ежелден ең алпауыт империялар,  
Қытай мен Ресей түр қарсымызда.  
Ол аз болса қырғыз бен өзбек кеп,  
АҚШ-ың да жайғасты қоңсымызға.  
Шетелдерге қаржылай тәуелдіміз,  
Бастан асар берешек, боршымыз да.  
Сақ болайық АҚШ-тан, батыстан да,  
Менен тілек осынау халқымызға.  
Ағайын, арыстанды ерттеп мінсек,  
Қылыштан болу керек қамшымыз да.

Орыстар шешенді әлі ойрандап жүр,  
АҚШ -та Азиянда сайрандап жүр.  
Ауғанды қиратып боп Ирак барып,  
Ауыз салып мол байлық мұнайды аңдып жүр.  
АҚШ-қа әскер, көмек береміз деп,  
Бізден де бәз біреулер айқайлап жүр.  
Біреудің жауын жеңіп бермек түгіл,  
Онсыз да әскеріміз қайрандап жүр.  
Жарымай киер киім, ішер асқа,

Біздің әскер несімен жайрандап жүр?  
АҚШ-тың әскеріне орын беріп,  
Қырғыз бен өзбек сайрандап жүр.  
Әйтеуір, АҚШ деген қожа болып,  
Құзырында барша жұрт маймандап жүр.  
Әй дер әже, қой дейтін қожа болмай,  
Талтаң басып Тайлақтай тайрандап жүр.

Мұның бәрін байыппен бақсақ еді,  
Тамырын дәлдеп тұрып бассақ еді.  
Кирдің басын қанына малындырған,  
Тегіміз Томирестей қас сақ еді.  
Күлтегін күн астына билік айтқан,  
Бабалар бізден гөрі асқақ еді.  
Керей мен Әз Жәнібек заманында,  
Қазағым қай жерінен ақсап еді.  
Үш жүздің басын қосып, біріктіріп,  
Абылай талайларды жасқап еді.  
«Сақтан» - деп шегір көзді сарылардан,  
Мөңке би, Шортанбайлар қақсап еді.  
АҚШ-қа әскер көмек беретіндей,  
Ол қандай шұғыласын шашпақ еді.  
Буш деген білікті емес бүлік болды,  
Қаптаған қырғын мұның бас дәлелі.  
Моникадан басқада шаруасы жоқ,  
Клинтон бұдан гөрі жақсы-ақ еді.

### **ОРАЗАЛЫ:**

Ақ ұлпадай деп едім өңің ашық,  
Қай жаққа кетіп қалдың арып-ашып.  
Сөзің ұсақ деп маған айтып қалдың,  
Біраз жауап берейін тағы басып.  
Мысық философиялы інім үшін,  
Қолы жетпеген еттің бәрі сасық.  
Біртіндеп бізде жұртты ірі етерміз,

Және де тірескенмен тіресерміз.  
Қазіргі қазақ жерде қалған жоқ қой,  
Қасық қан қалғанша біз күресерміз.  
Оның рас керегі жоқ әскерінің,  
АҚШ-тан қандай біздер гүл егерміз.  
Егер де бөтен елден әскер келсе,  
Бірінші ұрандайық біз екеуміз.

Мен сені аяп едім жанашырдай,  
Жаттанды жырға кетіп барасың ба-ай.  
Біраз жұртқа айтысты көрсетейік,  
Арнаудың да жолығармыз даласында-ай.  
Алқын-жұлқын шығып ең сахнаға,  
Кеше сен бір бәлені шабатындай.  
Бүгін бір ықылымға түсіп алыпсың,  
Ызындаған масаның мазасындай.  
Еліңді бос жамандап не қыласың,  
Секілді малға біткен мазасыз бай.  
АҚШ-ты қоя тұрып бері келші,  
Одан кейін барармыз аласұрмай.

Жүрейін мен де өзінді сүйреп бастан,  
Шығып ең бір ардақты ұл боп жастан.  
Қасқайған қайтпас қара кескінің бар,  
Қас шебер қашағандай ирек тастан.  
Домбыранды таянып тапжылмайсың,  
Татардың баласындай үйрек баққан.

### **АЙБЕК:**

Кеттің ғой басын бастап ерегестің,  
Шаруасын айтып жатсың жөн еместің.  
Айбекке мысық тілеу деп айтасың,  
Ореке, қажеті не төбелестің?  
Мен де сіздей болармын көп ұзамай,  
Айтыстың биік шыңы сен емессің.

Айбекті тарпымассың басқанменен,  
Айтысып жүрген жансың жасқауменен.  
Өзің де олай-бұлай бұлтақтайсың,  
Ініңнен құтылмайсың қашқанменен.  
Еңкейіп басың жерге бір тиеді,  
Қаншама талассаң да аспанменен.

Өзіңше қалжың айтып бүргендейсің.  
Бос сөзге бошалаудан жиренбейсің.  
Арсылдап көлеңкеде өскен иттей,  
Маңқылдап күнге карап үрген дейсің.  
Ыржың-ыржың етесің арсаландап,  
Байқаймын күлкі қуып жүргендейсің.  
Басқа жұрттың соры қайнап жатқан кезде,  
Неменеңе жетісіп күлгендейсің?

### **ОРАЗАЛЫ:**

Желіден жаңа шықтың жас құлындай,  
Босқа бекер кара шаңға қаптырылмай.  
Дегенмен сақтан қалған сақтығың бар,  
Әуезовтің кейіпкері Бақтығұлдай.  
Осы суретіме сен ырза болғын,  
Құрмаштың ырылдаған қасқырындай.

## **ДӘУЛЕТКЕРЕЙ КӘПҰЛЫ МЕН АСҚАР ДҮЙСЕНБИЕВТІҢ АЙТЫСЫ**

### **ДӘУЛЕТКЕРЕЙ:**

Армысың, Алатауым асқақтаған,  
Кетейін қойнауыңа тастап қадам.  
Әулие әулет едің, әлеуметім,  
Сәлемсіз сөздің салтын бастатпаған.  
Атадан азбай туған ұлың едім,  
Айтыссыз жан-тәнімен ас батпаған.  
Бұл елдің белбаласы біз болғасын,

Келеміз болашаққа бастап қадам.  
Соңғы жұптың сапына шығып қалып,  
Өлеңмен өз шашуын шашпақ балаң.  
Келгесін белділері мен белдесуге,  
Жөн болмас жолдан тайқып қашқақтаған.

Айтысын аспандағы Ай, Күн еткен,  
Ақыны ақиқатын әйгілеткен.  
Ағайыннан амандық сұрай келдім,  
Халқыма махаббатым бай жүрекпен.  
Ақжарма өлең айтайын ақ көңілден,  
Аққудың қанатындай айдын өпкен.  
Алқа топ, аламанды бір шаңдатар,  
Күтіп ең зулап өтер тайды көптен.  
Алла деп алдарыңа келіп жеттім,  
Мамырдағы майлы жыр, майда леппен.  
Бүгінгі бәйгеңіздің жайын ұқсақ,  
Таланттың тасырқамас тайына ұқсап.  
Тыңдарманға айтайық тыңнан өлең,  
Айтысқа берілгесін айрықша ат.  
Ағайын аламанға құлақ түрген,  
Тіршілік күйбеңінен айығып сәт.  
Белінді бекем буып келдің бе, аға,  
Айтыстың қаршығасын қайырып сап?!

Шабыттың шарығына қайралып та,  
Ағасы, тақымыңды тайға мықта.  
Өзіңменен көрейін жұп жарасып,  
Інілік ілтипатқа бай қалыпта.  
Екі тізгін, бір шылбыр қолыңда енді,  
Ендеше жөн түзейміз қай бағытқа.

### **АСҚАР:**

Әркім де топқа салар тәуір атын,  
Тұлпар бар тай күнінен танылатын.

Қол соғып қошеметтеп жібермейсің,  
Ойдағы сөзді тапса тәуір ақын.  
Алматылық ағайын, аманбысың,  
Қасиетті өнерге табынатын.  
Ай сайын айтыс тыңдап отырмаса,  
Бастары шай қысқандай ауыратын.

Кетпейтін қарашадан хал сұрамай,  
Алқалы ақын келді бал шарадай.  
Сан ғасыр көсем сөздің көркі болған,  
Сөзі-мір, өткір ойы бар сынадай.  
Айтыс деген халықтың қазынасы,  
Қазына да көмілер аршып алмай.  
Өңшең бір жас бөрілер жиналыпты,  
Шетінен қылыш қанат қаршығадай.  
Жүйрік жүйрік бола ма айтындаршы,  
Сөйлесе, сөзінен бал тамшыламай?  
Кұдайым бергесін бақ, ырыс маған,  
Жасайын жаңылыспас дұрыс қадам.  
Дәулеткерей бауырым, аманбысың,  
Ақыл тоқып, айтыспен тыныстаған.  
Аяулы елдің ардақты ақыны бол,  
Бойына жаман аты жұғыспаған.

### **ДӘУЛЕТКЕРЕЙ:**

Шын жүйрік шапқан кезде тас көмілер,  
Көзінен желге қарсы жас төгілер.  
Майшаммен мәселесі шешілерде,  
Мінбейді мәрелерге мәстегін ер.  
Мэлс пен Аманжолдың сарбаздары,  
Шабындар аш бөрілер, жас перілер.  
Ақын да айқасқанын бөгемес бой,  
Бекарыспен деме ешкім тең емес қой.

Дауылдан сақтады деп сен отырсың,  
Мәңгілікке чемпион ол емес қой.

Асқар аға, айтыста,  
Намысыңа беріксің.  
Арқыратып шапқанда,  
Шабысыма көріксің.  
Бекарыстың орынын,  
Өзіңе құт көріпсің.  
Ауылдағы бір шолақ,  
Белсенділер сияқты,  
Галустук тағып келіпсің.

Қыран жырдың қанатын көк серметем,  
Менің де ізім жатыр өкшеңде тең.  
Жігіт деген бір шекіспей, бекіспейді,  
Сенімен сойқан жасап кетсем бе екен?!

Ақындық арғымаққа мініп, түсіп,  
Тұмадан тыныстарсың тұнықты ішіп.  
Сен болсаң „супердода” кандидаты,  
Депутаттық кеңеске үміттісің.  
Бірақ та омақасып қалмағайсың,  
Сағаттың тіліне ұқсап сұлық түсіп.

Сегіздіктің ішінде,  
Семсерімді қолға алып,  
Атқа қондым, бір Алла,  
Жебей гөр, өзің құлынды,  
Жаңғақтай шетке шығарма.  
Аузыма алдым дуалы,  
Құлху Алла дұғаны,  
Қасиетті құранда.  
Жол бастаған ағам бар,  
Қол қостамай тұрам ба?!

### **АСҚАР:**

Шапқанда желпінесің жайдақпенен,  
Нардың жолын қумай ма тайлақ деген.  
Өзіңше мығым сөйлеп отырсың ғой,  
Тұзақ құрып түсірер айлап келген.  
Жалыным сені шарпып кетпесін деп,  
Әдейі галустукты байлап келгем.

Бұл інім, әл көрсетіп ақия ма,  
Тірегің тілектес пе, мафия ма?!  
Құдайыңа қой айтқын, Алла сақтап,  
Маған кез боп отырсың қапияда.  
Көзіңе қораш көріп отырсың ба,  
Тарлық ете қоймаспын тақияңа!

Бұл Дәулет ішкі сырды ақтара ма,  
Реті келіп тұрса тоқталама.  
Айтулы ақын болсаң, Дәулеткерей,  
Жалтақтап жан-жағыңа көп қарама.  
Жүзіңнен абыржуды байқап тұрмын,  
Тежеме, арыныңды ноқталама.

Отыршы, ішкі сырды жиі ақтарып,  
Кең құшақ көңіліңе зият қалып.  
Айтайын бір-екі ауыз әзіл саған,  
Жабыдай құлап қалма тұяқ қағып.  
Сен маған қоқандайсың қайта-қайта,  
Хоңтайшының елшісі сияқтанып...

### **ДӘУЛЕТКЕРЕЙ:**

Мен бүгін мерейіңді танып өтем,  
Ақынын алқалаған халық екен.  
Тар келмеймін дейсің ғой тақияңа,  
Ал, онда намысыңды жанып өтем.  
Галустуктың сиятын шеңберіне,

Асқар-ау, жалының да жалын екен.  
Алпыс екі айлаң болса асырулы,  
Кетерсің мына мені басынулы.  
Осал жауың емеспін деп отырсың,  
Алшысынан қағайын асығыңды.  
Хоңтайшының елшісі деп бір айттың,  
Бар шығар онда ойдың басы мұңлы.  
Өзбектей қулығыңды не қылайын,  
Мысықтың тырнағындай жасуырулы.

Айналайын, Асқарым,  
Көңіліңді құрармын.  
Сеніміңнен шығармын,  
Жас екен деп тарықпа.  
Шіренесің шалқайып,  
Жеңетінің анық па?  
Сен болжаған бағытқа,  
Бойымда бар өнерді  
Шығарайын жарыққа.  
Бедел емес байқасаң,  
Құлап өлу арыққа.  
Атақтан биік абырой –  
Ұнап өлу халыққа.  
Кезегінді берейін,  
Түркістандық мұғалім,  
Бұзау тіс сілте шабытқа.

Мен емес абыржулы көңілі алаң,  
Айтысқанда арғымақ порым алам.  
Аспаның болса таста тіреп тұрған,  
Сенен келген кеселді көріп алам.

### **АСҚАР:**

Әр ойың піспей қойған ала құсап,  
Өртенбей қалған тура шала құсап.  
Өзіңді арынды ақын деген сайын,  
Маған жайып келесің дара құшақ.

Жаттанды сөздерменен жұртты алдайсың,  
Емшек берген балаға ана құсап.

Ал, енді, Дәулет ақын, кем болмағын,  
Жарасар алқалы елмен тең болғаның.  
Сөзімнің астарына түсінбей қап,  
Қайтадан аузыма кеп жем болмағын.  
Елші түгіл атқосшы шықпайтын көп,  
Елші болсаң ол сенің ер болғаның.

Ал, енді сұйық сөзді сапырдың ба,  
Сен маған әзіл айтып қатырдың ба?  
Сен маған өзбексің деп кінә артасың,  
Мен саған өзбекшелеп гәпірдім ба?!

### **ДӘУЛЕТКЕРЕЙ:**

Бұл өзі болғалы түр ерегес шын,  
Дегем жоқ саған, Асқар, тең емессің.  
Жаттанды сөздерменен жұртты алдайтын,  
Айтыстың „жолбикесі” мен емеспін.

Шеттен келген ақын деп,  
Намысымды от қылдың,  
Шабысымды шоқ қылдың.  
Қаншама шетте жүрсе де,  
Тілі менен дінінен,  
Тұғыры таймас текті ұлмын.  
Бүгін, міне, ортаңда,  
Ұлы өнерге бет бұрдым.  
Кеше күні ортаңнан,  
Қазақ болып кеткенмен,  
Азап көріп кеткенмен,  
Ортаңа қайта, ағайын,  
Қазақ болып кеп тұрмын!  
Астына бір жиылып,  
Әуелеген Көк Тудың,

Қазақ болып кеп тұрмын,  
Азат болып кеп тұрмын!

Арғымағы сен бе едің ақ керменің,  
Өміріңе өнерің сапты өрнегін.  
Өзбекке діл де, дінім жақын деп сен,  
Келе сап сахнаға шат кернедің.  
Жамағат та түсінсін жамырамай,  
Біздерге айқасатын сәт келгенін.  
Сілтер болсаң сойылың, сілтесейші,  
Ұрғаннан жаман екен тап бергенің.

Ұмсыңтар ұлылыққа ұлтым да ұлық,  
Ал, енді, сөз сөйлейін жұлқындырып.  
Өзбекке жақын болса ортаң, аға,  
Отырсың ба жеңістің кілтін біліп.  
Асқар, сенің ішінді түсінбедім,  
Отыр ғой, сыртың емес мұртың күліп.

### **АСҚАР:**

Бір күмбез жасағайсың көрікті ойдан,  
Мен емес ыңғайыңа көніп қойған.  
Сыртым емес мұртымды мына менің,  
Айналайын көзіңнен көріп қойған.  
Сен де қақтан ішкен еліксің ғой,  
Бойыңды мұнда келіп керіпсің ғой.  
Мен саған шеттен келдің деген жоқпын,  
Өзіңше көмескі ойға көріксің ғой.  
Моңғолдан қазақ болып келгенменен,  
Жалақорлықтанып сен келіпсің ғой.

Жүзіндей жарқырап бір ақ алмастың,  
Мен қалай сенімен бір шаба алмаспын.  
Қырансың мұнда келіп білім алған,  
Мен сенің топшыңнан кеп қаға алмаспын.  
Сен де мендей ағаны таба алмассың,  
Мен де сендей ініні таба алмаспын?!

Өлеңнің сақтап айттық ақ түнбасын,  
Әуелгі бақ-тіл менен жақ тұрғасын.  
Тыңдарманға тыңнан бір ой айтайық,  
Зейінмен бар ынтасын сап тұрғасын.  
Қалжыңмен ескі жолды шиырламай,  
Есті сөзге бұрайық аттың басын.

Болмайды масаттанып тойғанға адам,  
Болашақты бүгіннен ойланбаған.  
Арайлы Алматыда білім ап жүр,  
Өзіңдей жастар кілең жайрандаған.  
Өзінің тілін білмей, дінін сатып,  
Абырой, ар-ожданын ойрандаған.  
Бәрі емес ұлтжанды ұл-қыздар бар,  
Көре тұрып жасасын қайдан қадам.  
Басқа дінді қабылдап сананы улап,  
Көшеде кітап сатып тайрандаған.  
Алматым, асылдай боп ардақтайтын,  
Қандай болып кеткенсің, қайран қалам?!

Осылай ой тастадым ақыныма,  
Бауырым, Дәулеткерей жақыныма.  
Заманның ере берсең ыңғайына,  
Отырғызып кетер бір күн тақырына.  
Ал, енді, салмақты ойды сабақта деп,  
Кезекті мен берейін Кәпұлына.

### **ДӘУЛЕТКЕРЕЙ:**

Өнерін дәріптеген, өрен елім,  
Мен де тез ортаймайтын көлем едім.  
Бағана арқыратып бастап едің,  
Көмбеге таяғанда желе бердің.  
Айтыспақ түгілі сен мен сияқты,  
Егер де шеттен келсең көрер едім.

Басыңа өлең айт деп бақ бердім ғой,  
Мен сенің санаңа да сап бердім бе ой?!

Басында отыр едің кереметтей,  
Мәреге жетер сәтте жалт бердің ғой.

Тарта бер болашаққа жыр құра да,  
Бойыңнан елім, алас, сүргін ада.  
Бағанадан шақырмай ымыраға,  
Есіңіз енді ғана кірді ме, аға?!

Әлгінде отыр едің ғаламаттай,  
Өзіңді келгендейсің дара баптай.  
Салмақты ойды өзіңше сабақтардай,  
Саясат бастап кеттің маған айтпай.

Айтысты отырғанда шалқар көріп,  
Аға мен іні болып қалқам дедік.  
Осылай енді қызып келе жатқанда,  
Ағайын, тоқтатады-ау арқан керіп.

Шабысың болса, кәне, таң асырған,  
Арының бар ма, аға, аласұрған.  
Біздерге қой деп жатыр ағаларым,  
Болса да ұзын жолға бал ашылған.  
Ал, Асқар, өзің білгін, қоямыз ба,  
Айырылмай тұрғанда жарасымнан.

### **АСҚАР:**

Бойында әр ақынның күн болады,  
Ақынға сөз таппаса сын болады.  
Ақ көйлек, көңіл жайдың баласысың,  
Сен ақын болмағанда кім болады!

Өзіңе бұл арада баға берме,  
Жараспас ондай мінез саналы ерге.  
Бір қазақтың баласы едің ғой сен,  
Ал, енді одан уәж таба көрме.  
Шеттен келді деп отыр кім өзіңе,  
Бетінді өзің келіп қаға берме.

Отыңды шүки берсең өшер деген,  
Көршінді шүки берсең көшер деген.  
Мен де сені шұқылай бермейінші,  
Айтыстым деп ойларсың есерменен.  
Болар елдің балалары бірін-бірі  
Осылай мақтауменен өсер деген.

**ДӘУЛЕТКЕРЕЙ:**

Мен сенің өнеріңді хош көрген ем,  
Өнерге жата қоймас дос көлденең.  
Өнерге ілтипатың азаймасын,  
Бәйгеде бәсекеңіз өскенменен.

**ЖІБЕК БОЛТАНОВА МЕН  
АЙТАҚЫН БҰЛҒАҚОВТЫҢ АЙТЫСЫ**

**АЙТАҚЫН:**

Біссіміллә - сөз басы,  
Бір Алла, өзің дем бергін.  
Ілияс, Сара, Бақтыбай  
Саңлақтар шыққан елденмін.  
Жер Жаннаты – Жетісу  
Жеті өзендей көлденмін.  
Асан қайғы тоқтаған,  
Жер ұйығы төрденмін.  
Алатаудан аттанып,  
Шұрай бергі Шуды асып  
Қалың тоғай нуды асып,  
Сексен көлмен сырласып,  
Сарыарқа деген жер көрдім.  
Келгендегі мақсатым -  
Жүйрік аттай жұлқынып,  
Жарысқалы келгенмін.

Палуандардай сілкініп,  
Алысқалы келгенмін.  
Бурадай енді бұрқанып,  
Қағысқалы келгенмін.  
Арқадағы аққумен,

Жібек сынды гәккумен,  
Танысқалы келгенмін.

Елорда – елдің жүрегі,  
Көзімнің ақ пен қарасы.  
Төрінде кеңес өткізген  
Кемеңгер не бір данасы.  
Сарыарқа саумал сағасы,  
Жуандары жұқарып,  
Жіңішкесі үзіліп,  
Тұлпардың түсті-ау тағасы.  
Көктемде мынау көкорай,  
Арта берсін берекен,  
Құтты болсын мерекен,  
Қазақтың қайсар баласы!  
Ал, Жібекжан, Жібекжан,  
Ауырлығы жоқ дейді-ау,  
Керек болған тастың да.  
Айырмасы таудай бар,  
Айырсаң дос пен қастың да.  
Елдің сәні қыз болса,  
Жердің сәні гүл болса,  
Түз дәмі ғой астың да.  
Сөз өнері өлең де,  
Сыр ашып бүгін қалайық,  
Бетегелі белеңде.  
Мына жалған өтеді-ау,  
Сенен де бір күн, менен де.

## ЖІБЕК:

Жақсы екен, біссіміллә, мақалыңыз,  
Алысқа кетіп жүр ғой атағыңыз.  
Осындай ұлы тойда белгілі ғой,  
Табысып ағаменен жатарымыз.  
Ағасы, жыбырламай отырсаңшы,  
Иықтан түсіп кетті шапаныңыз.  
Бір сәлем ұлағатты ұлтымызға,  
Бір сәлем қырғыз-қазақ жұртымызға.  
Сағат өзі он болып қалған екен,  
Көрермен шаршаңқырап тұрсыңыз ба?  
Айтыс деген ошағы қазағымның,  
Іштегі жалын шығар сыртымызға.  
Айтеке, сіз сөз сөйлеп отырғанда,  
Біздің көз түсіп кетті ұртыңызға.

Жел тербеген жапырақ секілденіп,  
Жыбырлап қоймай кетед мұртыңыз да.

Жиылған көп көрермен алдымдағы,  
Секілді екен тәп-тәтті нанның дәмі.  
Айтыс десе ентелеп еркелеген,  
Сіздердей болса екен жанның бәрі.  
Бір сәлем, студенттер, бәріңізге,  
Көтерген кірпішсіндер қабырғаны.  
Күлтегіннің тасынан қуат алып,  
Мағжан сенген ұрпағың жалындады.  
Ұлыстың ұлы күні елді жиып,  
Бір тойды өткіздік-ау мағыналы.  
Алты-ақ күнде жинадық бар Алашты,  
Кімнің арқасы дейсіз соның бәрі.  
Білім мен ғылым деген өз алдында,  
„Еуразия” – ақындардың шаңырағы.  
Шаң басқан архив емес Мырза ағамыз,

Жұртымның жүрегінен табылады.  
Сөзімді тындап тұрса елің ұйып,  
Айтеке, ай мен күндей көрінейік.  
Көктемгі көп тасыған өзен судай,  
Көкте құдай қолдаса төгілейік.  
Сөзбенен соғысуға келгенен соң,  
Несіне кері кетіп шегінейік.  
Айтыстың табиғаты осы емес пе,  
Атгас заряд секілді тебілейік.  
Қара өлеңнің қаймағын қанып ішсек,  
Несіне арзан сөйлеп жеңілейік.  
Қырықты алқымдаған ағам едің,  
Қасында балапанбыз, не білейік.  
Жер шарының кетірген зәре құтын,  
Буш көкемдей қарайсың мені көріп.  
Мұқағали ағамыз айтатұғын,  
Қарғаның валетіндей едірейіп.

Дегенде Айтақын-ау, Айтақын-ау,  
Аузыңа келген сөзді айтасың-ау.  
Айдаһардай ақырып келгеніңмен,  
Арбадай қисаландап қайтасың-ау?!

### **АЙТАҚЫН:**

Алма жүзің алаулап,  
Айдын көлдің қуындай.  
Лебізің қандай жұмсақ,  
Меккенің зәмзәм суындай.  
Көк көйлегің көлбеңдеп,  
Қазақтың байрақ туындай.  
Шапанымда нең бар еді,  
Қуың-ай, Жібек, қуың-ай?

Өлең қылған мұртымды,  
Пиғылың бүгін бір түрлі.  
Мұртыма тақап қоймап па ең,  
Майдай жылтыр ұртыңды.

Тамағыңның астынан  
Тақап қойсам қайтесің,  
Осы менің мұртымды?  
Қараөткел құрлық күндегі,  
Еуразияның ортасы,  
Бетімдегі сорпасы.  
Мені мұнда алдырған,  
Мырзатай ағам қолқасы.  
Сәулетті сарай салдырған,  
Жастарға білім алдырған,  
Елбасының арқасы.  
Осында жастар оқиды,  
Қалың болса қалтасы.  
Құрылысын салып жатқанда,  
Өртеніп кеткен балқасы.  
Өрт шыққан жерге құт қонар,  
Осынан енді көктейді-ау,  
Жайсаңы мен марқасы.  
Арқада бар Астана,  
Жетісу біздің бас қала.  
Алматысы қартайған,  
Астанасы жас қала.  
Еуразия біреуі,  
Енді бірі лас қала.  
Сырты әйәй бірақ та,  
Іші кәкәй масқара!  
Астанаға келсеңіз  
Жарнамасы, хабары  
Қазақша тегіс сайрап тұр,  
Ағылшынша таппайсың.  
Ойлы, шұңқыр көше жоқ,  
Түп-түзу бәрі тақтай шын.  
Шетелден келген қонаққа,  
Нағыз қазақ осы деп,  
Көрсетіп тұрып мақтайсың.  
Керісінше бірақ та,

Кері кеткен елім-ай.  
Аяғына жем түскен,  
Арық аттай ақсайсың.  
Өркениетке жетем деп,  
Болыпты цивилизация.  
Ауылдан жаппай көштік деп,  
Атандық урбанизация.  
Бірігіп бәрін шештік деп,  
Болдық қой глобализация.  
Осының бәрін меңгерген,  
Құшынаштан емделген,  
Бұл қазақ қандай нация.  
Алматыға барсаңыз,  
Ауасы кеткен тарылып.  
Жаулап алған базарын,  
Өзбек, тәжік, қытайың.  
Кеп жатады сабылып.  
Аттай қалсаң бір адым,  
Заправка қаптаған,  
Күн нұрына шағылып.  
Жаман айтпай жақсы жоқ,  
Біреуі кетсе жарылып,  
Алатауым кетеді-ау,  
Талқан болып шағылып.  
Бұны ойлаған пенде жоқ,  
Өшіре алмай жүрем бе,  
Өкпем кеуіп қабынып.  
Жібекжан-ау, Жібекжан,  
Тыныш ұйықтап жатсам да  
Қытықтап тегі қоймайсың.  
Қылығыңның тәттісі-ай,  
Құныққандай тоймайсың.  
Тоймайсың да тағы да,  
Давай, давай деп қоймайсың.

Отызында мұндайсың,  
Қырықта енді қандайсың?  
Соны ойласам, Жібекжан,  
Сөнген өрттей тынамын,  
Көзімнің жасын сығамын.  
Сен отызға жеткенде,  
Мен елуге шығамын.  
Со кезде тегі, жаным-ай,  
Давай-давай деп тұрсаң,  
Сонда немә қыламын?  
Күн дегенің түн болар,  
Жалған деген шын болар.  
Екі атылар қос ауыз,  
Бір атылар күн болар.  
Со кезде, жаным, сөкпессің,  
Әз басыма теппессің.  
Бір патрон қалғанда,  
Жалғыз тастап кетпессің?

### **ЖІБЕК:**

Дедің бе, Айтақын-ау, қырықтамын,  
Сырың деп бізге айтқан мұны ұққаным.  
Өрт дегенің құт деп-ай, осы жаңа,  
Жүректі де жақсы-ау жылытқаның.  
Бақытты елдің бақытты Жібегі едім,  
Төлегенім бар еді ұмытпағын.  
Тамағыңа мұртымды тақаймын деп,  
Секілді Бекежан-ай қылықтарың.

Айтеке, көрсетпессіз оғаш қылық,  
Көрікті көркем ойға жол аштырып.  
Қызды көрсең құтырып кетесің-ау,  
Мәселенді көрейік қарастырып.  
Қораздай түмсығыңды тіке қадап,

Қос көзінді қарайсың таластырып.  
Бақсы деген атыңыз бар емес пе,  
Алдағы күнге алайын бал аштырып.  
Ақырын мақтап-мақтап, ағамыздың  
Ақылын жіберейін адастырып.

Арайлап атқан, аға, ақ таңдайсың,  
Күлімдеп күндей болып батқандайсың.  
Өзіңізге шын баға берер болсам,  
Құрылған мен демеймін қақпандайсың.  
Қазағымның кеңдігі бір өзінде,  
Дұшпаным бар екен деп сақтанбайсың.  
Бір айтсаң ұзағынан кетесің-ау,  
Манасты ырлап-ырлап жатқандайсың.

Болса деп елім тыныш, жұртым аман,  
Ақындар керуен-керуен жыр құраған.  
Шү десең шуылдап бір кетесің-ау,  
Мың жылқы қайырғандай шұрқыраған.  
Қолындағы секілді сабау қамшы,  
Домбыранды аяймын жұлқылаған.  
Ағасы орыныңнан көп қозғалма,  
Буынның даусы естілед сырқыраған.  
Тостағандай төңкерсең көздерінді,  
Бір түрлі тудырады күлкі маған.  
Қырықтағы көрсеттің қызуынды,  
Қымыздай сабадағы бүрқыраған.  
Шоқайма етігімен жерді тесіп,  
Отызда аты шыққан, шіркін, ағам.

### **АЙТАҚЫН:**

Пейіліңнен айналдым,  
Бір нүктеде тоғысқан.  
Бізді құдай сақтасын,  
Қытай менен орыстан.

Аман болсам, Жібекжан,  
Құтыламын борыштан.  
Біле білсең Бекежан,  
Ол қазақтың батыры,  
Махаббаты үшін соғысқан.  
Білесің жырдың кәдесін,  
Айкүміске Жамбыл да  
Өртенгірден ұстат деп,  
Білдірген ғой дәмесін.  
Аспанда жұлдыз қанша деп,  
Шал ақыннан сұраған  
Қыздың да білем бәлесін.  
Айтыс деген бір майдан,  
Ішкенсің сен де сәресін.  
Оралыңның барында,  
Ойна да күл, қалқам-ай,  
Ертең сен де әжесің.  
Жамбылменен айтысқан,  
Айкүміс те жарысып.  
Құлан аяқ Құлмамбет  
Уазипамен қағысып.  
Сөзге қалған Нұрила,  
Үмбетәлі жорғамен  
Айтысам деп алысып.  
Әсет пенен Ырысжан  
Өлеңменен жұмбақ жарысып,  
Олар да өткен танысып.  
Жасы үлкен болса да  
Біржан менен Саралар  
Өнерде кеткен табысып.  
Солар салған сар жолмен  
Айтысып бізде көрейік,  
Қалғанша жақ қарысып.  
Артық айтар, кем айтар,

Өлген ақын көргем жоқ,  
Өлеңнен тегі қалысып.  
Мына сөзің, Жібекжан,  
Берен мылтық оғы ғой.  
Селкілдеп тегі тұрғаным,  
Сен сияқты бір қыздың  
Маған тегі жоғы ғой.  
Тоқ соққандай дейсің-ау,  
Селкілдеткен ол мені  
Өлең жырдың тоғы ғой.

### **ЖІБЕК:**

Аққуы болмаса егер көл жетім бе,  
Ақыны болмаса егер ел жетім бе?  
Айтақын, сен шынымен әртіссің-ау,  
Мысалы осы қазір он жетіде.  
Көзін қысып, мұрынын тыржитады,  
Небір керемет көрініс келбетінде.  
Әуен десе әуенің керемет қой,  
Тал бесікті болады тербетуге.  
Орысша десе орысша сөйлейсің-ау,  
Өзіңе қарап жастар ер жетуде.  
Тал бойына сыйғызған тоқсан өнер,  
Жоқ шығар сендей жігіт жер бетінде.

Ал, аспан түн кеткен соң тосар күнін,  
Қызғалдақ көңіл ашып қосар гүлін,  
Табиғи қылығы бар қыр қызы едім,  
Бәйгесі бес-ақ күн ғой жасандының.  
Қызбын деп қылымсып-ақ қалар едім,  
Біреудің құдай қосқан қосағымын.  
Жалған сөз, жалған көңіл кімге керек,  
Түтіні түзу болса ошағымның.  
Бақытым - Мұқағали тілім деген,

Тілінен қасиетті түңілмеген.  
Тілім ертең құрыса Расул ағам,  
Онда мен де өлемін бүгін деген.  
Тәуелсіздік алғалы он екі жыл,  
Тілімді тексіздер көп тілімдеген.  
Өткенде Аягөзде бір айтыста,  
Таң қалдырып едіңіз жырыңменен.  
Шенеулік болайын деп жүр ме екенсіз,  
Орыстың кең көсілген тіліменен.  
Тоғыз тілде сөйлеймін деп бөстіңіз,  
Шымшықтай сайрайсың ба шыныменен?  
Болмаса әрбір елдің бір-бір сөзін,  
Жаттап, аға, алдың ба түніменен?  
Айтақынға осы не боп кеткен деп,  
Ақсақалдар сұрады мұны менен.  
Шолковый, норковый, сотовый деп,  
Алысып жүр ғой дедім жыныменен.  
Айтеке, бұлаңдама, бұлаңдама,  
Тәуелді болсақ егер бір аллаға.  
Тіл жайлы ардақтап-ай сөз келтірген,  
Білесің қасиетті құранда да.  
Қос тілді айырбас қып сөйлейсіңіз,  
Айыр тіл бар емес пе жыланда да.  
Сен деген әкім емес, ақын едің,  
Сөздерің бара жатыр тұмандана.  
Күлдірем деп, бүлдіріп алып жүрме,  
Ертең қазақ қарайды күмәндана.  
Анаңның қуат берген асыл тілін  
Шүберек ұстағандай шүбарлама?

Емес қой айтыс деген би алаңы,  
Халқыңа сөзіңді айт қиядағы.  
Ардақты аға болмаса, салмақты аға,  
Біз секілді қарындас ұялады.

Бұл заман көп нәрсеге куә қылды,  
Елін сатқан көргенбіз кей ағаны.  
Азады ел ағадан, тон жағадан,  
Сөзіңіздің болмаса тиянағы.  
Төрімде Храпуновтар толып жатыр,  
Қазақты қазақ қана сүйе алады.

### **АЙТАҚЫН:**

Сан сұрақ тұр-ау санада,  
Әртіссің дедің сен жаңада.  
Саясаткердің бәрі әртіс,  
Әртістің бәрі тамада.  
Ілінер жөргем жүргенге,  
Керуен тоқтап қалмайды-ау,  
Кенеттен ит үргенге.  
Салмақтап сөзді саптаған  
Біле білсең, Жібекжан,  
Ақын да әртіс білгенге.  
Шұбарлап қайда кеттің деп,  
Кінә тақпа, гүлім мың.  
Қазақша білмес қазақтың,  
Бетіне айтар мінін кім?  
Көрермендер осында,  
Жанашыры тілімнің.  
Нар ағалар осында  
Жілігін шаққан ғылымның.  
Расул ақын айтқандай,  
Тағдыры үшін құрбанмын  
Мен-дағы ана тілімнің.  
Ана тілім құтсың деп,  
Сені ардақ тұтсын деп,  
Мен орысша қосқаным,  
Астанадағы, Жібекжан,  
Шала қазақтар ұқсын деп.

Астанада клуб көп,  
Қазақша бірақ жоқ екен.  
Роял, Страйк, Метро -  
Өртеніп тұрған шоқ екен.  
Лидо, Гараж, сүмдық-ай,  
Өкпемнен тиген оқ екен.  
Арбаты или Гарбаты  
Айта алмайтын күрмеліп,  
Тіліңе біткен сор екен.  
Астанада, Жібекжан,  
Тілімнің қадірі жоқ екен.  
Тізбелеп бәрін берейін,  
Санай тұр, Жібек санай тұр.  
Тамырын терең жайды ма,  
Бәйтерегің қалай тұр?  
Көкжал ма әлде ит пе екен,  
Жолбарысы тағы бар.  
Түрлі-түрлі бабай тұр,  
Пұшайман боп Пушкинге,  
Өкпелеген баладай,  
Төмен қарап Абай тұр.  
Екі жоқты айтайын,  
Алматыға барсаңыз,  
Алматыда алма жоқ.  
Сәңгә тұрмақ мәңгә жоқ,  
Байларында доллар көп,  
Кедейінде теңге жоқ.  
Бау-бақшасы аталған,  
Бағы тайған баға жоқ,  
Алматыны гүлдеткен  
Қонаевтай аға жоқ.  
Бақ орнына үй салған,  
Байларында сана жоқ.  
Астанаға енді айтпаса,

Тоқтататын осыны  
Храпуновта шама жоқ.  
Екі көзің жалтылдап,  
Түнде жанған жұлдыздай  
Қос бұрымың жылпылдар,  
Суда жүзген құндыздай.  
Қарамаймын десем де,  
Айна жүзің қоймайды  
Атымызды бұрғызбай,  
Қылығыңыз тәтті қымыздай.  
Ішпей-жемей мас қылдың  
Орнымнан да тұрғызбай.

### **ЖІБЕК:**

Қырандай маңдай соққан күзға келіп,  
Сөзінен Айтақынның мұздап едік.  
Кемшілікті қайтесіз, тізе беріп,  
Астын сызып өзіміз тұрған едік.  
Хан Тезектің бетін жыртып айтатұғын,  
Бақтыбай бабамызды қызба дедік.  
Еркек болсаң әкімге барып айтқын,  
Несіне мұң шағасың қызға келіп.  
Ақ ордам, аппақ ордам жыр – Астана,  
Алаштың маңдайында күн – Астана.  
Жыртығынан жел болып не қыласыз,  
Екеумізде емес пе бір - Астана.  
Өз басын Кенекеннің домалатып,  
Арман болған бабама бұл - Астана  
Жақсылықтың жаршысы болшы одан да,  
Құлақты жаман сөзбен ластама.

Қазағым қазақ болып жаратылды,  
Әр күнменен өткіздік сағатыңды.  
Анамның тілінде кең көсілдім-ау,  
Жиғанда бар ақын мен бар асылды.

Салмақты боп отыршы, асыл аға,  
Қопандап барасың ғой бала сынды.  
Емін таппас жүректе жазылмайтын,  
Ана тіл білесің ғой жара сынды.

Аспанға көтермесек ана тілді,  
Боламыз сындырғандай қанатынды.

### **АЙТАҚЫН:**

Байқарсың, Жібек, байқарсың,  
Басынды әлі шайқарсың.  
Әкімінде кінә жоқ,  
Тіл бөлімін басқарған,  
Қонысбай ағаңа айтарсың.  
Жарнамасын қазақтың  
Өзіне тегі қайтарсын.  
Тегіс сынап қойдың деп,  
Тарс ете қалды талағың.  
Сөзіңе жауап беремін,  
Мен емеспін жаманың.  
Сын айтпай мін түзелмес,  
Жақсы қайдан табамын.

Саған жақпай қойдым ғой,  
Жайсаң-дағы оң күшак.  
Құйрықпен қаққан қармақтай,  
Көлде жүрген сом құсап.  
Төбемді ойып барасың,  
Жерді тескен лом құсап.  
Манабындай қырғыздың,  
Жүр екесің шоң құсап.  
Құбыласың күндей бір,  
Алма ағаштың безімен,  
Бояп қойған тоң ұқсап.  
Мұқағали айтқандай,  
Әйелдер-ай, қулар-ай,

Жеткізер тегі жыр мұны:  
Еркек деген – Президент,  
Әйел деген – КГБ.  
Еркелетіп еркекті,  
Жіберіп тартып тұратын  
Ұзын болад құрығы.  
Кей әйел шарап сияқты,  
Мас қылады қылығы.  
Үйінді де жайнатып,  
Сорыңды да қайнатып,  
Көңілі түссе көл болып,  
Өзіңді де ойнатып,  
Қату болсаң қағысып,

Жібереді КГБ,  
Ит жеккенге айдатып.

Айналайын, Жібекжан,  
Сыз қалмасын жүректе,  
Тілеулеспін тілекке.  
Астанада арайлап,  
Құлпырып жүрсін Жібек те.  
Осымен айтыс тоқталсын,  
Күйеуің бізден қызғанып,  
Жүре берсін күзетте.

### **ЖІБЕК:**

Айтеке, шұбарланған тіліңіз бар,  
Әрине, айтқан сөзде шыныңыз бар.  
Бізді көріп еркелеп жатқаны ғой,  
Қалжың деп аға сөзін ұғыңыздар.  
Осыншама қоймайсың жылы сөйлеп,  
Біздерде қандай, аға, құныңыз бар.  
Біз деген КГБ-да емес едік,

Тілегіміз деп ағалар ұғыңыздар.  
Сызылып, ағатайым, мен отырсам,  
Сен таңды қарсы алатын түріңіз бар.  
Сөзіне ағамыздың жол қылмаймын,  
Ана тілім деймін мен болдың қайғым.  
Астанама мұншама кінә тақпа,  
Әрбір гүлін аялап тондырмаймын.  
Сәлемінді жеткізем Қонысбайға,  
Жағымсыз іс-әрекет болдырмаймын.  
Ақ ордам, аппақ ордам Астанаға,  
Сөз түгіл шыбынды да қондырмаймын.

## **ШЫНАРБЕК ҚАБИЕВ ПЕН ҚУАНЫШ МАҚСУТОВТЫҢ АЙТЫСЫ**

### **ҚУАНЫШ:**

Таңғы шық лағыл тастай күлімдеген,  
Селеуі самалменен дірілдеген.  
Алтын кемер жағалы өзендері,  
Биік тауды қақ жарып гүрілдеген.  
Ұл-қызы арманына жеткізген соң,  
Бейнеті бұрынғының білінбеген.  
Ақыны мен шешені жебедейін  
Сөйлесе жамбы қалмас ілінбеген.  
Ақылгөй қариясы ғибрат айтар,  
Маңдайын жылы әжім тілімдеген.  
Оразаң құтты болсын, бақытты елім,  
Ұрпағың өссін еңбек білімменен.  
Мен келдім Сарыарқаның даласынан,  
Келбетті нұрлы Нұра жағасынан  
Елбасы Нұрсұлтанدى ер жеткізген  
Атақты Теміртаудың қаласынан.  
Теміртаулық тұлғалар шығарыпты,

Тоқтардай ғарышкерді арасынан.  
Фабиден Мустафиннің әрбір сөзі  
Өшпейді ұрпақтардың санасынан.  
Даналықты бесікте үйренеді  
Көмекей әулие Бұқардай данасынан.  
Жігіттігі әділдікті үлгі қылған  
Қаз дауысты Қазыбек бабасынан.  
Кетерім де ақсақалдар бата берді,  
Озып шық деп бәйгенің арасынан.  
Құдайым пендеменен пенде қылма,  
Қан ағызба жанымның жарасынан.  
Қарқаралы Ортау Балқаш сағасынан,  
Сынбайтын тұлпар келді тағасынан.  
Оң жаққа қош келіпсің, қайран бауырым,  
Аумайтын Махамбеттей бабасынан.  
Сен сөйлесең Махамбет тірілгендей,  
Сәуле шықсын өнердің саласынан.  
Өлмейтін Махамбетпен мақтанамын,  
Өшпейтін адамзаттың санасынан.

### **ШЫНАРБЕК:**

Қолдаса құдай құлдың бақ талабын,  
Жадында жырың болып жатталамын.  
Атырау жер биігі Мұхит айтқан,  
Қос құрлық арасында ақ қонағым.  
Басқарған он жеті жыл Египетті,  
Бейбарыс бабаменен мақтанамын.  
Табылған топырағынан алтын адам,  
Тарихта дерегі бар сақ бабамның.  
Сақтаған сан ғасырға Сарайшығым,  
Жария етті елге сақтағанын.  
Шалқыған Ақжайығым, қарт Каспиім,  
Секілді мөлдір, таза, аппақ арым.  
Тайсойған, Нарынменен марқалы елім,

Өзіңнен шабыт алып шаттанамын.  
Сырым мен Махамбеттер дүбірлетіп,  
Исатай ерттеген жыр-ақтабанын.  
Бұл күнде қазынасы қара алтынның,  
Атағы Атыраудың жатқа мәлім.  
Ауылдың әлеуметтік көтерудің  
Елбасы бүгін жана тапты амалын,  
Ағайын, оразаңыз құтты болсын,  
Аспаннан нұры жаусын хақ бабаның.  
Тойыңа келгеннен соң айтысуға,  
Махамбет ұрпағымын деп мақтанамын.  
Алыста қалған елім Атыраудың  
Сәлемін жырымменен ақтарамын.  
Мен неге сөйлеместен тек қаламын,  
Осындай дүбір тойдан шет қаламын?  
Апырм-ай бәрін мақтап кеттің, аға,  
Сөйлейсің баласындай бек бабаның.  
Қазақтың даналарын тізіп айттың,  
Барлығы тек сенде екен деп қаламын.

Ақынмен мақтануға бар дәлелі,  
Атырау ырыс пен бақ қонған елі.  
Атамыз Асан қайғы желмаямен  
Жерұйық іздеп жерді шарлап еді.  
Доспанбет, Жиенбет пен Шалкизім,  
Қыран боп қияларда самғап еді.  
Ертарғын, Қобыландының ерліктері  
Артында аңыз болып қалған еді.  
Ақжайық ағысына әнін қосып,  
Ақжүніс, Қыз Жібектің қалды әуені.  
Ұзақ пен Құрманғазы, Дина шешем,  
Күйімнің құдіретін жалғап еді.  
Балараз, Мұхит, Мұхтар, Ығылманым,  
Сарқылмас сарбаз жырдың сардары еді.

Әйтеке, Малайсары, Бөкей биім,  
Қасқайып қара қылды жарған еді.  
Зейнолла академик ЮНЕСКО-да  
Елінен сөз тағлым алған еді.  
Танытқан Махамбеттің күйін сонда,  
Ырысбай - мыңнан тұлпар саңлақ еді.  
Айтылмай қалған әлі қанша дарын,  
Атырау таланттардың шаңырағы еді.  
Исатай, Махамбетпен екі бабам,  
Еліне тең өмірін арнап еді.  
Ұлықтан үміттеніп Махамбетім,  
Орынбор қаласына барған еді.  
Сөзімді қайтарайын келте, міне,  
Қуаныш, сен жігіт ең ерке, міне.  
Ал, енді қандай айла табар екен,  
Сөз бердім қазақтың сары тентегіне?

### **ҚУАНЫШ:**

Білемін жерден жердің жаманы жоқ,  
Жақсының өсек сөзден аманы жоқ.  
Махамбетті теңесек бір ауылға,  
Қалармыз біз де өспей шамалы боп.  
Махамбет үлгі болып тұра берсін,  
Ел болып, есеюдің амалы боп.  
Бұдан әрі ауылыңды айта берсең,  
Кетесің жағрафияның маманы боп.

Ақын деген алдымен қолдау керек,  
Қолжаулық ешкімге де болмау керек.  
Махамбеттер дүрілдеп туу үшін,  
Алдымен аналарды қорғау керек.  
Келешекті бүгіннен көру керек,  
Жақсыны жанмен ұғып сезу керек.  
Тым болмаса аяғы ауыр әйелдерге  
Екі-үш жыл ақылы демалыс беру керек.

Шалқимыз, той жасаймыз тоқ болғаннан,  
Алау қашан шығады шок болғаннан.  
Жаман болған кезім жоқ менің жүрген,  
Әділет ақ сөздерге жақ болғаннан.  
Қазаққа дана керек, қор боп жүрміз,  
Аяулы ақсақалдар жоқ болғаннан.

Айдыннан сендей алып кеме көрдім,  
Жырымды кеп Махамбеттей төге бердім.  
Махамбеттің тойында сөйлемесек,  
Осы бір осы жерге неге келдім.

### **ШЫНАРБЕК:**

Қуаныш, мен сөйлеуге тартынбаймын,  
Түскенде топқа сірә алқынбаймын.  
Қанатты келгеннен соң елден сулап,  
Мен неге Алатауда шарқ ұрмаймын,  
Көңілін көтерсек біз айтыспенен,  
Қошемет көсететін халқым дайын.  
Махамбет мәңгі өлген жоқ, елімізге  
Сынығы сақталатын алтындайын.  
Атырауда ақын жоқ деп айтады,  
Мен сірә ондай сөзге тартынбаймын.  
Көрсетіп айтыскердің өресін мен,  
Алдында ақ семсердей жарқылдайын.

Қуаныш тынысын бұл кең алады,  
Айқасса талайларды жеңе алады.  
Қолына билік берсе әкім қылып,  
Халыққа біраз теңдік бере алады.  
Қозғады ана жайлы сөзін бүгін,  
Білмеймін халық одан нені алады?  
Ананы қадірлесек ағайындар,  
Қазаққа дұрыс ұрпақ бере алады.

Білмеймін сіздің елде қандай екенін,  
Қуаныш алдағыны көре алады.  
Атырау мұнайлы өлке - біздің елде,  
Аналар еңбек етпей демалады.

Ал, енді, сөйлеп көрші, Қуанышым,  
Қол жетпес талайлардың шынарысың.  
Сөйлесе Махамбеттің ұрпағы енді,  
Қасқайып қарсы маған тұрамысың.  
Атағым бар деп мынау ел алдында,  
Сен маған мойыныңды бұрамысың.  
Келелі айтысты енді жасайықшы,  
Қызыл бір кеңесінді құрамысың.  
Айтады сені халық тентек деп-ай,  
Немене енді мені ұрамысың.  
Басты айтпай, басқаны айтпай ал, Қуаныш,  
Халықтың көтерейік қуанышын.

## АМАНЖОЛ ӘЛТАЕВ ПЕН НӘЗИРА МӘДШЕВАНЫҢ АЙТЫСЫ

### АМАНЖОЛ:

Мұратыма бел буып мақпал төрден,  
Ақ ордамды көтердім аптал белден.  
Түсімде жібек жалды тұлпар көрем,  
Алтын сауыт киініп сақтар желген.  
Қарасам айлы түнде жұлдыз қызға,  
Ғарыш жайлы ғаламат ақпар берген.  
«Тыңнан соқпақ салсам» деп армандаймын,  
Арланның ізін көріп ақ қарға өрген.  
Қансонар сәтті аңсайды жұмыр жүрек,  
Аңшының құмайындай ақпанда ерген.  
Ұлтқа өлең жолдаған ұлың едім,

Өнердің арқасында һақтан берген.  
Еркелеп туған жерге келдім жетіп,  
Елорда, Есіл тулап аққан жерден.  
Бас иіп, ардақ тұтып амандастым,  
Жезқазған төріндегі асқарлы елмен.

Тоқтаусыз жатса да күн паракталып,  
Қол создым арманыма талаптанып.  
Туған жер топырағында топқа түссем,  
Кетемін шабыт кернеп абаттанып.  
Өзіңнің қыран баптар жылы ұяңнан,  
Ұшып ем балапандай қанаттанып.  
Көктеммен бірге жеткен жыл құсындай,  
Кеп тұрмын сағынышпен қанат қағып.

Сәбидей шомылдырған самалына,  
Жер жетпес Сарыарқадай алабыма.  
Ортаңа сүйіншілеп оралушы ем,  
Барсам да қай өңірдің алаңына.  
«Құлыным, жолың болсын!» деп тұрғандай,  
Қарасам Ұлытаудың қабағына.  
«Аллажар! Ақжолтайлап!» сөз бастайын,  
Ал, халқым, тілеу тіле қадамыма.

Көргенде наурыз қызды жебе тартқан,  
Қаһарынан айрылып шөгеді ақпан.  
Ай мүйізді көк қошқар жолға шықты,  
Аманатын қабылдап берен аттан.  
Үстінен мұз сауытын шешіп тастап,  
Өзендер өршеленіп терең аққан.  
Ұлыстың ұлы күні Қыдыр келер,  
Таяғын тықылдатып төбе жақтан.  
Қой жылы жарылқасын елімізді,  
Наурыз той құтты болсын келе жатқан!

Дәм-тұзын татып едім сан ауылдың,  
Бірі едім дүбір жарған жарау ұлдың.  
Қасымдағы сұлуға бір қарайын,  
Япыр-ай, аруы екен қай ауылдың?  
Баянның сіңлісі емес пе екен,  
«Төрінен келді» дейді Қарауылдың.  
Кешегі серілердің салтыменен,  
Мәні бар қыз жүзіне қарауымның.  
Қаншайымға кездескен Наурызбайдай,  
Қасына тақалайын алауыңның.  
Алтайдың уылжыған жидегіндей,  
Ішін бойлап барасың танауымның.

Ақын қыз қасымдағы сыр аңдасқан,  
Көркінді көрген жігіт қылар дастан.  
Ордалы Шыңғыстаудан келдің мұнда,  
Құшағын мейірленіп Тұранға ашқан.  
Сөйлейік кезек-кезек енді екеуміз,  
Секілді көкте ай мен күн алмасқан.  
Жұлдыздан шашу шашсын жолыңызға,  
Күннен алқа тағынған тұмарлы аспан.  
Саған деген жазира көңілім бар,  
Арқаның даласындай құлан қашқан.  
Деміңнен сені тауып алар едім,  
Жолменен жүрсем-дағы тұман басқан.  
Етек-жеңі, жинақы қыз екенсің,  
Жүп-жұмыр жұмыртқадай ұлар басқан.  
Қансонарлы сәтімде кездестің-ау,  
Алтайдың түлкісіндей қыран басқан.

### **НӘЗИРА:**

Аманжол осал ұл емес,  
Тұлпардың ізін жоқтатар.  
Теріс мінез менде жоқ,  
Жүйрікті жолдан тоқтатар.

Шегіп едің көп сапар,  
Мақтаумен алды орайсың,  
Көпті көрген көксақал.

Алқалы жұртым, армысың,  
Аяулы ардақ елім ең.  
Ақ жаулықты, анам, бармысың,  
Көнекөз қарттар шежірем.  
Ержүрек ерен ұлдары,  
Қыздары көркем шетінен.  
Тарихыңды тауыса алман,  
Қозғасам әрі-беріден.  
Жолбарыс жортқан жонында,  
Сарыарқа сандал белім ең.  
Бас иіп сәлем беремін  
Ұлы Абайдың елінен.  
Бойда қуат, ойда көз,  
Барында жырлап қалайық.  
Өреліге өлеңмен,  
Өзгеше бір ой салайық.  
Айдарыңнан жел есіп,  
Асқар таумен теңесіп.  
Ақылдасып кеңесіп,  
Шырқатып әнге салайық.  
Ағаның арқада жоқ бөтен елі,  
Алайда Астанаға төтеледі.  
Ақындар Астанаға кеткен кезде,  
Әкімдер ауылды қайтып көтереді.

### **АМАНЖОЛ:**

Жанарың көздеріндей күралайдың,  
Жүзіндей нұрлы екенсің туған айдың.  
Тоғжандай көрікті қыз екенсің,  
Жүрегін жаулап алған ұлы Абайдың.

Ақындық мұратымды далам ұқты,  
Перзенттік жүрегімді анам ұқты.  
Көксақалға теңеме қателесіп,  
Қазақтың жігітімін қара мұртты.

Қалғыған жазғы түнде ай көрінген,  
Кездестім сырласуға сай керіммен.  
Ордалы отыздағы бек шағымда,  
Сақалды көріп тұрсың қай жерімнен?

Айдай сұлу Нәзира жанымдағы,  
Қарайсың ханшайымдай тағындағы.  
Сәулетінді сипаттап мен көрейін  
Тілімнің күші жетсе жағымдағы.  
Екі бетің қызарып көз тартады  
Алмадай ұжымақтың бағындағы.  
Қос білегің түп-түзу әппақ екен  
Қайындай ақ найзаның сабындағы.  
Абайлап қарағанға меңің қандай,  
Белгідей кербұғының санындағы.  
Ақ жүзіңнің ажары ашық екен  
Жарық нұрдай орданың шамындағы.  
Бешпентіңнің оюы нәзік екен  
Тамырдай боз қулықтың таңындағы.  
Әуеден ұшып жүріп қаз құлатқан,  
Қоңыраулы сұңқармын бабындағы.  
Тұсыңнан жел тұрғызып қанат қақсам,  
Құландай үрікпессің қағыңдағы.

Қасыма келген қыздан құр қалмаймын,  
Қызыл қанды қоздырып тамырдағы.

Келгенде Нәзира қыз жолын бұрып,  
Сабырмен сөз жолдайын қонымды қып.  
Алғаш рет кездестік біз екеуміз,  
Сарайдың құтты төрін орын қылып.

Толықсыған сұлумен тілдескенде,  
Кетеді шабыт шалқып, жоным жібіп.  
Кеңгірдің жағасына алып барып,  
Шіркін-ай, алар ма еді шомылдырып.

Жолымыз Жезқазғанда тоғысты ашық,  
Жатырмыз қатар келіп қоныстасып.  
Лақтыршы ақсүйекті, Жүрсін аға,  
Іздейін Нәзирамен қол ұстасып.

### **НӘЗИРА:**

Өлеңнің майын тамызып,  
Аманжол аға айтады.  
«Шомылдырам» деп Кеңгірге,  
Сезімнің көлін шайқады.  
Аяулы қыздың қадірін,  
Тұлғалы жігіт байқады.

Өмірдің сырын ұққан жазиралы,  
Қазақтың бір қызы едім ар-ибалы.  
Кеңгірдің мұзы әлі ерімепті,  
Тондырып алмайсыз ба Нәзираны?.

### **АМАНЖОЛ:**

Жүргенде алдаспандай біз қайралып,  
Келдіңіз Шыңғыстаудан сіз сайланып.  
Жолыңды тоса-тоса қайран Кеңгір,  
Кетіпті-ау сағыныштан мұзға айналып.  
Қайтадан су қалпына қайтып келер,  
Ақырын шешінгенше қыз жайланып.

### **НӘЗИРА:**

Фибрат бар нақыл сөздің жүйесінде,  
Тыңдасам тылсым ойды түйесің де.  
«Қырдағы қырғауылды аулаймын» – деп,  
Зар болма үйіндегі тиесіге.

Көңілі жүйрік аттың болғанменен,  
Тізгіні үстіндегі иесінде.

Алдыңда бүгін ән салды,  
Қыз бенен арыс ұл шығып.  
Биіктерге жол салды,  
Жетемін деп құлшынып.  
«Елім аман бол!» десең,  
Жасаймын оған құлшылық.  
Мені ертіп барғанмен,  
Толқынына Кеңгірдің  
Қалма өзің түншығып.

### **АМАНЖОЛ:**

Салтанатпен өткізген ізгі күнді,  
Сал Біржан жалғасымыз біз бүгінгі.  
Текті ұл тебіренбей тұра алар ма,  
Елендеп естігенде сырлы үнінді.  
Азаматын бағалар менің жарым,  
Тартпайды ешқашанда тізгінімді.

Күлімдеп күткендейсің бізден үміт,  
Қалмайын іштегіні сізден бүгіп.  
Кеңгірдің толқынына түншықпайды,  
Сарысудың тереңінде жүзген жігіт.

Қадишаға ән салған Ақандаймын,  
Қыз келгенде үйімде жата алмаймын.  
Өлеңнің кілем жапқан аруанасын  
Нәзира қарсы алдыңнан қатарлаймын.  
Ақ кемедей жүзермін айдындағы,  
Каспиге жіберсең де бата алмаймын.

Дария ақ кеуденді жасырар ед,  
Құмарың еркін жүзсең басылар ед.

Кеңгірдің тізбектелген толқындары,  
Еркелеп мойыныңа асылар ед.  
«Ағасы тоңып қалдым» дегенінде,  
Қолымды созар едім қасыңа кеп.

Қазақтың қасиетті қасқа алаңы,  
Қаңырап қалай ғана бос қалады.  
Нарықтың жоқтық дейтін құбақаны,  
Арқасын ауыл қарттың таспалады.  
Жер-ана жаулығымен сұртсе дағы,  
Мөлтілдеп жанарында жас қалады.  
Мемлекеттің мерейін биіктету,  
Ауылды көтеруден басталады.  
Ауыл деген анаңа қарайлай жүр,  
Қазақтың ел басқарған қасқалары.

### **НӘЗИРА:**

Ауыл десе ағаның,  
Асыл жыры терілер.  
Туған жер десе теңселіп,  
Көкейден өлең өрілер.  
Қолға алсақ бүкіл халық боп,  
Ауылым биік көрінер.  
Ауылда жүрген біздерге  
Күннің нұры себілер.  
Қалада жүрген сіздердей  
Ақ саусақ аға не білер?

### **АМАНЖОЛ:**

Ақпанның із кескенмін ақ қарында,  
Ауылда өткен балғын ақ таңым да.  
Менің бала кезімнің елесі бар,  
Туған жердің шежіре қатпарында.  
Ауыл жайлы аз емес білетінім,  
Нәзира, өскен ұлмын ат жалында.

Кіндігін туған жерге кескен ұлмын,  
Күз күзек, жаз жайлауға көшкен ұлмын.  
Боз жусанның үстінде асыр салып,  
Кәдімгі киіз үйде өскен ұлмын.

Өмірдің тоқсан тарау жолдарында,  
Ауыл менің қазығым, қорғаным да.  
Қарындас, осы сөзді терең түсін,  
Айыр, күрек ізі бар қолдарымда.

Өшпейтін ғасырлар мен шағын жылда,  
Бабалардың ізі бар сағым қырда.  
Халық барда болмайды мұрагерсіз,  
Кездестің сен де бүгін жалынды ұлға.  
Жарты сағат айтысып Нәзирамен,  
Шомылғандай болдым-ау жаным нұрға.

## **АРМАН БЕРДАЛИН МЕН ӘСЕМ ЕРЕЖЕҚЫЗЫНЫҢ АЙТЫСЫ:**

### **АРМАН:**

Күлімдеп шашып тұрса арайын күн,  
Сол күннен жанға жылу табайын бір.  
Алыстан ат терлетіп келіп едім,  
Алғысын алсам ба деп ағайынның.  
Құла белдей көсіліп жатсаң, елім,  
Құлагердей ойнақтап шабайын бір.

Ортақ боп елдің ұлан ұлысына,  
Алаңдап елдің тірлік тынысына.  
Ағайын, ерке ұлынды қарсы алыңдар,  
Отырған өздеріңе жыр ұсына.  
Мысалы, үйге келген жыланды да,  
Сүт құйып қарсы алады ыдысына.

Байрағын желбіретіп байтақ елдің,  
Тойына құтты болсын айта келдім.  
Сахнада жеңгемнің иісін сезіп,  
Мұрынымды қоқитып қайта келдім.

Ордалы Астананың сарайында,  
Жыр отын бүгін тағы жағайын да.  
Жеңеше, аманбысың, айдайсың ғой,  
Мен сіздің көдеңізге жарайын да.

Адасып Астанада жалғыз жүрсің,  
Сондықтан көзім салып қарайын да.  
Тұрмысқа шыққаныңа бір ай бопты,  
Осылай мен де енді санайын да.  
Жас төсекті суытып қалай келдің,  
Осыны айтып берші ағайынға.

### **ӘСЕМ:**

Жеңгесіне қайнысы,  
Бастады тағы шатағын.  
Сайланып келдім айтысқа,  
Шыққанда құрбы-қатарым.

Ұрпағымын Абай мен  
Дулаттай ұлы атаның.  
Текті жұрттың қызымын,  
Текке қайтіп жатамын.

Кәрі-жас таңдай қақпас, үлкен неге,  
Құландай құлдыраса жыр пернеде.  
Құлагер қара үзіп шығып жатса,  
Балтасын Батыраштар сілтер неге?

Майдан қылып қайныммен айтысатын,  
Тірейін аттың басын жыр кермеге.

Іресек ой терісін таң түріліп,  
Аумайды төбемізден үркер неге!

Ұстаның ұсталмаған балтасындай,  
Жеңгеге әзілі көп қалтасында-ай.  
Шабуылшы қайыным келіп қалды,  
Нарқы бар алтын тектес ат басындай.  
Соққан добын кіргізбей қайтарайын,  
Кәнігі футболшының қақпасындай.

### **АРМАН:**

Оянған күн секілді ұйқылымын,  
Арбайды жас жанымды сиқырлы үнің.  
Жеңеше жақынырақ отырсаңшы,  
Жоқ еді жұғып кетер микробым.

Сендей қыз таппаймын ба, табамын ба,  
Соны ойлап мұң тұнады жанарымда.  
Қайран менің жас күнім өтіп жатыр,  
Жеңгелердің тапталып табанында.

Ортаңа жыр семсерді сермеп кірдім,  
Екі күн жеңгелерді ермек қылдым.  
Күні кеше айтысып Анарменен,  
Жеңгемді шатастырып сен деп тұрдым.  
Негізі көздегенім өзің едің,  
Анарды жәй әншейін ермек қылдым.  
Жеңгелері таласып айтысатын,  
Қайнылардың „супербойы” мен боп тұрмын.

### **ӘСЕМ:**

Қайтесің жеңгелерге арқандалып,  
Қол қайтарар жігітсің қалқанды алып.  
Онан да үйіңе бір келін әкел,  
Қуансын анаң сенің арқанда анық.

Сонан соң қосағыңмен сыйласып жүр,  
Жұлдыздан жүзік, айдан алқанды алып.  
Қосағың ай маңдай бір үл тусыншы,  
Өзіңе ұқсап жүретін балпаң қағып.

Ащы сөз айтсам Арманға,  
Салар ма екен ойбайға?  
Мен саған жақын бармаймын,  
Ағанды жеңген ойлай ма?  
Сөз салса сендей қу қайны,  
Алданбаушы ем ондайға.  
Негізі терең құдықтың,  
Суы тәтті болмай ма?

#### **АРМАН:**

Жеңеше, айып па екен үйленбесем,  
Қыздың бәрі қашады сүйем десем.  
Қыздардың бірі маған қарамайды,  
Болмайды жеңгелерге сүйенбесем.  
Қыздарға масқара боп қаламын ғой,  
Қазірден «опыт» алып үйренбесем.

Бақытын адам қолдан жасамайды,  
Бойдақтардан мен болам Асанқайғы.  
Үйленбелсің деп маған айып тағып,  
Онымен жеңгем мені баса алмайды.  
Қыздардың қалың малы қымбаттап тұр,  
Арманда босқа шығын шаша алмайды.  
Үйімде екі сиыр, бес қойым бар,  
Дәулетім бақытымды аша алмайды.

Бұл жеңгем өзі жақсы жандай екен,  
Қараймын жеңешеме қалай бөтен.  
Бір кезде Әлфиямен айтысып ем,  
Жеңешем өзгеден де нардай екен.

Ал, кеше Анарменен айтысып ем,  
Өзіңіз көрдіңіздер балдай екен.  
Ал, енді Әсемменен шыға келдім,  
Білмеймін осы жеңгем қандай екен?  
Дегенмен ауызымның салымы бар,  
Салымының өзі де дардай екен.

### **ӘСЕМ:**

Шынымен бұл әзілді қоймақ па алға,  
Байыпты болсаң терең ойлап қара.  
Ағайын осы тойды нақ тойласын,  
Той тойға ұласатын сәтті ойласын.

Бал жырдың бағбаны бабалардың,  
Рухы көкіректе атойласын.  
Әзілге әзіл айту керек шығар,  
Жеңгемен қайын қылып сап қойғасын.  
Жеңгеміздің ажары ашық қой деп,  
Қайным да енді маған лап қоймасын.  
Жеңгеніздің сөзінің сүйегі ірі,  
Қылқаны тамағыңда қап қоймасын.

### **АРМАН:**

Мен сені даттамаймын, мақтамаймын,  
Ал, енді жеңгем жаққа аттанайын.  
Қыз десе болмай қойды жасым менің,  
Сондықтан, жеңгелерден бақ табайын.  
Өтірік болса-дағы көне салшы,  
Қолымды шапалақтап шаттанайын.  
Әйтеуір келіншекті көндірдім деп,  
Барған соң ауылыма мақтанайын.  
Пешенеңе жазылған соң келіншектер,  
Бостан босқа маған кінә тақпа, ағайын.  
Қарғысына қыздардың қалғанымша,  
Алғысын келіншектің ап қалайын.

### **ӘСЕМ:**

Қарсыласпай қайратың күлар бүгін,  
Танымаймын белдеспей тынар қылық.  
Аққу-қаз сыңсып, қонып айдынына,  
Үшқанда аспанымда ұлар күліп.  
Қайыным, күр қалжыңмен алаңдатпа,  
Арманым асқақ менің шынар биік.  
Бұл жеңгем бұл әзілге жарар деген,  
Бойыңды шарламасын сыңар күдік.  
Шын жүрек тандап алған бір жүрек бар,  
Мен емес қайныларға сыңар күлып.  
Сөзінді күр бекерге шығын етіп,  
Танытпай-ақ қой маған күмар қылық.  
Ибалы қасиетін мүсылманның,  
Мойныма тағып келгем түмар қылып.

### **АРМАН:**

Сөз айтсам, жеңге маған нүрланасың,  
Несіне жеңгемін деп бұлданасың.  
Осылайша көркінді бұлдай берсең,  
Өмірдің қызығынан күр қаласың.

Демеймін, үміт гүлің солады ғой,  
Көңілім сені көріп толады ғой.  
Көкшенің жігіттері сертке берік,  
Махаббат «качественный» болады ғой.

### **ӘСЕМ:**

Жақсылық-жамандықты жыл айырса,  
Аспанда көкте күнмен түн айырса.  
Әсемге әндерінді арнай бердің,  
Кәдімгі шын ғашықтың сыңайынша.  
Әттең менің басым да бос емес қой,  
Емессің жаман жігіт былайынша.

**АРМАН:**

Көркіңе тең келмейді мол асылдар,  
Алдыма өмір тартқан додасы бар.  
Сөзіне қарағанда жеңешемнің,  
Аздан соң көне салар жобасы бар.  
Мен сені саф алтынға теңер едім,  
Бес жүз сексен үшінші пробасы бар.

**ӘСЕМ:**

Көңілдің түкпірінен ойды ақтар да,  
Байыппен тереңіне бойлап қара.  
Сен әзіл айтқаннан соң әзілдедім,  
Бірақ оны шын деп, қайным, ойлап қалма.  
Жанұямды бұзатын жағдайым жоқ,  
Сен секілді бос белбеу бойдақтарға.

**АРМАН:**

Аумасын басыңдағы тұрған бақыт,  
Мен сізге ұсынайын жырдан жақұт.  
Анардан қара торы сияқтысың,  
Анаңыз жібергендей күлге аунатып.  
Туған анаң жіберсе күлге аунатып,  
Мен сені жіберейін гүлге аунатып.

**ӘСЕМ:**

Жігітсің ел алдында еңсең биік,  
Бойына нәрлі өлеңді келген жиып.  
Ұлы сөз ұлыларда көп болғасын,  
Тұрады бетегелі белден биік.  
Жарайды, менің өңім қара торы,  
Жарайды, күлге аунап келгем дейік,  
Қыл-қыбыр ұсақ сөзді айтқанымен,  
Ант берер азаматсың семсер сүйіп.

**АРМАН:**

Байқасам, оңыңыз бен солыңызды,  
Байқатпай атпақшысыз оғыңызды.

Сөйте тұра жүрегіме жібересің,  
Екі жүз жиырма вольттік тоғыңызды.  
Жеңеше, кұпиялы кұлыптайсың,  
Бірақ та табамын ғой «кодыңызды».  
Мен кеше күні бойы армандадым,  
Іздедім күні-түні жолымызды.  
Армандадым, аралатып Көкшетауды,  
Көрсетсем деп, орман-тоғай көлімізді.  
Орманды аралап біз адасып қап,  
Таппай қалсақ қайтеміз жөнімізді.  
Үйдегі қалған ағам біліп қалып,  
Қайнатып жүре ме деп сорымызды.  
Орманды аралатам деп жүргенде,  
Ұстауға зар болам деп қолыңызды.

### **ӘСЕМ:**

Жақсы әзіл айтсаң егер жүрегіңнен,  
Ықыласпен кұлақты түремін мен.  
Арындап отырсың ғой бүгінде сен,  
Кезігіп ақ жеңгенің біреуімен.  
Басында неменеге қалжыңдадың,  
Қорқатын болсаң егер күйеуімнен.

### **АРМАН:**

Шыққан соң сал-серілер арасынан,  
Сөзімнен енді жеңге табасың мән.  
Күйеуімнен қорықтың ба деп айтасың,  
Осылай сыр тартады санасынан.  
Бұл Арман ізет көрген қайның еді,  
Ағасының алмайтын жағасынан.

Жүрегің жүрегімді тербетеді,  
Бұл сөзге балқисың ғой сен де тегі.  
Қаққан қазық секілді қасарыспай,  
«Жарайды» деп айта салсаң нең кетеді?

Шығармын алдарыңа жайнап әлі,  
Сол болсын Арманның да байсалды әні.  
Бір жолда жүргеннен соң жеңешеммен,  
Көрерсің менің, халқым, пайдамды әлі.  
Қырсығын бір жеңгемнің мойындадым,  
Ұршығы тірлігімнің айналғалы.

Сен өзі қызғалдақпен тең екенсің,  
Қайнылар аса алмайтын бел екенсің,  
Сен менің басымдағы бел екенсің,  
Сен менің жасымдағы мерекемсің.  
Көкшеде Оқжетпесім дара тұлға,  
Арқада қол жетпесім сен екенсің!

### **ӘСЕМ:**

Өлеңнің сый табағы тартылғанда,  
Бір жүйрік бір жүйріктен артылған ба?  
Бір ару қыз бұйырар несібене,  
Өзіңе құмар ғашық халқым барда.

Інісі қате кетсе, жатар кейіп,  
Ағаңызды атпал ер, атан дейік.  
Ақ ордам тіккен жерге қонаққа кел,  
Мүрт қойған сені көрсін, сақал қиып.  
Танымайтын танысып ағаңменен,  
Бір ат мініп қайтарсың, шапан киіп.

### **АРМАН:**

Кетейік елді жырға қарық қылып,  
Түнерген айналаны жарық қылып.  
Ақынды бір сөзінен танып алар,  
Алмайық бұл халықты жалықтырып.  
Екеуміз де еліміздің ертеңіміз,  
Ақиқатын айтатын анық қылып,  
Болашаққа бақ тілер біреу болса,  
Екеумізге қол соқсын халық тұрып.

## ТІЛЕГЕН ӘДІЛОВ ПЕН НҰРЛАН МҰСАВТЫҢ АЙТЫСЫ

### ТІЛЕГЕН:

Жұмбақтас етегінде тіл қатайын,  
Құндақтас өлеңіммен үн қатайын.  
Көкшетау Оқжетпеске келгенімде,  
Басыңнан жамбы жырды құлатайын.  
Ұрыннан көлге келген қаршығадай,  
Жағасын Зерендінің шулатайын.  
Азығын ай мүйізді арқар қылған,  
Бөрідей бұлкек қағып түн қатайын.  
Басына Жыландының сөз шығарып,  
Біржанның әнін бүгін тындатайын.  
Тұлпар ғып өсірген бел, өшірген бел,  
Кешегі сері Ақанның құла тайын.  
Балуанның атағы елге кетіп,  
Ыбырай бабам әнін құндатайын.  
Ассалаумағалейкум, арда қазақ,  
Етегін жайлаған ел Бурабайдың.  
Ардагер Көкен шалдың еліне кеп,  
Маңмаңгер жырды бүгін тулатайын.

Өлеңнің түңілігін серпе түріп.  
Бойымнан байқағандай ерке қылық.  
Көкендер ақындардың ақыны еді,  
Салатын сан додада ерге құрық.  
Әрі ақын Көкендер, әрі батыр,  
Бұлтқа сөзін жеткізген жерде тұрып.  
Тойына сол Көкеннің мен де келдім,  
Жерді төсек, аспанды көрпе қылып.

Көбелек жыр қондырдым терген гүлге,  
Үніміз жетпесе де жерден күнге.

Соқтырсам дауыл жырды алай-түлей,  
Қаңбақтай домалама желмен бірге.  
Нұрландай доп-домалақ ермен бірге,  
Мен де сөйлеп қалайын елмен бірге.

Жаратқан басымызға бақ беруде,  
Сөйле деп тіл мен таңдай, жақ беруде.  
Жүп-жұмыр, доп-домалақ қасымызға,  
Нұрландай ақын жігіт тап келуде.  
Бұл думан тарқамайтын базар қанша,  
Біздерге аударылып назар қанша.  
Жастық шақта сөйлейік жалындатып,  
Күтгіріп қояр дейсің амал қанша.  
Көсіліп бір сөйлеп қал Көкшетауда,  
Қызыл тіл, отыз тіске қамалғанша.

### **НҰРЛАН:**

Ардақты аталы ұлға аманат бар,  
Домалақты жамандасаң жаманат бар.  
Жүрсің ғой жел үстінде дәурен сүріп,  
Өкпенді болса егер соған ақтар.  
Алты миллиард адамды алаңдатқан,  
Әлемді дүр сілкінткен ала доп бар.  
Кеудендегі басың да домалақ қой,  
Қызыл тілмен оған да абалап қал.  
Оралыңның барында домалап қал,  
Жасасын бар ғаламдық домалақтар!

Алла, деп сөз бастайын алдарында-ай,  
Жарамас жаратқанға жалбарынбай.  
Машайық мекен екен Маңғыстауым,  
Мұхаммед пайғамбардың сардарындай.  
Киелі Көкшетауға қадам бастым,  
Қадірі Балықшының қармағындай.

Ақынын ақ киізбен хан көтерген,  
Талғам бар ма қазақтың талғамындай!  
Сәттігүл мен Сүгірдің саркыты едім,  
Сөз саптаған сақаның салмағындай.  
Ассалаумағалейкум, Көкшетауым,  
Мынау, Мұхит ғаламның маржанындай.

Екі ауыз сөз еліме ем болдың ғой,  
Терезем тең, керегем кең болдың ғой.  
Ердің қос үзеңгісі секілденіп,  
Бұл айтыста жұбыңыз мен болдым ғой.  
Мұнайдың Отанынан келгенімде,  
Құдайдың бұйыртқаны сен болдың ғой.  
Ақындарды күткендей алдан бір іс,  
Айтыс десе суырып алған қылыш.  
Тең теңімен, тезек қабыменен,  
Екеумізді жұп қылып салған дұрыс.  
Жақында ұлды бопсың құтты болсын,  
Сен құсап аламанды жарған дұрыс.  
Бірақ сенің бар екен екі балаң,  
Қазақ саны көбірек болған дұрыс.  
Жасында жеңешеме тыным берме,  
Тісің барда ысқырып қалған дұрыс.

### **ТІЛЕГЕН:**

Дейсің бе айтар сөзді жобалай бер,  
Етегі Көкшетаудың қарағай бел.  
Тіл-көзден сақтап сені жаратушы,  
Өнердің алаңында домалай бер.

Жігіт ем жаға қылмас жеңді кесіп,  
Өтейін жез киіктей желді кесіп.  
Айттың-ау құтты болсын, рахмет,  
Ашылды болашаққа енді есік.

Жалғыз-ақ жаратушы жаппар ием,  
Мына маған баладан берді несіп.  
Тән иіс аңқыл шығып жаялықтан,  
Үйімде тербетілді зерлі бесік.

Сайратып сандуғаш жыр сарайға да,  
Көкшетау ән тыңдасын, бар айнала.  
Қазақ санын көбейт деп айтып кетті,  
Шыдайсың бұған, шіркін, қалай ғана.  
Алла берген несіпті көп көрмеспін,  
Жан жарым аман болса, арайлы ана.  
Оған бола жүйкеңіз жұқармасын,  
Тудырам, туады әлі талай бала.  
Қазақ санын көбейткіш адам болсаң,  
Үйленбей, бойдақ жүрсін, қалай бала?  
Арна боп сексен көлге құямын да,  
Жұртымның жүрегіне сиямын ба?  
Жеткенде жер шоқтығы Көкшетауға,  
От тастайын өлеңнің қияғына.  
Тамырымда қан емес, жыр айналып,  
Домбыра шанағынан күй ағыла.  
Сөзімнен сыбызғыдай әуен шығып,  
Сезімнің ерік берем қиялына.  
Көкеннің келгеннен соң бір тойына,  
Бөкеннің жыр қалдырам тұяғына.

Көк аспанның астында күн қақталған,  
Көкендер көк сүнгі жыр құндақталған.  
Көктемдегі көл-көсір сезімдерді,  
Көк белдегі ашылмас сырды ақтарған.  
Көкшетау Көкен туған көк белестер,  
Көк байрағың желбіреп тіл қат, далам.  
Көкендер көкбөрі ақын көп сүйетін,  
Көкпар жырда ат терін құрғатпаған.

Көпті жинап келісті той қылуда,  
Көкшетау Көкөнімен қымбат маған.

Бауырына жүйріктің қамшы бармай,  
Сауырынан ащы тер тамшыларма-ай.  
Биіктен сөйлейді екен Нұрлан ақын,  
Биікке өсетұғын тал-шынардай.  
Құзынан құлдиласам Көкшетаудың,  
Япыр-ай қарсыласта жан шыдамай?  
Суылдап ала бұлттан жетіп келсем,  
Желкеңе жеті найза шаншылардай.  
Жүрсіндей күсбегім кеп айырғанша,  
Қанат басып жатайын қан шығармай.

### **НҰРЛАН:**

Жаратқан жаббарыңа сыйынғайсың,  
Сол кезде ақ бұлақтай құйылғайсың.  
Қайық болып ағысқа көнгеніңше,  
Жайық болып Каспийге құйылғайсың.  
Маңдайын мүйізіммен қасимын деп,  
Бостан бос әлектенген сиырдайсың.  
Сен бойдақ дегенменен күй кетпейді,  
Басынан бақ, астымнан тақ-сый кетпейді.  
Үйлен деп маған ақыл айтпағайсыз,  
Үйрекке жүзуді ешкім үйретпейді.

Үйленгендер бойдақты тілдеп тұрар,  
Желкенін жел қайықтың үрлеп тұрар.  
Ақылына көркі сай жар іздеймін,  
Көктемгі тал шыбықтай бүрлеп тұрар.  
Көп беріп текті жердің қызын алсаң,  
Тік тұрып ата-анаңа қызмет қылар.  
Аз беріп тексіз жердің қызын алсаң,  
Қойныңа жатқанды да міндет қылар.

## **ТІЛЕГЕН:**

Тозаңын көтерген соң киік қырдың,  
Сөзіңнен салиқалы сый ұқтырдың.  
Көкшетау Көкен шалға той қылуда,  
Алаштың ақындарын жыйып бүгін.  
Күлдір-күлдір кісінеп келгенен соң,  
Күмбір-күмбір кеуденнен күй ұқтырғын.  
Біресе сиыр дейсің, миыр дейсің,  
Тереңнен сөйлегейсің, сүйікті інім.  
Үніңнің байқатқанмен биіктігін,  
Көженің байқаттың-ау сұйықтығын.

Еңсем биік жігіт ем төбем көктей,  
Қырандай самғаушы едім, төмен кетпей.  
Менің елім ұнатады биіктікті,  
Елді де кете алмаспын елендетпей.  
Мен деген Оқжетпеспін қасыңдағы,  
Етегімде тұрсың-ау жебең жетпей.  
Ағанды сиыр деген қызық екен,  
Басқаша сипаттауға өрең жетпей.

Өленді сен де жүрсің ырыс қылып,  
Жүректен жыр ақтарып жұғысты ғып.  
Ердің қасы кеткенше алысайық,  
Бір айғайлап отырсың, бір ысқырып.  
Таралғыдан тер тамғанша тартысайық,  
Бір шегініп көріңіз, бір ышқынып.  
Шашасы жел сүйетін жүйрік едің,  
Жөн болар көрсеткенің дұрыс қылық.  
Көкшеде орын берер түрің жоқ қой,  
Көрмесем сахнадан ығыстырып.

## **НҮРЛАН:**

Ағажан, қасымыздан желше өтсін,  
Күйеу жер, қазақ малдың берсе төсін.

Сиыр деген қасиетті мал емес пе,  
Астарлы сөзімді ұқпай ерсі етерсің.  
Ағажан, аузыңыз қайда десем,  
Шатасып мұрныңызды көрсетесің.

Датымен сай болса да атына нәр,  
Атымен сай болмайды затына нар.  
Маңғыстау мұнайымен, ал Көкшенің  
Тарихта ақ бидаймен аты қалар.  
Мұнайды бидай ғып жей алмаспың,  
Сонда да ел таласып сатып алар.  
Қолымен орақ ормайтын жалқау қазақ,  
Комбайынға май жоқ деп жатып алар.  
Бірліксіз тірлік болмас деп айтылған,  
Сөзінде шалдардың бәтуә бар.

Басқанда домбыраның пернелерін,  
Пернемен ере шауып термелерім.  
Мүйізі қарағайдай қос ұлыңның,  
Көріңдер бұлтқа бұтақ сермегенін.  
Жыл құсындай жұптасып ағамменен,  
Келін төккен кестедей өң беремін.  
Өзіндей ағаларды қинамай-ақ,  
Сыпайы сыйлағанды жөн көремін.  
Өйткені мен атама не көрсетсем,  
Ұмытпаймын алдыма сол келерін.

### **ТІЛЕГЕН:**

Жер сатылып, бектіліп анық дерек,  
Шайқалды замана атты алып терек.  
Сынған қурай үмітіме мен қайтейін,  
Сайқалдықтың сары иті сарып келед.  
Қызығына қалталы қарық болып,  
Бейнетін қарапайым халық көред.

Сүйегінді қоятын жер таба алмай,  
Көктасына жүрмегін салық төлеп.

Ұйтқып соқса-дағы жел іргеден,  
Көрікті сөз шығарам көңілден мен.  
Жүйріктің бәйгі аларын бақ біледі,  
Бап келіп, бауыр жазып керілгенмен.  
Арқар да шыңнан түсер жайылуға,  
Хайуан да тамағы үшін ерінбеген.  
Ал, Нұрлан, осыменен тоқталайық,  
Ақынға жарты сағат берілгенмен.  
Қыранда қонақтайтын кез болады,  
Сұңқарға аспан сұлу көрінгенмен.

## **АЙТЫС АҚЫНДАРЫ ТУРАЛЫ ҚЫСҚАША МӘЛІМЕТ**

### **Айнұр Тұрсынбаева**

1977 жылы Семей облысы Ақсуат ауданында туған. Он жылдық мектепті 1994 жылы Жамбыл облысы Мойынқұм ауданында бітірген. Жамбыл қаласындағы Орталық мәдени және өнер колледжін бітірген. Қазір Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетінде сырттай оқиды.

### **Айтақын Бұлғақов**

1960 жылы Талдықорған облысы Жаркент ауданында туған. Талдықорған қаласындағы І.Жансүгіров атындағы Жетісу педагогикалық университетінің педагогика-психология факультетін бітірген.

### **Аманжол Әлтаев**

1971 жылы Жезқазған облысы Жаңаарқа ауданында туған. 1993 жылы Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің филология факультетін бітірді. Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің докторанты.

Филология ғылымдарының кандидаты. Мемлекеттік “Дарын” жастар сыйлығының лауреаты.

### **Арман Бердалин**

1983 жылы Көкшетау облысы Айыртау ауданында туған. Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің студенті.

### **Асқар Дүйсенбиев**

1975 жылы Қызылорда облысы Жаңақорған ауданында туған. А.Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетін бітірген. Осы университетте ұстаз болып істейді.

### **Әбілхайыр Сыздықов**

1971 жылы Қызылорда облысы Жаңақорған ауданында туған. А.Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетін бітірген. Аудандық мәслихаттың депутаты.

### **Әнуар Омаров**

1969 жылы Жезқазған облысы Ұлытау ауданында туған. Ө.Байқоңыров атындағы Жезқазған мемлекеттік университетін бітірген.

### **Әселхан Қалыбекова**

1950 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы Отырар ауданында туған. Қазақстанның халық ақыны.

### **Әсем Жұмағазина**

1980 жылы Семей облысы Шұбартау ауданында туған. Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетін бітірген.

### **Балғынбек Имашев**

1977 жылы бұрынғы Талдықорған облысы Кербұлақ ауданында туған. 1994 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетін бітірген. Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің қазақ әдебиеті кафедрасының оқытушысы.

### **Бекжан Әшірбаев**

1974 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтарал ауданында туған.

1996 жылы Әл-Фараби атындағы қазақ мемлекеттік ұлттық университетін бітірген. Сол университетте оқытушы.

### **Дәулеткерей Кәпұлы**

1977 жылы Монғолияның Баян-Өлгий аймағы Баян-нуур сұмынында туған. 1999 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін бітірген. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің оқытушысы.

### **Егеухан Мұхамедияқызы**

1940 жылы Монғол Халық Республикасы Баян-өлгей аймағында туған. Қазақстан және Монғолия Жазушылар Одағының мүшесі.

### **Ермек Жұматаев**

1966 жылы Алматы облысы Жамбыл ауданында туған. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін бітірген.

### **Ерік Асқаров**

1960 жылы Солтүстік Қазақстан облысы Бұлаев ауданында туған.

Т. Жүргенов атындағы Театр және көркем-сурет институтын бітірген. Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі. М. Мақатаев атындағы сыйлықтың лауреаты. 2003 жылы қайтыс болды.

### **Жібек Болтанова**

1974 жылы Батыс Қазақстан облысы Орал қаласында туған. А.С.Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтын бітірген. Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің аспиранты.

### **Имангазы Нұрахметұлы**

1966 жылы Шығыс Түркістанда туған. А. Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетін бітірген. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің аға ғылыми қызметкері.

### **Қатимолла Бердіғалиев**

1952 жылы Батыс Қазақстан облысы Казталовка ауданында туған. Орал қаласындағы Құрманғазы атындағы музыкалық училищені бітірген. Қазір осы училищеде ұстаз. Қазақстанға еңбегі сіңген мәдениет қызметкері.

### **Қайыртай Ақылбеков**

1961 жылы Семей облысы Ақсуат ауданында туған. Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетін бітірген.

### **Қайрат Құлмұхамет**

1963 жылы ҚХР Алтай аймағы Жеменей ауданында туған. Іле педагогикалық институтын бітірген.

### **Қарлығаш Әубәкірова**

1985 жылы Семей облысы Жарма ауданында туған. Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінің студенті.

### **Қонысбай Әбілев**

1954 жылы Қостанай облысы Жапқелді ауданында туған. Қазақ мемлекеттік университетін бітірген. Қазақстан Жазушылар және журналистер одағының мүшесі. Астана қаласы Тіл дамыту басқармасының бастығы. Қазақстанның халық ақыны.

### **Құдайберлі Мырзабеков**

1964 жылы Көкшетау облысы Кокшетау ауданында туған. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін бітірген.

### **Қуаныш Мақсұтов**

1963 жылы Қарағанды облысы Ақтоғай ауданында туған. Е. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетін бітірген.

### **Мақсат Аханов**

1981 жылы Қарағанды облысы Ақтоғай ауданында туған. Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің студенті.

### **Маржан Есжанова**

1971 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы Отырар ауданында туған. М.Әуезов атындағы Шымкент педагогикалық университетін бітірген.

### **Мұхамеджан Тазабеков**

1975 жылы Жамбыл облысы Свердлов ауданында туған. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін бітірген.

«Дарын» Мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты.

### **Мұхтар Қуандықов**

1983 жылы Қызылорда облысы Шиелі ауданында туған. Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетін бітірген.

### **Мэлс Қосымбаев**

1970 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы Жетісай ауданында туған. Орал класындағы А.С. Пушкин атындағы педагогикалық институтын бітірген. Қазір осы университеттің оқытушысы. Филология ғылымдарының кандидаты.

### **Нұрлан Мұсаев**

1984 жылы Маңғыстау облысының Қызан ауылында туған. Маңғыстау университетінің студенті.

### **Ринат Зайытов**

1983 жылы Семей облысы Аягөз қаласында туған. Семей қаласындағы музыкалық колледжін тәмәмдаған. Шөкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінің студенті.

### **Рүстем Қайыртауұлы**

1985 жылы Семей облысы Ақсуат ауданында туған. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің студенті.

### **Салауат Исақаев**

1974 жылы Атырау облысы Жылой ауданында туған.

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетін бітірген.

### **Сара Тоқтамысова**

1985 жылы Семей облысы Ақсуат ауданында туған. Шөкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінің студенті.

### **Серік Қалиев**

1972 жылы Семей облысы Ақсуат ауданында туған. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін бітірген. Қазақ қыздар педагогикалық институтында ұстаз.

### **Серік Құсанбаев**

1963 жылы Шығыс Қазақстан облысы Зайсан қаласында туған. Шөкәрім атындағы Семей педагогикалық институтын бітірген.

Қазақстан Республикасы Президентінің мақтау грамотасымен марапатталған.

### **Серікзат Дүйсенғазин**

1975 жылы Семей облысы Аякөз ауданында туған. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін бітірген. Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің оқытушысы.

### **Тілеген Әділов**

1973 жылы Қарағанды облысы Шет ауданында туған. Ө. Байқоңыров атындағы Жезқазған университетін бітірген.

### **Оразалы Досбосынов**

1975 жылы Алматы облысы Райымбек ауданында туған. Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетін бітірген. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде қызмет істейді.

### **Шынарбек Қабиев**

1973 жылы Атырау облысында туған. Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетін бітірген.

### **Шынболат Ділдебаев**

1937 жылы Қызылорда облысы Шиелі ауданында туған. Жезқазған тау-кен институтын бітірген. 1998 жылы қайтыс болды.

### **Шырынбек Қойлыбаев**

1978 жылы Жамбыл облысы Талас ауданында туған. М.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетін бітірген. Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде аспирант.

## МАЗМҰНЫ

|   |     |
|---|-----|
| Мэлс Қосымбаев пен Мұхамеджан Тазабеков     | 4   |
| Дәулеткерей Кәпұлы мен Мұхамеджан Тазабеков | 13  |
| Ерік Асқаров пен Әселхан Қалыбекова         | 20  |
| Қонысбай Әбілев пен Шынболат Ділдебаев      | 24  |
| Қонысбай Әбілев пен Қатимолла Бердіғалиев   | 34  |
| Айтмұхамбет Исақов пен Қайыртау Ақылбеков   | 41  |
| Аманжол Әлтаев пен Серік Қалиев             | 46  |
| Дәулеткерей Кәпұлы мен Оразалы Досбосынов   | 57  |
| Айтақын Бұлғақов пен Айнүр Тұрсынбаева      | 71  |
| Мэлс Қосымбаев пен Оразалы Досбосынов       | 81  |
| Қонысбай Әбілев пен Серік Құсанбаев         | 90  |
| Серікзат Дүйсенғазин мен Салауат Исақиев    | 101 |
| Иманғазы Нұрахметұлы мен Балғынбек Имашев   | 107 |
| Иманғазы Нұрахметұлы мен Әбілхайыр Сыздықов | 117 |
| Мэлс Қосымбаев пен Дәулеткерей Кәпұлы       | 124 |
| Шырынбек Қойлыбаев пен Ермек Жұматаев       | 136 |
| Шырынбек Қойлыбаев пен Кәрима Оралова       | 142 |
| Әбілхайыр Сыздықов пен Айнүр Тұрсынбаева    | 148 |
| Қайрат Құлмұхамед пен Айнүр Тұрсынбаева     | 157 |
| Елмірбек Иманәлиев пен Айнүр Тұрсынбаева    | 164 |
| Әбдікәрім Манаров пен Егеухан Мұхамедияқызы | 171 |
| Қуаныш Мақсұтов пен Бекжан Әшірбаев         | 175 |
| Ринат Зайытов пен Кәрима Оралова            | 181 |
| Балғынбек Имашев пен Әсем Ережеқызы         | 184 |
| Рүстем Қайыртауұлы мен Ринат Зайытов        | 191 |
| Мақсат Ақанов пен Қарлығаш Әубәкірова       | 198 |
| Мұхтар Қуандықов пен Сара Тоқтамысова       | 203 |
| Аманжол Әлтаев пен Маржан Есжанова          | 210 |

|  |     |
|--|-----|
| Мэлс Қосымбаев пен Балғынбек Имашев      | 218 |
| Оразалы Досбосынов пен Айбек Қалиев      | 223 |
| Дәулеткерей Кәпұлы мен Асқар Дүйсенбісев | 229 |
| Жібек Болтанова мен Айтақын Бұлғақов     | 237 |
| Шынарбек Қабиев пен Қуаныш Мақсұтов      | 249 |
| Аманжол Әлтаев пен Нәзира Мәдішева       | 253 |
| Арман Бердалин мен Әсем Ережеқызы        | 260 |
| Талғат Әділов пен Нұрлан Мұсаев          | 266 |
| Айтыс ақындары туралы қысқаша мәлімет    | 273 |

## **ҚАЗІРГІ АЙТЫС**

2-кітап

Редакторы

*Н. Айтұлы*

Көркемдеуші редактор

*Б. Жапаров*

Техникалық редакторы, беттеуші

*С. Жапарова*

Корректоры

*А. Елешева*

Компьютерде терген

*Б. Баман*

Басуға 15. 05. 04. қол қойылды. Пішімі 60х90/16. Офсеттік басылыс.

Қағазы офсеттік. Қарып түрі «Times». Баспа табағы 21,0.

Шартты бояулы беттаңбасы 21,5. Есептік баспа табағы 19,5.

Таралымы 2000 дана. Тапсырыс № 591

Дайын диапозитивтерден ЖШС “Жедел басу баспаханасында” басылды.


480016, Алматы қаласы, Д. Қонаев көшесі, 15/1.



1840003

11602

2320 ze L.







KUL\_TECİN